

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ**

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АҚСҰҢҚАРЫ»
АЙМАҚТЫҚ ФЕСТИВАЛЬ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана, 2024 ж.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Қ17

Сәкен Сейфуллин туғанына 130 жыл толуына арналған «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» аймақтық фестиваль материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК. – 2024 ж. – 214 бет.

ISBN 978-601-06-9774-4

Жинақ ақын, жазушы, қоғам қайраткері қазақ әдебиетінің ақсұңқары Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойына орай жалпы білім беру мекемелерінің педагогтері мен білім алушылары арасында өткен «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» аймақтық фестивалі материалдарын қамтиды. Жинаққа орталықтың жоспарына сай 2024 жылғы 18 қазанда өткен фестивальде «Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларының маңызы» бағыты бойынша педагогикалық оқуда тәжірибесін таратқан педагогтердің баяндамалары, мақалалары мен зерттеу жұмыстары жинақталған. Жинақ жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған.

Редакция алқасы:

С.М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшесі:

Ж.С. Маман – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері

Т.С. Аманова – С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясы директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары

М.К. Баракова – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

А.К.Нурушева – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Әдістемелік орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама: 31.10.2024 ж. №3

Конференцияны ұйымдастырушылар мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, авторлардың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

Мазмұны

Алғы сөз	3
Әбсеметов М. О. Сәкен Сейфуллин - Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы.....	5
Ибраева Г. Б. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі: қазақ білімінің дамуына қосқан үлесі	10
Рақымжан Т. Профессор Т.Кәкішұлы мұрасындағы С.Сейфуллин шығармашылығы	15
Шакенова А. Р. Сәкен шығармаларын оқытуда белсенді әдіс- тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру	17
Мамаева Ж. Ж. Белсенді оқыту түрлері арқылы таным қабілеттерін дамытудың тиімділігін арттыру	21
Сейітқадыр Г. Ж. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	24
Базарбаева Н. Б. Saken Seifullin – "Thorny path"	28
Кабидоллаева Н. Г. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	30
Мукашева Т. К. Қазақстан тарихын оқытуда С.Сейфуллин шығармалары дереккөзі ретінде.....	33
Берденова Ш. К. Сәкен әңгімелерін оқыту арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру	36
Тлебалганова Д. Н. Сәкен Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңінің идеясы мен мәні.....	39
Сансызбаева Г. Ш. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту.....	42
Бигожина Б. О. Ақын шығармашылығы және лирика жанры	43
Жусупова М. М. Ақын поэзиясындағы жаратылыс бейнесі	46
Кабулдинова А. Е. Развития познавательных способностей младших школьников посредством активного обучения через труды.....	48
Абжанова М.К. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін арттыру	51
Тлеубекова М. М. Сәкен шығармаларындағы табиғат көрінісінің кестеленуі	53
Нурушева А.К. Сәкен шығармаларын оқытуда тиімді әдіс-тәсілдер арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру.....	56
Айтбаева Т. А. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	59
Калекеева М. Ж. Pedagogical reading on the topic: Saken Seifullin – "Thorny path"	63
Қабен Н. Н. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы табиғат тақырыбы.....	66
Адирбекова А. Б. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	69

Акимбекова А. С. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	72
Аймаханова А. Е. Сәкен мұрасы арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру	75
Аксисенова Г. К. С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	79
Амангельді А. Ж. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын цифрландыру: әдеби мұраны заманауи технология арқылы сақтау және насихаттау	81
Баракова К. Н. С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.....	85
Бекова Г. М. С.Сейфуллиннің табиғат лирикасы арқылы білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту	90
Зинекешова А. Б. С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту	93
Кадирбаева М. А. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.....	98
Қазбекова Г. Ж. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.....	101
Куанышбаева С. Б. Биология пәнін оқытуда С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру.....	105
Малгерьянова Қ. Қ. С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	108
Медетова А. О. Сәкен Сейфуллин – біртуар дарынның әдеби әлемі.....	110
Нұрқасымова Ф. Қ. С. Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру	112
Сулейменова А. У. Сәкеннің сұлу да сырға толы әдеби әлемі.....	116
Буркутбаева К. Е. Сәкен шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы дәріптеу.....	119
Кудайбергенова А. Х. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылықтар	121
Нурлан А. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы	124
Шакенова А. Д. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	126
Такауиева С. Р. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	128
Кониспаева Н. К. Ұлтының кемеңгер сыршылы	131
Жумаханова М. А. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	133
Батталова А. О. Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңінің символикалық құндылығы	136
Тастанова Д. А. Көңілге қуат, жүрекке шуақ.....	139
Мусина Г. С. Сәкен Сейфуллин шығармаларының ұлттық құндылығы.....	142
Кожекенова Л. Г. Мәдени алмасу мен достық: Сәкен Сейфуллин мұрасы..	145
Уткелбаева Г.К. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық	

құндылықтар	147
Қабұлқайт Ғ. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» әні арқылы сезімдерді сезінуді және бейнелеуді үйренуден түйген ойларым	150
Конысбаева У. Ж. Сәкен Сейфуллиннің «аққудың айрылуы» шығармасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар	152
Баяхметова Ш. О. Сәкен Сейфуллин шығармалары – адамзаттық, ұлттық құндылықтарға бай мұра	155
Әділбек Д. Е. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы жас ұрпақты тәрбиелеудегі рухани және патриоттық негіздер	158
Шарипова Г. А. Сәкен Сейфуллин өлеңдеріндегі ұлттық мүдде.....	160
Игильманова Ш. Р. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	164
Баекина Д. Б. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар – рухани дамудың қайнар көзі ...	167
Батыргалиева Г. Х. Сәкен Сейфуллин шығармашылығын орта буын бағдарламасымен сабақтастыра оқыту.....	172
Сулейменова А. У. Сәкеннің сұлу да сырлы әдеби әлемі	175
Ибраева А. С. Сәкен өрген өрнектердің құндылықтары.....	178
Бекбосынова Г. Н. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	181
Әжібек Ж. С. Сәкен Сейфуллиннің «Біздің тұрмыс» повесінің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызы	183
Ержанова А. К. The importance of Saken’s works in the popularization of universal and national values	185
Ержанова Д. М. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	187
Хансейтова Г. А. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	190
Кабидоллаева Н. Г. Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту	193
Сугралина Н. А. Сәкен Сейфуллин шығармаларының ұлттық құндылығы	195
Бухарбаева Г. Ж. Сәкен мұрасы – ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтарды құлдыратпаудың бір жолы.....	198
Жақсылық Қ. Қ. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	201
Кульшарипова Ш. А. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылық.....	204
Намазбаева Ж. Ж. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	206
Курмашева М. З. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен Сейфуллин шығармаларының маңызы.....	210
Кульбекова А.А. Сәкен шығармаларындағы құндылықтар	213

Алғы сөз

Сарыарқаның сары даласында туып, асау тұлпардай самал желімен жарысып өскен тума дарын иесі Сәкен Сейфуллин қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматургі, білікті ұстазы, мемлекеттік қайраткері, Қазақстанның қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесінің алғашқы төрағасы болған. Ол Қазақстанның Жазушылар одағының негізін қалаған адамдарының бірі және де өмірінің аяғына дейін оның басшылық қызметін атқарған, қазақ жазушылары арасында бірінші болып «Трудовое Красное Знамя» орденінің иесі атанған.

1914 жылы Қазан қаласында «Өткен күндер» деп аталған тұңғыш өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болған. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берген. 1918 жылы «Жас қазақ марсельезасын» жазып, «Бақыт жолында» атты пьесасының беташар қойылымын көрсеткен. «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі арқылы қаламгер өз басынан кешкен сұрапыл оқиғаларды еске түсіре отырып, эпизодтық кейіпкерлер өмірінен тікелей баяндау арқылы уақыт шындығын көрсететін мәлімет келтіріп отырады. Төңкеріс қарсаңы мен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның бар түкпіріндегі саяси-қоғамдық істердің бағыты, барысы, салалары кең пайымдалады.

Бұдан бөлек, Сәкен Сейфуллиннің маңызды әрі үлкен бір жетістігі – қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруі. Қайраткер туған тілді кеңсе тіліне айналдыруға және мемлекеттік мекемелерге енгізуге жанын салып күрескен. 1923 жылы «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген атышулы мақаласын жариялады.

Биыл дауылпаз ақын, көрнекті жазушы, сыршыл композитор Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толып отыр. Мерейтойы қарсаңында «Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» аймақтық фестивалі Астана қаласы С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназиясында өткізілді. Фестиваль барысында келесі қонақтар Сәкен жайында пайдалы ақпараттармен бөлісті:

Әбсеметов Марат Оралбайұлы - «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» МКҚК Сәкен Сейфуллин мұражайы құрылымдық бөлімшесінің директоры және музей қызметкері;

Тіреуов Қанат Маратұлы-«Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректор, ҚР ҚҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор;

Жүнісов Қанат Құрмашұлы - әнші, актер, ақын, драматург, театр сахнасында, "Сәкен", "Өмір жолы", "Тайны и судьбы великих казахов" деректі фильмдерде, "Жамбыл" көркем фильмінде С.Сейфуллиннің рөлін сомдаған;

Асылбекова Роза Иманғалиқызы- С.Сейфуллин мұражайының алғашқы директоры;

Әбіш Асылгул Рахымжанқызы- Сәкен Сейфуллиннің туысы;

Қапаш Қабыкенқызы Құлыш- Қазақстанның Халық Әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор, педагог, С.Сейфуллиннің «Көкшетау» әнін орындаушы.

Фестивальдің пленарлық отырысының спикері Әбсеметов Марат Оралбайұлы өз баяндамасында Сәкеннің мемлекет қайраткері ретінде ел үшін жасаған еңбегін былай сипаттады: «Совнарком төрағасы болып тағайындалған Сәкен басшылық еткен екі жылда нағыз Қазақ мемлекетінің қазығын нықтап, Қазақияның ұлы көшін жолға салып бергендей. Ол халық шаруашылығын ұйымдастыруда, халық ағарту саласындағы бастамаларын іске асыруда, мәдениетті және баспа ісін дамытуда, қорғаныс, сот жүйесі, кедендік қызметтің жүзеге асуына көп еңбек етті. Орасан зор бастамалар мен жас Республиканың басты мәселелерін шешуде, бір жағынан, жоқшылық, бір жағынан, ашаршылық қысқан қиын-қыстау заманда артына қарайлап тайсалмаған жігерлілігі, оң шешіміне қол жеткізудегі іскерлігі - бір төбе».

Сегіз қырлы, бір сырлы сұлу Сәкен, дауылпаз Сәкен еліне сіңірген еңбегімен де, қайталанбас дара тұлғасымен де, тіршіліктегі үлгі-өнегесімен де артына қалдырған мол мұрасымен де жарқырап ХХІ ғасырға енді.

Фестивальдің бір бағыты ретінде «Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларының маңызы» тақырыбында педагогтер үшін педагогикалық оқу өткізілді. Педагогтердің бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу, қазақ әдебиеті, биология, ағылшын тілі сабақтарында Сәкен шығармаларындағы құндылықтарды дәріптеу негізіндегі баяндамалары жинақ ретінде құрастырылды.

Мақсаты: Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын, әдеби мол мұрасын жаңғырту, шығармашыл педагогтердің тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

Міндеттері:

- С. Сейфуллин шығармаларын оқу, мазмұнын ашу, құндылықтарын дәріптеу;
- үздік инновациялық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
- аймақтық педагог қауымдастығының өзара байланысын орнату, кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту;
- өз жұмыс тәжірибесін жинақтау арқылы педагогикалық қызметкерлердің рефлексивті ікемдерін дамыту;
- педагогтердің педагогикалық зерттеу әрекетін ұйымдастыру.

Педагогикалық оқуға ұсынылған баяндамалар ережеде берілген талаптар негізінде бағаланды. Негізгі талаптар: жұмыс мазмұнының педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі, тақырып өзектілігі, мәселені мазмұнды және нақты қою, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерінің дәйектілігі, жұмыс идеясының ерекшелігі, жаңашылдығы, практикаға енгізу перспективасы, автордың айқын көзқарасы, іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, рефлексияның болуы, әлеуметтік маңызы.

Педагогикалық байқауға ұсынылған жұмыстарды саралай келе, ақынның шығармаларын мектеп оқушыларына оқытудағы өзіндік жаңашыл әдістерімен, көркем шығарманы оқытудағы әдістемесімен ерекшеленген жұмыстарды ұсынып отырмыз. Жаңартылған білім беру мазмұнына сай қаламгер туындыларын оқыту арқылы жас ұрпақтың бойына құндылықтарды сіңіру әр педагогтің басты міндеті деп білеміз. Осы мақсатты жүзеге асыруда ұсынылып отырған жинақтың берері мол деп түйіндейміз.

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН - ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ
(1922-1924 ж.ж.)**

**Сәкен Сейфуллин музейінің басшысы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әбсеметов Марат Оралбайұлы**

Бүгін - еліміз бен елорда үшін ерекше күн. Ұлтымыздың жарқын болашағына жанын қиып, 28 жасында Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып, мемлекетіміздің іргетасын қалап, көшін бастаған қоғам қайраткері ақын, жазушы, публицист Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толды.

Жер бетінде небәрі 44 жыл өмір сүрген қайраткердің күреспен өткен ғұмыры, қыршыннан қиылған өмірі, асыл ердің ғұмыр-дастаны таусылмас қазына. С.Сейфуллин 1922-1924 жылдар аралығындағы Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. «Совнаркомдағы» Сәкеннің бір күнін, сол жылдардың жүгін артқан қым-қуат замандағы күрескерлігін, құжаттармен хатталған екі жылдық қайраткерлігін бағаласақ, оның ірі мемлекетшіл тұлға, реформатор болғанын білдіреді.

Сәкен бұл қызметке келгенде жанына мықты деген алаш азаматтарын жинады. Партия басшыларымен айтыса жүріп Үкіметтің құрамын бекітті. Аласапыран заманда «Қазақтың болашағы не болады?»-деп, «Ұлтым» деп соққан Сәкеннің жүрегі мемлекеттің басына қазақтың біртуар азаматтарын жинап, сенім артып, тәуекел етті. Ағарту саласына ұлт ұстазы, бұрынғы Алаштың көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновты, заң саласына кәсіби заңгер Ахмет Бірімжановты – Алашорданың әділет министрі болған, Ресей империясының І және ІІ Мемлекеттік Думасының депутаты, промбюро – Әлімхан Ермековты, атақты Мәжит Шомбаловты денсаулық саласына, мемлекеттік жоспарды Смағұл Садуақасовқа, сот жағын Нығмет Нұрмақовқа сеніп тапсырды. Алаш Орданың батыс аймағының басшыларының бірі, бұрынғы ақ офицері Есенғали Қасабулатовқа қаржы жағын ұстатты.

Демек, сын сағатта ел болашағын ойлайтын азаматтарды жұмылдыра білді. Сәкеннің өзі жазғанындай, *«аққа да қызылға да ортақ, байға да кедейге де бөлмейтін қазақтың – Ақаңы»* (1) деген сөзі, айналасында жиналған азаматтарды таңдаудағы басты қағидасы болса керек. Қай-қайсысын алып қарасаңыз да, осы үкіметтегі он бес адамның бәрі қазақтың бір туар перзенттері.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының Сәкеннің дүниетанымына үлкен әсері болғаны сөзсіз. Оның 50 жылдық мерейтойын өткізуге арнайы Қаулы шығарып, жауапты тұлғаның өзі болғанын растайтын құжат бар. Одан басқа Ақаңның алғашқы мерейтойына байланысты «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды» деген тақырыппен «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы 2 ақпан күнгі 64-санына «Шәміл Манап» деген бүркеншік атпен Сәкен Сейфуллиннің мақаласы жарық көреді. Ақаңның өміржолының қысқаша шолуын *«Халыққа өзіңше қызмет қылған адам кәміл тоқтайтын кісілік жасына толғанда, сол*

кісінің бастан-аяқ халыққа істеген қызметтерінің қандай екенін баяндап өту әр үлгілі халықтың әдеті» деп бастайды.

Қазақ мемлекеттігінің алтын бесігі Орынбор қаласы болды. XX ғасырдың басында Орынбор қазақ ұлтының нарқасқаларының басын қосқан жер деуге болады. Қазақтың белгілі алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы жалпы ұлттық «Қазақ» газетін жарыққа шығарып, сол арқылы отаршыл елдің астамсыған пиғылынан туындаған атауды жоққа шығарып, «қазақ» есімін қайтарады. Бұл Қазан төңкерісінен кейін ақтар мен қызылдар бір жақты болып, большевиктер билікке жетіп, тұғыр тағын мықтай бастаған кезі.

Қазақ мемлекеттігінің алтын бесігі Орынбор қаласы болды. XX ғасырдың басында Орынбор қазақ ұлтының нарқасқаларының басын қосқан жер деуге болады. Қазақтың белгілі алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов жалпы ұлттық «Қазақ» газетін жарыққа шығарып, сол арқылы отаршыл елдің астамсыған пиғылынан туындаған атауды жоққа шығарып, «қазақ» есімін қайтарады. Бұл Қазан төңкерісінен кейін ақтар мен қызылдар бір жақты болып, большевиктер билікке жетіп, тұғыр тағын мықтай бастаған кезі.

1920 жылы 26 тамызда БОАК пен РКФСР ХКК-нің «Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Социалистік Кеңестік Республикасын құру туралы» декреті қабылданды. Оның негізінде 1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынбор қаласында өткен ҚАКСР Кеңестерінің Құрылтай съезінде Қазақ Республикасының құрылғаны жарияланды. Бұл Қазақ АССР қазақ халқының тарихынағы алғашқы ұлттық мемлекет болып саналады (2).

Осындай ұлы оқиғалардың толқынысында елдің бетке ұстар азаматтары 1920 жылы 2 қазанда жиналатын Құрылтайға асығады. Оған елдің барлық өңірінен 273 делегат, Алтай губерниясы қазақтарының атынан алты адам келеді. Оған қазіргі ел астанасы Ақмоладан Сәкен Сейфуллин сайланады. Сол кездегі Ақмола исполкомының төрағасы Коротков Сәкеннің қатысуына қарсы болып, телеграмм соғады. Алайда алған бетінен қайтпаған Сәкен Коротковқа жазған жазбасында: *«Мы, Сейфуллин и Омаров вопреки Вашей телеграмме выехали на Всеобщий киргизский съезд. Нас заставила важность данного съезда в смысле официального объявления Киргизской Республики «Казахстан» ... Мы уверены, что самым революционным городом Казахии является г. Акмолинск,* ...» (3) деп жазады. Бұл жолдардан Сәкеннің жиыннан көп нәрсе күткенін көреміз. Осы кезеңнен бастап Сәкеннің Ақмола және Семей өңіріндегі белсенді қызметі басталады.

Сол кезеңнің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі: патша заманда кетіп қалған жерлерді қайтару, шекараны белгілеу болды. Осы ретте жер комиссиясының төрағасы және редакциялық коллегиясының мүшесі ретінде Сәкеннің зор еңбегін көреміз.

Сәкен бұл қызметінде батыста – Астрахань, Царицын және Самара губернияларымен, солтүстікте – Башұрт Республикасы, Челябинск, Тюмень және Омбы губернияларымен, шығыста Томск, Алтай губернияларымен

және Монголиямен, ал оңтүстікте Хорезм және Түркістан Республикасымен келіссөздер жүргізеді. Аталған өлкелерден бөлек қазақтар тұрып жатқан Волга-Каспий аймағы тартысқа түседі. Одан бөлек ежелден қазақ жері Ақмола мен Семей облыстары жөнінде дау туындайды. Бұлар бұрынғы Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын Сибревком құрамында еді. Сибкрайдың ресми өкілдері барынша сылтауратып екі өңірдің Қазақстанға берілуін соза түседі. КирЦИК-тің 1920 жылғы 10 жетоксандағы президиум отырысында осы мәселені бір жақты ету үшін Мәскеуде өткен Кеңестердің ҮІІ съезіне енгізеді. Оған арнайы осы екі облыстың жағдайын біледі деп С.Сейфуллинді жіберді. Осы жиында Калининмен сөйлесіп жағдайды баяндайды. С.Сейфуллин ежелден қазақ жері екенін дәлелдеп, Сибревкоммен келіссөздер нәтижесінде, қазақ халқына қайтаруын талап етеді. 1921 жылдың 9 мамырында Ақмола мен Семей облыстары Қазақстан Республикасы құрамына кіреді (4).

1922 жылы 12 қазанда КирЦИК-тің бірінші сессиясында бірауыздан Сәкен Сейфуллин Совнарком төрағасы болып тағайындалады.

Сәкен басшылық еткен екі жылда нағыз Қазақ мемлекетінің қазығын нықтап, Қазақияның ұлы көшін жолға салып бергендей. Ол халық шаруашылығын ұйымдастыруда, халық ағарту саласындағы бастамаларын іске асыруда, мәдениетті және баспа ісін дамытуда, қорғаныс, сот жүйесі, кедендік қызметтің жүзеге асыуына көп еңбек етті. Орасан зор бастамалар мен жас Республиканың басты мәселелерін шешуде бір жағынан жоқшылық, бір жағынан ашаршылық қысқан қиын-қыстау заманда артына қарайлап тайсалмаған жігерлілігі, оң шешіміне қол жеткізудегі іскерлігі - бір төбе.

Расында да, Сейфуллиннің «Совнарком» болып қызмет атқарған жылдары ел үшін ауыр күндерден еді. Аштық, ақтар мен қызылдардың соғысы, билік ауысып халықтың әбден жаншылып, азып-тозған кезіне тап келді. Жаңа құрылған республика дамуының нақты жоспары да болмады. Сәкен және оның үкіметі замана ағысына қарсы жүзді. Мемлекет басқарудың басты бағдары ретінде алдымен қаржылық жүйені қолға алады. Салық және салық салу мәселесінде бірыңғай салық төлеу түріне өтіп, бұрындары болған халыққа қолайсыз салықтарды жояды. Қазыналық, банк және жинақтау ісінде өзгерістер енгізіп қазіргі қолданылып келе жатқан тәжірибедегідей республикалық бюджет, жергілікті бюджет деп бөліп, оны реттеу жолдарын шешеді. Аштыққа қарсы күресте ақшалай-заттық лоторея ұйымдастырып оны таратып, Қазақстанның Жинақтаушы жүйесінің негізін қалады.

Сәкен Сейфуллин басқарған үкімет ел тарихында алғашқы Жер Кодексті қабылдады. Кодексте қазақ даласына қатысты патшалық отарлық саясатының салдарын жойды, миллиондаған гектар жер қазақ халқына қайтарылды. Ауыл шаруашылығын дамытуда жайылым, егістік алқабын көбейтіп, алғаш рет шаруаларға пайызсыз несиелер мен қарыз бөлінді.

Кооперация мен сауда күн тәртібінен түспеді. Азамат соғысы кезінде тарап кеткен Қоянды жәрмеңкесін қалпына келтіру керектігі алғаш рет осы үкімет кезінде айтылды. Содан бастап Қоянды тек қана алыс-беріс сауда орны ғана емес, ән мен күйдің, күш сынасқан балуандардың жалпы

қазақ мәдениетінің орталығына айналды.

Сәкен Сейфуллин «Қазақ кедейлеріне фабрик керек» деген қазақ өнеркәсібінің құлдырауына байланысты мәселе көтереді. Сол кездегі елдің өнеркәсібі құлдырау сатысында тұрды. Төңкерістен кейін халықтың меншігіне өткен 307 кәсіпорынның 250-і жұмыс істемеген. Жезқазған, Успенск, Риддер рудниктері су басқан, Спасск кен байыту зауыты өртенген, Ембінің 147 скважинасының сегізі ғана жұмысқа жарап, темір жолдар қаңтарылып қалған. Көлік, қамсыздандыру, тіпті уақытты халықаралық уақыт стандартына ауыстырады. Осыған дейін қазақ даласында дәстүрлі мәдениет бойынша циклдік уақыт есебінде жүрген болатын. Бұл іргелі дербес мемлекетпіз деген елдің көрінісі еді. Ол туралы 1924 жылғы 7 мамырда *«О окончательном введении в КССР счета времени по международной системе часовых поясов»* деген декретке қол қояды.

Қазақ тілін кеңсе тілі ету де Сәкен үкіметінің бастамасымен айтылды. Оның тікелей қолдауымен А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағының жарық көргені баршаңызға мәлім. Бұл жинақта Сәкеннің өзі орындап, осы жинаққа енген екі күйдің бірі Абылайханның атты әскерінің шеруі «Терісқақпай» нотаға түсірілсе, екінші күй «Тоқа» (ру аты) Кенесары әскерінің маршы болды деп айтылады. А.Затаевичтің жинағына Сәкен Сейфуллиннің қылқобызбен орындаған «Сарыарқа», «Әуілдек» күйлері кірмей қалды. 1964 жылы 24 тамызда атақты қобызшы Дәулет Мықтыбаев Сәкеннің қылқобызбен тартқан күйлерін қазақ радиосына жазғызды.

Үкімет отырыстарында діни, ғұрыптық мерекелерді атап өтуде Сәкеннің назарынан тыс қалған жоқ. Үкіметтің қауылысымен 1923 жылдың 11 шілдесінде - қызметкерлердің жалақысын сақтай отырып мұсылмандарға Құрбан айт пен Ораза айт мерекелерінде демалыс күндерін беруге рұқсат етті. Қожа Ахмет Яссауи кесенесін қалпына келтіру жұмыстарына қаражат жинауды, ұйымдастыруды да Сәкен кезінде қолға алған (5).

1923 жылғы 4 сәуірдегі КАССР Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілісінде (хаттама № 16/8, Орынбор қаласы) Сәкен Сейфуллин әуе флотына көмек көрсету науқанын жүргізу үшін комиссия құру туралы шешім қабылдап, оның құрамын бекітеді, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне Мәскеуде «Добролет» компаниясының төрағасы Алексей Рыковпен қазақстандық авиацияны дамыту мәселелері бойынша кездесуді тапсырады (6).

1923 жылдың 4 сәуірін Қазақстан авиациясының туған күні деуге әбден болады.

Жас қазақ үкіметінің алдында тұрған бірінші мәселе Добролетке жиналған 776 000 рубльді алтынымен төлеу болды. Қазақстандағы авиациялық инфрақұрылым мен әуе қозғалысының желісін ұйымдастыру үшін әуежайларды, ұшу-қону жолақтарын салу, ұшақтар сатып алу жоспарланған болатын. Жиналған қаражат Германияның «Junkers U-13» маркалы жолаушылар ұшағын сатып алуға жұмсалды.

Сәкен Орынбор – Орал – Ақмола – Семей әуе қатынасын ашып, ұшақпен аралап өтеді. Ол Қазақстан үкіметінің басшысы ретінде республикада авиацияны

ұйымдастыру және дамыту жөнінде алғаш рет шешімдер қабылдап қана қоймай, сонымен қатар 1923 жылы 8 қазанда ұшаққа мініп көкке көтерілген тұңғыш қазақ болды.

1924 жылы 5 қыркүйекте Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлары Кеңесінің үкімет отырысында Ахмет Байтұрсыновтың баяндамасын тындап **араб әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы** мен емлесін бекітеді. Бұл тарихи шешім болды. Х ғасырдан бастап қазақ даласында қолданылған жазу үлгісі осы әліпби негізінде болған еді (7).

Сәкен Сейфуллин Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы қызметінде жүргеннің өзінде орталықтық отаршылдық пиғылына қарсы тұра білді. Бұл әрине мәскеулік биліктің шамына тиді. 1923 жылыдың 17-22 наурызында өткен обкомның РКП (б) III конференциясында Орталық аппараттың өкілі Емельян Ярославский Сәкенге шүйлігеді. Оны партияның басты бағдарынан ауытқығанын айтады. Анығында Сәкеннің «Азия-Еуропа» деген өлеңін сынайды, ұлтшылдығын бетіне басады. Әрі қарай Сәкеннің шын мәніндегі тар жол тайғақ кешуі басталады. «Кіші октябрь» науқанына қарсы шыққаны үшін «Сейфуллин и сейфуллинщина» деген атпен «Казахстанская правда» газетінде жарық көрген Юсуповтың мақаласы Голощекиннің Сейфуллинге, оның тағдырына деген ауыр үкім шығаруына себепші болды. 1929 жылы Тергеу протоколында Сәкеннің өзінен «Сейфуллинщина» деген не деп сұрайды. Оған Сәкен: *«Теория жағынан күшті емеспін»* деп жауап береді. Расында да қамшының сабындай қысқа ғұмырында «Қызыл сұңқар» Сәкен тек әрекет үстінде болды. Нендей мәселені қолға алса да халқын асыл мұратқа жеткізу үшін жанын салды (8).

Соңғы кезердегі Алаш ардақтыларына бір жақты пікір қалыптасып келеді. Біз бір нәрсені білуіміз керек. XX ғасыр өте күрделі кезең болды. Патша қамытынан құтылып ел боламыз деп, халықтың алдына шыққан азаматтардың ой-мақсаты бір болса да, жолдары әрқилы, кейде тұйыққа тірелген кездері де болды.

Қазақ екі бөлінді. Алаш-Орда Керенскийды, Колчакты қолдады, кейбір үндеулерінде *«Большевик дегендер кешегі байлардың есігінде жүрген, шандыры созылған өңшен малай»* деді (9). Бірақ, Ұлы Орыс империясы заманың көксеген, адмирал Колчак Алаш-Орда үкіметін мойындамады, тарқатты. Елім деп жүрген алаш азаматтары адасып қанышер атамандар Дутов пен Анненков әскерлеріне кірді, қырылды. Ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған қазақ басқа жол тандады. Жаңа үкіметтің *«Қазақ ұлтына бостандық, тәуелсіздік береміз»* дегенге сенді, қолдады. 1991 жылы қазақ халқы тәуелсіздік алып арманына жетті. Ал, сол аласапыран заманда Қолчак женсе қазақтың болашағы не болар еді?

Сол жылдары саясат өтінде жүріп Сәкен кеңес жүйесінде ұлтқа не керегін де білді, қажетті істі де атқарды. Бірақ тоталитарлық дәуірде керек істі жүзеге асыруға ерік-жігер, ақыл-парасат, батыл жүрек қажет еді.

Белгілі ғалым Дихан Қамзабекұлы: *«Біз күрделі кезеңде өмір сүрген қайраткерлерді, зиялыларды бір-біріне қарсы қоймай, елдік тұтастық, бірлік жолындағы еңбегін Әділетті Қазақстан мүддесіне сай зерделей білуіміз керек»*,

- деп жазады (10).

Бүгінгі күннің мінберінен не айтуға болады? Не айтуға қақымыз бар? дегенде Сәкеннің Ахмет Байтұрсынұлының тұрғысында айтқан ойы еске түседі. Елім деп жүрегі соққан алашшыл азаматтарын аққа да қызылға да, байға да кедейге де бөлмейтін қазақтың – арда туған азаматтары деп қарауымыз керек. Бұл Сәкен айтқандай *«әр үлгілі халықтың әдеті»* және белгісі де болмақ. Қайраткердің өнегесі мен өсиеті – осы.

Дереккөздер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды. «Еңбекшіл қазақ» газеті, 1923 жыл, 2 ақпан.
2. М. Абсеметов. Сакен Сейфулин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924). – Астана, «Рух-пресс», 2006. Б.17.
3. ЦГА РК, ф.5, оп.1, д.14, л.70.
4. ЦГА РК, ф.5, оп.3, д.24, л.165.
5. М. Абсеметов. Сакен Сейфулин – Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана (г. Оренбург, 1922-1924). – Астана, «Рух-пресс», 2006. 416 б.
6. ЦГА РК, ф.30, оп.1, д. 230, л.11 об.
7. ЦГА РК, ф.30, оп.1, д. 309, л.1.
8. ЦГА РК, ф.44, оп.10, д.86, л.185-192.
9. Аттан Алаш азаматы. «Қазақ» газеті. – 1918. - №262.
10. Қамзабекұлы Д. Нұртас Оңдасынов. Астана, 2024.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ: ҚАЗАҚ БІЛІМІНІҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**С. Сейфуллин музейінің ғылыми қызметкері,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
Қазақстан тарихы кафедрасының PhD докторанты
Ибраева Гүлназия Болатқызы**

С. Сейфуллин ағартушылық, педагогтік бағытта үлкен еңбек атқарып, қазақ елінің білімді жастарының еңсе көтеруіне көп күш жұмсады. Білім алу жолының әртүрлі бағыттары арқылы дәріс беріп, өз еңбектерінде соны атап кеткен. Сәкенді қажыр-қайратын, күш-қуатын сарқа жұмсаған, қазақ даласындағы ғылым мен білімнің шамшырағы деп білеміз.

Негізгі педагогтік қызметін 1912 жылы Ғабдулла халфе Сұлтанұлы медресесінде қазақ және татар балаларына орыс тілінен сабақ беруден бастайды. 1916 жылы 10 мамырда Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп, куәлік алып, жолдамамен Ақмола уезі Сілеті-Бұғылы ауылында Ш.Уәлихановтың жиені Сұлтан Абылаевтың үйінде мектеп ашып, мұғалімдік қызмет атқарады. 1917 жылы Ақмола қаласына келіп, орыс- қазақ мектебінде екі кластық училищеде сабақ береді. 1918 жылы қалалық мектептер үшін ашылған мұғалімдер даярлайтын қысқа мерзімді курсқа сабақ береді.

Ақмола қаласындағы мектептің ашылу тарихы мен жас ұстаздың оқыту жұмысына деген құлшынысын мектептегі алғашқы шәкірттерінің бірі, журналист ұстаз Орманбаев Жұмабай өз естелігінде былай суреттейді: «Халықтық билік депутаттар кеңесі негізгі қызметін мектеп ашу мен балалар жинақтаудан бастады. Осы орайда, Сәкеннің атсалысуымен 1917 жылы мектеп Ақмоланың Слободкасында ашылды. Үш бөлмелі үй еді, екі бөлмесінде балалар оқыды, бір бөлмесінде Сапайұлы Дүйсекей мен Сәкен тұрды. Сәкен 1-сыныпқа сабақ берді. Мен де сол 1- сынып оқушысы едім. Класта 45 оқушы болды. 12-13 жастағы балалар. Менімен бірге Мәжит оқыды (Сәкеннің інісі). Көпшілігі кедейдің балалары еді. Оқушыларды мектепке қабылдау үшін іріктеу жұмысын Сәкен өзі жүргізді. Мектепте оқимын деген талапкерлер көп еді. Ауқатты жанұя балаларын қабылдамады. Балалардың бәрі ересек. Ұстаз -Сәкен 22-23 жастарда еді. Бізге бірден ұнады. Өз ойын нық, қарапайым тілмен көзіңе қарап жеткізетін. Өз ісіне ұқыпты, басқадан да соны талап ететін. Бірінші күн сабаққа келгенімізде біздің сыртқы келбетіміз ұнамады ма, сабақтан кейін балаларды алып қалып, сабаққа келу тәртібін айтып, түр-тұрпатты жөндеп, шашты қиып, сабақта және сабақтан тыс қалай жүріп -тұру керектігін айтты. Оқулықтар мен дәптерлерін ұқыпты ұстауды ескертті. Сол кезде Ақмоладағы орыс-қазақ жастары Сәкеннің сұлу кескініне, еркін жігерлі жүріс-тұрысына қызыға қарайтын. Үстіне әр мезгіл қып-қызыл (не жібек, не сәтеннен), қысқа жағалы украинша көйлек киетін, аяғында жақсы шеблет, белінде кестелі өрме белбеу, шалбары қара шұғадан, шашы иығын жауып тұратын...». (5 март 1966 жыл). Түпнұсқа орыс тілінде, түпнұсқалаған автор. Бұл естеліктен С. Сейфуллиннің басқарушық, ұйымдастырушық қабілеттерімен бірге, білім беру саласындағы үлкен еңбектерін, балаларға білім беру барысында эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал еткенін байқаймыз. Ішкі рухани байлық, жан сұлулығы мен сыртқы кейіптің үйлесуіне аса назар аударған ұстаз әр қазақ баласының білімді, таза, әдемі жүріп, әдепті өсу жолында қызмет атқарып, елінің ертеңін ойлайтын адал, да, патриот жастар тәрбиелеген. Сол кезеңнің солақай саясатына қарсы тұра алатын қазақ жастарын көргісі келді. Соның бір дәлелі осы естелікті жазып отырған – Жұмабай Орманбаев. Қырық жыл әртүрлі республикалық газеттерде бас редактор, бөлім меңгерушісі, тілші қызметін атқарған. Бүгінгі С. Сейфуллиннің ұстаздық саласындағы ерекшеліктері жөнінде өте құнды дерек жеткізуші.

С.Сейфуллиннің бастауымен Орынбор қаласында тәжірибе- көрсеткіш мектебі ашылды, бұл мектепте ҚазМУ ректоры А.З.Закарин оқыған. Қыздар мектебі ашылды. Ол мектептің түлегі Ш.Иманбаева... (Ұзақбай Балқашев қолжазбасынан).

«Сәкеннің қарапайымдылығымен адамгершілігінің молдығы

соншалықты, ол маған ғана емес, басқаларға да орналасуға көмектесті. Сондықтан ауылдан келген әрбір адам одан көмек сұрайтын. Көпшілігі оның пәтерінде тұрып, оқу орындарында оқыды (Ұзақбай Балқашев қолжазбасынан)...

«1920 жылы бүкіл қазақстандық Құрылтай съезіне арнайы шақырылып, Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланып, Сәкен Оқу комиссарының орынбасарлығына тағайындалды. 1925 жылдары Халық ағарту комиссары қызметін атқара жүріп, Қызылордада Қазақ Халық Ағарту институтының директоры қызметін атқарады, 1926 жылы Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтында жұмыс істейді. (Орта Азия мемлекеттік университеті). 1929 жылы Астана Алматыға ауысуына байланысты, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны Абай атындағы пединститутында қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беріп, қазақ әдебиеті кафедрасының деканы болды.

С. Сейфуллиннің институтта дәріс берген шәкірті, студенті Мәмбеталиев Күлтай естелігінде: «Қазақ журналистер институтына түскенге дейін мектепте мұғалім болдым. Ел аузынан Сәкен жайлы жазушы, қазақ жастарына қолдау көрсететін адам ретінде еститінмін. Шынында да, көп адамға көмек көрсеткен. Алматыға 1936 жылы келдім. Алдымен Қазақ педагогикалық институтына түсіп, кейін Қазақ журналистер институтына ауыстым. С. Сейфуллин бізге қазақ әдебиетінен дәріс берді. Ол кісі дәріс оқуға келгенде, аудитория студенттерге толатын. Әсіресе халық ауыз әдебиетінен дәрісті жақсы беретін. Тағы бір атап айта кететінім, келесі сабаққа келгенде бірнеше күн, апта өтсе де, келген жерінен ары қарай жаңылмай, бізден сұрамай өзі жалғастырып кететін. Ол кісі бірнеше институтта сабақ берген, оған қарамастан, сабақ беру кезінде жаңылыспайтын...»

С. Сейфуллиннің мектепте өзіндік сабақ беру әдісі болған, бастауыш сыныпта орыс тілі сабағынан білім бергендегі қолданған әдебиетінің аты «Михеев буквары» деп аталған. Бұл кітапта әр сөздің үстінде екпін белгісі көрсетілген. Оқушылардан әр дыбысты дұрыс, анық айтуын талап еткен. Әсіресе қазақ тілінде жоқ әріптерді өткенде мұқият болып, ана тілімен салыстырмалы түрде жүргізген. Сабақ беру әдісінің тиімділігі соншалық, балалар жыл соңына дейін орыс тілінде еркін сөйлеп, өз ойларын жеткізе білген (Ж. Орманбаев естелігінен).

Бұл әдіс сол XX ғасырдың басындағы заман талабына сай болған, орыс тілін білсең ойың жетік, қоғамның дамуынан қалыс қалмайсың, барлық әдебиет орыс тілінде болған соң, қазақ жастары да көзі ашық, осы талапқа сай болса екен деп еңбек еткен. Сондықтан орыс тілі терең оқытылған, сабақ беру сағаты да көп бөлінген. Ана тілімен салыстырмалы түрде сабақ жүргізгендегі мақсаты, қазақ тілінің ерекшелігін одан әрі терең түсініп, сөздік қорды байыту еді. Тәуелсіз ел болғалы мемлекетіміздің ұстанған саясаты үш тұғырлы тіл, өз тілің, мемлекеттік - қазақ тілін білу, ресми тіл- орыс тілін білу, халықаралық тіл-ағылшын тілін

білу. Осыған сәйкес, білім беру әдістемесінде терендетілген тіл мектептептері, үш тілді мектептер етек алуда.

Қазіргі күнгі білім беру әдісімен салыстыра келіп, С. Сейфуллиннің жүргізген оқу әдісі өте тиімді болған деп нақты айта аламыз. Бірақ ол өз дәрежесінде жалғасын таппады. Қазіргі халықаралық деңгейде мемлекетіміздің дәрежесін көтеру үшін жасалып отырған, үш тұғырлы тіл саясатымен Сәкен ойы идея жағынан ұштасып жатыр. Ал енді жоғары оқу орнында сабақ бергендегі дәріс беру әдісіне келсек, дәрістерін конспектісіз оқыды. Бір қалыпты, асықпай оқыған. Сабақ барысында шығармалардың түпнұсқасын, қанатты сөздер мен цифрлік көрсеткіштерді қолданатын. Студенттер дәрісін түгелімен жазып алуға үлгеретін. Дәрісті сол кездегі өмір эпизодтарынан мысал келтіре отырып жүргізген. Әсіресе, Халық ауыз әдебиеті бөлімін жөнінде өте қызықты сабақты өткізген. Эпос жырындағы Ер Тарғынға, Қобыланды батыр бейнесін шебер суреттеп, олардың еліне деген, халқына деген сүйіспеншілігін, батырлығын жақсы көрсеткен. А. Құнанбаев пен С. Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде дәрісті өте ұтымды жеткізетін. Оның ішінде, Абайдың халқына деген жанашырлығын атап айтқан. Белгілі шығарманы талдау кезінде өзіндік бір әдістері болған. Мәтінмен танысу кезінде алдын ала қандай бағытта жұмыс жасайтындығын айтпай, жастардың өз беттерінше ойланып, өзіндік ойын жекізуге, тұжырым жасай білуге үйреткен. Тәжірибе жұмысы кезінде бір ғана студентпен шектелмей, барлығының талдауға қатысуын талап еткен. Студенттердің өздеріне толықтырулар жасатқызып, сабақты пікірталастар арқылы жүргізген. (Мәмбеталиев Күлтай естелігінен) С. Сейфуллиннің публицистикалық шығармаларының дені халық ағарту мәселесіне арналған.

1921-25 жылдарда жазған мақалаларының жалпы рухы, әсіресе аттарының өзі-ақ көп жайды аңғартады. «Әр қазақтың жадында оқу болсын», «Зор міндет», «Барлық күш оқуға», «Оқушы жастарға үлгі», «Екі мың Орынборда», «Қазақ арасында сауатсыздықты жою», «Жас азамат әскери мектепке даярлан!» деп аталған еңбектерінде айтпағы анық. (С.Сейфуллин, 5-том, 2005 жыл, 6-бет). Осы мақалалардың жазылған қалпында қалып қоймай, іс жүзінде жүзеге асқанын белгілі ғалым, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішев былай дейді: «Сәкен Сейфуллин 1922 жылы қараша айының басында Қазақстан Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып сайлағаннан кейін 21 қараша күні «Зор міндет» деген публицистикасын, шынын айтқанда, билік рәмізі бар нұсқауын жариялады. 24 қарашадағы «Әр қазақтың жадында оқу болсын» деген мақала емес, жан сөзі «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланғанда Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек!!!» деп ұрандатты. Онан кейінгі «барлық күш оқуға» деген мақаласында «Қазақстан ел қатарына кірсін деген кісі оқу ісіне бар ынтасын салып жәрдем, көмек қылуы керек. Халық ағарту ісін жүйелі насихаттап,

күнделікті тәжірибе барысында шешіп отырған Сәкен Сейфуллин үкімет басшысы ретінде қазақтың жаңа мәдениетінің өркендеп келе жатқанына іштей қуанды».

«Әр азаматтың бір көзі оқу ісінде болып, соған келген жәрдемін тигізіп отыруы мойнына артылған парыз. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса қолынан келген жәрдемін қылмасаң, кейінгі жас буынның қолы жағанда кетеді,»- деген С. Сейфуллин. Оқусыз адамның болашағы күңгірт екенін айтқысы келетінін байқаймыз. Жарқын болашаққа жетудің жолдарын былай деп көрсетіп, бағыт береді: «Қазақ кедейлерінің теңелуіне қатесіз екі жол бар: біреуі оқу, екінші - Қазақстанда кәсіп дүкенін жүргізу». Яғни жан-жақты білім алу арқылы ғана адамзат үлкен жетістікке жетеді, өз ісінің шеберлері, белгілі бір маман болып қалыптасу барысында деген (С. Сейфуллин, 5-том, 2005 жыл, 6-бет).

«...Тіпті республика бюджетінің тең жарымын оқу- ағарту мекемелеріне бөліп, партия тарапынан ескерту алғанына қарамастан, өзі Совнарком төрағасы болып тұрғанда әкімшілік жағынан да, қаражат жағынан да жәрдем қолын созып қана қоймай, көптеген мақалалар жазып, игілікті іске мұрындық болған» (С. Сейфуллин, 5-том, 2005 жыл, 359-бет). Қазақстан тарихында бірінші рет халық мұрасын жинау мақсатында 1929 жылы экспедиция ұйымдастырды. «30 жылдардың басында С. Сейфуллиннің қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге арналғанын байқаймыз. «Ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Батырлар жыры» 1933, «Әдебиет тану оқу құралы» (1933) сияқты жинақтар және Ыбырай Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолда Мұхамедияров, Шәкәрім Құдайбердінің шығармаларын бастырып шығарды. Қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы зор қадамы болып есептелетін «Қазақ әдебиеті» (1932) атты оқу құралын жазып, жоғары оқу орындары шәкірттерінің қазақ ауыз әдебиеті тарихы жөнінде қажетін ашты. 1934 жылы бесінші класқа арнап «Көркем әдебиет» атты оқулық хрестоматия жасады. (С. Сейфуллин. Әдебиеттердің көрсеткіші, 9 бет.)

Ғұмырының 20 жылдай уақытын бала оқытып, оқулық жазуға арнаған. Оқу-ағарту саласындағы басты мұрасы әдеби шығармалары, оқулықтары. Қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арнайы көрнекі түрде жазып кеткен құнды дерек оқулықтарды біз С.Сейфуллиннің музей экспозициясынан көріп, қорынан таба аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. К. Мәмбеталиев естелігі. (С. Сейфуллин мұражай қорынан алынды).
2. К. К. Камалиева. Общественно-педагогическая деятельность С. Сейфуллина и вопросы образования и воспитания в его творчестве. 1968 г.
3. Орманбаев Жұмабай естелігі. С. Сейфуллиннің мектептегі шәкірті. 5 наурыз 1966 жыл (С. Сейфуллин мұражай қорынан алынды).
4. С. Сейфуллин. Көп томдық шығармалар жинағы. 2005жыл, 5-том.

5. С. Сейфуллин. Бес томдық шығармалар жинағы. 1987 жыл, 3-том.
6. С. Сейфуллин. Шығармалар, 1963 жыл, 5-том.
7. С. Сейфуллин. Бес томдық шығармалар жинағы, 1988 жыл, 5-том. 8
8. С. Сейфуллин. Шығармалар, 1960 жыл, 2-том.
9. Т. Кәкішев. Көп томдық шығармалар жинағы. 2010 жыл, 3-том.
10. Ұ. М. Балқашев қолжазбасы. (С. Сейфуллин музей қорынан алынды).

ПРОФЕССОР Т. КӘКІШҰЛЫ МҰРАСЫНДАҒЫ С. СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**Филология ғылымдарының докторы,
профессор Рақымжан Тұрысбек**

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінде қайраткер-қаламгер, ақын, драматург, сазгер Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық мұрасы кең орын алады. Ел әдебиетінің даму үрдістеріне ақын-қаламгер Іәм драматург ретінде ерен еңбек етіп, сүбелі үлес қосқан С. Сейфуллин – «Өткен күндер», «Асау тұлпар» атты жыр жинақтарында қоғам құбылыстарын, заман шындығын, адам факторы мен оның өмірін, еңбек болмысын кең көлемде жырлайды. Елдік мүдде, дәуір дидагы, адам әлемі, өмір өрімі, еңбек болмысы, уақыт рухы – ақындық өнердің асыл арқауын, негізгі нысанын құрайды.

Ақын-қаламгер С. Сейфуллин шығармашылық кезеңінің бастапқы тұсында – демократтық, ағартушылық бағытты берік ұстанды, ұлттық қанауға, империялық-отаршылдық езгіге қарсы батыл үн қатты. Бертіндегі әлеуметтік төңкеріс тұсында – большевиктік партияның әсер-ықпалы мол болды. Саяси-қоғамдық қызметі, ақындық өнерінде жаңа заман, дәуір дидагы мен уақыт рухына кең орын берілді. Қоғамдық-саяси жұмыстарға батыл араласты. Мәдени-ағарту орындарында да еселі еңбек етті. Бұдан бөлек, әдеби еңбектер жазып, шығармашылық қазынасын да әр алуан қырынан байыта түсті. Бірқатар өлең-поэмалары жарық көрді («Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Туған ел», «Нұра», «Көңіл», «Көкшетау», «Альбатрос», «Біздің тұрмыс», «Жазғы түнде», «Бабаларыма», «Тұлпарым», «Жас қазақ марсельезасы», «Жолдастар», «Алтай», «Азия», «Қызыл ат», «Советстан», «Социалистан» т.т.).

Бұдан басқа, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары жеке кітап болып жұртқа жетті. Проза жанрында – «Тар жол, тайғақ кешу» (1927) атты мемуарлық туындысы, «Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер» сынды әңгіме, повестері жарық көрді. Анығында, бұлардың бәрі-баршасында ел-жер тарихы мен тағдыры, Кеңестік қоғамның бағыты мен тыныс-тіршілігі, маңыздысы ел әдебиетін әр алуан жанрда байытып, шығармашылық қазынасымен сүбелі үлес қосқан – қайраткер-қаламгер С. Сейфуллиннің өмірі мен өнегесі, шығармашылық болмысы кеңінен көрінеді.

Сонымен бірге ақын-қаламгердің өмірі мен шығармашылық қазынасы – «Сәкен Сейфуллин» (бес томдық шығармалар жинағы) – 1986: «Қазақ

әдебиетінің тарихы» (он томдық, 7-том) – 2004: «Сәкен» (жинақ) – 2019: «Сыр сандық» (жинақ, 1-10 том) т.т. еңбектерде кең орын алды.

Орайлы тұста, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының әдебиет зерттеушісі ретіндегі ерен еңбектері арасында – қайраткер-қаламгер С.Сейфуллин шығармашылығын кең түрде қарастыруы, бұл бағытта бірқатар еңбектерінің қалың көпке жетуін мадақ сезіммен айтар едік. Айталық, 1960 жылдан бастап – С. Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына батыл бет бұрып, бастапқыда ақын-азаматтың алты томдығын шығарысуға белсене қатысты. Оның арасында – 4,5,6 томдарын құрастырды. 1968 жылы – «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркі жарық көрді. 1972 жылы – «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегі Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың өмірі» атты сериямен жұртшылыққа жетті. Кейінірек, «Жалын» баспасы – «Сәкен Сейфуллин» деген атпен «Өнегелі өмір» сериясымен қалың көпке ұсынды (1976).

Бертінде профессор Т. Кәкішұлы ақын-қаламгер С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын әр алуан бағыт, тақырыптағы туындыларымен жүйелі жалғастырды. Олардың арасында, әсіресе, «Сәкен және Гүлбаһрам» (1994), «Сәкеннің соты» (1994), «Тар жол, тайғақ кешудің» тағдыры (К. Ахметпен бірге) – 1996, «Сәкен Сейфуллин» (1997), «Сәкен сүйген сұлулар» (1997), «Мағжан-Сәкен» (1999, 2016), «Сәкен аялаған арулар» (2004) т.т. туындылары әдеби-тарихи, деректік-көркемдік қырларымен мәнді болды. Ақын-қаламгер С. Сейфуллиннің өмірі мен өнегесі, адами мұраттары мен шығармашылық мұрасы да жаңа қырынан жарқырай көрінген еді.

Сондай-ақ профессор Т.Кәкішұлының «Мерей» (2 томдық) – 2002: «Тұрсынбек Кәкішев» (Өнегелі өмір) – 2012: Ж. Смағұловтың «Тұрсынбек Кәкішұлы» (Әдеби-ғылыми ғұмырнама) – 2017 т.т. еңбектерде де ақын-қаламгер С.Сейфуллиннің өмірі мен қоғамдық қызметі, шығармашылық мұрасы кең түрде көрініп, байыпты зерделеніп, жан-жақты сөз етіледі.

Жалпы алғанда, әдебиет зерттеушісі, ұстаз-ғалым, профессор Т.Кәкішұлы мұрасында ақын-қаламгер С.Сейфуллин шығармашылығы кең көлемде қарастырылып, адами мұраттары, елдік мүдде мен ұлттық құндылықтар хақындағы ұстанымдары жан-жақты айқындалып, әдеби-деректік һәм мәдени-рухани тұрғыдан байыпты, кемел сөз етіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Т. Кәкішев. Көп томдық шығармалар жинағы. 2010 жыл, 3-том.
2. С. Сейфуллин. Бес томдық шығармалар жинағы, 1988 жыл, 5-том. 8
3. С. Сейфуллин. Шығармалар, 1960 жыл, 2-том.

СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА БЕЛСЕНДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
Т.Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Шакенова Ардак Рахимовна**

Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі түрлендіріп отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы бойынша оқу бағдарламасында бірнеше шығармалар берілген. Сәкен Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жаңашыл ақын. Бағдарламадағы шығармалар ішіндегі: «Ақсақ киік», «Сыр сандық», «Аққудың айырылуы», «Көкшетау» поэмасы, «Бандыны қуған Хамит» және т.б. Оның шығармалары жасөспірімдерге Отанға деген сүйіспеншілікті және оны көздің қарашығындай қорғай білуді, халқына адал қызмет етуді үйретеді. Сонымен қатар еңбек ету адам баласы болашағының бақыты екені түсіндіруге күш салады. Ақын өлеңдерінде табиғатты көркем суреттеумен қатар оны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына байланысты жырлады. Балалар әдебиетін жаңа идеялармен толықтырды. Сәкен лирикасы тақырыптық және жанрлық сыр-сипаты жағынан әр алуан. Ол туған даланың табиғатын, өлмес махаббатты, көңіл-күй әсерлерін жырлады. Соның бәрін де ақын адамның сезім күйін қоғамдық өмірмен тығыз байланыста көрсетті. Жаңа дәуірдің лирик ақыны ретінде Сәкен өз шығармашылығында осы халықтық гуманизм мен демократизмді дамытушы болды.

Менің ойымша, әрбір педагог сабақта оқушылардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануы қажет. Әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Жаңа

технологияларды меңгерту мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Оқушыларға сабақ беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы білімін арттыра аламыз. Сондықтан да олардың білімді терең меңгеруіне, ойлануына, өз бетінше ізденуіне, алған білімін кез-келген жерде пайдалана алатындай етіп қалыптасуына қолдау көрсетуіміз қажет. Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге қазақ тілі мен әдебиетінен терең де тиянақты білім беру көзделіп отыр. Сын тұрғысынан ойлау әдісі арқылы оқушылардың өз бетімен ізденіп, өзін-өзі реттей отырып, диалогтік қарым-қатынас арқылы білімдерін арттырып, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді, білімді, саналы азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігі туындады. Венн диаграммасы, пікірталас, болжам, автор орындығы, топтастыру, т.б. стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі, жалықтырмайды. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Сәкен Сейфуллин шығармаларын оқытуда келесі белсенді әдіс-тәсілдерді қолданып жүрмін.

Постермен жұмыс – тақырыпты ашудың тиімді тәсілі. Постермен жұмыс барысында оқушылар түрлі идея тастап, оны дәлелдеу үшін еңбек етеді. Оқушының ойлануы, ол ойын жеткізуі, тілді өмірдің өзінен үйренері көп-ақ. Сондықтан олар мұғалімге, оның өткізген әрбір сабағына сыни көзбен қарайды. Оларды таңдандыру, қызықтыру үшін әрбір сабақ жаңалық болуы керек. Ол мұғалімнің көп ізденісін қажет етеді. «Көкшетау» поэмасын оқып шығып, аңыз желісі бойынша сурет салу, сурет бойынша әңгімелесу.

«Ғажайып көрме» әдісі. Мақсаты: Шығармашылық қабілеттерін арттыру, өзіне деген сенімін молайту.

Сипаттамасы: бұл – ең үздік туындылар мен тосын тапқырлыққа негізделген әрекеттерді тамашалауға мүмкіндік беретін көрме. Бала өз суретінің қай тақырыбына, қандай ұғым-түсінікке байланысты салынғанын айтып беруі шарт.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

Сексен көл Көкшетаудың саясында.
 Әрқайсы алтын кесе аясында,
 Ауасы дертке дауа, жұпар иісі—
 Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

«Борт журналы» әдісі. Мақсаты: Тақырыпты оқып-үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қамтиды. Сипаттамасы: «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады. Мәтіннің түйінді ойларын оқушылар өздерінің «Борт журналына» енгізеді. Оқу кезіндегі үзілісте оқушылар тақырыпты өз ойларымен, тәжірибелерімен байланыстырып, «Борт журналының» бағандарын толтырады. Тиімділігі: Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс орындайды, оқушылардың кейін жазбаларын пайдалана білулеріне мүмкіндік туғызады.

Негізгі түсініктер	Түсіндірмесі	Кескіндеме үлгісі (сурет, сызба, т.б.)
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.	Тура мағынасында жазылған болса, әдемі Көкшетау өлкесіне жауын көп жауып, аспанында бұлттар көше береді деген сияқты болар еді. Ақын жыры әсемдіктің құдіретіндей парасатты өнердің парқын ұғындырып тұр.	
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі	Талай жанның дертіне дауа , жанына шип а болған жер жаннаты	

«Сыр сандық» өлеңі бойынша жұмыс:

Шығарма атауы	Лирикалық кейіпкерлер	Өлеңде айтылған достық түрлері	Өз көзқарасым (өмірмен байланыс)
«Сыр сандық» өлеңі	Жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлады	1. Адал достық пен сезім тазалығы 2. Амал достық	«Сыр сандық» өлеңінде шынайы адал достықты тілге тиек еткен. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық-достықты жырлайды. Ақын тек қана өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын

			ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр.
--	--	--	--

"Фильм дидактикасы"-оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында қолданылатын әдіс. Фильмнің басында, ортасында және аяғында тапсырмалар беру арқылы оқушылардың тақырыпты терең түсінуіне, талдап қорытынды шығаруына мүмкіндік туады. Оқушының логикалық ойлау қабілеті дамиды. Бір мәселе бойынша бейне сюжеттен үзінді көрсету арқылы баланың өз ойын, ой-пікірлерін білуге болады. Тиімділігі: көзбен көрген материал оқушы жадында жақсы сақталады. Мұғалім сабақты жоспарлаған кезде бейнефильммен жұмыс жасаудың түрлі формалары мен жаттығуларын қолдана алады. Көру арқылы қабылданған деректер есте тез сақталады. Бейнефильмдердің тағы бір оң қыры олардың анализ және синтез қызметтерін атқаруға негіз болуында: көрермен ондағы оқиғаларды ой елегінен өткізе алады. Соның негізінде оның логикалық, сыни ойлауы дамиды.

Фильм дидактикасы:

1. Фильмге дейінгі жұмыс.
2. Фильм барысындағы жұмыс.
3. Фильмнен кейінгі жұмыс болып бөлінеді.

I. Фильмге дейінгі тапсырма.

1. Жұптық жұмыс:

-Суретте не бейнеленген? Киік» қандай аң? Сендер ол туралы не білесіңдер? Сыртқы келбеті қандай?

II. Фильм барысындағы тапсырмалар:

- суретпен жұмыс;
- фильмге қатысты сұрақ-жауап:
- Киіктер неге азайды, кім кінәлы?
- сәйкестендіру тапсырмалары (кім не айтты?) -сұхбат

III. Фильмнен кейінгі тапсырмалар:

- фильм туралы ойларын сыни тұрғыдан талқылау.

«Ананың хаты» өлеңі, Сәкен Сейфуллин.

«IDEAL» әдісі арқылы оқушыларға ақпарат беріледі. I-мәтін мазмұнындағы керекті ақпаратты анықтау.

D-алған ақпаратқа түсінік. Ана махаббаты дегенді қалай түсінесіңдер? **E**-дәлелдеу. Анасының баласы туралы ойы, баласына деген сағынышын қара сөзбен айтып беріңдер.

A-дәлдеу барысындағы әрекеттер. «Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада» өмірмен байланыстырып айтыңыздар **L**-қорытынды жасау, атқарылған жұмысқа рефлексия жасау. Бұл өлеңнен қандай ой түйдіңдер? Ананың қолы, жүрегі қандай?

FILA әдісі. Фактілер жинау, идеялар құрастыру, сұрақтар мен жауаптар, іс-әрекеттер жоспары. Ол - ойлау үдерісін дамытатын интеллектуалдық әдіс. Берілетін тапсырма шынайы нақты өмірден алынған болғаны тиімді. Өйткені берілген мәселені шешу барысында қатысушылардың қызығушылығы туындап отырғаны абзал. Сол себепті де шешімі табылатын мәселе беру керек. Сонымен қатар оның шешімінің бір нұсқасы оқытушының өзінде болғаны дұрыс. Ол нұсқа студенттер шешімімен сәйкес келмеуі де ықтимал. Тапсырманы орындау үшін әр топқа FILA кестесі беріледі және қарастырылатын мәселе ортаға тасталады. Әр топ берілген мәселені талқылайды, өз кестелерін толтырады. Кестенің әр бағаны бір-бірімен тікелей байланысты.

Тапсырмалар арқылы саралау

I Мәтінді тыңдап, «FILA» әдісі бойынша кестені толтырады.

Мәліметтер	Идеялар	Сұрақтар	Шешімдер жоспары
FACTS: Мәтін бөлігіндегі нақты мәліметтерді жазады.	IDEAS: Мәтіннің негізгі идеясын жазады.	LEARNINGISSUES: мәтін бойынша ашық сұрақтар құрастырады.	ACTION PLAN: мәтін желісі бойынша іс-әрекет жоспарын құрастырады.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі– әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып-білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ТАНЫМ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Мамаева Жадыра Жаңбырбайқызы**

Бүгінгі таңда білім ұйымдары үшін оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту мәселесі өте маңызды. Педагогика саласындағы зерттеуші ғалымдар бұл мәселе төңірегіндегі терең зерттеулерді одан әрі жалғастыруда. Танымдық қабілеттер әрекет үдерісінде қалыптасып дамиды.

Психологиялық зерттеулерге сәйкес баланың дамуындағы ең үлкен өзгерістер оқудың бірінші жылында болады. Одан әрі оқытудың дамытушылық жағына жеткіліксіз көңіл бөлінуінен психикалық даму қарқыны баяулайды, оқуға деген қызығушылық төмендейді. Мектептегі сабақтар әлі де негізінен балалардың дамуына емес, оқу бағдарламасын меңгеруге емес, бағдарламаны өтуге бағытталған. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі тілдік оқу пәндерінің мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес, тіл жүйесімен танысуды қоса алғанда, тілдік дағдылары мен рухани адамгершілік құндылықтарды дамытуды, сөздік қорын байытуды, қазіргі әлемде тілдерді үйренудің маңыздылығын, көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтас бейнесін түсінуді, құрметпен қарауға тәрбиелеуді қамтамасыз етеді және әртүрлі көзқарастар мен мәдениеттерге, оқыту тіліндегі әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауға, оның ішінде жасанды интеллект негізіндегі ғаламтор қорлары мен платформалармен шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға және пайдалануға бағытталған. Көптілді және көпмәдениетті орта жағдайында бәсекеге қабілетті тілдік тұлғаны қалыптастыруға, әртүрлі әдеби стильдегі түпнұсқалық тілдегі мәтіндердің мазмұны бойынша оқушының сөздік қорын байытумен қоса коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіруге бағытталған. Бұл коммуникативтік құзыреттілікті дамыту білім алушының дүниетанымы мен оған көзқарасын, академиялық дағдыларды, зерттеу жұмысының дағдыларын және әртүрлі оқу міндеттерін шешуге, шығармашылық тәсілді дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, оқыту мақсаттарын жүзеге асыру үшін, ақпараттық технологиялар орасан зор қарқынмен дамып жатқан заманда баланы компьютер мен басқа да құрылғыларды пайдалануға үйретіп қана қоймай, оның танымдық қабілетін дамытудың маңызы зор екендігін байқаймыз. Бұл мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жазушылардың шығармаларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану.

Жазушылар шығармалары – бізді қоршап тұрған дүние туралы білім мен ақпараттың мол көзі. Олар оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға, ақпаратты талдауға, негізгі және қосымшаны бөліп көрсетуге көмектеседі, сонымен қатар өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге үйретеді. Сонымен қатар кітап оқу қиял мен ойды дамытады, бұл шығармашылық қабілеттерді дамытудың маңызды аспектісі болып табылады. Сәкен Сейфуллиннің мұрасы- шығармалары арқылы оқушылар көп нәрсені үйренетіндігі сөзсіз.

Жазушы шығармаларын оқыту үдерісінде қолданудың тиімді әдістерінің бірі – кітапқа байланысты жобалар жасау. Ерекше атап айтатын жазушылардың бірі. Ол – қазақтың біртуар тұлғаларының бірі. Сәкен Сейфуллин жазған: «Біздің тұрмыс», «Сол жылдар», «Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер» атты бес повесімен, «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романының тәрбиелік, ұлттық сананы қалыптастырудағы мәні өте зор екендігі айқын. Сәкеннің өз заманының балаларына арнаған

өлеңдері балаға болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмірдің шуағын сыйлады. Жастардың алдына ізгі мақсат қойып, арман қою керектігін ескертті. Өнер мен білімнің игілігін жас ұрпаққа үйретеді. Сондықтан Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда кеңінен қолдануды ұсынамын. Мысалы, оқушыларға «Кітаптың басты кейіпкерін қалай түсінемін?» немесе «Кітаптан не білдім?» деген тақырыпта эссе жазуды тапсыруға болады. Мұндай жобалар балаларға кітаптың мазмұнын жақсы түсінуге және мәтінді талдау дағдыларын дамыта түседі. Оқушылар достарымен немесе мұғалімдерімен кітаптарды талқылап, өз ойлары мен әсерлерімен бөлісе алады. Бұл басқаларды тыңдау және өз ойларын білдіру қабілетін дамытуға көмектессе, оқыту материалын, яғни жазушының әдеби шығармасын ПОПС формуласы немесе RAFT технологиясы арқылы әртүрлі қырынан қарап, толығымен талдау оқушының танымдық қабілетін арттыра түседі. Жасанды интеллект көмегімен топқа бөлінген оқушыларға жазушының шығармалары бойынша сұрақ-жауап арқылы сұхбат, рөлдік ойындар ұйымдастыру да оқушылар үшін өте қызықты. Ал квест түрінде ұйымдастырылған сабақтар, постерлер жасау, сөзжұмбақтар шешу арқылы Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын меңгерген оқушының танымдық қабілеттері жоғарылай түспек.

Сабақ – оқушылардың оқытылатын материалды меңгеру мақсатын көздейтін оқытуды ұйымдастырудың формасы. Дәл сабақта оқушының дүниетанымы қалыптасады, ертеңгі тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуге деген ұмтылысы мен білім негізі қаланады. Осыған байланысты ұстазға өз бетінше өмір сүруде өзін сенімді сезінуге мүмкіндік беретін қажетті білім, білік, сапалар жиынтығымен бітірушіні дайындау міндеті ғана емес, сонымен бірге үлкен жауапкершілік те жүктеледі. Іс-әрекет барысында адам әртүрлі қиындықтарға тап болады, оны шешу үшін ақпаратпен дұрыс жұмыс істеу қажет. Қазіргі уақытта ақпарат өте көп, оның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін таңдап, керегіне жарату қажеттіліктің бірі болуда. Қоршаған дүниені танудың құралы – адамның танымдық қабілеттері: ақпаратты алу, сақтау, жаңғырту және түрлендіру. Танымдық қабілеттер адамның өнімді әрекетінің негізінде жатқан жеке тұлғаның негізгі ресурстарының бірі болып табылады. Когнитивті, яғни танымдық даму – адамның танымдық сферасының, атап айтқанда оның қабылдауының, зейінінің, есте сақтауының, зердесінің, ойлауының және сөйлеуінің қалыптасу және даму үдерісі. Танымдық қабілетті дамытуда жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды пайдаланып, жақсарта түсу оқу сапасын арттырады.

Осылайша, қазақ тілін, әдебиетін меңгерудегі оқу үдерісінде Сәкен Сейфуллиннің шығармаларымен танысу барысында белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдану әр баланың өз ойын еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беріп, қабілеттері мен білімдегі қажеттіліктерін толықтыра отырып, өз орнын табуына мүмкіндік тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абилхаирова Ж.А. Тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі. Педагогика ғылымының кандидаттық диссертациясы – Алматы қаласы, 2010 ж.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Астана 2024 ж.
3. Шумова, И.В. Белсенді оқыту әдістері жетілдіру жолы ретінде кәсіби білім сапасы [Мәтін]: //Педагогика: салт-дәстүр және инновациялар: халықаралық материалдар. Сырттай ғылыми конф. (Челябі, қазан 2011 ж.)

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Астана қаласы

С. Сейфуллин атындағы

№80 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Сейітқадыр Гүлмира Жүргенбайқызы

Қазіргі білім беру жүйесінде мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселелері - педагогикалық ғылым мен практиканың өзекті мәселелерінің бірі. Белсенділік – адамның дамуында, оның жеке тұлғасының қалыптасуында жетекші рөл атқаратын шындықты бейнелеу мен өзгертудің қарқынды белсенді күйі. Оқушылардың білім, білік және жаңа дағдыларды игеру процесінде мұғалімнің тиімді әдісті қолдануы маңызды орын алады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту - әдебиет пен тарихты оқытудағы маңызды әдістердің бірі. Сәкен Сейфуллин - қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті тұлғаларының бірі, оның шығармалары арқылы оқушылардың ойлау, түсіну талдау қабілеттерін дамытуға көмектесетін тәсілдер бар.

1. Мазмұнды талдау.

Сәкен шығармалары қоғам мен уақыттың терең мәселелерін қамтиды. Оқушылар шығарманың мазмұнын зерттеу арқылы қоғамның сол кезеңдегі саяси, мәдени және әлеуметтік ахуалын түсінуге тырысады. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

2. Кейіпкерлерді талдау.

Сәкен шығармаларындағы басты кейіпкерлерді зерттеу тапсырылса, олар мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін саралап, адамгершілік құндылықтар мен адами қасиеттердің маңыздылығын түсінеді. Бұл әдіс арқылы оқушылардың эмоциялық танымы мен психологиялық түсінігі дамиды.

3. Тарихи контекспен байланыс.

Сәкен шығармаларындағы оқиғалар Қазақстанның тарихымен тығыз байланысты. Оқушыларға сол кезеңдегі тарихи жағдайлар мен оқиғаларды зерттеп, шығармалардағы өмір шындығын тануға көмектесу арқылы олардың тарихи білімдері кеңейеді.

4. Поэзия мен прозаның ерекшелігін зерттеу.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары әр түрлі жанрларда жазылған, оның ішінде поэзия да, проза да бар. Оқушыларға осы жанрлар арасындағы айырмашылықтарды түсіндіру, тілдік құралдарды талдау тапсырылса, олар әдеби тілдің байлығын, көркемдік тәсілдерін тереңірек түсіне бастайды.

5. Шығармашылық тапсырмалар.

Оқушыларға Сәкен шығармалары негізінде шығармашылық тапсырмалар беру. Мысалы, эссе жазу, сахналық қойылымдар дайындау, поэзиялық шығармаларды мәнерлеп оқу сияқты әдістер олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытады.

6. Топтық талқылаулар мен пікірталастар.

Оқушыларды топтық жұмысқа тарту арқылы шығармаларды бірге талқылауға пікір алмасуға мүмкіндік беру, олардың коммуникативтік және аналитикалық қабілеттерін арттырады. Бұл өзара диалог арқылы тереңірек түсінуге жол ашады.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту талаптары:

- **Шығармашылық орта құру.** Оқушылардың өзіндік пікірлерін еркін білдіре алатын, жаңа идеяларды ұсынуға ынталандыратын орта қалыптастыру керек. Мұнда топтық жұмыс, еркін пікірталастар мен ашық сұрақтар қою маңызды рөл атқарады.
- **Мәселелерді шешуге бағытталған тапсырмалар беру.** Оқушыларға шығармашылық тұрғыдан ойлануды талап ететін мәселелерді ұсыну олардың ойлау көкжиегін кеңейтеді. Мысалы, нақты бір проблемаға бірнеше шешім жолдарын табуға үйрету.
- **Зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.** Оқушыларды зерттеу жұмыстарымен айналысуға тарту, өз бетімен ақпарат іздеу, талдау және қорытынды шығару.
- **Тапсырмалардың күрделілігін кезеңмен арттыру.** Бұл оқушылардың ойлау дағдыларын жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға және өз бетімен жұмыс істеуге жағдай жасайды.
- **Сын тұрғысынан ойлауды дамыту.** Оқушыларға белгілі бір мәліметтерді сын тұрғысынан бағалау, анализ жасау дағдыларын үйрету арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға болады.
- **Жеке ерекшеліктерді ескеру.** Әр оқушының өзіне тән қабілеттері мен қызығушылықтары бар. Мұғалім әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның шығармашылық әлеуетін дамытуға жағдай жасауы тиіс.

Сәкен Сейфуллин шығармасын оқытуда түрлі әдістердің тиімді қолдану жолдары («Сыр сандық» өлені)

«Пікірсайыс» әдісі.

- Тапсырма: «Сыр сандық» өлеңінің негізінде адалдық, достық туралы пікірсайыс.

Өлең жазу

- Тапсырма: Сейфуллин шығармасына шабыттанып, өз өлеңінді жаз.

«Шығармашылық жазу» әдісі

- Тапсырма: «Сыр сандықтағы сыр» немесе «Адалдық пен достық» тақырыптарына эссе жазу.

«Көрнекілік және мультимедиялық» әдістер

- Тапсырма: Шығармаға негізделген бейнеролик немесе презентация жасау.

«Таңдау және зерделеу» әдісі

- Тапсырма: Өлеңдегі троп түрлерін тауып, автор стилін анықтау.

«Ой тұжырым» әдісі

- Тапсырма: Өлеңнен қандай құндылықтарды байқадыңдар? Жаңашылдығы неде деп ойлайсыңдар?

Сәкеннің көңіл күйі лирикаларының ішінде «Сыр сандық» атты өлеңі көрнекті орын алады. Адамдар арасындағы адал достық пен сезім тазалығын шерткен бұл шығармада ақын адамның рухани дүниесін биік құздың басына тығылған кілттеулі сыр сандығына балайды. Екіншісі сол құздың басына шығып, сыр сандықты аша алмайды. Оны жан сырын терең ұғынған адал достар ғана аша алмақ. Сыр сандығын ашып, адам жанының сым пернесін басқанда ғана дос көңілі, сыры шертіледі

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара, жырласын! –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең

тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады.

«Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды. Ал таудың құзар басына шығу оңай ма екен? Десе де, адам баласының қолынан келмейтіні жоқ, тау шыңына да шығуға болады. Бірақ тау шыңына шыққанмен, ол жерде кез келгеннің қолы жете бермес алтын қойма бар. Ал тілін, құпиясын таппаған адамға алтын қойма ашыла қоймайды. Сонда қойманы қандай адам ашуға тиіс? Мәселе осында. Өйткені ақынның айтуынша: «Сол қоймада қымбат жасау, Қымбат жасау сақталған», – дейді. Ал енді өресі жеткен адам сол қойманы ашты делік. Міне, сол кезде адам қолына «беті өрнектелген бір сандық» ілінеді. Бірақ «ол сандықта бір сандық» тағы бар болғандықтан, оқиға түйіні «Сырдың кілті қолсандықта» екені және соны тапқан адамда болып отыр. Қолсандық

ашылған кезде «Сандық іші қызыл-жасыл, Жасыл жібек перделі. Толған қымбат сақтаулы асыл» екенін көреміз.

Оның ішінде тағы: «Асыл сым бар пернелі,»- дейді ақын.

Сұлу жанды сұлу сүйген,

Сұлу сүйген, сыршылым.

Жібек талдап, түйін түйген,

Түйін түйген, түршілім, –

деп, ақын сыр сандықты ашқан адамды ерекше бағалай келе, бар болмысымен, таза көңілімен ақтарыла үн қатады. Өлеңде осындай шынайы достарға «қолыңда жемің барда шырқ айналып, жем таусылса, жалт беретін жанама достар» қарама-қарсы қойылған. Қазақ поэзиясында достық туралы ерекше ой айтып, оны шың басына шығарған Сәкеннің бұл өлеңі тың жаңалық болуымен ерекшеленеді. Сонымен бірге мұнда еріксіз би билеткендей сазды әуен, сұлу пернеде полифониялық тербеліске құрылған көркем сөздің әсем ырғағы бар. Ал «Ырғақсыз айтылған сөздердің сәні болмайды» (Цицерон). Сондықтан да «Сыр сандық» өлеңі – тербелістерге, сан алуан қызық күйлерге толы адам жан дүниесінің сырлы әлемі. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (А.Байтұрсынұлы), «Көз жетпегенге ой жетеді, тіл жетпегенге үн жетеді» (Б.Момышұлы) дегендей, С.Сейфуллин достық деген қасиетті ұғымның, сұлу сезім, айнымас дос, адал махаббаттың жаршысы болды. Сәкен Сейфуллин адал достарды сарайға, сұлу пернелерге жатқызады. Сұлу пернелер адам бойындағы жақсы, жағымды қасиеттер. Адамдағы асыл қасиеттер шын достыққа жеткізетінін ақын тебірене жырлайды. Сәкен Сейфуллиннің айтайын деген Сыр сандығы адамның ішкі құпиясы екен. Кез-келген адамның ішкі құпиясы болады. Достарыңмен сырласып, тура жолды көрсетуін қалайды. Жалпы айтқанда дұрыс бағдар көрсетсе дейді. Менің ойымша, бұл нәрсе- амал достардың қолынан келмейтін дүние. Оларға оның ішкі сыры керек емес, оларға оның байлығы керек. Егер сенің араласатын досың саған адал болса, сенен ешқашан қашпайды. Жаныңда қалады. Мәселелерінді шешіп береді. Егер сенің өміріңде адал досың болса, сен бақытты адамдардың қатарыңдасың. Қорытынды шығара келе, досты дұрыс таңдай біл. Адал достарың мен амал достарыңды ажырата біл. Амал достардан аулақ болып, адал достың қадіріне жете біл.

Қорытындылай келе, С. Сейфуллиннің шығармаларының оқушылардың танымдық қабілетін дамытудағы рөлі қарастырылды. Сәкен Сейфуллин қазақ әдебиетінің бауырлас ұлыларының бірі, оның поэзиясы мен прозасы оқушыларға мәдени мұра мен табиғаттың сұлулығын таныстыруға көмектеседі. С. Сейфуллиннің шығармаларында қазақ елінің табиғи байлықтары, тарихы мен мәдениеті шынайы бейнеленген. Оқушылар оның туындыларын зерттей отырып, өздерінің ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Рухани байлық пен эстетикалық құндылықтарды түсіну, әдебиет арқылы көрсетілген ұлттық идентификация - бұл жұмыстар арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р. Сакенова, Л.Н.Нұрланова, 2020 жыл.
2. «Uzdik ustaz» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №12 Алматы қаласы, 2022 жыл.

SAKEN SEIFULLIN – «THORNY PATH»

Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Базарбаева Нургуль Базарбаевна

Objective:

By the end of this lesson, students will:

1. Understand the historical context and significance of Saken Seifullin's novel "Thorny Path".
2. Analyze the major themes of revolution, national identity, and personal sacrifice.
3. Reflect on the relevance of the novel's themes in the modern world.

Materials:

- Copies of key excerpts from "Thorny Path" (translated if necessary)
- Whiteboard or projector for notes and visual aids
- Handouts on Saken Seifullin's biography and historical context

Lesson Outline

I. Introduction (10 minutes)

1. Start with a Brief Discussion:

- Ask the students what they know about the Russian Revolution and its impact on Central Asia, particularly Kazakhstan.
- Introduce **Saken Seifullin** as a leading figure in Kazakh literature, a revolutionary, and the author of "Thorny Path".
- Explain that this novel reflects Seifullin's own experiences during the Russian Revolution and the early Soviet period, focusing on the struggles and transformations of Kazakh society.

1. Present the Historical Context:

- Provide a short overview of the **Russian Revolution (1917)** and its effect on Kazakhstan, which was part of the Russian Empire at the time.
- Highlight key points such as the collapse of the Russian Empire, the rise of Bolshevism, and the imposition of Soviet policies on Kazakh culture and life.

II. Key Excerpts from the Text (15 minutes)

1. Distribute Excerpts from "Thorny Path":

- Select a passage where the protagonist describes the social and political upheaval of the time.
 - Choose another passage that illustrates the personal conflict between embracing the revolution and preserving Kazakh traditions.
2. **Guided Reading:**
- Ask students to read the passages, either individually or in pairs.
 - While reading, encourage students to underline or highlight words or phrases that stand out to them, especially those that convey the sense of struggle, sacrifice, or identity.
3. **Class Discussion:**
- Questions to guide discussion:**
- How does Seifullin describe the revolution's impact on the characters' lives?
 - What do you think the "thorny path" symbolizes in the novel?
 - How do the characters' experiences reflect the broader changes happening in society at that time?

III. Theme Exploration (15 minutes)

1. **Theme 1: Revolution and Social Change**
- Discuss how Seifullin portrays the **Russian Revolution** as a moment of both hope and hardship for the Kazakh people.
 - Ask students to think about how the characters' lives are transformed—both positively and negatively—by these changes.
2. **Theme 2: National Identity**
- Examine how Seifullin uses his characters to reflect on the **struggle for national identity** in the face of Russian colonialism and Soviet modernization.
 - How do the characters reconcile the old ways of life with the demands of a new political system?
3. **Theme 3: Personal Sacrifice**
- The title "Thorny Path" suggests hardship. Discuss how the novel illustrates the **personal sacrifices** individuals make for the collective good.
 - How are characters torn between loyalty to their culture and the desire for social progress?
4. **Relating to Modern Times:**
- Ask students if they can think of any modern examples where social or political revolutions have led to personal and collective sacrifices. This helps connect historical events to contemporary issues.

IV. Group Activity: Creative Analysis (10 minutes)

1. **Creative Writing Exercise:**
- Ask students to write a short diary entry or letter from the perspective of a character in "Thorny Path". They should reflect on the character's feelings about the revolution, their hopes for the future, and the struggles they face.
 - Allow 5–7 minutes for writing.
2. **Share and Discuss:**

- Invite a few students to share their entries with the class.
- Discuss how their characters' internal conflicts mirror the broader societal changes that Seifullin describes.

V. Conclusion and Reflection

1. Wrap-Up Discussion:

- Summarize the main themes of the lesson—revolution, identity, and sacrifice.
- Ask students to reflect on how literature like Seifullin's "Thorny Path" can help us understand historical events on a personal, human level.

2. Closing Reflection:

- How do you think "Thorny Path" speaks to the human experience during times of great change?
- In what ways do Seifullin's themes of cultural preservation and adaptation resonate in today's world?

Assessment:

- Participation in class discussions.
- Completion of the creative writing exercise.
- Optional: A short homework assignment where students write a reflective paragraph on how "Thorny Path" connects to modern struggles with identity and change.

Extension Activity (Optional):

- Students can research other revolutionary or post-revolutionary literature from around the world (e.g., George Orwell's "Animal Farm", Chinua Achebe's "Things Fall Apart") and compare the ways different authors explore the themes of revolution, identity, and sacrifice.

This lesson encourages students to not only analyze "Thorny Path" as a literary text but also engage with it as a reflection of real historical experiences, making connections to both the past and present.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**Астана қаласы
Ғ. Қайырбеков атындағы
№2 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кабидоллаева Нургуль Габитовна**

Болашақ ұрпақтың рухани бай, адамгершілікке толы болып өсуіне бағытталған маңызды бастама – Біртұтас тәрбие бастамасы болып келеді. Ол жас ұрпақтың қалыптасуына жаңа серпін береді және қазақстандық қоғамның болашағы үшін негіз болады.

Қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін Сәкен Сейфуллиннің

шығармалары – ұлттық рухты, мәдени құндылықтарды, тарихи сабақтастықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін баға жетпес мұралар. С. Сейфуллиннің туындылары өзінің мазмұны, көркемдік ерекшеліктері және терең философиялық ойларымен ерекшеленіп, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда маңызды құрал болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын, ұлттық санасын қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатта қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын оқу-тәрбие процесіне енгізу ерекше мәнге ие. Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің классигі, оның шығармалары терең мазмұнымен және көркемдік ерекшеліктерімен танымал. Бұл мақалада Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ әдебиетіне жаңа серпін беріп, қазақ тілінің байлығын, халықтың тарихи санасын ашып көрсетеді. Оның шығармаларын оқу барысында оқушылар тарихи оқиғалар мен әлеуметтік құбылыстарды терең түсінуге, өмірдің күрделі мәселелерін шешуге қажетті танымдық дағдыларды меңгереді. Мәселен, «Тар жол, тайғақ кешу» романында қазақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау кезеңдері шынайы суреттелген. Осы романды оқу арқылы оқушылар: Қазақ халқының тарихы туралы терең білім алады. Өз халқының тарихына деген мақтаныш сезім оянады, яғни тарихты талдау қабілеті қалыптасып, күрделі саяси оқиғаларды терең түсініп, себеп-салдарын талдай алуды меңгереді.

«Көкшетау» поэмасы да әдеби шығарма ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға да бағытталады. Бұл поэма арқылы оқушылар келесідей танымдық қабілеттерді қалыптастыра алады:

* Талдау қабілеті: Поэмадағы суреттемелерді, образды салыстыруларды талдау арқылы оқушылар шығарманың терең мағынасын ашуға, автордың ойын түсінуге үйренеді.

* Синтез жасау қабілеті: Әртүрлі детальдар мен образды біріктіріп, жалпы көріністі қалыптастыру арқылы оқушылардың синтез жасау қабілеті дамиды.

* Ойлау қабілеті: Поэмадағы философиялық ойлар, табиғат пен адамның арасындағы қатынас туралы толғаныстар оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.

* Шығармашылық қабілеті: Оқушылар өз ойларын, сезімдерін еркін жеткізуге, өз шығармашылығын дамытуға шабыт береді.

* Эстетикалық талғам: Поэманың көркем тілі, образдылығы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады.

* Отаншылдық сезім: Поэмадағы табиғатты, елді мадақтау оқушыларға

отаншылдық сезімді оятады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мәселен, шығармаларды оқып, талдау барысында оқушылар көркем мәтіннің негізгі идеясын анықтап, өз пікірлерін білдіреді, сұрақтар қояды, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытып, олардың шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Сонымен қоса шығармашылық жұмыстар беру арқылы оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыруға болады:

* Эссе жазу: Оқушыларға шығарма туралы өз ойларын жазуға тапсырма беру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

* Сурет салу: Поэмадағы суреттемелер негізінде сурет салу арқылы оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамытуға болады.

* Рөлдік ойындар: Шығармадағы кейіпкерлердің орнына өздерін қою арқылы оқушылар шығарманың мазмұнын жақсы түсінеді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары – ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, терең ойлауға, тарих пен әдебиеттің байланысын түсінуге, көркем сөздің құдіретін сезінуге баулиды және шығармаларындағы ұлттық пен адамгершілік құндылықтар оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлкен үлес қосады.

Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу оқушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық санасының қалыптасуына ықпал етеді және олардың өмірге деген көзқарастарын кеңейтеді. Оның шығармалары оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың интеллектуалды және рухани дамуына да жағдай жасайды. Сондықтан Сейфуллиннің туындылары бүгінгі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу». Алматы: Жазушы, 1988.
2. С. Сейфуллин «Көкшетау». Алматы: Мектеп, 1989.
3. М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Байтұрсынұлы А. «Әдебиет танытқыш». Алматы: Рауан, 1991.
5. М Сейітқазы. «Сәкен Сейфуллин – өмірі мен шығармашылығы». Алматы: Ғылым, 2004.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ

**Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі
Мукашева Толкын Курметовна**

Сәкен – үлкен қоғам қайраткерлерінің бірі. Бұл «лауазым» ешбір жарлықсыз, мандатсыз беріледі. Халық ондай ұлын көкке көтереді, қадірлейді. Осының бәрі бір Сәкеннің бойынан табылуы – тарихтағы өте бір бақытты сәт. Міне, осы қасиеттер Сәкенді басқа қайраткерлерден даралап, тарих бетінен жарқырап көрінуіне жағдай жасады. Бір қырымен емес, көп сырымен ерекшеленеді.

Тұрсынбек Кәкішев

Сәкен Сейфуллин – саяси қайраткер, ақын, жазушы, қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ол қазақ халқының жандануы мен өркендеуі үшін өз өмірін қиған қазақ қайраткерлерінің тобына жатады.

Сәкен Сейфуллиннің сан қырлы күрделі болмысындағы ерекше қасиеттерінің бірі – жас ұрпақтың білім-ғылымына деген адалдығы. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болған кезінде білім алушы жастарға алғаш рет шәкіртақы тағайындап, «қазақ жастары әлемнің оқу орындарында білім алуы тиіс» деген идея көтерді.

Ол жас ұрпаққа көмектесу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауды өзінің міндеті деп санады. «Әр азаматтың бір көзі оқу ісінде болып, соған қолынан келген жәрдемін тигізіп отыруы – мойынына артылған парыз. Ісіңмен, күшіңмен, тіліңмен болса да оқу ісіне жәрдем қылмасаң – кейінгі жас буынның қолы жағанда кетеді», – деген жөн сөздері қоғам қайраткерінің биік өресін танытады.

Жас ұрпақты патриоттыққа, Отанын сүйуге, халық тілегін іс жүзіне асыруда қандай қауіп қатерден де қорықпай, қиындықты жеңе білуді үлгі етуде Сәкендей тұлғаның орны ерекше.

Адалдық, кішіпейілділік, ар азығына кір келтірмеушілік, шыншылдық сынды құндылықтарды таза сақтап қалған тұлғасымен және көркем туындылары арқылы ол кейінгілерге – ұстаз.

Тарих пәнін, сол заманда өмір сүріп, шынайы ақпараттарды шығарма етіп жазып кеткен қоғам қайраткерлері еңбектері арқылы оқу оқушылар үшін өте қызық. Сондай бір дерек ретінде қолдануға болатын Сәкен Сейфуллиннің тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған тұңғыш романы – «Тар жол, тайғақ кешу».

Шығармада С. Сейфуллиннің өмірі мен революциялық қызметін, 1916 жылғы ұлт азаттық көтеріліс, 1917 жылғы ақпан мен қазан төңкерісі тұсындағы қазақ қоғамына қалай әсер еткені туралы тарихи оқиғаларды баяндайды. Роман - Сәкен өмірінің қиын сәттерін сипаттай отырып, XX ғасырдағы қазақ қоғамында орын алған тарихи сәттерден тарихи дерек ретінде қарастыратын шығарма.

Қазақ халқы Ресей империясының құрамына қосылған сәттен бастап, хандық билік жойылып, генерал- губернаторлықтарға бөлінген күннен бастап, толықтай патша үкіметінің отаршылдық саясатының құрбаны болғаны тарихтан белгілі.

1914-1918 жылдары Ресей империясы І дүниежүзілік соғысқа қатысып жатқан уақытта, 19 бен 43 жастағы жастарды әскер жұмысына алу

туралы 25 июньде 1916 жылы патшаның жарлығы шығады. «Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, осы жас аралығында қанша қазақ әскер жұмысына жарайтынын білу үшін Омбының учительская семинариясын аяқтаған Сәкенді Солтүстік санақ комиссиясы бастық етіп жібереді. Сәкен шығарманың ең бас тұсында, бір ел мен екінші елдің арасында санақ жүргізіп, мың шақырымдай жерді айнала жүріп, іске кіріскені жайлы жазады. Жұртты дүрліктіргісі келмеген Сәкеннің де ойына теріс дүние келе қоймады. Дегенмен, күн өте шыққан жарлыққа қазақтан наразылық көбірек туындады. Тіпті санаққа қатыспады. Бұл наразылықты құлағы шалған генерал-губернатор халыққа сес көрсетіп, ақсақал, болыс, байларға: «Қазақты әскер жұмысына баруға көндіріп келіндер,»- деп тапсырма береді.

Өйтіп келмесендер, өздерінді жазалаймын. Қырға, әр елге әскер шығарып, қазақты қойдай қырдырамын!.. Қазақты шалғымен шапқан шөпше шаптырамын! Пулемет дегенді білесіңдер ме, бір минутте пәлен оқ атады. Оқты жаңбырша жаудырады! Сол пулеметпен әскер шығарамын! деген тұстан генерал-губернаторлардың халықты билеуі, патшаның билігінен еш айырмашылығы жоқ екендігі көрініп тұр.

Қазақ қозғалысы (1916 жыл). Кемпір-шал, қатын-баланың көзінен аққан бір түйір жастың қаншалықты ауыр екендігі, «Жерімізді, суымызды бір алды, енді адамымызды алып, Германның оғына айдап шеп қылайын дегені - бізді біржола құртқаны. Германға барып қырылғанша, өз жерімізде өлейік,»- деседі ашынған халық. Осылайша қазақ халқы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысады.

1917 жылы көпшілік үшін қуанышты жаңалық, Патша өкіметінің құлауы еді. 1917 жылы ақпан революциясы нәтижесінде монархия құлап, орнына қос үкімет келген сәтте, Алашордалықтар сонау 1905 жылы бастаған қозғалысты жандандырып, партия одан соң, Алашорда автономиясын құрады.

Керенский заманы, Совет үкіметі заманы (1916-1918 ж.ж.) саяси партиялар арасындағы айтыс түрінде кеңінен өрбиді.

Чехословак лаңы, Ақмолада совет үкіметінің құлауы. Дәл осы бөлімде сері Сәкеннің нағыз тозақ күндері басталады. Ақмола түрмесіне жаздың жайдарлы басында түскен оның әр өткен күні тым ақырын жылжитын. Күнде сары уайым, күнде миға келетін түрлі ой. Тіпті миға да, өзіне де маза жоқ. Келетін хабардың бәрі дерлік: «Ылғи бастықтарды атады; тірі қалар ешкім жоқ; өлетін күн алыс емес». Жатқан қамауда не терезе, не жылу жоқ. Билік уақытша үкіметтің қолында болған кездегі «Большевик» яки «большевиктерді қуаттаушы» деген атаққа жақын тірі жан болса, Ақмоладағы түрмеге тоғытып жіберетін. Содан-ақ 12 бөлме түрме ішіне адамды лықа толтырды. Түрменің жағдайын Сәкен Сейфуллин шығармада өте көп баяндайды. Түрме он екі бөлмелі. Бәрі дерлік жүдеу, қапа. Шұрылдаған асқазанға берілетін тамаққа қанағат етуге міндеттісің, дегенмен қара су мен қара іші шикі нанның кішкене ғана бөлігі 2-3 күндік азықтың орнын толтырмайтын. Дала шыжыған ыстық. Торлы терзенің

пішіні тым кіші. Жантайып жатар, аяқты тірер жер мұздай. Іші толған адам, иін тіресіп отыратындай ғана орын. Ең жағымсызы, қамауда отырып, сол қамаудың ішінде тағы бір қамауды сезіну. Аяқтағы шынжыр тіптен меңіреу көңілді одан әрі түсіретін.

Ақмоладағы түрменің жағдайын, саяси тұтқындардың жағдайын ашық баяндайды. Оқушылар осы бір дерек көзінен қазақ зиялыларының бүгінгі азаттық үшін қанша қиындықты басынан кешкенін білуге көп көмек береді. Уақытша үкімет пен кеңестер арасында билік үшін тартыс жөнінде түрмеге келген хатты орысша былай деп жазған: «...Вахтша Укметов болен туберкулезом. Хирурги отказываются лечить. Улькенбек Сабитов выздоравливает». Бұл жұмбақтау хаттың шешуі мынау еді: «Ақтардың уақытша үкіметі нашарлауға айналды. Күші азайды. Жұрт теріс қарай бастады. Большевиктердің кеңес өкіметі оңалып, күшейе бастады...»- деп, Жанайдар Садуақасұлы қол қойған. Осы сынды хабарлардан ара-тұра рух та жинап алатын. Достың достығы, қастың қастығы көрінер заман. Сәкеннің айтуы бойынша: «Кеңшілікте бұрын «жақсы» деп жүрген талай кісінін тар жолда адамшылығы жоқ болып шығуы мүмкін екен және бұрын, жайшылықта жаман адам деп жүрген талай адамдар тар жолда өте жақсы болып шығуы мүмкін екен. Кеңшілікте кеудесін соғып, «мен, мен ... » деп, кекіп жүрген адамдарды тар жолда, ұлысында көру керек екен.

Ақмоладан айдалу.(1919 жыл 5 қаңтар). Уақыт қыстың ортасы, күн аяз. Шамалы жолды вагонда отырып еңсерді. Дегенмен, ең азапты жол жаяу жүрген жол болды. Ақмоладан Шортан поселкісіне дейін екі жүз елу шақырым. Жауыздықтың басталған белгісі ендігі большевиктер үшін шын дұзақ болып, жабысты да қалды. «Азап вагонына» большевиктер өз аяқтарымен жеткізілді...

Атаман Аннековтің "Азап вагонында" (В "вагонах смерти" атамана Аннекова). Қызылжар қаласының тұтқын қамайтын лагеріне қамалды. Лагерь дегені - бес-алты тақтай жабылған қора. Одан кейінгі көргендері - вагон. Жабылған вагонның сыртында темір шыншыр. Іші суық, тас қараңғы, шұрықтардан кірген жел жүдеу денені одан бетер тітіркендіреді.

1918 жылдың маусымының басынан 1919 жылдың қаңтарының бесіне дейін Ақмола түрмесінде 7 ай уақыт өткізген Сәкеннің екі ай бойы өлімін күткені - ең ауыр көрініс. Онсыз да терісі сүйектеріне жабысып, өндері өлімсіреген большевиктердің тіпті ішер суы болмай қалды. Қара нанды екі күнде бір, болмай қалса, одан да аса уақыт өткен соң, әкелетін болып, ендігі халдері сарабдал шаршап, сыр берді. Әкелінген екі бөлке нан екі вагонға бөлініп беріледі. Ішер сулары-қардың суы. Вагон суық, тамақ жоқ. Жағдай, шынымен, күрделенді. Бірнеше тұтқын кейпін киген большевиктер азапқа шыдай алмады. Өлі денелері бос вагонға лақтырылды. Өлген себептері: ызғар мен аштық. Көмілген не көмілмегені де белгісіз. Бостандықтан күдерлерін үзді. Бұл вагонда көрген қорлық Сәкеннің айтуы бойынша ең ауыр азап.

Омбы лагері. Омбы лагеріне жеткізілген тұтқындар уақыт өте лагерь жұмыстарына апарылды. Бірен-сараны амалын тауып қашып та үлгерді.

Сәкен де осы іске іліккен болатын. Вагондағы көрген қорлықтың Омбыдағы лагерьге қарағанда еш айырмасы болмады. Бар айырмашылық: ол-вагон, ал бұл- лагерь. Осы қапастан қашып құтылған Сәкеннің өмірі бұнымен жақсармады. Қашты, тығылды, пана іздеді, күйінді. Дала кезіп, үй-үйді, тума-туысты аралап, қашып-тығылып жүрді. Аштық пен уайымнан жаны да, тәні де жегідей желінген Сәкенді туғандары тани қоймады, Сәкен оларға өзін тану үшін мүмкіндік бергенімен, олар оған сенгенімен де, оның бейнесі тым аянышты халге түскен еді. Жылдан аса қапас пен аштықты өз бойынан өткізген оның тек сүйегі қалған еді.

Сәкен Сейфуллин қазақ жерінде Қазан төңкерісін іске асырушылардың бірі болды. Ақмола совдепін құрып, Аннековтың азап вагонында, Колчак лагерінде қорлық көрген ол-қазақ үшін елеулі еңбек атқарды.

Дәуір ұранын бейнелеген «Тар жол-тайғақ кешу» - алғашқы революциялық бағытқа негізделген роман-эссе және тарих үшін таптырмас дерек көзі. С.Сейфуллиннің шығармасы - XX ғасырдағы тарихи оқиғаның талғап оқитын көркем шежіресі. Халық бақытын жұмысшы-шаруа революциясынан таппақ ниеттегі саяси қайраткер өзі құрған мемлекеттегі ұстанған саясаттың, оның ішінде теріс саясаттың құрбанына айналды. Өзінің қысқа ғұмырында Сәкен Сейфуллин халқы үшін көптеген игі істерді атқарып үлгерді. Ол қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құрушы, Қазақстан Жазушылар Одағының негізін қалаушы, ақын, жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері ретінде ұрпақ есінде мәңгі сақталмақ.

СӘКЕН ӘНГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Берденова Шынарқул Кенжалиевна**

Көркем туындыны оқуды ұйымдастыруда, әрі бақылау жасауда баланы жалықтырмау керек. Ол үшін мұғалім қызықты, тиімді жолдар ізденгені дұрыс.

Шығарма құрылымында қаламгер сөздерді қалай кәдесіне жарата білген, сөз кірпіштерін қаншалықты қиыстыра білген, қандай жаңа поэтикалық жаңалықтар әкелген, қандай сом образдар жасағанын, мұғалім үнемі сабақ үстінде, сабақтан тыс уақытта шығармашылық тапсырмалар беру арқылы үйретіп, баулып отырса, оқушылар көркем шығарманың қадір-қасиетін танумен бірге, сөздің астарлы сырына үңіле білумен қатар, жазушы стилін, шығарма стилін аңғарып, оған жан-жақты талдау жасай біледі. Оқушы өзінің күнделікті қолданып жүрген сөздерінен бөлек,

жазушының қолданған бейнелі оралымдарын теріп, сөздерін талдап, түрлі сөздіктерден мағынасын ашып, шығарма тілін талдауда жазушының суреткерлік шеберлігін зерттеп, зерделесе, шығармашылық жұмыстарға бейімделетіні анық.

Жазушы шығармасының көркемдік сапасын ұғына талдау, таразылау бүгінгі күннің өзекті сұранысы. Талдап оқығанда ғана оқушы көркем шығарманы оқуға қызығады, талдау жұмысы оқушының зерттеушілік қабілетін жетілдіреді. Көркем шығарманы таныстырып оқытқанда, ең алдымен, көркем туындының қандай туынды екенін (психологиялық, тарихи, биографиялық, публицистикалық) анықтату керек. Көркем шығарманы оқып отырғанда, мүмкіндігінше айшықты сөздерді, тұрақты тіркес, түсініксіз сөздерді, сөйлемдерді оқушыларға алдын ала белгілеп отыруын талап ету маңызды. Оқып болған соң, сабақ барысында шығарманың мазмұнына талдау жұмысын жүргізген тиімді. Алдын ала белгілеп алған айшықты сөздерді, тұрақты тіркес, түсініксіз сөздердің мағыналарын ашып, анықтау үшін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты сөздіктерді пайдаланған дұрыс.

Көркем шығарманы оқып, талдап үйретуде оқушы мен мұғалім арасында жүйелі байланыс орнығады. Шығарманы дұрыс талдай білген оқушының зерттеушілік дағдысы дамиды. Міне, осы жүйелі байланысты өз тәжірибемде қалай іске асырып жатқандығымды көрсету үшін, көркем шығарманы оқытудың қағидаларында кездесетін кейбір қиыншылықты шешудің тиімді жолдарына тоқталып өтейін.

С. Сейфуллиннің 1922 жылы жазған «Бандыны қуған Хамит» атты әңгімесі бар. Қазіргі таңда бұл әңгіме оқу бағдарламасында қамтылмаған. Бұл әңгіме - Октябрь революциясының жеңісінен соң Кеңес өкіметіне қарсы іріткі салу мақсатымен елдің үрейін, момын шаруалардың берекесін кетіріп жүрген бандылардың қарақшылық әрекетін әшкерелеуге арналған туынды. Мұнда автор жаңа орнаған Кеңес өкіметін, оның ішкі жауларынан тазартып, көздің қарашығындай қорғай білу керектігін айтып, соны жасөспірімдерге социалистік реализм негізінде түсіндіруді көздеген.

С. Сейфуллиннің бұл әңгімесін біз оқу сағатында оқып, жазушы стилінің қыр-сырын меңгеріп, туындыдағы жазушының тіл байлығын танытқан сөздерді теріп, мағынасын аштық. Көркем шығарма тарихи шығарма болғандықтан, белсенді жұмсалмайтын сөздер көнерген сөздер қолданысына тоқталдық.

Көнерген сөздердің қолданысы.

Тарихи сөздер - бұрын қолданыста болып, тарихи жағдайларға байланысты қолданыстан шығып, өзге жаңа атаулармен алмастырылған сөздер. С. Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» әңгімесіндегі тарихи сөздерді тақырыптық топтарын оқушылар былайша топтастырған.

- әкімшілік-аумақтық бөлік атауы: ояздық атқару комитеті, болыстық атқару комитеті.

- кеңес өкіметінің әскери құрылымы атауы: Қызыл Әскер (Жұмысшы-шаруа Қызыл Әскері)

Қару-жарақ атаулары:

- алтатар-қорабына бірден алты оқ салынатын тапанша («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 43- бет);
- қылыш-шауып түсуге лайықтап, болаттан жасалған балдақты имек қару («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 512-бет);
- қамшы- жылқыны айдап жүргізуге арналған, таспадан әртүрлі нұсқада өріп жасаған құрал («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 437- бет).

Ел басқаруға қатысты атаулар: Кеңес үкіметі, коммунизм, болатком төрағасы, поштабай.

Киім-кешек атаулары: қара шинел, құлақшын, шекпен, шолақ тон, бешпент, тымақ:

- қара шинел –қалың шұғадан тігілген, ұзын етектегі әскери сырткиім («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 917-бет);
- құлақшын – құлағы бар жылы баскиім, малақай («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 537-бет);
- шекпен -иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырт киім («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 912-бет);
- шолақ тон –қысқа тон («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 920 -бет);
- тымақ - аң терісінен жасалып, суықта киітін бас киім («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 837-бет);
- бөрік-елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп тігілген дөңгелек бас киім («Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 143-бет).

Фразеологизмдердің қолданысы.

- су сепкендей- тез ,бірден тынды (Фразеологиялық сөздік, 461-бет);
- сілтідей тыну- жым-жырт болды (Фразеологиялық сөздік, 484- бет);
- зығырданы қайнап тұру - қатты ашуланды (Фразеологиялық сөздік, 156-бет).

Соматикалық атауларға байланысты фразеологизмдер.

Соматология- грекше сома- дене, логос-сөз, адамның дене құрылысын, оның түрлері мен ерекшеліктерін зерттейтін медицина саласы.

- қас-қаққанша- тез арада (Фразеологиялық сөздік, 401- бет).
- көз ұшында-алыста, әрең көрінетін жерде (Фразеологиялық сөздік, 204-бет).
- бас-көз болу- қамқорлық жасау (Фразеологиялық сөздік, 38- бет).
- тісінен шығармау- ешкімге айтпау, жарияламау (Фразеологиялық сөздік, 543- бет).
- қызыл кеңірдек болу- дау- жанжал керіс (Фразеологиялық сөздік, 316- бет).

Қорыта келгенде, көркем шығарманың қадір- қасиетін танитын, жазушы стилін, шығарма стилін аңғарып, оған жан-жақты талдау жасай білетін, өзінің күнделікті қолданып жүрген сөздерінен бөлек, жазушының қолданған бейнелі сөз оралымдарын теріп, талдап, түрлі сөздіктерден мағынасын ашып, шығарма тілін талдауда жазушының суреткерлік шеберлігін зерттеп, зерделейтін, зерттеу жұмысына бейім тұлға

қалыптасады. Әрбір оқылған шығармадан бір зерттеу жұмысын дайындауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. Алматы: Қазақ университеті, 2009.- 292- бет.
2. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: "Дайк - Пресс" баспасы, 2008. – 968- бет.
3. Ғарифолла Ә.Үдербаев А.Диалектологиялық сөздік.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2007-800- бет
4. Кеңесбаев І.Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы:ҚазАқпарат,2007.356- бет.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. - Алматы: " Мектеп" баспасы, 1978. – 192- б.
6. Сәкен Сейфуллин өлеңдер мен поэмасы,әңгімелері,повесі. Алматы, «Атамұра» 2003 ж.
7. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. - Алматы: "Санат" баспасы, 1996. – 128- бет.
8. Хасенов Ә.Тіл білімі.Алматы, «Санат»,1996.-41 бет

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ «СЫР САНДЫҚ» ӨЛЕҢІНІҢ ИДЕЯСЫ МЕН МӘНІ

**Астана қаласы әкімдігінің
«№101 орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Тлебалганова Динара Нурмухамедовна**

Сәкен Сейфуллин шығармалары өзінің идеялық - көркемдік құнын еш уақытта жоғалтпақ емес. Одан дүйім оқушы рухани азық алады, қаламгерлер не туралы, қалай жазу керек екендігін үйренеді. Міне, Сәкен Сейфуллин шығармашылығы сол үшін де баршамызға қымбат.
Ғафур Ғұлам

Ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасы— **«Сыр сандық»** өлеңі. Дәл осы өлеңнің мектеп бағдарламасына енгізіліп отыруының өзінде бір үлкен мән жатқан сияқты. Өлеңнің ұйқасы, ырғағы өз алдына, менің айтқым келіп отырғаны - өлеңдегі терең философиялық тұжырым.

Біз Алаш зиялыларының қай-қайсында Абайдың ақыл- ойын өздеріне темірқазық қылғанын жақсы білеміз. Абайға еліктеуші, одан үйренушілер тек С.Торайғыров, С.Дөнентаевтар ғана емес, қазақ совет әдебиетінің негізін салушы Сәкен Сейфуллиннен бастап қазіргі әдебиетіміздің алғашқы өкілдері түгел дерлік Абайды өздеріне үлгі тұтты, ұстаз ете білді деген пікірлер көптеп кездеседі. Ендеше Сәкен өлеңдерінің сырын Абай өлеңдерімен салыстырмалы түрде талдасақ, қателеспейміз деп ойлаймын.

Сәкеннің мектеп бағдарламасындағы осы «Сыр сандық» атты өлеңін мектепте адамдар арасындағы қарапайым бір достықты жырлағандай етіп талдап келеміз.

Досыңмын деп ат береді,

Жем іздеген жаныма.

Жем таусылса жалт береді,

Сенерлік дос, санама-

деп, қарапайым басталғанымен, «Қандай адам амал достыққа бейім? Неге адам өзінің күні үшін ар-намысын таптап жүре береді? Сонда оның адамдығы қайда қалды?» деген ғайыптық сұрақтарға жетелейді.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың- деп Абай айтқан хайуанның бірі осы жерден көрініп жатқан жоқ па?! Жалпы халық арасында «Нағыз достық, ұлы адамдардың арасында ғана болады» деген қағида бар. Ұлы адамдар - өзінің “менін” жеңіп, досы үшін кез келген құрбандыққа бара алатын адамдар.

Абай да өзінің «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деген өлеңінде:

Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз –

Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі- деп бір толғаса,

Туысқаның, достарың — бәрі екіұшты,

Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.

Сүйсе жалған, сүймесе аянбаған,

Бұл не деген заманға ісім түсті?! -деп баз кешеді.

Бір-біріне сыр ақтарып,

Сыр түйінін түйіскен.

Әр адамның ішкі сыры,

Берік қойма сақталаған.

Сол қойманың бір түкпірін,

Достың досы-ақ ақтарған.

Сәкеннің өлеңінен байқағанымыз «Сыр» деп отырғаны адамның жан дүниесі, рухы бірігіп кеткен адамдардың ғана арасында шын достық болады. Ал, «қойма» деп отырғаны Абай айтқан - адамның «хикмет кеудесі». Ол қойма құндылыққа толғанда ғана берік болмақ. Құндылыққа сусындап өскен адам биік мұрат, биік мақсат қоя білетін адам, оны дүниенің қызыл-жасыл тамашасы қызықтырмайды. Ондай адамның әрқашанда ары кіршіксіз, жаны таза болмақ.

Ішкі сырды мысал етіп,

Біраз ғана жырлайын.

Суреттеуге тауға кетіп,

Суретті ептеп сырлайын.

Сарыарқаның бір тауы бар –

Бір тауы бар сымбатты.

Сол таудан сен сыр тауып ал,

Сыр тауып ал, қымбаттым.

Кейде өзімізден де жасыратын сырымыз болады. Алайда сен оны шын досыңнан (Алладан) жасыра алмайсың. Бұл жерде тау оңашалықтың

символы сияқты. Өзіңмен-өзің қалып жүрегіңнің үнін тыңда, сол тыныштық сені шын иеңмен табыстырады деп тұрғандай.

Нуда бір шың тіп-тік сұңғақ.

Тіп-тік сұңғақ бір биік.

Шын суретті бейне жұмбақ,

Тұрғандай көп сыр жиып.

Шыңды айналған құзды шаттар,

Құзды шаттар аққан су,

Сылдырайды мұз бұлақтар,

Мұз бұлақтар у да шу.

Аласапыран мына жалғанда бір ақиқаттың бары рас. Бірақ ол - біз үшін жұмбақ. Оның сырын білу үшін адам, ең алдымен, өзін-өзі тану керек. Нұжыңғыл орман, адасып кетуің әбден мүмкін. Саған жол көрсететін сол нуда бір сұңғақ шың бар, ол шың, бірақ бізге жұмбақ, құзды шаттардан ағып жатқан сулар бізге келіп жатқан энергия, бірақ біз ол Алладан келіп жатқан таза энергияны қабылдай алмаймыз, себебі жүрегіміз мұзға айналып кеткендей. Бәріміздің өз есебіміз бар, Алланың есебін ескермей, «Ертеңі жоқ, бүгінге құмармыз».

Қойма шыңның нақ басында,

Нақ басында қақпасы.

Алтын жазу қақ басында,

Қақпаның тас тақтасы.

Сол қоймада қымбат жасау,

Қымбат жасау сақталған.

Текшелеген сымдап жасап,

Сымдап жасап қақталған.

Қымбат жасау, менің ойымша, ар, намыс, ұят

Бір сандық бар емес түрде

Емес түрде көрнекті.

Бір түкпірде беті перде,

Беті перде өрнекті.

Менің ойымша, ақын бұл жерде адамның сырты сұлу болғанымен, көп жағдайда сымбаты сырына сай болмайды дегенді айтып тұрған сияқты. Өлеңнің бұл шумағындағы 3,4- тармағында жаны сұлу адамдар сырттай тым қарапайым көрінгендіктен, елене бермейтінін айтып тұрғандай.

Бір сандық бар, ол сандықта,

Ол сандықта бір сандық.

Сырдың кілті қол сандықта.

Қол сандықта сыр сандық.

Осынау аумалы-төкпелі заманда адамдығыңды сақтап қалу өте қиын екеніне көзі жетіп, бәрінің жалған екенін “Дос” деген мына дүниеге келмейтін, бұл дүниенің шеңберінен шығып кететін трансцендентті ұғым екенін айтып отыр.

Достық - құндылық. «Құндылық»- трансцендентті ұғым. Бізді мәнмен жалғайтын алтын көпір құндылықтар, яғни пенде бойына

құндылықтарды жиған сайын өмірден мәнін табатын мүмкіндігі молайып, ішкі жан дүниесі рухани байи түспек. Себебі адам- «құндылықтар қоймасы». Бұл – менің субъективті ойым.

Пайдаланылған әдебиет:

Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова, 2020 жыл.

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ**

Астана қаласы

№46 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Сансызбаева Гүлшахра Шыңғысқызы

Сәкен Сейфуллиннің әрбір шығармасы оқырманның көңілін бей-жай қалдырмасы анық. Әр адам ақынның туындысынан өзіне керекті жан рахатына бөленеді. Ондағы терең мағыналы ойлар мен ақынның жүрек жарды жыр жолдары өзіндік тәрбиелік мәнінің бір көрінісі. Енді ақын шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні жайына тоқталсақ. Сейфуллин шығармаларында балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа тәрбиелеу жайында қалам тербейді. Жүрегі алып-ұшып, ойы сан-саққа кеткен жасөспірімге дұрыс бағыт-бағдар беретін бағдаршамы іспетті.

Балалар әдебиеті - жас буынның сана-сезімін оятып, ақылын дамытатын, оларды адамгершілікке тәрбиелейтін өмір кітабы. Бұндағы мақсат - мектеп жасына дейінгі үш жасар баладан бастап, он алты жасқа дейінгі оқушыларға көркем әдеби тілде жазылған жоғарғы идеялық қызықты шығармаларды бойына дарыту. Әрине, осының барлығы жас буынды саналы өмір сүруге құштарлығын арттырады. Енді ақынның шығармаларына бір көз жүгіртіп шықсақ, 20-30-жылдардағы қазақ балалар әдебиетінің даму ерекшеліктері жөнінде. С.Сейфуллиннің жаңа заманды суреттейтін, жаңа қоғамды құрушы жастарды, төңкеріс ерлерін бейнелейтін шығармалары бұл күндері 20-30 жылдардағы қазақ кеңес балалар әдебиетінің даму өзгешелігін, саяси-әлеуметтік нысанасы мен идеялық көркемдік деңгейін танытатын кезеңдік шығармалар болып қалғанымен, ауыз әдебиеті дәстүрі мен үлгісінде жазылған бір бөлігінің бүгінгі балалар әдебиеті талабына жауап беретін сипаттары да бар екенін ескергеніміз жөн.

Енді бұл шығармаларға жеке-жеке тоқталып өтсек. Төңкеріс кезіндегі және кеңес үкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары арқылы суреттеді. «Маузер»өлеңі Сәкеннің революциялық көзқарасын танытатын шығармаға оқырмандары жоғары

бағасын беріп үлгерген. Балалар тәрбиесіне де оң әсерін тигізді. Өлеңде Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілік арта сөйлейді. Жаңа құрылыстың алғашқы даму кезеңдерін әңгіме ететін «Бандыны қуған Хамит» әңгімесі өкіметке қарсы іріткі салу саясатын жүргізген бандылардың саясатын әшкерелеуге арналған. Композициялық құрылысында ерекшелік бар. Оқиға желісі бірден басталып кетпейді. Автор алдымен айналамен, оқиға болатын жермен, шығармада суреттелетін кісілермен таныстырады. Банды бастығы мен оның ізіне түскен Хамиттің жүріс-тұрысы, мінезі, сырт тұлға ерекшеліктері салыстырыла суреттелгендей әсер береді. Хамит портретін суреттеу арқылы еңбекте, істе төселген азаматтың кейпі балаларға үлгі боларлық қалыпта бейнеленген.

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЛИРИКА ЖАНРЫ

Астана қаласы

**№63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бигожина Бакина Олжабаевна**

XX ғасыр басында қазақ халқының тарихында елеулі із қалдырған Алаш арыстарының есімі ескерусіз қалмайды. Ұлт үшін туылған ұлы тұлғалардың қатарына Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин және т.б. жатқызамыз.

Қай ақын да өзінің туған өлкесін, оның табиғатын өлеңге қосады. Ақынның жас кезінен ел ішіндегі ақындардың жырына құлағы қанық болып, қазақтың сахарадағы тіршілігін көріп өсуі оның шығармашылығында жаратылыс суретінің мол бейнеленуіне жол ашты. Ақынның замана өзгерісін қамтыған жырларының ішінде табиғат көрінісін түрлендіре беруі айқын аңғарылды. Бұл ақынның ұлттық тұлғасының тереңдігін аңдатады. Лирика- адам санасының ерекше құбылысы, ойдың эмоциялылығы- белгілі бір күй-жағдайдың көрінісі.

Ақын бірте-бірте жалпылықтан нақтылыққа, адам жүрегіне даритын лирикаға жол іздейді. Ақын шын поэзия оқушыны толқытуға, толғантуға, ойлантуға тиіс екенін, ақын деген тіркеуші емес, жаңалық ашушы, ой қозғаушы, болашақты болжаушы екенін терең түсінеді. Шынында да, ақын өзі тебіренбесе, өзі толғанбаса, оқушына да тебірендіре, толғандыра алмас еді. Ақын туған жердің құсын да атуға қимайды. Жаратылыстың жарасымдылығын, адам әлемінің сұлулығын, табиғаттың сәулелі сәулетін сезіне білуден бас құрайтын эстетикалық сезім - қай жастағы адам үшін де ең қажетті абзал қасиет. Поэзияның міндеті - оқырманға айналадағы сұлулық пен сұрықсыздықтың, асқақтық пен міскіндіктің, қасірет пен

күлкінің ара-жігін ажырата білуге үйрететін, идеялық-эмоциялық әсері жоғары шығармалар ұсыну. Алаштың ардақты өкілі, ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетіне қосқан мол үлесінің бар қыры-поэзиясы. Ақын ізденісі оның жаратылыс көрінісін, пейзажды құлпырта бейнеленуінен танылды. Мәселен, ақын әлеуметтік жағдайды «Қарлы аязда», «Ызғырық аязда кедей ауылы» деген өлеңдерінде суреттейді. 1927 жылы жазған осы өлеңдері арқылы кедейлердің күйін көрсетеді. Ызғырық аяздың жағдайын мүлдем қиындатып жібергенін көрсетеді. Бұл Абайдың «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңдерін еске түсіреді. Ендеше ақынның табиғат лирикасының астарында ұлттық болмысы, қайраткерлігі, ұлтжандылығы танылады, яғни ақын поэзиясындағы табиғат, жаратылыс суреттеулерінің өзіндік дара ерекшелігі болды.

Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған. Табиғат лирикасын айтқанда, ұлы Абайды еске аламыз. Оның жылдың төрт мезгіліне арнап жазған өлеңдері осы уақытқа дейін оқушысын тамсандырып келеді [7, 5-б.]. Абайдан соңғы қазақ ақындары да (С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, І.Жансүгіров) табиғат лирикасын көптеп жазды. Ал бүгін де табиғат туралы жазбаған ақындарды кездестіру қиын. Демек, табиғат лирикасы өзінің мәңгілік жырлана беретін тақырып екенін айғақтайды. Ақын табиғат құбылыстарын мейілінше түрлендіре жырлайды. Зерттеуші З. Ахметов: «Қазақ поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алады. Бұлай болуы заңды да. Сахарада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде, тіпті жыл бойы дерлік кең далада, ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің ұдайы табиғаттың асында, құшағында отырғандай сезінуі таң қаларлық нәрсе емес», - дейді [8, 59-б.].

Орман міні,
Мұның да үні,
Кейде жұмсақ, кейде шу.
Кейде тұнық,
Кейде сұлық.
Кейде дауыл гу де гу.
Қалың орман,
Ойға толған,
Тұнжырайсың иіліп [5, 48-б.].

Ақын тамылжыған табиғаттың әрбір көрінісін адам жанына жақын құбылыстармен береді. Мысалы:

Бал іздеген аралар,
Қобызбен күйін күйледі.
Жұптасып түрлі көбелек,
Қызғалдақпен биледі [5, 103-б.]. Мұндағы ара, көбелек, қызғалдақ күй тартып, би билеген адамның әрекетін береді. Сол сияқты:
«Кетпе» деп тағы көк шалғын,
Аяғыма оралды.

Жібермей бөгеп алдымды,
Майысып гүлдер бұралды, -

деген шумақта да табиғаттың адамға тән қимас сезімі өріледі [5,107-б.].

Әдебиет - халық өмірінің айнасы. Ел тұрмыс-тіршілігімен қабысып, тарих жолымен табысып жатады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұғымдары сабақтастық табады. Ақынның «Наурыз» өлеңінде:

Адам да, мал да өзінше,

Жүр жадырап далада.

Жаңа жылды қарсы ап тұр,

Кәрі де, жас та, бала да,-

деп, Наурызды қуана қарсы алған көпшіліктің көңіл-күйін аңдатады [5,109-

б.]. Ал «Келіншек ойы» өлеңінде қызыл шұнақ зәрлі аязда үйде жағатын отыны да аз, кедейлікпен күн кешіп жатқан әйелдің зарлы қалпы көрінеді:

Уайым ғып жас әйел,

Көріп үйдің қырауын.

Баласына қарайды,

Жатқан қойып жылауын, -

деп, үйдің суықтығына көніп, үнсіз жатқан баласына қарап, өзінің жарлы күйін ойлайды [5,111-б.]. Алайда әйелде өкініш жоқ. «Таңдап өзім сүйген соң, өкінбеймін, бөбегім,»- деп осы күйіне шүкірлік етеді. Ақын табиғатты адам баласының тіршілік кешетін ортасы ғана емес, оның ұлттық болмысына, салт-дәстүріне ықпал ететін құбылыс деп қарайды. Пейзаж – көркем туындының мазмұндық және құрылымдық элементтерінің бірі. Пейзаж автордың стиліне, әдеби әдістің (ағымның) түріне, кейіпкердің болмыс-әрекетіне байланысты көптеген функция атқарады. Пейзаж-әдебиеттегі аса көркем тәсіл. Ақын өлеңдеріндегі пейзаждың берілу тәсілдері алуан түрлі. Оларды түйіндей келе, мынадай қорытынды жасадық:

- С.Сейфуллиннің күрескерлік лирикасы заман, қоғам өзгерісін беруге құрылған. Ақын өмірдің жаңашылдығын жырлау үстінде ұлттық болмыстан алыстап кетпеген.

- ақынның табиғат лирикасы тек жаратылыстың құбылысын, көркін ғана емес, адами ортаның, әлеуметтік көріністің сипатын қоса суреттейді. Сондықтан да ақынның пейзажында адам мінезі, оның көңіл-күйі қоса өріліп отырады;

- С.Сейфуллиннің жыл мезгілдеріне арнаған өлеңдерінде қазақ ауылының әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы, дәстүрі көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде Абай дәстүрі жалғастық тапқан, яғни ақын жаратылыстың сипатын, жыл мезгілдерінің сахара тіршілігіндегі рөлін, мәнін ашып отырады;

- ақынның пейзажы сұлулықты, көркемдікті дәріштеп отырады. Сол арқылы адамның эстетикалық-көркемдік болмысына ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. –Қарағанды: Арко, 2004.-332 б.

4. Әдебиеттану терминдер сөздігі// Құраст. З.Ахметов, Т. Шаңбай. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-380 б.

3. Базарбаев М. Таңдамалы. 1 том. Әдебиет және дәуір. – Астана: Нұра-Астана, 2009. – 392 б.
4. Сейфуллин С. Өлеңдері. – Алматы: жалын, 1980. -185 б.

АҚЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАРАТЫЛЫС БЕЙНЕСІ

Астана қаласы
№63 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Жусупова Мирамкул Муратхановна

Табиғат - күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, тал бесігі. Табиғат - адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Бар байлық, қазына, тіршілік, табиғат дүниежүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алды. Әр дәуір, әр жағдайға лайықты табиғатты әркім әртүрлі жырлады. Біреулер табиғат арқылы өмірдің мәнін ашты, ал біреулер табиғатты суреттеу арқылы көңіл-күйін, өз көзқарасын айтып берді. Ал кейбіреулер белгілі бір кезеңдерде өмірдегі күрес-тартыстардан безіп, табиғатты ғана жырлап, өмірдің мәнін жаратылыстан іздеді. Қайткенмен де, табиғат көркем әдебиеттен үлкен орын алды. С. Сейфуллин өз заманындағы жаңалықты бірден өлеңдеріне арқау етіп отырды. Ең алдымен, Сәкен қазақтың қара өлеңіне ерекше екіпін, ырғақ әкелді. Өз ортасындағы күрес пен әрекеттің шапшаңдығы Сәкен поэзиясына да екпінділік әкелді. Мәселен, «Біздің жақта» өлеңі ақынның шалқыған көңіл-күйін, туған жеріне деген мақтанышты көрсетеді:

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,
Ағашты биік таулы жерлері бар.
Өзен, су, көлдер жайлап, тау қыстайтын,
Меймандос берекелі елдері бар[5, 18-б.].

Пейзаж табиғат құбылыстары маусымдық түрде емес, айға, тәулікке жіктей суреттеледі. Сол тұста қаламгерлер ол құбылыстарды топтап немесе жалқы сипатта береді, яғни әрбір жаңа пейзажда бір ғана толыққанды сурет беріледі. Кейде бірі екіншісін нақтылап отырады. Баяндаудың қозғалысына қарай суреттеу де нақтыланып, тереңдеп отырады. Табиғат суретін беруде қаламгердің халықтық наным-сенімге деген көзқарасы байқалып отырады. Бұған туынды тақырыбы да жетелеп отырады. Ақынның өлеңдері күрес пен жалынның үстінде туды. Ақын жаңа өмірдің тынысын, қайнаған еңбекті, зауыт пен фабрикадағы станок пен балғаның соғылуын жырлай отырып, табиғатты көзден таса етпейді.

Керісінше, ақынның өлеңдерінде қазақтың кең даласы, халқының дәстүрі мен төрт түлігінің болмысы үнемі жырланып отырады. Мәселен,

Кең даланы күңіrentіп,
Қатты айқайлап ән салдым.
Аққулы-қазды шалқар көл,
Қамысты құрақ, көк өзен,

Қосылды бәрі шуласып,
Қосылды бәрі шаттанып [5, 21-б.].

Ақын бұл жерде де жаңа заман көрінісіне деген өзінің көңіл-күйін береді. Ақынның бұл эмоциясына айнала жаратылыс кең дала, аққулы-қазды шалқар көл, қамысты құрақ пен көк өзен - бәрі қосылады. Ендеше бұл ақынның жеке қуанышы емес, көптің, бұқараның да шаттануы. Ақын өлеңдеріндегі табиғат бейнесі алуан түрлі. Осы ретте зерттеуші М.Базарбаев: «Ақын үнемі жаңа өмірді құрап жатқан халық күші мен оның бойындағы сарқылмас қуатын жыр етумен болды. Ақынның жеке басының алып адамгершілік қасиетіне дәуір талаптарының сай келуі Сәкенді қазақ поэзиясының төріне шығарды», - дейді. Сәкен табиғат құбылысы мен оны мекен еткен жан-жануарлардың болмысын да кең ашады. Ондағы ақынның идеясы - адамзатты гуманизмге, табиғат байлығын қорғауға шақыру.

«Арқаның Бетпақ деген даласы бар» өлеңінде ақын қазақтың кең даласының ерекшелігін, көшіп-қонып жүрген халқымыздың дала сырын жақсы білгендігін Арқа жеріндегі Бетпақ дала арқылы береді. Осы ел көк майсасы аз жердің өзін мекендейтін киіктің бар екенін айтады. Мысалы, Арқаның Бетпақ деген даласы бар,
Бетпақ шөл, ойлы-қырлы панасы бар.
Сол шөлде ел жоқ, күн жоқ өсіп-өнген,
Жәндіктің киік деген баласы бар.
Бетпақта қысы-жазы ел болмайды,
Ел-жайлау, өзен яки көл болмайды.
Бұтасы қу баялыш, қара жусан,
Көгала бетегелі бел болмайды.
Бетпақтың көлденеңі сегіз көштік,
Сайланып қыс ішінде талай көштік.
Киікті қазақ және дейді бөкен,
Бетпақты бұл бейшара қылған мекен.

Ақын Бетпақтың даласын мекендеген осы бір киелі жануарды атып алған адамның қатыгездігін айтып, қазақ кейде киік, кейде бөкен деп атаған бұл жануардың сұлулығына тамсанады:

Бөкеннен сұлу аңды мен көрмедім,
Өзге аңға жануарды тең көрмедім.
Көздері мөлдіреген ақбөкенді,
Адамның баласынан кем көрмедім.
Қап-қара екі көзі мөлдіреген,
Әдемі екі танау желбіреген [5, 24-б.].

Адам баласының тұрмыс-тіршілігінің негізі - табиғат. Жаратылыс көрінісі адамға, өнер иесіне талғам, дарын, шабыт береді. Өзімізді қоршаған табиғаттың көрінісі сұлулығымен, көркімен тамсандырып қана қоймай, оны қорғап-сақтауға деген сезім де тудыруы тиіс.

Табиғат мезгілінің барлығына тән табиғи құбылыс – жел. Желдің соғуы табиғаттағы бір өзгерісті білдіреді. Ақынның «Күздігүні далада» өлеңінде:

Сарнайды бүгін жел неге,
Жапырақтар сыңсып тулайды.
Күңіреніп бүгін көл неге,
Соқтығып мұнша тулайды [5, 31-б.].

Ақын қоршаған ортаның сұлу көрінісін әсем жырларына арқау ете отырып, қазақ поэзиясына ерекше үлес қосты. Оның табиғат лирикасына жазған өлеңдері өте көп. Табиғат жайлы көптеген ақындардың өлеңдері бар, бірақ Сәкеннің өлеңдері көп бояулы, әдемілік пен құндылықты бағалауға жетелейді. Ақынның өзі де, өзі де сұлу екенін білеміз, ал табиғаттағы жаратылыс иелерін сұлулыққа іңкәр жүрекпен жырлауы -ақынның сөз саптамасының ерекше екендігін білдіреді. Сәкен жырлары ешқашан да ұмытылмайды, өшпейді, халқымен бірге жасасып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. –Қарағанды: 2004.- 332-б.
2. Әдебиеттану терминдер сөздігі// Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбай. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.-380- б.
3. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Алматы: Ғылым, 2005. – 220- б.
4. Сәкен Сейфуллин. Өлеңдері. Алматы: жалын, 1980.-185- б.
5. Кәкен Амантай. «Сәкен ақиқаты», Нұр-Сұлтан 2019 ж.

РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ АКТИВНОГО ОБУЧЕНИЯ ЧЕРЕЗ ТРУДЫ

**Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі
Кабулдинова Айслу Есболатовна**

Сегодня проблема развития познавательных способностей учащихся очень актуальна для образовательных организаций.

Нынешнему обществу остро требуются личности с высоким уровнем общего образования и профессиональной подготовки, способных решать сложные социальные, экономические, политические, научные и технические проблемы. Познавательная деятельность является социально значимым качеством человека и формируется среди школьников в образовательной деятельности. Педагогическая реальность с каждым днем доказывает, что процесс обучения будет более эффективным, если учащийся проявит познавательную активность. Это явление закреплено в педагогической теории как принцип «активности и самостоятельности учащихся в процессе обучения»

Считается, что младший школьный возраст является одним из главных периодов жизни ребёнка. Ведь именно на этом этапе ребёнок

начинает приобретать основной запас знаний об окружающей его действительности для своего дальнейшего развития.

Одним из эффективных способов решения этой проблемы является использование в образовательном процессе произведений писателей, воспевающих общечеловеческие, национальные ценности. Произведения писателей являются богатым источником знаний и информации об окружающем нас мире. Они помогают учащимся развивать логическое мышление, анализировать информацию, различать главное и второстепенное, а также учат выражать свои мысли и чувства. Кроме того, чтение развивает воображение и мышление, что является важным аспектом развития творческих способностей.

Сакен Сейфуллин - одна из ключевых фигур казахской литературы, писатель, драматург и общественный деятель, чье творчество несет в себе глубокий гуманистический смысл и пронизано духом национального самосознания. В его произведениях прослеживается осознанное стремление прославить как общечеловеческие, так и национальные ценности, являясь мощным голосом своего времени и своего народа. Труды С. Сейфуллина богаты не только художественной ценностью, но и огромным потенциалом для развития познавательных способностей младших школьников. Они наполнены разными эмоциями: радостью, грустью, страхом, сочувствием. Чтение его произведений помогает детям понимать и выражать свои собственные эмоции.

Стихотворение "Родная земля" Сакена Сейфуллина - это гимн любви к Родине, ее красоте, силе и истории. Оно воспитывает в учениках чувство патриотизма, гордости за свою землю и народ.

Изучение этого стихотворения развивает познавательные интересы в области истории Казахстана, интеллектуальные способности и нравственные качества личности. На уроках литературного чтения учащиеся могут написать эссе на тему «Как я понимаю главного героя» или «Чему я научился?», используя формулу «Попс», создать кластер на тему «Моя Родина». Такие проекты помогают детям лучше понять содержание произведения и развить навыки анализа текста. Учащиеся могут обсуждать прочитанные произведения с друзьями или преподавателями и делиться своими мыслями и впечатлениями.

Поэма «Кокшетау» вошла в сокровищницу классической казахской литературы. При изучении этого произведения ученики развивают индивидуальное мышление, умение делать выводы, расширять познавательную сферу посредством творческих заданий: нарисовать пейзаж к стихотворению. В своих иллюстрациях отражают чувства, которые испытывает каждый из них. Поэма воспитывает любовь и бережное отношение к природе, чувство гордости за красоту природы родного края.

В поэме также встречаются элементы казахского фольклора, включая народные пословицы и поговорки, которые С.Сейфуллин использует для усиления своих идей и передачи мудрости предков.

Чтение стихотворения С.Сейфуллина «Домбра» развивает речь учащихся, воспитывает интерес к музыкальному инструменту казахского народа – домбре, чувство прекрасного. На уроке ученики, владеющие игрой на домбре могут сыграть музыкальное произведение. Также можно пригласить учителя музыки для ознакомления с музыкальным произведением С. Сейфуллина «Тау ішінде».

«Сказка о Талдыкуле» - это произведение, в котором переплетаются реальность и фантазия, история и народный фольклор. В ней поэт отражает глубокие ценности казахского народа, его стремление к свободе, справедливости и счастью. Сказка воспитывает в читателе чувство патриотизма, доброты и мудрости, а также предостерегает от жадности, коварства и злых намерений.

Инсценировки отрывков из произведений С.Сейфуллина развивает у детей творческие способности, учит работать в команде. А благодаря урокам, организованным в форме квестов, создания плакатов, словесных ребусов, повысятся познавательные способности учеников, освоивших произведения Сакена Сейфуллина. Творения писателя отражают богатство и яркость казахского языка. Изучая их, дети узнают новые слова и пополняют свой словарный запас. Сакен Сейфуллин использует простые и доступные для понимания младших школьников предложения, что позволяет детям развивать умение строить логически связанные мысли и излагать их в устной и письменной форме. Изучение творчества писателя для учеников нашей школы вдвойне интересно, познавательно и волнительно, потому что наша школа носит гордое имя выдающегося деятеля С.Сейфуллина. Его имя присвоено улицам, школам, библиотекам, Казахский Аграрно-технический университет в г.Астана носит имя поэта. Есть в Астане и государственный музей Сакена Сейфуллина. Ежегодно 15 октября в день рождения великого писателя ученики нашей школы вместе с директором и учителями возлагают цветы к памятнику С.Сейфуллина. Учащиеся читают стихи и цитируют фразы из великих произведений писателя. Также проводятся конкурсы чтецов «Сәкен оқулары». Главная цель конкурса- развитие навыков выразительного чтения у школьников. Накануне знаменательного события 130-летие писателя, государственного деятеля С.Сейфуллина ученики нашей школы посетили музей поэта. В ходе экскурсии учащиеся познакомились с жизнью и творчеством писателя. Посмотрели личные вещи Сакена Сейфуллина, увидели коллекцию книг и фотографий, опубликованных при жизни поэта. Культурный визит имел большое познавательное и воспитательное значение. В нашей школе есть музей С.Сейфуллина, где проходят классные часы и школьные мероприятия. Нет сомнений, что ученики многому научатся, благодаря наследию и трудам Сакена Сейфуллина. Произведения Сакена Сейфуллина – это неисчерпаемый источник для развития познавательных способностей младших школьников. Они способны не только расширить кругозор детей, но и воспитать в них важные нравственные ценности.

Использование произведений С.Сейфуллина в обучении помогает сделать процесс интересным и запоминающимся.

ИСПОЛЬЗОВАННЫЕ МАТЕРИАЛЫ:

1. Джуанышбеков Нурболат Сакен Сейфуллин: Очерк жизни и творчества. – Алматы: Ғылым, 2000. – 48 с.
2. Казахстан. Национальная энциклопедия / гл. ред. Б. Аяган. – Алматы: Главная редакция: «Қазақ энциклопедиясы», 2006. Т. 4. – 560 с.
3. Кирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алма-Ата, 1964; Кәкішев Т. Қызыл сұңқар. – Алма-Ата, 1968.
4. Сатпаева Ш.К., Адиебаев Х.А. Казахская литература. – Алма-Ата, 1993. – С. 140–147; Джуанышбеков Н. Сакен Сейфуллин. Очерк жизни и творчества. – Алматы, 2000.
5. Сочинения С.Сейфуллина: Тернистый путь. – Алма-Ата, 1964; Стихотворения и поэмы. – М., 1959; Повести и рассказы. – Алма-Ата,

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

**Ақмола облысы Білім басқармасы
Сандықтау ауданы Балкашин ауылы
№1 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Абжанова Мұлықарат Кадырбековна**

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі әрі халықтың тарихи мұрасына үлкен үлес қосқан ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Оның шығармалары оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы бола алады. Әсіресе, жастардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарады десек артық емес. Бұл баяндамада Сәкен Сейфуллиннің шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру жолдары қарастырылады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары – қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің айқын көрінісі. Оның «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи романы еліміздің азаттық жолындағы күресін түсінуге, тарихи оқиғалар жайлы тереңірек білуге мүмкіндік береді. Бұл шығарма арқылы оқушылар халқымыздың басынан өткен қилы заманның нәубеті жайлы түсініп, ұлттық тарихымызға құрметпен қарайтыны сөзсіз. Бұл роман туралы Сәбит Мұқанов былай деген: ««Тар жол тайғақ кешу», бір жағынан, оқиға, бір жағынан, саяси грамотасының оқулығы, бір жағынан, қызықты,

оқушыны жаулап алатын әдебиет шығармасы».

Сәкен Сейфуллин поэзиясындағы табиғат суреттемелері мен ұлттық рух оқушыларға қазақ халқының бай мәдени мұрасын таныстырып қана қоймай, олардың эстетикалық ой-өрісін де дамытады. Мысалы, "Көкшетау" поэмасы туған жердің көркем табиғатын дәріптеп, оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін оятып, патриоттық сезімдерін қалыптастырады. Бұл поэмада табиғаттың сұлулығы мен адамдардың тұрмыс-тіршілігі шебер суреттелген, сондықтан бұл шығармалар жас жеткіншектің танымдық және рухани дамуына зор үлес қосатыны анық.

Ақын шығармалары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Сәкен Сейфуллиннің поэзиялық туындылары балаларды қиялдау, суреттеу және талдау қабілеттерін жетілдіруге бағыттайды. Мысалы, «Асау тұлпар» өлеңі табиғат пен адам арасындағы байланысты түсінуге, оны өз бетінше бейнелеуге мүмкіндік береді. Бұл шығармалар оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, әдеби талдауды тереңірек меңгеруге септігін тигізеді. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллин шығармаларын талдау барысында білім алушылар өз ойларын шығармашылық тұрғыдан жеткізе алады. Олар ақынның бейнелі тілін талдай отырып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шындай түседі. Мұндай жұмыстар оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, әдеби талдауды тереңірек ұғынуға ықпал етеді. Алаш ардақтысының шығармалары оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруда маңызды.

Сәкен Сейфуллин әдебиет пен мәдениеттің дамуына ғана үлес қосып қойған жоқ, сонымен қатар қоғам қайраткері ретінде де танылды. Ол Қазақ автономиясының қалыптасуында маңызды рөл атқарып, қазақ халқының білім беру саласында үлкен істер атқарды. Оның қызметі тек саяси жұмыспен шектелмей, мәдениет пен әдебиеттің дамуына тікелей ықпал етті. Ол – қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге, білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан тұлға. 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде Сәкен Сейфуллиннің «Қазақтарды қазақ деп атайық, қателікті түзейік» атты мақаласы жарияланды. Ол мақалада Сәкен қазақтарды «қырғыз» деп атаудың қате екенін және бұл атауды түзету керектігін ашық айтты. Ол былай дейді: «Орыстар қазақ халқын ұзақ уақыт бойы «киргиз» деп атап келді. Кейде ақсүйек мырзалар әйелдері иттерін баққанда: «Сен, Полкан, қырғыздан да нашарсың!»- деп айтатын, ал қазақтар ұнамаса, жай ғана «қырғыз ғой» дейтін». Бұл ұғым қазақ халқын төмендететіндей етіп көрсеткен болатын.

1925 жылы Кеңестің V съезінен кейін ғана қазақтарды ресми түрде қазақ деп атау туралы шешім қабылданды. Осы мақаланың жариялануынан кейін Мәскеудегі билік Сәкенді ұлтшыл деп танып, оған сын көзбен қарай бастады. Сәкен Сейфуллин осындай батыл мақалалары арқылы қазақтың ұлттық болмысын қорғап, оның дұрыс атауын қалпына келтіруге тырысты. Сәкен Сейфуллин - тек жазушы, ақын ғана емес, драматургия саласына да үлес қосқан тұлға. Оның пьесалары ұлттық театрдың алғашқы қадамдарына жол ашты. Солардың бірі – "Қызыл сұңқарлар" атты драмалық шығармасы.

Ақын шығармалары достықтың терең мәнін аша түседі. Мәселен, «Досқа» өлеңінде ақын достықты бәрінен биік қоятынын, досқа деген сенімнің ешқашан сөнбеу керектігін жырлайды. «Дос болам десем» өлеңінде де достықтың шынайылығы мен адалдығын сипаттайды. Сәкен Сейфуллиннің достық туралы өлеңдері оқушыларға адалдық, шынайылық және бір-біріне қолдау көрсету секілді құндылықтарды бойларына сіңіруге көмектеседі. Бұл өлеңдер арқылы оқушылар достықтың қадірін біліп, айналасындағы адамдарға адал және сенімді дос болуды үйренеді.

1925 жылы Сәкен Сейфуллин ұлтшылдық әрекеттер жасады деген жаламен түрмеге қамалады. Ол Кеңес өкіметінің талабына қарсы шығып, қазақ тілінің мәртебесін қорғауға тырысты. Сол үшін оның саяси қызметіне шектеулер қойылып, артынан жалған айып тағылып, 1937 жылы кеңестік қуғын-сүргіннің құрбанына айналды. Оған "халық жауы" деген жалған айып тағылып, жазықсыздан-жазықсыз ату жазасына кесілді. Сәкеннің қайғылы тағдыры қазақ халқының басынан өткен ауыр кезеңдердің бір көрінісі болды. Ал Сәкен туындылары бүгінгі қазақ баласының таным көкжиегін кеңейте беретіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет. <http://www.google.kz/>. Сәкен Сейфуллин.
2. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, «Жалын», 1976. – 320 бет. (Өнегелі өмір).
3. "Тар жол, тайғақ кешу" | Әдебиет порталы adebiportal.kz

СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КӨРІНІСІНІҢ КЕСТЕЛЕНУІ

**Қарағанды облысы Білім басқармасы
Балқаш қаласы білім бөлімі
С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Тлеубекова Мөлдір Манатбекқызы**

XX ғ басы қазақ халқы үшін сындарлы кезең болғаны белгілі, қиын-қыстау кезеңде ұлт үшін қызмет көрсетудің озық үлгісін көрсеткен Сәкен Сейфуллиннің есімі ерекше. Бүгінде ол - туған халқының мақтан тұтар, аты аңызға айналған қаһармандарының бірі. Жиырмадан жаңа асқан шағында Сәкен аты ел аузына аңыз болып ілікті. Халықты езгіге қарсы үндеген отты жырларымен, жалынды сөздерімен, азапты да ерлікке толы өмір жолымен, одан кейінгі жас үкіметтің басындағы жетекшілік қызметімен оның аты ерте шықты. Ол өткен жолдың шындығының өзі аңызға пара-пар еді. Атаман Анненковтың азап вагоны мен Колчактың тұтқын лагерінің қысымынан қашып құтылып, қараңғы түнекке қарсы қажымай, қайта күреске шыққан адамның ерлігінің өзі - аңыз. Оны халық отқа салса - күймейтін, суға салса

- батпайтын, тілдессе - сөзден жеңілмейтін батыр, шешендердің бірі санады. Мұның бәріне Сәкеннің ғажайып ерлікке толы азаматтық өмірі, ақындық еңбегі, өзінің жеке басының сүйкімділігі себеп болғаны даусыз.

XX ғасырдың 20-40 жылдары жемісті еңбек еткен қазақ лириктерінің шығармашылықтарына көз салғанда олардың қай-қайсысының да айналып өтпейтін нысанасы бар екенін көруге болады. Ол-табиғат. Шындығында да, қазақ поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алатыны белгілі. Бұлай болу - заңды нәрсе. Кең далада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жылдың төрт мезгілінде де кең сахарада, ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін қазақтың өзін әрдайым табиғаттың аясында, бауырында отырғандай сезінуі таңғаларлық құбылыс емес.

Сыршыл да ойшыл ақын, сұлулық жыршысы Сәкен табиғатты ел өмірімен, олардың тіршілігімен, халыққа азаттық тілеген өзінің арман-қиялымен байланыстыра суреттейді, яғни ел мен жер, адам мен табиғат - Сәкен поэзиясының ажырамас бөлігі. Оның табиғатқа деген нәзік сезімін інісі Мәжит Сейфуллиннің мынадай бір естелігінен байқауға болады: «Ағалы-інілі Сәкен екеуміздің арамызда тату-тәтті, сыйлы да тәлімді талай-талай кездер өтті. Отызыншы жыл болғанымен, Сәкен мінемін десе көлік те, ұшақ та табылатын. Бірақ Алматыға атпен қайтқысы келді. Жер көремін, ел көремін, Бетпақдаланың, Балқаштың үстін басып, Алатауға дейін табиғат аралап барамын деген ойы болды. Тегінде, атпен жол жүру, далада түнеу, даланың жаздағы ыстығын, самалын, жаңбырын, күздегі бозқырауы мен қысқы боранын, қарын өз басынан кешіру - Сәкен үшін қызық бір өмір.

-Менің мектебімнің бір үлкені қырдың табиғаты ғой,- деп отыратын Сәкен,- деп жазады». Ендігі бір естелігінде: «Демалысқа келгенде Сәкен үйде отырмайтын еді. Ол кезде Есіл бойы қалың жыңғылды көк тал, жағасына тұнған шие-жидек өсетін. Өзенге шомылу, көл ортасындағы аққу құсты тамашалау, бозторғай мен бұлбұл әнін тыңдау, құстың қанатының сазын есту, орман аралау, аңдар тірлігін барлау, ағаш арасының жұпар иісіне қану, бұлақ басында отыру, жер- су, тау, орман жайлы халық аңызына құмарту, тыңдау, жазып алу - Сәкеннің мінезіне тән қасиет.

Табиғат туралы лирикасында, әсіресе, «Көкшетау» поэмасында Сәкен сол қасиетін өзі де танытады. Сәкеннің екі сөзінің бірі Көкшетау болатын еді. Ол:

-Мен Көкшенің жерін ғашық жарымнан кем сүймеймін. Көкшетау-елімнің үкілі бөркі, сәнді киімі, әдемілігімнің белгісі, ғажап қиялы,- деп отыратын еді,-дейді». Міне Көкшетауды аралап көріп, ұзақ уақыттар сол сұлу мекендерде қызықты саяхат, сауық-сайран күндерін өткізіп, қою қара орманды, Бурабайды, сол жерлерді мекендеген елдің аңыз-әңгімелерін, әнші-ақындарын көріп, тыңдауы «Көкшетау» поэмасын өмірге әкелді.

Сәкен Сейфуллин - өз туған елінің табиғатынан нәр алып, жанына жақын сезінген, одан рухани азық ала білген ақын. Ол табиғаттың ең сұлу жерлерін сүйді. Пәктіктің символы ретінде танылатын сұлулық тәңірісі аққуды сүйді.

Сәкен шығармаларындағы басты символикалық образдар: аққу, қыран

құс, тұлпар, сұңқар. Қандай да бір шығармасын алсақ та, тіпті революция тақырыбындағы өлеңдерінде болсын осы образдары қалмайды. «Далада», «Қырда» өлеңдерін түрмеде отырып жазған. «Қамауда» өлеңін алсақ та, түп аяғы табиғатқа келіп тіреледі. Табиғатты ел байлығының символы ретінде пайдаланады.

Абай табиғатты адам баласының өмір сүретін ортасы, әлеуметтік өмірмен ұластыра бейнелеген, бұл дәстүр кейінгі ақындарға оның ішінде С. Сейфуллинге бет түзеп, бағыт алар нысан болғанын көреміз, яғни Сәкеннің табиғат лирикаларының әр қырын танытуда оның өлеңдерін Абайдың өлеңдерімен («Желсіз түнде жарық ай» өлеңі мен Сәкеннің «Жазғы түнде») Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерімен, тіпті Мұқағали өлеңдерімен салыстыру арқылы ашуға болады.

Сәкен жазықсыз жаланың құрбаны болды. Бүгінгі таңда Сәкен жырға қосқан Көкшетау, Бурабай - курорттық мекен орны. Табиғатты игеру адам қолында екенін дәп басып, Көкшетау жерінің табиғи байлығына ерекше мән берді. Сәкеннің болжауы бүгінгі күнде шындыққа айналған, Көкшетау - жерұйыққа айналған, өзіне тән табиғатымен ерекшеленетін Қазақстанның Швейцариясы немесе Қазақстанның асылы.

Тіршіліктегі ерекше жаратылыс иелері Сәкен аялаған – аққу құс, киік айырықша қорғауды қажет ететіндіктен, қызыл кітапқа енгізілген. Ал ақынның табиғат туралы өлеңдері қазақ әдебиетінде табиғатты жырлаудың жаңа ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті. Қазақ әдебиетінің көш бастары болып жол тартқан Сәкен әдеби майдандағы ауыр сындарда толқымады, қайыспады, қарыса отырып ілгері басты.

Сәкен Сейфуллиннің табиғат лирикасын оқуда оқушылар ақын лирикаларының көркемдік ерекшелігін талдай отырып, қазіргі таңдағы экологиялық проблемалармен байланыстырады. Оның аққуы да, киігі де әсемдіктің белгісі. Оларға қарсы оқ ату, өмірге жарасымды жарқын тіршілікке оқ атумен бірдей, яғни табиғатты құрту - өмірді құрту. Бұл - болашаққа үндеу. Өмірдің сұлулығы табиғатты қамқорлыққа алып, аялауға адам жауапты екенін Сәкен шығармалары арқылы тереңірек тануға болады. Сәкен туған халқының бақытын, туған әдебиетінің жетілуін армандады. Бүгінгі таңдағы оның орындалғанын қуанышпен айтамыз. Ол біздің тіршілігіміздің бастауында әрқашан қол сілтеп, бізбен тілдесіп, жарқын болашаққа шақырып тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Қирабаев «Сәкен Сейфуллин» жинағы, Алматы «Жазушы» баспасы, 2001 ж.
2. Сәкен Сейфуллин энциклопедия, Алматы «Жазушы» баспасы, 2003 ж.
3. Т. Кәкішев «Сәкен Сейфуллин», Алматы «Жазушы» баспасы, 2000 ж.

**СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА
ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Нурушева Алия Кадырбаевна**

Этнограф-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ақселеу Сейдімбек ақын, жазушы, драматург, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинге былай деп баға берген екен: «...Тарихи тұлғалардың тағдырын парақтағанда, олар қандай жолды таңдағаны бойынша бағаланбау керек, халқына қаншалықты қызмет еткені, қаншалықты еңбек сіңіргені, қаншалықты жілігі татитын мұра қалдыра алғаны бойынша лайықты бағасы берілуі тиіс.

Тарихи әділдіктің де, ғылыми- әдіснамалық объективті ұстанымның да қисыны осы. Бұл тұрғыдан келгенде, Сәкен – халқымен мәңгі бірге жасайтын, халқының мәңгі сый –құрметіне лайық біртуар тұлға».

Шынында да, Сәкен Сейфуллиннің қазақ халқына жасаған игі істері, құндылыққа толы мұралары ешқашан ұмытылмайды. Себебі 1923 жылы 15 қаңтарда жазған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген еңбегінде: «Біздің бір үлкен кемшілігіміз – басқа жұрттан бұрын өзімізді «киргиз» дейміз. Біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Красный Киргизстан» деп аталады. Егерде біздің қазақ бұл қатені түзетем десе, оп-оңай түзетіп әкетер еді,» - деп жазды. Қазіргі таңда, әрине, бұл қате түзетілді. «Қазақ» деген атымыздың қайтарылуына үлкен септігін тигізген Сәкен Сейфуллин еді. Қазіргі таңда көршілес мемлекеттер ғана емес, күллі Еуропа елдері «Қазақстан» деген мемлекетті танып жатыр. Бұл әрі намысты оятады, әрі мақтанышты ұялатады.

Сондай-ақ С.Сейфуллин «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» деген еңбегінде тіл мәселесін кеңінен қозғаған. 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақшаға аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда ылғи қазақ тілінде жазып отыру керек. Қалалардағы мекемелер қазақша жазылған сөздерді алып, тексеріп отыруға міндетті. Күллі тілдің бәрі бірдей жүреді деген закон бар. Енді қазақша хат білетін кісілер де бағалырақ болу керек. Әлі қазақша хат білмейтін адамдар французша білсе де, Қазақстанда бір кезде іске аспай қалуы ап-анық нәрсе,»- деп жазған еді. Бұл сол кезде нағыз ерлікке тән қасиет еді. Сол кезеңнің қатал да қатерлі саяси жағдайы, көзі ашық зиялыларымыздың өмірін қиғанымен өмірінің соңына дейін қазағым деп

өткен азаматтың тіл туралы жаған еңбектерінің зая кетпегені әрбір қазақтың жүрегінде сақталғандығында.

Бүгінгі таңда қазақ тілінің өркендеуіне үлесін қосып келе жатқан мамандар – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары. Олардың жасап жақтан еңбектері өлшеусіз, себебі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жас ұрпақтың бойына ана тілін, тарихын сіңіруде ұйытқы болып отыр. Ал тілді меңгертуде ақын-жазушылардың қалдырған мұрасындағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу қатар жүреді. Баяндама сыршыл ақын, жалынды жазушы С.Сейфуллин болғандықтан, Сәкеннің сырлы өлеңдерін, үздік туындыларын, ақын шығармаларының әдеби эстетикалық сипатын меңгерту, өз халқының тарихын, мәдениетін зердесіне түйген отаншыл азамат қалыптастыру, жас ақындарды дайындау мақсатында «Сәкентану» элективті курсының бағдарламасы жайында айта кеткім келеді. Бұл курста оқытылатын тақырыптар тек сабақтан тыс уақытта ғана емес, сабақ барысында да қолдануға әбден болады. Сәкеннің шығармаларын түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың бойындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға болады. Осы орайда бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынғым келеді.

«Шаһит болған достарыма» өлеңін оқытып, «Зымыран сұрақтар» әдісімен мазмұнын талдап алған соң, «Баға жетпес достарым» тақырыбында әдеби эссе жазғызуға болады. Эссе арқылы ақынның күйзелісін түсініп, адамдарға деген жанашырлық, достықты қадірлеу тәрізді құндылықтар қалыптастыруға негіз болады.

«Анамның хаты» өлеңін оқыту кезінде өлең мазмұны бойынша «Үш қадам» кестесін толтыру тапсырмасын беруге болады:

1- қадам	2 -қадам	3 -қадам
Өлеңде көтерілген мәселелерді анықтаңыздар.	Автордың бұл мәселелерді көтеру себебі қандай?	Қазіргі таңда бұл мәселелер өзекті ме? Неліктен?

Одан соң «ПОПС формуласы» арқылы ақынның анасына деген махаббатын жазу тапсырмасы беріледі:

- 1. Бірінші сөйлем:** Менің ойымша,...
- 2. Екінші сөйлем:** Себебі мен оны былай түсіндіремін: ...
- 3. Үшінші сөйлем:** Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...
- 4. Төртінші сөйлем:** Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім: ...

«Қызыл ат» поэмасын өтер алдында ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы Қазақстанның тарихы туралы түсінік қалыптастырып алған жөн. Сондықтан <https://www.youtube.com/watch?v=sHhTnhCi6yQ> сілтемесімен «Ашаршылық» тақырыбындағы бейнероликтен 5 минуттық үзінді көрсетіп алған жөн. Өйткені «Қызыл ат» (1933) поэмасында сол тұстағы қоғамдық – әлеуметтік келеңсіздіктердің сынға алынуы – ақын тапқырлығының ғана

емес, ең алдымен, батылдығының дәлелі. Қызыл аттың ақынға шағынуы түрінде айтылған сол тұстағы өмір шындығы – асыра сілтеушілердің, елдің халі жақсы деп өтірік ақпарат беріп, күйзеліске ұшыратқан көзбояушылардың ел өміріне аса жайсыз тиюі, әсіресе, малды талан-таражға салуы – әлеуметтік, қоғамдық, тарихи проблемалар. Өз мансабы үшін елдің мүддесін құрбандыққа шалып жіберетін сатқындығы салдарынан халқымыз 1932 жылғы ашаршылыққа душар болды. Жалпақ ел жалғыз Голощекиннің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болуы – тарихи-ұлттық санамыздың сол кездегі сипатын, ұлттық – қоғамдық белсенділігіміз бен сауаттылығымыздың төмендігін көрсеткен еді. Осындай тарихи мазмұнды шығарманы мұғалімнің айтқанынан гөрі визуалды түрде бейнероликтен көрген дұрыс деп есептеймін. Өткен тарихымызды білгеннен соң, оқушылар ой қорыту үшін «Еңіреген елімнің тарихы» тақырыбында ойтолғау жазуы мүмкін. С.Сейфуллиннің бұл шығармасы ұлттық құндылыққа негізделіп жазылған шығармасы деп айтуға болады.

«Біздің жақта» өлеңін 9- сынып оқушыларымен талдаған жөн. Бұл өлең жолдарында ақынның халқына деген ыстық сезімі, әділдікті аңсауы анық көрінеді. С.Сейфуллин 1918-1919 жылдары Колчак түрмесінде, Анненковтың азап вагонында, Омбының тұтқындар лагерінде азап шегеді. Міне сол шетте жүргенде 1919 жылы жазған өлеңі болатын. Ақынның бұл өлеңі де жалпыадамзаттық құндылыққа тұнып тұр. Елге, туған жердің әр тасы мен суына деген махаббаты сезіледі.

«Біздің жақта» өлеңін түсініп оқығаннан кейін, «Менің көзқарасым» кестесін толтыру ұсынылады:

Өлі табиғаттың суреттелуі	Жан-жануардың суреттелуі	Бойжеткен қыздың суреттелуі

«Көкшетау» поэмасымен танысу кезінде «Салыстыру» кестесі арқылы I бөлімнің екі тарауын («Жеке батыр», «Оқжетпес») салыстыру тапсырмасы беріледі:

Тарау атауы -	Тарау атауы -
	
Тақырыбы: Идеясы: Қолданылған көркемдеуіш тәсілдер:	Тақырыбы: Идеясы: Қолданылған көркемдеуіш тәсілдер:
Ұқсастығы	

Бұл тапсырмада тарау тақырыбына сәйкес суреттер беріледі. Суреттер арқылы Бурабайдағы тауларды танып, атауларын біліп жазуға, олардың

тарихын тереңнен түсінуге және ақынның әдеби теориялық ұғымдарды қалай қолданғанын түсінуге үйретеді.

Қорытындылай келе, С. Сейфуллиннің поэзиясы эмоционалды және әлеуметтік тақырыптарды қозғап, оқушылардың сезімдері мен ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылар ақынның шығармаларын оқып, мұғалім ұсынатын тиімді әдіс-тәсілдер арқылы өлеңдердің мазмұнын өмірлік тәжірибемен байланыстыра алады, атап айтқанда қоршаған ортаны, қоғамды, өзіндік көзқарастарын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәкен Сейфуллин «Аққудың айырылуы» (өлеңдер мен поэмасы, әңгімелері, повесі), Алматы «Атамұра» 2003 ж.
2. Несіпбек Айт «Сырсандық» (өлеңдер, толғаулар, поэмалар) VII кітап, Нұр-Сұлтан 2021ж.
4. Серік Оспан «Сырсандық» ғылыми-деректі жинақ (Сәкен тұлғасы тарих төрінде) VIII кітап, Нұр-Сұлтан 2022 ж.
5. Т.Кәкішұлы «Сәкен Сейфуллин» 1997 ж.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Астана қаласы
Ғ. Орманов атындағы
№7 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Айтбаева Толғанай Айтбайқызы

Қазіргі білім берудің басты мақсаты — білім алушылардың танымдық қабілетін дамытып, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту - мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі.

Менің ұстаздық тәжірибеде, оқыту-тәрбиелеу барысында алдыма қойған мақсатым – Сәкен шығармалары арқылы әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Сәкен Сейфуллин – өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер ақын. Азаттықты көксеген ақын қаламынан жаңа өмір жолында күреске шақырған «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген. Өршіл азамат, жалынды насихатшы, жігерлі тұлға. Ақынның қаламынан «Кел, жігіттер», «Қамаудан», «Асығып тез аттандық», «Жас қазақ марсельезасы», «Қызыл ат» т.б. әсерлі өлеңдері мен «Бақыт жолында» драмасы жарық көрген [2].

Сәкен Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жаңашыл ақын. Ол бұрын болмаған образдармен салыстыра отырып, сөздерді қазақ әдебиетіне айналдыруға алып келген шығармашылықпен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін қалаушы болды. Билікті мадақтау ұранына айналмай, ол қоғамдық өмірдің көлеңкелі тұстарын қатал суреттеді. «Ауылбайғұс, Тамекей», «Құндық өмір», «Ақсақ киік», «Сыр Қозы» және т.б. әдемі өлеңдер. Ал «Аққу бірлігі» символикалық көркем поэмасы - сол дәуірдің нағыз өнер туындысы. Халықтың бостандық үшін күресінің шытырман оқиғалары оны жаңа дәуірдің жалынды жыршысы ретінде тәрбиелейді. Ол өз еңбегінде халық күресінің шындығын, өзі қатысқан қаһармандық жорықтарды бейнелейді. Дарынды ақын қазақ өмірінің, халық өмірінің маңызды әлеуметтік тақырыптарын көтереді, көркемдік-эстетикалық талдау жүргізеді [3].

Сәкен прозасының шоқтығы – оның **«Тар жол, тайғақ кешу»** атты романы. Бұл романында Сәкен Сейфуллин революция жылдары орын алған оқиғалардың қазақтың кең даласын бірте-бірте қамтып, күні өтіп тозған ескіліктің қирап, жаңаша дамуға жолдың еркін де кең ашыла бастағанын үлкен суреткерше қорытып айтып бере алды [4]. Романда халықтың бақытты келешегі үшін күрескен ерлердің аққан тері мен төгілген қаны текке кетпейтініне, мұның өзі бүкіл адамзаттың жарқын болашағымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл жұмыстарды зерделеу арқылы оқушылар өздерінің ұлттық мұралары туралы құнды түсініктерге ие болады, өзіндік сана мен мәдени мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Сейфуллиннің аумалы-төкпелі тарихи кезеңдердегі қоғамдық күрестерді, саяси толқулар мен әділдік үшін күресті бейнелеуі оқушыларды өз ұлтының тарихымен мазмұнды түрде байланыстырады. Бұл оқушыларды тарихи оқиғалар мен олар болған мәдени контекст арасында байланыс орнатуға ынталандыру арқылы танымдық қабілеттерін арттырады. Әдебиет оқушыларға тарихи әңгімелердің қазіргі қоғамды қалай қалыптастыратынын көруге мүмкіндік беретін өткен мен қазіргі арасындағы көпір қызметін атқарады [1].

Осы орайда Сәкен шығармалары арқылы оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын үш кезең, арқылы жүзеге асыруға болады.

Бірінші кезең - жаңаны, тың нәрсені дамыту, түпкі идеяны табуға ұмтылу. Бұл кезеңде әдеби шығармашылық тапсырмалар беріліп, төмендегідей талаптар бойынша жұмыс жүргізіледі:

- шығарманы бөлімдерге бөліп, тақырыбын жазып келу;
- кейіпкер тобын ажыратып, олардың арасындағы шиеленісті тусіндіру,
- шығарма мазмұнына сай қанатты сөздерді ойлап жазу;
- әңгіменің белгілі бір бөлімінің көркемдік ерекшелігіне талдау жүргізу.

Екінші кезең — қиял, ұшқыр ой қалыптастыру. Бұл кезең - оқиға құрудың, образ жасаудың мүмкіндігі бар кезең. Мұнда оқушыға ертегі, әңгіме, мақалдарды жалғастырып жазу және аяқтау тапсырылады.

Оқушылардың танымдық қабілетін дамытудағы Сәкен шығармаларының маңызы: сыни ойлау, шығармашылық, тілдік дағдылар.

Сыни ойлау - Сәкен шығармалары оқушыларды өз бетінше ойлауға, талдау жасауға үйретеді.

Шығармашылық - ақын поэзиясы оқушылардың қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады.

Тілдік дағдылар - Сейфуллин туындылары оқушылардың сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін жетілдіреді.

Сәкен шығармаларын оқыту әдістері мен тәсілдері:

1. Мәнерлеп оқу:

Сәкен өлеңдерін дауыстап, сезіммен оқу арқылы мағынасын терең түсіну.

2. Рөлдік ойын:

Шығармалардағы кейіпкерлердің рөлін сомдау арқылы олардың ой-сезімін түсіну.

3. Талдау:

Шығармаларды тақырыптық, идеялық және көркемдік тұрғыдан талдау жасау.

4. Салыстыру:

Сәкен шығармаларын басқа ақын-жазушылардың туындыларымен салыстыру.

Сәкен шығармаларын интербелсенді оқыту технологияларымен тұтастыру.

Мультимедиялық презентациялар - Сәкен өмірі мен шығармашылығын бейне, аудио материалдармен толықтыру.

Онлайн талқылау - Виртуалды платформаларда Сәкен шығармаларын талқылау, пікір алмасу.

Интерактивті тестер - Сәкен шығармалары бойынша онлайн викториналар мен тесттер құрастыру.

Оқушы қиялға ерік беріп, оқиғаны дамыта отырып, шығармашылық жұмыс істейді. Өз бетінше іздену — шығармашылық қабілетті ашудың кезі. Бұл бағытта темендегідей жұмыстар арқылы оқушының таным көкжиегін арттыра түсеміз.

1. Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар (сөзжұмбақ, ребус шешу, жұмбақ, мақал-мәтел, қанатты сөздер құрастыру).

2. Берілен тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері (мәтінді өңдеу, берілген мәтіннен диалог құрастыру).

3. Өз ойынан еркін тақырып құрастыруға берілген жұмыс түрлері (өлең, ертегі, әңгіме, шығарма жазу).

Жасанды интеллекті тиімді пайдалану арқылы білім алушылардың күрделі, көлемді шығармаларды оқуға деген ынтасын арттыра аламыз. Мәселен, **QuizRise, Wordwall, Flippity, Padlet, LessonUp, Kahoot, LearningApps.org** платформасы арқылы кез келген шығармасы бойынша викториналық тапсырмалар, карточкалар, тест тапсырмаларын, шынайы және жалған, бос орынды толтырыңыз сияқты тапсырмаларды орындатып,

D-ID бағдарламасымен суреттерді жандандырып сөйлетеміз. QR код арқылы жаңа тақырып бойынша немесе мәтін бойынша тапсырмалар құрастыруға болады. Сәкен шығармаларын негізге ала отырып, Lumio платформасы арқылы дидактикалық ойындар арқылы оқушылардың танымдық қабілетін арттыра аламыз.

Сәкен шығармаларын оқыту барысында оқушыларды зерттеушілік, шығармашылық жұмысқа үйрету:

Тақырып таңдау - оқушылар Сәкен шығармашылығынан өздерін қызықтыратын тақырыпты таңдайды.

Ақпарат жинау - таңдалған тақырып бойынша әдебиеттер мен интернет ресурстарынан мәлімет жинайды.

Талдау жасау-жиналған материалды талдап, өз ойларымен толықтырады.

Қорытынды жасау - зерттеу нәтижелерін презентация, эссе немесе баяндама түрінде ұсынады.

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған сабақ үлгілері:

Әдеби кеш - Сәкен шығармалары негізінде әдеби-музыкалық кеш ұйымдастыру.

Дебат - Сәкен шығармаларындағы өзекті мәселелер бойынша пікірталас өткізу.

Шығармашылық жоба- Сәкен өлеңдеріне иллюстрациялар жасау немесе бейнеролик түсіру.

Виртуалды саяхат - Сәкен өмір сүрген жерлерге онлайн экскурсия жасау.

Сейфуллин шығармаларын зерттеу де тіл байлығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Күрделі қазақ тілінде жазылған оның мәтіндері оқушылардың сөздік қорын молайту және грамматикалық білімдерін пысықтау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіруге, танымдық қабілетін дамытуға шақырады. Күрделі мәтіндермен терең араласу оқушылардың оқуды түсіну және жазу қабілеттерін арттырады.

Сонымен қатар Сейфуллиннің әдебиетіне негізделген сыныптағы пікірталастар оқушыларды ауызша және жазбаша қарым-қатынас дағдыларын дамыта отырып, өз ойларын анық және тиімді жеткізуге ынталандырады. Оқушылар бостандық, теңдік және әлеуметтік әділеттілік сияқты негізгі тақырыптарды талқылағанда, олар өз идеяларын нанымды және дәйекті түрде жеткізуге машықтанады.

Сейфуллиннің әділдік пен бостандық жолындағы күреске арналған шығармалары оқушыларды отансүйгіштікке, қоғам алдындағы жауапкершілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге баулиды. Бұл бөліктерді адалдық, батылдық және төзімділік сияқты маңызды құндылықтарды талқылау үшін пайдалануға болады. Отан, төңкеріс, күрес сияқты тақырыптарды талқылау оқушыларды өз бетінше эссе, өлең немесе басқа да шығармашылық жұмыстар жасауға талпындырады, олардың қиялын, шығармашылық ойлауын жетілдіреді.

Қорыта айтқанда, Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы шәкірттердің танымдық және адамгершілік дамуына мол мүмкіндіктер беретін қуатты тәрбие көзі болып табылады. Бойына бар өнерді тоғыстырған Сәкеннің өмірі - бүгінге жастардың бойына үлгі. Оның әдебиет саласындағы сұлу болмысындай асқақ та нәзік жырлары ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бақытұлы Б. Сәкен жолы қияларға жетелейді: (Сәкен Сейфуллиннің - 120 ж.) / Бақытұлы Б. // Қазақ үні. - 2014. - 3 маусым.- 9 бет.
2. Ермекбаев Т. Сәкен Сейфуллиннің туғанына 120 жыл: Тұлға / Ермекбаев Т. Бұқпа.- 2015. - 9 сәуір. - 3 б.
3. Жұмағали З. «Тар жол, тайғақ кешу» - мемуарлық шығарма: Сәкен-жазушы/ Жұмағали З. // Аңыз адам. - 2015. - №10. - 31-32 бет.
4. Хусман С. Сегіз қырлы, бір сырлы Сәкен шығармашылығын талдау.
5. Білім технологиялары - Образовательные технологии. - 2013. - №6. - 16-17 б.

PEDAGOGICAL READING ON THE TOPIC: SAKEN SEIFULLIN – "THORNY PATH"

Астана қаласы

С. Сейфуллин атындағы

№80 мектеп-гимназиясының

ағылшын тілі пәні мұғалімі

Калекеева Макпал Жанарбековна

Introduction Pedagogical reading is a method used to develop critical thinking and comprehension through active engagement with texts. For this session, the focus will be on the novel "Thorny Path" by SakenSeifullin, which offers rich material for teaching historical, cultural, and literary themes. The goal of this pedagogical reading is to guide students to explore the novel's content, analyze its themes, and understand its relevance to both historical and modern contexts.

Learning Objectives:

1. Historical Understanding: Gain knowledge about the socio-political context of early 20thcentury Kazakhstan and the impact of the Russian Revolution on Kazakh society.
2. Literary Analysis: Explore the literary techniques and styles used by SakenSeifullin to convey the struggles of his people during this period.
3. Cultural Reflection: Encourage students to reflect on the issues of national identity, colonialism, and personal sacrifice as presented in the novel.
4. Critical Thinking: Develop students' ability to critically analyze the text and draw parallels to contemporary issues of social change and identity.

Structure of the Pedagogical Reading Session:

Part 1: Introducing the Author and Context

A. Background on Saken Seifullin Discuss the life of Saken Seifullin, his role in Kazakh literature, and his involvement in the early Soviet era. Emphasize his experience as a revolutionary, educator, and cultural leader.

B. Historical Context Provide a brief overview of the historical context of "Thorny Path": the Russian Revolution of 1917, the subsequent civil war, and the formation of the Soviet Union. Discuss Kazakhstan's transition from a nomadic society to a Soviet state, focusing on the political and cultural challenges faced by the Kazakh people.

Part 2: Guided Reading of Key Excerpts

A. Key Excerpts to Focus On:

1. Introduction of the Protagonist: Begin with the protagonist's journey, reflecting the author's own experiences during the revolution. This allows students to connect the narrative with historical realities.
2. Descriptive Passages on Social Change: Highlight sections where Seifullin describes the Kazakh people's reaction to the Russian Revolution and the socio-political shifts, providing insights into both hope and hardship.
3. Moments of Personal and Collective Sacrifice: Analyze key moments in the novel where the protagonist and other characters face difficult choices that reflect the novel's title, "Thorny Path."

B. Reading Activities:

1. Pre-Reading Discussion: Ask students to think about the challenges of social change and how they affect individuals and communities. Use this as a lens for understanding the struggles in the novel.
2. Textual Analysis: During the reading, students should annotate the text, noting passages that stand out in terms of symbolism, description, and character development.
3. Post-Reading Reflection: After reading each excerpt, hold a discussion around the following questions:
 - o How does Seifullin portray the revolution and its impact on the Kazakh people?
 - o In what ways do the characters reflect the tension between tradition and modernity?
 - o How does the protagonist's personal journey mirror broader societal changes?

Part 3: Thematic Analysis and Discussion A. Themes to Explore:

1. Revolution and Its Consequences: o Discuss how Seifullin presents the Russian Revolution as both a moment of possibility and a time of great struggle for the Kazakh people. Reflect on the different reactions of characters in the novel to these changes, considering the losses and gains brought by the new regime.
2. National Identity and Cultural Preservation: Focus on how Seifullin illustrates the Kazakh people's efforts to maintain their cultural identity in the face of Russian colonial influence and Soviet modernization. Ask students to consider how the theme of national identity is relevant today, particularly in post-colonial or rapidly modernizing societies.
3. Personal and Collective Sacrifice: Examine how the novel's title, "Thorny Path," reflects the hardships faced by the characters. How do the sacrifices made by individuals affect their communities? Encourage students to reflect on moments in history or current events where personal sacrifice has been required for social or political progress.

discuss one of the themes in greater depth. Each group will present their findings, emphasizing how Seifullin uses literary techniques such as symbolism, narrative structure, and character development to convey the theme.

Part 4: Critical Engagement through Assignments

A. Comparative Essay: Topic: Compare the depiction of social and political change in "Thorny Path" to another literary work that deals with revolution or national identity (e.g., *Animal Farm* by George Orwell, *Things Fall Apart* by Chinua Achebe). Objective: Encourage students to draw connections between Seifullin's work and global literary traditions, deepening their understanding of how literature can capture moments of societal transformation.

B. Creative Writing Assignment: Prompt: Write a diary entry or a letter from the perspective of a character in "Thorny Path," focusing on their personal struggles during the revolution. Objective: This activity allows students to explore empathy by placing themselves in the shoes of a historical character, enhancing their connection to the novel's themes.

C. Group Presentation: Each group will research a particular aspect of Kazakh culture, history, or politics during Seifullin's time and present how these factors influenced "Thorny Path." This encourages interdisciplinary learning, connecting literature to history and political science.

Part 5: Reflection and Conclusion

A. Class Reflection: How does "Thorny Path" inform our understanding of Kazakh history and the cultural impacts of revolution? What are the universal themes that resonate beyond the specific historical context of Kazakhstan?

B. Final Thoughts: Emphasize that "Thorny Path" is more than just a historical novel—it's a reflection on human endurance, the cost of progress, and the search for identity in times of radical change. Encourage students to consider how literature can be a tool for both preserving cultural memory and critiquing societal shifts.

Conclusion This pedagogical reading session provides students with a structured approach to understanding the historical, cultural, and literary significance of Saken Seifullin's "Thorny Path." By integrating literary analysis, thematic exploration, and critical engagement, students will not only appreciate the novel as a work of art but also develop a deeper understanding of the complex forces shaping early 20th-century Kazakhstan.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ТАҚЫРЫБЫ

**Астана қаласы
А.Құнанбаев атындағы
№87 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қабен Нұрболат Нұрланұлы**

«Қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин - халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен халық мүддесі жағында тұрар еді.

Ірі классик ақындардың, қазақ лириктерінің барлығының таңғажайып туындыларына көз салғанда, олардың қай-қайсысының да айналып өтпейтін нысанасы бар екенін байқауға болады. Ол – сұлу да көркем табиғат бейнесі. Шындығында да, қазақтың поэзиясында табиғат суреті, жаратылыс көріністері үлкен орын алатыны белгілі. Ақын өзінің бір танымал поэмасын ақындардың жырларында көп аталған және халықтың арман-үміт, ерлік, салт, дарын, даналық дәстүрлерінің мекені болған әсем табиғатты Көкшетауға арнағаны атап көрсетіледі [1,58].

М.Қаратаев: «Көкшетау поэмасы – С.Сейфуллиннің жарқын, колоритті, бір шабытты шығармасы,» -деп баға берсе, Е.Ысмаиловтың пікірінше, ол – бүкіл қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік аса ірі шығармалардың бірі.

Қазақ ССР ғылым академиясы кітапханасының қызметкері, бір кезде Сәкенге жолдас боп еріп жүрген Есім Байболовтың айтуы бойынша, «Көкшетау» поэмасы – ақынның 1925-1928 жылдар арасында, үш жылдан астам уақыт ішінде жазған творчестволық өнімді еңбегінің жемісі. Сол кезде Сәкен Бурабайға арнайы барып, Көкшетаудың бай да әсем табиғатына саяхат жасайды. «Оқжетпес», «Жеке батыр», «Жұмбақтас» сияқты тау-тасының үстіне шығып, Бурабайдың күміс суында қайықпен жүзіп жүрген. Мысалы, Есім «Бөлектаудың» басына шыққандағы бір көріністі суреттеп: «Бөлектаудың басынан Көкше аймағы тегіс көрінеді, Сәкен жан-жағына қарап тұрып, бір кезде даусын шығарып, әндете отырып дәптеріне жазды:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын,-

деп тоқтады да, маған қарап:

- Бала, қалай, осы өлең Көкшетаудың көркем келбетіне дәл келе ме?... деп сұрады», - дейді. Сонымен қатар, - дейді Есім бұдан әрі, - Сәкен өзінің «Көкшетау» поэмасын жазу үшін Балуан Шолақ, Біржан салдың туған жерін

аралады, Степняк жаққа да барып, материалдар жинап қайтқан еді, сол сапарында хандар мен қара бұқара арасындағы болған қақтығыс, талас-тартыстар тарихын да көп зерттеді».

Ақын сұлу табиғаттан қанатты шабыт алып, табиғаттың реалистік қалпын берген алғашқы туындылардың бірі болып саналады. Сондай-ақ осы кезеңдегі бұл саладағы үлкен жаңалық ұлы Абайдың өлеңдері еді. Абай дәстүрі кейінгі ақындарға, оның ішінде С.Сейфуллинге бет түзеп, бағыт алар нысан болды. Жырларында ғажайып табиғат бейнелерін, қайталанбас сұлу көріністерін тамаша суреттеген. Сыршыл да сұлу табиғат жыршысы өзінің шығармаларында табиғатты көркем суреттеумен қатар оны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне мінез-құлқына байланысты жырлады. Сәкен Сейфуллин адам жанының сезім-күйлерін, күйініш-сүйініштерін, жүректің ыстық, құштар толқындарын шебер де әсерлі суреттеген. Табиғаттың әсем құбылысы ақынның жан-дүниесімен үндесіп, сырлы сұлу, қиял-ғажайып ертегілерінде суреттелген ерекше бейнелер санада тіріліп, еріксіз көз алдыға келеді. Ақиық ақын өзінің туындыларында махаббаттың арман-аңсары мен құпия сырларына сұлу табиғатты куә етеді. Оған мысал: «Біздің жақта», «Тау ішінде», «Жазғы түнде», «Ақша қар», «Сағындым», «Қамауда», «Күздігүні далада», «Қырда», «Далада» өлеңдері. Бұл өлеңдерде туған өлкенің сырлы табиғаты, жастардың жүрек құпиялары, ынтық сезімдері оқырманды ерекше әсерге бөлейді.

Сәкен Сейфуллин «Далада» өлеңінде «алты жасар асауды ұстап мініп» ой-қиялымен даланы дүбірлетеді. Көсілген дала еркіндіктің бейнесі болса, асау тұлпар еркін де қайсар рухтың бейнесін сипаттайды. Ақын өлеңіндегі ой үш ұғымға тоғысады. Олар: дала, асау тұлпар және ақынның лирикалық қаһарманы. Ақын өлеңде «дала жаңғырады», «дүбірден күңіренеді», асауды «орғыды, оскырды», «зымырап құлашын керді», «көздері оттай» деген сөздермен бейнелейді. Ақынның лирикалық қаһарманы – еркіндікке құлашына құлаш сермеген жалынды жас. Ол кең даланы күңіrentіп ән салады. Өлең астарлы оймен жазылған. Ақынның даласы – еркіндіктің бейнесі, асауы – еркін рухтың, жалынды күрестің бейнесі, ал ақын әні жаңа заман күші. Жаңа заман үні «әділдік, теңдік іздеген», «еркіндік, кеңдік іздеген», «көкірегі жанып, бақыт іздеген» жастарға, іні-қарындасарға арналады. Ақын бақыт жолының бұраланып, күрделі де қиын жол екенін біле тұра, сол қиындықты қайратты ер жастардың ғана жеңіп шығатынына қалтқысыз сенеді де, бірлікке шақырады.

«Ақша қар» атты өлеңінде ақын табиғаттың күнә мен кірден пәк тазалығын тамашалайды. Тазалық пен адалдық – ақын идеалы. Кір басып былыққан ескі дүниеге ол ақша қарды қарсы қояды:

Ұшқындап сәні кеткен ағаштарға
Ақкүміс шашақ болып көрік бердің.
Құлпырып жұлдыздай боп күлімдейсің.
Не көркін көрдің, айтшы, қара жердің?
Михнаты былғанышты түсіп жерге
Кіршіксіз аппақ таза болдың перде.

Ақша қар, уайымсыз жалғыз - ақ сен,
Мәңгілік шаттығыңды жанға берме! –

деп, жаңа жауған ақша қар кірді тазартып, сәні кеткен ағаштарға шашақ тағып, көрік береді, жер бетін жұлдыздай жалтыратып, сәнге бөлейді.

Ақын үшін көркем табиғат аясындағы ақ бөкен де «адамның баласынан кем көрінбейді», сондықтан оны аямай атып кеткен рақымсыз мергенге қарғыс айтады. «Аққу құс» өлеңін оқығанда, «көлеңдеп жүріп сыланып», күміс көлге көрік беріп жүрген аққу құсты ғашық жарындай көретінін білесің. Ал боз торғай үнінен ақын шырқатып салған адам әнін сезінеді.

Ақын елдің елдігін, дарқан даланың кеңдігін жырласын, ақша қардың ақтығын, махаббаттың пәктігін жырласын, ең бірінші өз дүние түсінігі, ішкі жан күйі тұрады, сонысымен әлемді, бүкіл дүниені толғандырып, бірге тебіренеді. Сәкен поэзиясының көркі мен сұлулығы, сыршылдығы мен жыршыл суреткерлігі мен ойшылдығы талай оқырманын тамсандырып, талай дуалы ауыздардың ілтипатын иелендіріп, өзіне тәжі еткен. Ол қиялы – жүйрік, ойы – ұшқыр, қаламы – жүрдек ғажайып қасиет иесі, ол өз халқының ана тілінің мол байлығын қапысыз меңгерген ғажайып суреткер! Қаламгердің ақындық, жазушылық қабілетін танытатын басты белгі – шығарма тілінің көрікті, көркем, әсерлі болып келуі. Атамекенін мамыражай өмір салтын, табиғатын суреттеуде Сәкен Сейфуллин айшықты сөз қолданыстары мен көркемдегіш құралдарды шебер қолданған. Троптарды қолдану жазушының көркем ойының астарлы ойлау жүйесімен байланысты болады. Сөйлемнің түрлі реңдегі сөздер арқылы ойдың мәнерлі де толық жеткізілуі үшін қызмет атқарады [3,87].

Айта кетерлік жайт, Сәкен бойында саятшылық өнер болғандығын оның жан досы Хаскей Өтекин растайтынын «Жұлдыз» журналында жарияланған «Сәкеннің серігінен» көреміз. Табиғаттың құшағында аң қуып, бүркіт салған, көңілі тасығанда ән шырқап, күй тартқан өзі сері, өзі сал, өнерпаз Сәкеннің тағы бір қырын – әсемдік пен сұлулыққа құмарлығын айта кетсек, оның өзіндік портреті айқындала түсері сөзсіз.

1936 жылы Москва қаласында қазақ көркем өнері мен әдебиетінің он күндігі өтіп жатқанда Сәкен мен Сәбит А.Фадеевтің кабинетінде Галина Иосифовнаға кездесіп, қазақ тіліне Мәжит Дәулетбаев аударып, Сәкеннің өзі редактор болған «Маркетің жастық шағы» атты кітабын табыс етеді. Оған қоса Алматының хош иісті апортын сыйлапты. Осыған тәнті болған Галина Иосифовна өз қолынан дәм бермеуге, от жаққан шаңырағын көрсетпеуге дәті бармай, қонаққа шақырыпты. Үй ішінің жиһазын көзбен шолып шыққаннан кейін Сәкен қобдиша үстінде тұрған әдемі дүниені алақанына салып, олай-бұлай қарайды. Сөз арасында әлгі затқа көз қырын сұқтанып сала бергенін Галина Иосифовна аңғарып калып:

- Алыңыз, менің сізге тартқан сыйым болсын, - дейді. Сәкен азар да безер болып, «алмаймын» дегеніне қарамастан өзінің кішкене қобдишасына салып, қолына еріксіз ұстатады. Сәкен қысыла тұрып, рақметін айтады. Машина ішінде отырғанда да қобдишаны ашып, қарап отырғанын Сәбит

Мұқанов растайды. («Өсу жолдарымыз», 499-бет). Ол не зат дейсіздер ғой? Ол «дүниенің жеті кереметі» деп аталатын таңғажайып ғимараттар санатына қосуға болатын Үндістандағы Тадж Махал сарайының піл сүйегінен жасалған макеті екен.

Әсемдік пен сұлулықты осылайша қастерлей білген Сәкеннің бүкіл табиғи жаратылысының өзі «тұла бойы тұнған ақындыққа» (Ғ.Мүсірепов) ұласпасқа шарасы жоқ еді. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат дегенде көрерімізбен айтарымыз осындай болса, онда «Сүйікті жазушым» деп ой жебегенде оның өнерпаз тұлғасынан іздеріміз бен табарымыз мол болары сөзсіз.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Шымкент қаласы

**М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын
№8 мамандандырылған гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Адирбекова Айнур Базарбаевна**

Әдебиет – асыл ойдың сабағы. Бала әр сабаққа ойланып келіп, ойланып кетуі керек. Ойсыз өткен сабақ – бос, өнімсіз сабақ. Білім алушылар көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы танымдық қабілеті дамиды. Бүгінгі таңдағы алдымызда отырған Z ұрпаққа шығарма оқытудың өзі мұң болып отырғанда, осы мақаланың ішіндегі практикадан өткен, нәтижеге жеткен әдістермен оқытып, әрі талдату маңызды.

Сәкен Сейфуллин шығармаларын ЖИГСО, Қ.Бітібаеваның «Алдын ала оқыту» әдісімен оқытуға әбден болады. Әр жазушыны бала ойында ұзағырақ сақтау үшін сол қаламгердің елден ерекше қасиетімен сабақты бастағанды жөн көремін. Осы орайда Сәкеннің ерекшеліктеріне тоқталып өтсем:

- өмірде сырт келбеті тұрғысынан өте сұлу болған;
- Сейфолла мен Жамалдың тұңғыш ұлдары, шын есімі – Сәдуақас;
- әкесі – сөзге шешен, саятшы болса, анасы ертегіні әсерлі айтатын. Сәкен анасын ерекше жақсы көргендіктен, Жамалды ана демей, «Жәмеке» деп еркелейтін.
- барлық жанрда қалам сілтеген;
- «Біздің тұрмыс» шығармасында алғашқылардың бірі болып психологиялық талдау тәсілдерін ашқан;
- Қазан төңкерісін жүзеге асырушылардың бірі;
- Ақмола Совдепін құрған, аяқ киімінің өлшемі 41, алайда ыңғайлылық үшін 42 өлшем киетін болған;
- Азамат соғысы жылдары атаман Анненковтың азап вагонында, Колчак лагерінде қорлық көрсе де, адам ретіндегі қайсарлығын, принципке адалдығынан айнымаған;

-көптеген жауапты қызметтер атқарған (Қызылорда, Ташкенттегі институт директоры, «Еңбекші қазақ» газеті, «Әдебиет майданы» журналдарында редактор, Қазақ АССР Халық комиссарлар Советінің председателі)
 -өмірінің қиын тұстарында жұбаныш болған, тіршілікке құлшынысын оятқан – ұлы Аян болған. Аян деп есімін М.Әуезов қойған;
 -Сәкенге Аян, Ардақ деген есімдер ұнаған;
 -«Біздің тұрмыс» шығармасындағы кейіпкердің біріне Аян деген ат берген;
 -Сәкен сымбатын түзеп, өзіне қарап, еуропалық костюммен жүретін;
 -жары Гүлбахрамның бұрымының ұзындығы жерге дейін жететін;
 -Байсерке ауылында киіз үйде көңіл-күйі аса қайғылы болған тұста С.Мұқанов жиі-жиі халін сұрап келетін;
 -Сәкеннің үйінде жерден төбеге дейін Сәкеннің портреті, қасында айнасы, әтірі, тарағы тұрады екен, жастарға толы болатын көрінеді;
 -үш дана алтын сағаты болған (Сәкеннің сағаты таңғы 7:15-те тоқтаған – ол Сәкеннің өз қолымен соңғы бұрау болған.
 -1923 жылы «Қазақты қазақ дейік, қателікті түзетейік» деген мақала жазып, қырғыз аталып келген ұлттың қазақ екенін дәлелдеген.

«Проблемалар саудасы» әдісі арқылы Сәкеннің поэзиясындағы өзекті мәселе түйінін тарқатуға тырысамыз. Мысалы, «Сыр сандық» өлеңіндегі мәселе: «Сырдың кілті қолсандықта» екені және соны тапқан адамда болып тұр. Тағы бір өзекті мәселе: сұлу пернелер, перне деген – адам жан дүниесіндегі әсем сезімдер. Неге сезімді пернемен беріп тұр? Бір нотадан жаңылысып, басқа пернені бассан, әдемі әуеннің әуезін бұзасың. Ақынның айтпағы да осында. Әрі әдіс-тәсіл арқылы балалар қаржылық сауаттылықтарын дамытады.

«Тар жол, тайғақ кешу», «Айша», «Атаманның «азап вагонында»», «Қызыл ат», «Аққудың айырылуы», «Бандыны қуған Хамит», «Асау тұлпар» шығармаларын **«5 W» тәсілін** қолданып, шығарманың тақырып мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыруға шақырамын. **«Кім?» («Who?»), «Не?» («What?»), «Қайда?» («Where?»), «Қашан?» («When?»), «Не үшін?» («Why?»).** Сосын жаңа қоғамның өзгешеліктерін төңкерістен бұрынғы қазақ өмірінің мешеу көріністеріне қарсы қойған тұстарына назарларын бұрғызамын. «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы айтар ойларын дәлелмен шегелеуге үйретеміз.

Шығарма туралы пікірлеріңді «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы білдіріңдер:

Пікір, шығарманың идеясы туралы өзіндік пікіріңді бір сөйлеммен айтыңыз немесе жазыңыз.

Дәлел, Өз көзқарасыңды бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал, пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтіріңіз.

Қорытынды, шығарманың мазмұны бойынша қорытынды шығарыңыз.

Өлең құрылысын талдау жолдары:

«Сыр сандық» - 4 тармақты, 2 бунақты, 7-8 буынды, шалыс ұйқасты өлең
 Тыныс керек// кейде жанға, (8) а

Кейде жанға// ән керек. (7) б

Кейіпкер	Мінездеу түрі	Шығармадан дәлел келтіру

Күй шертуге// анда-санда, (8) а

Сырласарлық// жан керек. (7) б

Сонымен қатар шығармаларының ішінен троптың түрлерін анықтауға бағыт беремін:

Тапсырма: **Үзіндіден теңеуді тауып, кестеге түсіріңіз, түсіндіріп жазыңыз.**

Теңеуі бар сөйлем	Теңеу	Түсіндіріңіз. Неге теңеу?
Үлгі: Әдетте, қабақтары құрмадай құрысып жүретін шалдардың өзі шұнаңдап балаларға тіл қатады.	қабақтары құрмадай	Қабағын жұмсақ құрмаға теңеген (-дай жұрнағы)

Сабақтың соңында мынадай әдіс-тәсілдермен қорытындылаған тиімді:

Тапсырма: Үзінді мазмұнына сүйене отырып, **«Үш түрлі күнделік»** кестесін толтырыңдар.

Мәтіннен ерекше әсер еткен немесе ой салған дәйексөз келтіру	Қандай ой тудырды? Осыған байланысты қандай сұрақ туды?	«Мұғалімге хат» сұрақтар

«Айша» арқылы адам бостандығын, «Жер қазғандар» шығармасымен жұмыскерлердің өмірі мен бейнелейтін, «Аққулар ұйықтағанда» туындысымен адам мен табиғат арасындағы үнсіз, тылсым байланысты шебер көрсеткен. Жазушының төрт жолдық өлеңінің өзі-ақ оқушының көкжиегін кеңейтіп, өресін биіктетері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Бітібаева Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары // Алматы, «Рауан», 1990,-200 бет.
2. Кирабаев С. Сәкен Сейфуллин. – Алматы, 1964
3. Кәкішев Т. Қызыл сұңқар. – Алматы, 1968

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
С. Сейфуллин атындағы ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Акимбекова Аққу Сериковна**

С.Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, оның шығармалары ұлттық мәдениет пен тарихымыздың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда С.Сейфуллиннің әдеби мұралары ерекше рөл атқарады.

Осы баяндамада С.Сейфуллин шығармаларының оқушыларға тигізетін әсері, оларды талдау тәсілдері және танымдық қабілеттерді дамыту жолдары қарастырылады.

1. Сейфуллин шығармаларының мазмұны мен тәрбиелік мәні.

С.Сейфуллиннің шығармалары тақырыптық және жанрлық жағынан әр түрлі. Оның поэзиясы мен прозасында қазақ халқының тағдыры, тарихы, табиғаты мен мәдениеті терең сипатталған. Мысалы, «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасында ұлттық сана, тәуелсіздік жолындағы күрес суреттеледі. Оқушылар бұл шығарма арқылы қазақ халқының тарихымен танысып, рухани күш-қуатын сезінеді.

Шығармаларындағы образдар мен кейіпкерлер арқылы оқушылар адамгершілік, патриотизм, адалдық сияқты құндылықтарды игеруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар, С.Сейфуллиннің Иманақ тауында тығылып жүрген үңгіріне оқушыларды саяхатқа апару арқылы, оларға Сәкеннің ерліктерін мысалға келтіріп шығармаларынан үзінділер оқып, дәлелдер келтіріп, Сәкеннің басынан өткен оқиғаларды оқушылардың көз алдына келтіруге тырысамын.

Сондай-ақ оқушыларды Сәкен Сейфуллин атындағы мұражайға саяхатқа апарып, Сәкеннің өзінің тұрмыс-тіршілікте пайдаланған заттарын көрсету арқылы Сәкеннің қандай адам болғанын көріп, өз ойларын ортаға салады.

Сәкен шығармаларының мәні мен маңызы туралы пікір алмасып, өз көзқарастарын білдіреді. Бұл сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді.

2. Оқыту әдістемесі және танымдық қабілеттерді дамыту

С. Сейфуллин шығармаларын оқыту барысында әртүрлі әдістерді қолдану тиімді. Мысалы:

Топтық жұмыс: Оқушылар шығарманы топ болып талқылап, өз пікірлерімен бөліседі. Бұл тәсіл оқушылардың командалық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Шығармашылық тапсырмалар: Оқушылар шығарманың тақырыбына сәйкес эссе, мақала, өлең жазу немесе көрініс қою арқылы өз шығармашылық қабілеттерін көрсетеді. Мектеп театрының бастамасы бойынша Сәкеннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романы

бойынша қойылым қойылды. Өте жақсы сахналық көрініс болды, оқушылар өздеріне берілген рөлдерді нышандарына келтіріп ойнады, әрбір кейіпкердің образын дұрыс орындауға, шығарманың мәнін түсіне отырып оқушалар образға кіре алды. Шығармашылық әдіс оқушылардың коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді.

Табиғат аясындағы сабақ: Бұндай сабақтар барысында оқушыларымыз шығармашыл, бастамашыл болады, оқу үдерісінің жақсы өтуіне ықпал ететін танымдық қабілеттер ойлау, қабылдау, көңіл аудару, жадыда сақтау және қиялдары іске қосылады. Сонымен қатар Сәкеннің «Көкшетау», «Ақсақ киік», «Оқжетпес» поэмалары табиғат аясында оқылып, өз әсерлерін сурет арқылы қағаз бетіне түсіреді.

Нәтижелер мен қорытындылар. С. Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту – бүгінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі. Сәкеннің әдеби мұрасы тек әдебиетпен шектелмей, оқушылардың мәдениеті мен дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Ол үшін Иманак тауына, табиғат аясына оқушыларды апарып, патриоттық сезімін ояттық. Оқушылар Сейфуллин шығармаларын оқу арқылы өз ұлттық болмысын сезініп, ұлттық құндылықтарды тереңірек түсінеді.

Сәкен Сейфуллиннің "Біз" өлеңі ұлттық, рухани, әлеуметтік және эстетикалық құндылықтарды дәріптейді. Бұл туынды жастарға патриотизм, достық, табиғатқа деген сүйіспеншілік, сондай-ақ тарихқа құрметпен қарауды үйретеді, сол арқылы олардың тұлғалық және қоғамдық санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Осы идеяларға байланысты «Менің кіші Отаным» атты аудандық жобалар сайысына оқушым Мукашев Асылан қатысып, «Менің шағын Отанымның тарихы» атты бейнебаян түсіріп, жүлделі I орынмен марапатталып, облысқа жолдама алды. Жобаның басты идеясы С.Сейфуллиннің «Біз» өлеңі арқылы Отанға деген, туған жеріміз Жаңаарқаға деген сүйіспеншілігін жеткізді.

Осылайша, С. Сейфуллин шығармаларының оқу мен талдауы – оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Сейфуллиннің әдебиеттегі орны мен мәні – қазіргі оқыту процесінде ескерілуі тиіс басты аспектілердің бірі.

Ұлытау облысы бойынша С.Сейфуллин атындағы мектептермен меморандумға қол қойылып, альянс құрылып мектебіміз облыстық деңгейде «Сәкеннің сарқылмас дариясы» атты іс-шара өткізді. Аталмыш іс-шара ҚР еңбек сіңірген әртісі белгілі сәкентанушы Серік Оспанов ағайымыздың бастауымен өтті. Оқушылар Сәкен шығармаларынан өлеңдер оқып, ән айтты.

Мектебімізде дәстүрлі түрде жыл сайын «Сәкен оқулары» өтеді. Биылғы оқу жылында Сәкен оқулары мүшайра ретінде аудандық деңгейде өткізілді. Атап айтсам, «Сәкен әндерін орындау», «Сәкен өлеңдерін мәнерлеп оқу», «Сәкенге арнау» және «Сәкен шығармаларынан» сурет байқауы атты төрт бөлімді қамтыды. «Сәкен өлеңдерін мәнерлеп оқу»

бөлімі бойынша оқушым Асылан бас жүлде алып, облысқа жолдама иеленді. Әрдайым Сәкен өлеңдерін нақышына келтіріп оқып, жаттаудан еш жалықпайды.

Ауданымыздағы С.Сейфуллин атындағы мұражаймен және аудандық орталықтандырылған Сәкен Сейфуллин атындағы кітапханамен бірлескен жоспармен жұмыс атқарудамыз. Жоспар аясындағы жұмыс барысында оқушыларымыздың Сәкен шығармаларына деген танымдық қабілеттері арта түсуде.

С. Сейфуллин – қазақ әдебиетінің алтын қорына кіретін тұлға, оның шығармалары жастардың танымдық қабілетін дамытуда ерекше орын алады.

Сәкеннің поэзиясы мен прозасы оқушылардың ұлттық мәдениет пен тарихты түсінуге, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыруға ықпал етеді. Оның шығармалары арқылы оқушыларға адамгершілік, патриотизм, адалдық сияқты маңызды құндылықтарды ұғындыру мүмкіндігі бар.

«Тар жол, тайғақ кешу» романы қазақ халқының тарихы мен тағдыры туралы терең ойлар қозғайды. Оқушылар бұл шығарма арқылы қазақ халқының күресі, ерлігі мен азаттық жолындағы талпыныстары туралы мәлімет ала алады.

Шығармада көтерілген мәселелер оқушылардың сыни ойлау, пікір білдіру, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Оқушыларды шығарманы талқылауға, топтық жұмысқа тарту арқылы олардың белсенділігін арттыруға болады.

Сейфуллин шығармаларын оқыту барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамытуға бағытталған практикалық жұмыстарды ұйымдастыру тиімді. Мысалы, шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталастар өткізу арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларын арттыруға, өз ойын жеткізе білу қабілетін дамытуға мүмкіндік беріледі. Бұл оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, өздігінен ізденуге ынталандырады.

С.Сейфуллин шығармаларының мәні мен мазмұнын тереңірек түсіну, оқушыларға ұлттық әдебиеттің байлығын ашып көрсету – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Сейфуллиннің әдеби мұрасы – оқушыларды жан-жақты дамыту, олардың дүниетанымын кеңейту, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын ояту құралы ретінде қызмет етеді. Сондықтан Сәкен шығармаларын оқу және талдау, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту үшін маңызды бағыт болып табылады.

С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту - маңызды педагогикалық мақсаттардың бірі. Сейфуллиннің шығармалары, әсіресе, поэзиясы мен прозасы, ұлттық рухты, табиғатты, адамның ішкі дүниесін терең сезінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

Талқылау сабақтары: Сейфуллиннің шығармаларын талқылау арқылы оқушылардың өз пікірлерін білдіруіне, сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік беріледі.

Шығармашылық тапсырмалар: Оқушыларға Сейфуллиннің шығармалары бойынша эссе, шығарма жазу, немесе өздерінің өлеңдерін жазу тапсырмаларын беру. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

1. **Кроссвордтар мен ойындар:** Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына қатысты кроссвордтар немесе викториналар ұйымдастыру. Бұл тәсіл оқушылардың білімін тексеріп, қызығушылықтарын арттырады.
2. **Табиғатпен байланыс:** Сейфуллиннің шығармаларында табиғаттың суреттелуі маңызды. Оқушылармен бірге табиғатқа шығып, сол жердегі көріністерді суреттеу немесе поэзия жазу.
3. **Мультимедиялық жобалар:** Оқушыларға Сейфуллиннің шығармаларын зерттеу барысында презентациялар, видеороликтер немесе графикалық жобалар жасау. Бұл әдіс оқушылардың ақпаратты визуализациялау қабілетін арттырады.
4. **Дебаттар:** Сейфуллиннің идеяларын, философиясын және қоғамдық пікірлерін талқылау үшін дебаттар ұйымдастыру. Бұл тәсіл оқушылардың аргументтеу, талдау және тыңдау дағдыларын дамытады.

С. Сейфуллиннің шығармаларының тереңдігі мен мәнділігі, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту үшін мол мүмкіндіктер береді. Олардың мәдени және тарихи контекстерін түсіну арқылы, жас ұрпақтың патриоттық сезімдерін оятып, рухани дамуына ықпал етуге болады.

СӘКЕН МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Көкшетау қаласы
№1 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Аймаханова Ақжамал Ераханқызы**

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру болып табылады. Функционалды сауатты оқушы – мектептегі білім сапасының көрсеткіші. Себебі заманауи білім оқушыларды тек академиялық біліммен қамтамасыз етіп қоймай, олардың жан-жақты, өмір жолында кездесетін кедергілерді оңай шеше алатын тұлға етіп тәрбиелеуді мақсат етеді. Сондықтан да академиялық білім барысында алынған ақпарат пен дағдыларды нақты жағдайларда пайдалану қабілетіне баса назар аударылады.

Функционалдық сауаттылығы дамыған оқушының айрықша

белгілері:

- ✓ әр түрлі тұрмыстық мәселелерді сәтті шешеді;
- ✓ әр түрлі әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас жасай алады және жол таба алады;
- ✓ байланыс құру үшін негізгі оқу және жазу дағдыларын қолданады;
- ✓ бір факт немесе құбылыс зерттеліп, содан кейін әр түрлі жағынан талданған кезде пәнаралық байланыстар жасайды.

Жағдайды бағалау және алған білімдерін іс жүзінде пайдалану қабілеті бір сабақта қалыптаспайды. Функционалдық сауаттылықты арттыру процесі бірнеше жыл бойы оқу бағдарламасына қисынды түрде енгізілген.

Еңбек нарығында кез келген қиындықтарға тез жауап бере алатын, жаңа білімді игере алатын және оларды туындаған мәселелерді шешуде қолдана алатын мамандар сұранысқа ие. Бұл – функционалды сауатты адамдар. Егер оқушыға осындай дағдыларды игерте алсақ, ұстаз ретіндегі міндетімізді дұрыс орындағанымыз дер едім.

Сонымен функционалдық сауаттылық оқушыларға білімді нақты өмірде тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін заманауи білім берудің негізгі аспектісі болып табылады. Әдебиет сабақтарының контекстінде бұл сауаттылықтың дамуы тек мәтінді түсінуді ғана емес, сонымен бірге алынған білімді талдау, түсіндіру және қолдану қабілетін де қамтиды.

Функционалдық сауаттылыққа үйрету бір қарағанда қиын сияқты көрінгенімен, тәжірибелі, сабақта түрлі заманауи оқыту әдістерін қолданатын педагог оқушылардың қызығушылықтарын арттыра отырып, бұл мақсатқа да оңай қол жеткізеді.

Оқушылардың функционалдық, оның ішінде оқу сауаттылығын арттыру барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің орны ерекше. Қазақ әдебиеті пәнінде, нақтырақ Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың бірнеше тәсілдері бар.

Жалпы оқу сауаттылығы дегеніміз – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі [1]. Зерттеушілер оқу сауаттылығы ұғымына осындай анықтама береді. Басқаша айтқанда, ана тілі, әдебиет пәндерінде оқу сауаттылығын дамыту – мәтінмен жұмысты толық игеру, тыңдалым, айтылым, оқылым, сөйлесім, жазылым дағдыларын меңгеру. Демек, тілді игерудегі барлық дағдыларды меңгерген оқушы оқу сауаттылығын дамытты деуге толық негіз бар.

Демек, әдебиет оқулығында берілген Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын оқу, талдау, мазмұндау, сол бойынша алған білімін қорытындылау кезінде біз оқушылардың оқу сауаттылығын арттыра аламыз. Мәселен, «Көкшетау» поэмасын оқу барысында оқушыларға түрлі тапсырма беру арқылы өз беттерінше іздену, ой қорыту, оқыған шығармасының мазмұнын өмірмен байланыстыра алу, пікірлерін ашық, еркін жеткізе алу сияқты дағдыларын қалыптастыруға болады. Ол үшін

оқушыларға ашық және жабық тапсырма түрлерін ұсынамыз.

Мысалы, «Көкшетау» поэмасында ақын жырға қосқан аңыздар туралы айта келіп, ақынның бұл аңыздарды поэмасына қосуда қандай мақсатты көздегені туралы ойларын сұраймыз немесе Сәкеннің табиғатты жырлаудағы ерекшелігін, поэмада басқыншылық пен махаббаттың, қара күш пен сұлулықтың, ақылдың бір-біріне қарсы тұратын тұстарына баса назар аударту арқылы шығарманың негізгі идеясы туралы ойлантамыз. Немесе поэманы оқып болған соң, қорытынды ретінде оқушыларға «Көкшетауға өзіңнің перзенттік сүйіспеншілігіңді білдіріп хат жаз», «Адақтың орнында болсаң, не істер едің?», «Дәл қазір алдында сұлу қызды құтқару мүмкіндігі тұрса, не істер едің?» деген сияқты сұрақтар қоя отырып, олардың тақырыпты түсінгенін тексеріп қана қоймай, шығармашылық қабілетін, қиялын дамытамыз.

Әдебиет сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бірнеше жолдары бар:

1. Мәтінді түсіну – функционалдық сауаттылықты дамытудың алғашқы қадамы-әдеби шығармаларды оқи және түсіне білу. Мұғалім келесі аспектілерге назар аударуы керек:

* Шығарманың контексті: тарихи және мәдени фонды білу автордың ниетін жақсы түсінуге көмектеседі;

* Тақырыптар мен мәселелер: шығарманың негізгі тақырыптарын талқылау мәтінді тереңірек түсінуге ықпал етеді.

2. Талдау және түсіндіру – әдеби мәтінді талдау сыни ойлауды дамытады. Оқушылар оқу барысында:

* Негізгі идеяларды бөліп көрсету арқылы шығарманың негізгі ойларын табу және тұжырымдау мүмкіндігін иеленеді.

* Шығармаларды салыстыру: әр түрлі авторлық стильдер мен жанрларды талдау ойлау икемділігін дамытуға көмектеседі.

3. Білімді қолдану – функционалды сауаттылық тек мәтінді талдай білуді ғана емес, сонымен қатар білімді іс жүзінде қолдана білуді де білдіреді. Ол үшін оқушы тақырып қорытындысы ретінде жеке, шығармашыл тапсырмаларды орындайды. Мәселен:

* Жобалық жұмыс: топтық жұмыс және креативті ойлау дағдыларын дамытатын зерттелетін шығармалар негізінде жобалар құру.

* Эссе не ой толғаулар жазу: ойын жүйелеуге және өз пікірін білдіруге көмектеседі, бұл әрі қарай оқу мен өмір үшін маңызды. Себебі қандай ортада болмасын, өз ойын ашық, еркін, дәлелді жеткізе алатын адам бағалы.

4. Сыни тұрғыдан ойлау – әдебиет сабақтарында сыни ойлауды дамытуға мынадай тапсырмалар көмектеседі:

* Пікірталастар: оқушыларға өз көзқарастарын айтуға және дәлелдеуге мүмкіндік беру арқылы мәселеге сыни тұрғыдан қарауды үйретеді.

* Проблемалық тапсырмалар: нақты міндеттерді шешуді қажет ететін тапсырмалар аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

5. Технология және мультимедия – қазіргі заманғы технологиялар

әдебиетті зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашады:

* Интерактивті платформалар: мультимедиялық материалдарды пайдалану оқушылардың назарын аударуға және сабақтарды қызықты етуге көмектеседі.

* Сыныптан тыс үйірмелер, әдеби шығарманы талдау клубтары: оқушыларды пікір алмасуға, көпшілік ортада өз ойын жеткізуге, көркем, шешен сөйлеуге дағдыландырады.

Бұл Сәкен Сейфуллиннің бір шығармасын оқыту арқылы функционалдық сауаттылыққа дағдыландырудың бір мысалы ғана. Негізінен Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық-саяси қызметі, елі үшін «тар жол тайғақ кешуі», әдеби туындылары, баспасөз беттерінде жарияланған өзекті мақалалары – әрқайсысы оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудың жеке-дара құралы деуге болады.

Қайраткер «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1923 жылғы №66 санында «Қазақты «қазақ» дейік, қатені түзетейік» деген мақаласы жарық көреді. Онда Сәкен Сейфуллин «...«Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!» деп ой қорытады. Осыдан кейін екі жыл өткенде бүкілқазақ съезінде «қазақ» деген тарихи ат қайтарылады.

Осының өзі түсініп оқыған жанға, Сәкендей арыстың сол кездегі саясатқа қарсы шығып, қара басын қаншалықты қатерге тіккенін ұғынған жанға өмірлік азық. Бұған Сәкеннің «кеңсе тілі қазақша болуы керек» деген талабын қосып түсіндіру арқылы оқушыларды ана тілін құрметтеуге, өз ұлтының ертеңі үшін еңбектенуге шақыра отырып, ұлтжандылыққа тәрбиелейміз.

Әдебиет сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту белсенді және сыни оқырмандарды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды міндет болып табылады. Бұл міндетті шешуде Сәкен Сейфуллин шығармаларын қолдану арқылы мұғалім қаламгердің өмірі мен еңбек жолын насихаттап қана қоймай, оқушылардың бойына ұлттық құндылықты сіңіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».
2. Мухтаров А.Х. Қазақ тілін оқытуда жазылым дағдыларын дамытудың тиімді әдістері/ «Білім айнасы» басылымы, 2018 ж.

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
Ж.Жабаев атындағы
№4 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Аксисенова Гулсезим Канаткалиевна**

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру қазіргі білім беру жүйесінде басты мақсаттардың бірі ретінде қарастырылуда.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылық-оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Бұл заманауи қоғамда әр азамат үшін маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Жаңа білім беру парадигмасында функционалдық сауаттылықты дамыту тек теориялық білім берумен шектелмей, оны практикалық өмірмен ұштастыра отырып, оқушылардың танымдық, зерттеу, ойлау қабілеттерін дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен Сейфуллиннің шығармалары ерекше мәнге ие. Оның шығармаларының мазмұны терең әлеуметтік-мәдени және тарихи мәселелерді қамтиды, сондықтан оларды оқу барысында оқушылар тек әдеби сауаттылықты ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік және функционалдық дағдыларды да игереді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ әдебиеті мен мәдениетінің аса құнды бөлігін құрайды. Ол XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық және саяси өмірінің айнасы іспеттес. Сейфуллиннің өлеңдері мен прозалық туындылары сол кездегі ұлт-азаттық қозғалыстардың, тәуелсіздік үшін күрескен тұлғалардың бейнелерін сипаттап, қазақ халқының рухани құндылықтары мен ұлттық санасын қалыптастыруға ықпал етті. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында Сейфуллин шығармаларын оқыту арқылы, олар қоғамдағы әлеуметтік, саяси және мәдени процестерді түсіну қабілеттерін дамытып, ұлттық тарих пен әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра алады.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу бағдарламаларында оқушылардың білімін тәжірибеде қолдану қабілетін дамытуға басымдық берілуде. Бұл тұрғыдан алғанда, С.Сейфуллин шығармаларын қолдану өзекті болып табылады, өйткені оның шығармаларының тақырыбы, стилі, көркемдік тәсілдері оқушылардың сыни ойлауын дамытуға және ақпаратты талдап, қолдануға мүмкіндік береді.

С.Сейфуллин шығармаларын оқыту барысында тек әдебиеттің

көркемдік ерекшеліктерін талдау емес, шығармалардың мазмұны мен олардың тарихи-мәдени контексін функционалдық сауаттылық тұрғысынан қарастыру жаңашыл әдіс болып табылады. Мысалы, Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романын оқу барысында оқушылар сол кезеңдегі саяси оқиғаларды зерттеп, олардың қазіргі қоғаммен ұқсастықтарын анықтай алады.

Бұл әдіс оқушыларды қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерге қызықтырып, оларды сыни тұрғыда ойлауға, өз көзқарасын дәлелдей білуге үйретеді.

Сейфуллиннің шығармаларын оқу арқылы оқушылардың мәтінді дұрыс түсіну, логикалық байланыстыру, мәтіннен негізгі идеяны табу сияқты қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, әдебиетті оқытуда интердисциплинарлық тәсілдерді қолдану оқушыларға тарихи және әлеуметтік білімдерді өзара байланыстырып, функционалдық сауаттылықты кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді.

Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістеріне тоқтала кетсек:

1. Мәтіндік талдау және сыни ойлау дағдыларын дамыту: Сейфуллин шығармалары оқушылардың мәтінді терең түсініп, негізгі ойды анықтап, талдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Тар жол, тайғақ кешу» романын оқи отырып, оқушылар сол кезеңдегі тарихи оқиғаларды сыни тұрғыда түсініп, қазіргі қоғамдағы оқиғалармен байланысын талдай алады. Бұл әдіс оқушылардың талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

2. Тарихи-мәдени контекстті меңгеру: Сейфуллин шығармаларында бейнеленген тарихи кезеңдер оқушыларға қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресін түсінуге көмектеседі. Бұл арқылы олар қазіргі қоғамдағы ұлттың әлеуметтік және саяси өміріндегі мәселелерді тереңірек түсінеді. Мәселен, Сейфуллиннің тарихи кезеңдерді суреттеу стилі мен фактілерді берудегі шеберлігі оқушыларға сол заманның құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

3. Интердисциплинарлық байланыстарды орнату: Сейфуллин шығармаларын оқыту барысында қазақ тілі мен әдебиетінен басқа пәндермен байланыстыру маңызды. Мысалы, тарих, география және құқық пәндеріндегі тақырыптарды әдеби шығармалар арқылы түсіндіру оқушылардың алған білімдерін кешенді түрде пайдалануына септігін тигізеді.

4. Топтық және жекелей жобалар арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту: Оқушыларға Сейфуллин шығармаларын талдау барысында топтық немесе жеке зерттеу жұмыстарын ұсыну арқылы олардың сыни ойлау, зерттеу, ақпарат іздеу және оны жүйелеу қабілеттерін дамытуға болады. Мысалы, оқушылар «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасын оқып, сол кездегі саяси ахуалды қазіргі кездегі оқиғалармен салыстырып, өз жобаларын қорғай алады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқара алады. Оның шығармалары

оқушыларды тек әдебиетпен ғана емес, қоғамның тарихи, әлеуметтік және мәдени аспектілерімен де таныстырады. Шығармалардағы терең идеялар мен көркемдік ерекшеліктер оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, өз ойларын дәлелдеу және қорытынды шығару қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар Сейфуллин шығармалары оқушылардың ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы олардың қоғамда белсенді және білімді азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Жаңа білім беру әдістері мен функционалдық сауаттылықты арттыруға бағытталған тәсілдер арқылы оқушылар С.Сейфуллин шығармаларының мазмұнын терең түсініп қана қоймай, оны өз өмірінде қолдана алатын құнды білімдерге ие болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: Роман. – Алматы: Жазушы, 1988.
2. Құнантаева Қ. Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2013.
3. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2005.
4. Жұмалиева Л. Функционалдық сауаттылықты арттырудағы әдебиеттің рөлі. // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, №3, 2018.
5. Әмірбекова Б. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың жолдары. // Білім беру, №6, 2020.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ: ӘДЕБИ МҰРАНЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ

**Астана қаласы
Т.Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Амангельді Аружан Жақыпжанқызы**

Андатпа: Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын цифрландыру – бұл әдеби мұраны заманауи технология арқылы сақтау мен насихаттаудың маңызды қадамы. Цифрлық форматқа ауыстыру Сейфуллиннің туындыларына қолжетімділікті арттырып, оларды жаңартылған платформада таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл процесс жас ұрпаққа қазақ әдебиетінің бай тарихын үйрету, сондай-ақ Сейфуллиннің шығармашылығын әлемдік деңгейде насихаттау үшін аса қажет. Цифрландыру жұмыстарының нәтижесінде автордың шығармалары оқырмандарға қолайлы әрі заманауи тәсілмен жеткізілетін болады, бұл өз кезегінде қазақ мәдениетінің өзектілігін арттырады.

Теориялық бөлім.

Бүгінгі күні білім беру саласында жаңартылған оқу бағдарламасымен қоса, жаңартылған оқу форматында сабақ өту, цифрлы технологияларды

ұтымды пайдалану күннен күнге дамуда. Оқу үдерісі және нәтиже тұрғысынан зерттелетін цифрлы оқыту, оны «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» тұрғысынан әрекеттесуін ұйымдастыру үдерісі ретінде түсінік береді. Оның ерекшеліктері цифрлы білім беруде электронды оқытудың құрылымдық және мазмұндық бөліктерімен анықталады.

Цифрлы оқытудың басты ерекшеліктері:

- Оқу материалын ұсыну және қолжетімділік;
- Онлайн/офлайн білім беру;
- Түрлі оқыту платформаларында оқу үдерісін басқаруда нақты цифрлы құралдардың болуы;
- Уақыт үнемдігі;

«Заманына қарай адамы» демекші, заман талабына сай білім беруді ұйымдастыруда бүгінгі күні цифрлы технологиялар қарқынды даму үстінде. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында да цифрлы технологияларды ұтымды пайдала аламыз. Компьютерлік лингвистика, қолданбалы лингвистика салалары бізде XIX ғасырдан бері бастау алуда. Осыған байланысты Асқар Жұбанов өзінің «Компьютерлік лингвистикаға кіріспе» еңбегінде: «Мәтінге қатысты компьютерлік-инженерлік жұмыстар, яғни мәтінді толық қабылдау және оны «туындату» тек «адам-компьютер-адам» коммуникативтік жүйесінде ғана іске асады. «A1» - хабаршы, «A2» - хабарды қабылдаушы ролінде, ал компьютер – хабаршының хабарламасын қабылдаушы адамға жедел және қолайлы түрде жеткізетін аралық компонент» (1,25). Яғни бұл тұста бізге компьютердің ақпарат жеткізудегі маңызды ролін айтып тұр. «Инженерлік тіл білімінің келесі бір маңызды проблемасы – лингвистикалық алгоритмдер мен олардың программаларын құру мәселесі. Мұны басқа сөзбен – «компьютерді оқыту» деп те айтуға болады» (1,25). Сол себепті цифрлы оқыту бізге жаңа дүние болып келмеу керек.

Сабақта сандық технологияларды пайдалану үшін, біз ең алдымен бағдарламамен дұрыс жұмыс жасауды білуіміз қажет. Сол арқылы біз сабақты цифрландыра түсеміз, яғни модельдейміз. Асқар Жұбанов өзінің еңбегінде модельдеуге мынандай анықтама береді: «Модель ұғымының анықтамасы бойынша, модель қайсыбір жүйені қайта туындатады. Ондай жүйе өзара байланыста тұратын және бүтіндік сипатта қызмет ететін элементтер немесе бөліктерден тұрады» (1,54). Осыған орай, сабақты модельдей түсеміз, яғни цифрландыруды қолданамыз.

Рубен Р. Пуэснтедор ұсынған SAMR моделі бүгінгі күні заманауи технологияларды бала оқытуда енгізу мүмкіндігін түсіндіреді. Әсіресе, гуманитарлық білімде қажеттілігі арттып келеді. Модельдің негізгі мақсаты – оқытушылар мен мұғалімдерге оқу үдерісінде оқытуда заманауи цифрлық технологияларды сабаққа енгізе отырып, сабақты одан әрі жетілдіру. SAMR моделі 4 қадамнан тұрады (2):

- I.Ең төменгі – ауыстыру (substitution) деңгейі;
- II.Жақсарту деңгейі (augmentation);
- III.Модификация деңгейі (modification);
- IV.Түрлендіру немесе қайта анықтау (redefinition) деңгейі;


SAMR моделінің ауыстыру деңгейінде біз сабақтың мақсатының моделін жасаймыз. Біз қолданатын платформа: genial.ly.

Модельдеу ұғымы қазақ тілі білімде жаңа үрдіс болмағанымен, сабақты модельдеу - жаңашылдық. Компьютер бес жаңа педагогикалық құралдар береді:

1. интерактивті
2. мультимедиялық
3. модельдеу
4. коммуникация
5. өнімділік

Практикалық бөлім

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын цифрландыруда барлық шығармаларын жинақтап, моделдейміз. 1-суреттегідей барлығын енгізіп, арнайы интерактивті түймешіктер арқылы цифрландырамыз.



1-сурет

Жинақтағаннан соң, мәліметтер қорын толықтыру мақсатында барлығына мәлімет енгіземіз (2-сурет). Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының барлығы бір жерде орналасуы оқырманға тиімді және ыңғайлы.

Цифрландырудың маңызы:

1. Мұраны сақтау: Цифрландыру арқылы Сәкен Сейфуллиннің шығармалары, оның қолжазбалары мен архивтік материалдары уақыт өте келе жойылып кетуден сақталады. Бұл технологиялар арқасында материалдар заманауи форматтарға көшіріледі, архивтерде цифрлық нұсқалары сақталады.
2. Қолжетімділікті арттыру: Цифрланған әдебиет тек ғылыми зерттеушілер мен әдебиеттанушыларға ғана емес, сонымен қатар

кең аудиторияға да қолжетімді болады. Интернет арқылы әркім Сәкеннің шығармаларымен танысып, оларды оқи алады.

3. Жаңашылдығы: Цифрландыру барысында шығармалар мультимедиялық контентке айналуы мүмкін. Мысалы, аудио, видео, интерактивті платформалар арқылы Сәкеннің поэзиясы мен прозасы тыңдалатын немесе көрілетін болады. Бұл жаңа форматтар шығармаларды жаңа аудиторияға жеткізуге көмектеседі.



2-сурет

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын цифрландыру – бұл тек әдебиетті сақтау ғана емес, сонымен қатар оны жаңа форматта насихаттау. Заманауи технологиялардың көмегімен біз оның бай мұрасын болашақ ұрпаққа жеткізуіміз, әдебиетіміздің құндылықтарын дәріптеуіміз қажет. Осылайша, қазақ әдебиетінің тарихында Сәкен Сейфуллиннің орны мәңгі сақталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Қ.Жұбанов Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: «КИЕ», 2013. – 204- бет.
2. Е.А. Ефимова Каким должно быть цифровое домашнее задание: обзор зарубежных исследований. *Информатика и образование*. 2021;(6):51-59.
3. Сәкен Сейфуллин Көп томдық шығармалар жинағы, -- Алматы:«Қазығұрт», — 2004. Т 2. Өлеңдер. — 392-бет.
4. Сәкен Сейфуллин Көп томдық шығармалар жинағы.— Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. Т.3. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. – 400- бет.
5. Сәкен Сейфуллин Көптомдық шығармалар жинағы / Сәкен Сейфуллин – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. Том 11. – 480- бет.

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛУ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Баракова Карлыгаш Нурмахмудовна**

С.Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – бұл өте маңызды әрі қызықты тақырып. Сейфуллиннің шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына кіретін туындылар болғандықтан, оларды оқу арқылы оқушылар тек әдеби білімдерін ғана емес, сонымен қатар өмірлік дағдыларын да дамыта алады. Функционалдық сауаттылық деп тек оқу немесе жазу дағдысын меңгеруді емес, сол дағдыларды өмірде қолдану қабілеттілігін айтамыз. Мысалы, мәтіндер арқылы ақпаратты дұрыс түсініп, оны өмірде қолдануға үйрену – бұл функционалдық сауаттылықтың бір көрінісі.

С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы – қазақ әдебиетінің маңызды туындыларының бірі болып табылады. Бұл поэмада автор туған жерге деген сүйіспеншілік, ұлттық табиғат пен оның құндылықтарына құрмет көрсету сияқты тақырыптар көтерілген. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін «Көкшетау» поэмасын талдау өте тиімді болар еді, себебі бұл шығармада тек табиғат, туған жер сұлулығы ғана емес, адамның ішкі әлемі мен қоғамдағы өзара қарым-қатынастар туралы да маңызды ойлар бар.

1. Мәтінді түсіну және талдау дағдыларын дамыту.

«Көкшетау» поэмасы – образды, символикалық және метафоралық тілмен жазылған туынды. Оқушыларға поэманы талдауда оның құрылымына, тілдік ерекшеліктеріне, әдеби әдістер мен тәсілдеріне көңіл бөлдіру арқылы функционалдық сауаттылықтарын арттыруға болады.

Мысалы:

- **Поэманың негізгі идеясын анықтау:** Оқушыларға поэманың негізгі ойын анықтауды сұрау (тек табиғат сұлулығы туралы ғана емес, туған жерге деген сүйіспеншілік, Отанды қорғау, ұлттық құндылықтарды сақтау және т.б.).

- **Поэманың әр бөлімін талдау:** Поэманың әрбір бөлігін оқып, оның мазмұнын түсінуге көмектесу, маңызды тұстарды бөліп көрсету (мысалы, Сейфуллин табиғаттың әртүрлі көрінісін сипаттай отырып, адамның ішкі күйін білдіреді).

- **Метафораларды түсіну:** Поэманы оқу кезінде метафоралар мен символдар арқылы жазылған тұстарды талдап, олардың мағынасын түсіндіру. Мысалы, «Көкшетау» деген сөз тек табиғат көрінісін ғана емес, туған жерге деген махаббаттың символы ретінде қолданылған.

2. Сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сейфуллиннің шығармасы өзінің терең ойлары, саяси және әлеуметтік

мәні арқылы сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді. «Көкшетау» поэмасында табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, туған жерге деген махаббат мәселелері көтерілгендіктен, оқушыларды осы мәселелерді талқылауға тартуға болады. **Мысалы:**

- **Туған жер мен табиғаттың байланысы:** Оқушыларға поэмадан үзінді беріп, табиғат пен адамның арасындағы байланысты түсіндіруді сұрау. «Көкшетау» поэмасы адам мен табиғаттың бірлігін, олар бір-біріне қалай әсер ететінін көрсетеді. Осы тұста оқушылар табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті талдай алады.

- **Туған жердің маңызы:** Оқушыларға «Көкшетау» поэмасында туған жердің қалай сипатталғаны туралы сұрақтар қою, олардың өз туған жері туралы ойларын ашуға көмектесу. Осылайша, олар өз өміріндегі құндылықтарды тереңірек түсінеді.

- **Қоғамдық мәселелерді талқылау:** Поэмадағы ұлттық бірлік, жерге деген сүйіспеншілік, туған жерге деген адалдық сияқты тақырыптарды қазіргі қоғаммен байланыстырып, оқушыларды талқылауға шақыру.

3. Жазбаша және ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін олардың жазбаша және ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту маңызды. «Көкшетау» поэмасы арқылы олар тек мәтін талдап қана қоймай, өз ойларын еркін, айқын және дәл жеткізе білуге үйренеді. **Мысалы:**

- **Эссе жазу:** Оқушыларға «Көкшетау» поэмасы туралы эссе жазуды ұсыну. Мұнда олар шығарманың басты идеясын, табиғаттың бейнесін, автордың көзқарасын және осы поэманың өз өмірінде қандай мәні бар екенін анықтап жазуы керек.

- **Презентация жасау:** Оқушылар «Көкшетау» поэмасының әртүрлі аспектілерін зерттеп, сол туралы презентация жасауға дағдыланады. Олар автордың өмірі мен шығармашылығы, поэманың негізгі идеясы, қолданылған әдеби құралдар туралы баяндап, өз ойларын топ алдында ортаға салады.

- **Дебат өткізу:** «Туған жерге деген сүйіспеншілік адамның ең басты қасиеті болуы керек» деген тақырыпта дебат өткізу. Бұл оқушыларға өз пікірлерін жүйелі түрде айтуға, дәлелдер келтіруге және басқа көзқарастарды құрметтеуге мүмкіндік береді.

4. Өмірмен байланыстыру.

«Көкшетау» поэмасын оқу арқылы оқушыларға туған жер, ұлттық мәдениет, табиғат қорғау сияқты маңызды мәселелерді түсіндіру арқылы оларды қазіргі өмірмен байланыстыруға болады. Бұл тек әдеби білім берумен шектелмей, өмірлік дағдыларды дамытуға да көмектеседі. **Мысалы:**

- **Экологиялық тәрбие:** Поэмада табиғаттың сұлулығы мен адамға тигізетін әсері туралы айтылғандықтан, оқушыларды экологиялық мәселелерге, табиғатты қорғауға, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға баулу.

- **Ұлттық құндылықтар:** Сейфуллиннің шығармасында ұлттық мәдениет пен дәстүрлерге деген құрмет көрсетілген. Осы тұрғыдан оқушыларға ұлттық құндылықтар мен тарихи мұраны сақтау маңызды екендігін түсіндіруге болады.

5. Креативті тапсырмалар.

Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру арқылы олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға болады. Бұл тапсырмалар тек шығарманы терең түсінуге ғана емес, сонымен қатар олардың креативті ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. **Мысалы:**

- **Табиғат суреттері жасау:** Оқушылар «Көкшетау» поэмасындағы табиғат көріністерін бейнелейтін сурет немесе фото жобалар жасап, оның мағынасы мен мәнін түсіндіре алады.

- **Өлең жазу:** Поэманың стиліне ұқсас табиғат туралы өз өлеңдерін жазып, туған жерге деген сүйіспеншілікті білдіруге үйрету.

С. Сейфуллиннің "Көкшетау" поэмасы — табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілікті, ұлттық болмысты дәріптейтін, патриоттық тақырыпта жазылған туынды. Осы поэманы оқу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалар, олардың мәтінді дұрыс түсіну, талдау, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Төменде **"Көкшетау" поэмасы** бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған бірнеше тапсырма ұсынамын:

1. Мәтінді түсіну және талдау тапсырмасы.

Тапсырма: Поэманың бірінші бөлімін оқып, оның негізгі идеясын анықтаңыз. «Көкшетау» поэмасында автор қандай сезімдерді білдіреді? Табиғат пен адам арасындағы байланыс қалай көрсетілген?

Нұсқаулық:

- Мәтінді мұқият оқып, поэманың негізгі тақырыбы мен идеясын анықтаңыз.

- Табиғаттың поэмадағы рөлі қандай? Ол қандай символдық мағынаға ие?

- Автордың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалай сезінесіз? Оны қалай жеткізген?

Мақсаты: Оқушыларға поэманың негізгі идеясы мен мәнін түсіндіруге және табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті айқындауға көмектесу.

2. Сыни ойлау дағдысын дамыту тапсырмасы

Тапсырма: Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында «табиғат – адамның жанының айнасы» деген ой айтылады. Бұл пікірмен келісесіз бе? Неліктен? Келіссеңіз, дәлелдеріңізді келтіріңіз, ал келіспесеңіз, өз пікіріңізді жеткізіңіз.

Нұсқаулық:

- Өзіңіздің пікіріңізді нақтылап, аргументтер келтіріңіз.

- Поэмадағы табиғат пен адамның байланысы туралы автордың көзқарасына қатысты өз ойларыңызды білдіріңіз.

- Өз ойыңызды нақты дәлелдермен бекітіңіз (поэмадан үзінді келтіріп немесе табиғат туралы басқа әдеби шығармалармен салыстыру).

Мақсаты: Оқушыларды сыни ойлау қабілетін дамытуға, өз пікірін ашық және негізделген түрде білдіруге үйрету.

3. Табиғаттың поэтикалық бейнесін талдау тапсырмасы

Тапсырма: «Көкшетау» поэмасындағы табиғат көріністерін талдаңыз. Поэмадағы табиғат қалай сипатталған? Қандай көркемдік тәсілдер мен образдар қолданылған?

Нұсқаулық:

- Поэмадан табиғат туралы бейнелер мен сөздер табыңыз.
- Табиғаттың кейбір элементтері (таулар, көлдер, ормандар) арқылы автор қандай ойларды жеткізуге тырысады?
- Қандай әдеби құралдар (метафоралар, эпитеттер, салыстырулар) қолданылғанын анықтаңыз.

Мақсаты: Оқушыларға поэманың тілін тереңірек түсіндіруге, бейнелеу құралдарын анықтауға және шығармашылық талдау жасауға үйрету.

4. Шығармашылық тапсырма: Эссе жазу

Тапсырма: «Туған жерге деген сүйіспеншілік — адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі» деген тақырыпта эссе жазыңыз. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша өз ойларыңызды білдіріңіз. Туған жерге деген сүйіспеншілік жайлы өз пікіріңізді айтып, поэманың мазмұны арқылы дәлелденіз.

Нұсқаулық:

- Эссені жазуға кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды бөлім ретінде құрылымдаңыз.
- «Көкшетау» поэмасындағы туған жерге деген сүйіспеншіліктің көріністерін өз көзқарасыңызбен ұштастырыңыз.
- Әр ойыңызды нақты мысалдармен немесе шығармадан үзінділермен дәлелденіз.

Мақсаты: Оқушылардың өз пікірін жазбаша түрде жүйелі жеткізу дағдысын дамыту, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру.

5. Презентация жасау

Тапсырма: «Көкшетау» поэмасының табиғат көріністері мен автордың тіл ерекшеліктері туралы презентация дайындаңыз. Презентацияны дайындау барысында келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- Поэмада қолданылған негізгі образдар қандай?
- Табиғаттың бейнесі арқылы қандай философиялық ойлар айтылады?
- Поэманың тілдік ерекшеліктері мен әдеби тәсілдерін атап көрсетіңіз.

Нұсқаулық:

- Презентацияңызда негізгі ойды көрсету үшін мәтіндерден үзінділер келтіріңіз.

- Әрбір слайдта түйінді ойлар мен олардың дәлелдерін көрсетіңіз.
- Презентацияны нақты және қызықты ету үшін визуалдық құралдарды (суреттер, диаграммалар) пайдаланыңыз.

Мақсаты: Оқушылардың зерттеу, ақпаратты жинақтау, өз ойын көрнекі түрде көрсету дағдыларын дамыту.

6. Жобалық жұмыс: Көкшетау табиғатының бейнесі

Тапсырма: Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын оқып, поэмадағы табиғат көріністерінің қазіргі уақыттағы шынайы көріністерімен ұқсастығын зерттейтін жобаны орындаңыз. Бұл жобада Сіз Көкшетау табиғатын қазіргі уақытта қандай күйде көріп, қандай өзгерістер орын алғанын көрсетуіңіз қажет.

Нұсқаулық:

- Көкшетау облысының табиғаты туралы фото немесе бейнемазмұн жинап, оны Сейфуллиннің поэмасымен салыстырыңыз.
- Табиғаттағы өзгерістерді талқылап, олар поэмадағы көріністермен қаншалықты үйлесетінін көрсетіңіз.
- Жобаны топтық жұмыс ретінде орындап, әрбір оқушыға зерттеудің белгілі бір аспектісін зерттеуді тапсырыңыз.

Мақсаты: Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, әдеби шығармаларды қазіргі өмірмен байланыстыру, шығармашылық қабілеттерін көрсету.

7. Дебат: Табиғат және адам арасындағы байланыс

Тапсырма: «Табиғат адамның ішкі әлемін бейнелейді» деген тақырыпта дебат өткізіңіз. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір топ табиғат пен адам арасындағы байланысты дәлелдейді, ал екінші топ онымен келіспейді. Әр тараптың көзқарасын нақты мысалдармен дәлелдеу қажет.

Нұсқаулық:

- Әр топ өз позициясын қорғап, табиғаттың адамның сезімдері мен ойларын бейнелейтінін немесе бейнелемейтінін түсіндірсін.
- Поэмадан мысалдар келтіріп, дәлелдерді нығайтыңыз.

Мақсаты: Оқушылардың сыни ойлау, талқылау және дәлелдер келтіру дағдыларын дамыту.

Қорытынды: Бұл тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған. Олар тек поэманы терең талдауға ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлауды, сыни пікір білдіруді, ақпаратты түсіну мен қолдануды дамытуға да бағытталған. Оқушыларды мәтінмен жұмыс істеуге, өз пікірлерін дәлелдеп білдіруге, әрі табиғат пен қоғамның байланысын түсінуге үйрету маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Сейфуллин Көкшетау. – Алматы: Жазушы, 1982.
2. Қирабаев, С. Сәкен Сейфуллин шығармашылығының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1984 ж. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларына арналған зерттеу еңбегі.

3. **Қазақ әдебиеті: тарихы мен теориясы.** 5 томдық. – Алматы: Рауан, 1998. Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы жайлы жан-жақты мәліметтер.
4. **Тұрсынов, Р.** Сәкен Сейфуллин: ақындық және азаматтық тұлғасы. – Алматы: Жазушы, 2001.
5. **С.Сейфуллин,** Шығармалары. 5 томдық. – Алматы: Жазушы, 1977. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығының толық жинағы.

**С.СЕЙФУЛИННІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ АРҚЫЛЫ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

Астана қаласы
Қ. Сәтбаев атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бекова Гульмира Максұтовна

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – білім алушыларға білім алуға үйрету, яғни оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Функционалды сауаттылық жеке тұлғаны дамытуға, өз бетінше жаңа білім алып, өзінің іс-әрекетіне сыни көзбен қарауға және мәдениет, техника, экономика жетістіктерін игеруде үздіксіз білім алуға қажетті білім мен дағдыларды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қазіргі уақытта білім алушының бойына саналық, батылдық, жауапкершілікті қалыптастыру жағдайында білімді игеру және қолдану, басқа адамдармен тіл табыса білу қабілеттерін – функционалды құзыреттілікті қалыптастырудың маңыздылығы зор.

Қазіргі кезде білім алушылардың білім жетістіктері мұғалімдер ұсынатын оқу тапсырмаларының сапасымен анықталады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруда ақпарат көздері мен құралдарын таңдау үлкен маңызға ие. Ақпараттық қоғамға көшу кезеңінде адамның қызметіндегі маңызды аспектілердің бірі – ақпаратпен жедел әрі сапалы жұмыс істеу қабілеті, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану. Сонымен қатар мұқият таңдалған әдіс-тәсілдер сабақтың әр кезеңін оқушылардың ойлау белсенділігін арта түсетіндей етіп құруға көмектеседі. Дайын берілген ақпарат білім алушының тек қысқа мерзімді есте сақтау қабілетін дамытады. Мысалы, сабақ барысында оқушылардың белсенділігін сыни ойлау стратегиялары арқылы қолдауға болатынын ерекше атап өтуге болады, олар оқылым мен жазылым арқылы сөйлесімді дамытуға бағытталған: синквейн, кластерлер, белгілеп оқу, бағытталған оқу, Венн диаграммасы. Функционалды сауаттылыққа қатысты тапсырмалардың да нәтижесі көп: мәтіннің жалғасын немесе басталуын (басын) жазу, мәтінге сұрақтар құрастыру, диалог жазу, мәтінде бар сөз таптарын пайдаланып, ұқсас мәтін құрастыру және т.б.. Сонымен қатар сөздік қорды толықтыру және сөйлеуді

дамыту үшін ТРИЗ және РТВ әдістерін қолдану маңызды.

Сәкен Сейфуллиннің табиғат лирикасы функционалдық оқу сауаттылығын дамытуда ерекше орын алады. Табиғат тақырыбындағы өлеңдер оқушыларға қоршаған ортаны тереңірек түсінуге, экологиялық сананы қалыптастыруға, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыруға мүмкіндік береді. Сәкен Сейфуллиннің табиғат лирикасы арқылы білім алушылар тек әдебиетті үйреніп қана қоймай, қоршаған ортаның маңыздылығына көз жеткізеді, Табиғат-Ана мен адам арасындағы байланысты түсіне отырып, өздерінің оқу сауаттылығын дамыта алады.

Табиғат өлеңдері табиғаттың бейнесін суреттеумен қатар оқушылардың мәтінді түсіну, талдау және өмірлік мағына табу қабілеттерін қалыптастырады. Сонымен қатар табиғат лирикасын меңгертуде интерактивті тапсырмалар тиімді (С.Сейфуллиннің өлеңдеріне байланысты суреттер салу, табиғат көріністерін бейнелейтін постерлер, жарнамалар, комикстер жасау немесе өлеңдегі кейіпкерлердің сезімдерін көрсету арқылы оқушылар шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Мысалы, «Аққудың айрылуы» поэмасы бойынша функционалдық оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар:

1-тапсырма. «Жеті НЕГЕ?» стратегиясы бойынша (жуан) сұрақтар құрастырыңыз.

1. «...Неге бүйтгің, зәлім-ай?!»
2. Зарлаған аққу неге мергенге жалынады?
3. Неге аққудың өлімімен адамның өлімі қатар суреттелген?
4. Аққу өзінің өлімімен неге дәлел болды?

2-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, болжам стратегиясы бойынша сұраққа жауап беріңіз. Автор неліктен аққудың өлімін адамның сезімімен пара-пар суреттеген?

...Шіркін, ғашық жан жолдасын

Тастауға енді қимады;

Мөлдіреген көздің жасын

Моншақтатты, тыймады.

Жылама енді, күйікті жар!

Неге керек еңіреу?

Кімге мұнша қыласың зар?

Жер менен көк меңіреу!

Талай сорлы жер мен көкке

Сен тәрізді жылаған;

Көздің жасын төгіп текке,

«Мені де ал!» — деп сұраған...

3-тапсырма. Адамның киелі табиғатқа жасаған қастандығын негізге ала отырып, «Кім? Қандай? Қашан? Қалай?» деген сұрақтар төңірегінде сыни баға беріңіз.

4-тапсырма. «Сәкен Сейфуллин ақынша жырласам...» тақырыбында махаббат, адалдық туралы ойларыңызды өлеңмен немесе қара сөзбен суреттеп жазыңыз.

5-тапсырма. «Аққудың айрылуы» поэмасы бойынша ұнаған эпизодқа сурет салыңыз.

6- тапсырма. «Аққудың айрылуы» өлеңін қара сөзге айналдырып, мазмұнын өз сөзіңізбен білдіріңіз.

7-тапсырма. «Аққудың айрылуы» поэмасын оқып, «Ежелгі Египет грамотасы» түрінде конспектілеңіз.

«Ежелгі Египет грамотасы» – пиктограммаларды (шартты түрде бейнеленген жеңіл суреттер) қолдану арқылы сөздерді қысқартудың техникасы. Өзіңізге пиктограммалар ойлап табыңыз.

8-тапсырма. «Аққудың айрылуы» поэмасында көрініс тапқан құндылықтарды «Цицерон» сызбасында көрсетіңіз.

10-тапсырма. «Аққудың айрылуы» поэмасында көтерілген өзекті мәселелерді анықтап, «Өрмекші» сызбасында көрсетіңіз.

11-тапсырма. «Аққудың айрылуы» поэмасының мазмұнына сай мақал-мәтелдер тауып, өз қорытындыңызды шығарыңыз.

Жоғарыда келтірілген функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға негізделген тапсырмалар оқыту барысында білім алушының даралығын, қызығушылығын, шынайы өмірлік қажеттілігін, мүмкіндігін, бейімділігін, әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз етеді.

Библиографиялық тізім:

1. Алексашина, И.Ю., Абдулаева, О.А., Киселев, Ю.П. Формирование и оценка функциональной грамотности. КАРО, 2019.
2. Аюбаева Н. Развитие критического мышления через чтение и письмо: пути следования / Қазіргі Қазақстан мектебі. – 2014. – № 6 (9).
3. В.Тассель «Дарынды оқушыларды 21 ғасыр талаптарына дайындау мақсатында шығармашылық проблемаларды шешу стратегияларын және сын тұрғысынан ойлауды қолдану» (2011).
4. Ешимова, Ү.З., Қозбахова, А., Жалғанбаєтова, Ж. (2022). Функционалдық сауаттылық: білім берудің мақсаты, құндылығы, нәтижесі ретінде. Әдістемелік жинақ. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты, Қызылорда. 154-б.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда тіл пәндерін оқытудың белсенді әдістері: әдістемелік құрал. Ақтөбе: «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы, 2019.
6. С.Сейфуллин (2007). Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт.
7. С. Сейфуллин Аққудың айрылуы/ С. Сейфуллин. – Алматы: Атамұра кітапханасы, 2003.

С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

**Астана қаласы
А. Бөкейхан атындағы
Binom School мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Зинекешова Арайлым Бекболатовна**

С. Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы, өз шығармаларында халықтың әлеуметтік, мәдени мәселелерін терең қамтыған жазушы. Оның шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінде маңызды мәселе.

Функционалдық сауаттылықтың мәні.

Функционалдық сауаттылық – адамның ақпаратты тиімді пайдалану, проблемаларды шешу, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін әдеби шығармаларды қолдану – тиімді әдіс.

С. Сейфуллин шығармаларының ерекшеліктері:

1. **Тақырыптық көпқырлылық:** С. Сейфуллиннің шығармаларында табиғат, адам өмірі, еңбек, қоғам мәселелері кеңінен қарастырылады.
2. **Тілдік стиль:** Оның шығармаларындағы тіл байлығы, поэтикалық құрылымдар оқушылардың тіл мәдениетін дамытуға ықпал етеді.
3. **Моральдық-этикалық құндылықтар:** Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында адамгершілік, адалдық, патриотизм секілді құндылықтар дәріптеледі.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары:

1. **Шығармаларды талдау:** Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын оқу барысында оқушыларға мәтінді талдату, өз пікірлерін білдіру. Бұл сыни ойлауды дамытуға көмектеседі.
2. **Топтық жұмыстар:** Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа шығарманың бір аспектісін зерттеуді ұсыну. Топтық талқылаулар оқушылардың пікір алмасуына мүмкіндік береді.
3. **Жобалық жұмыстар:** Оқушылардың С. Сейфуллиннің шығармаларын негізге ала отырып, жобалар жасауын ұйымдастыру. Бұл практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді.
4. **Интеграция (кіріктірілген):** С. Сейфуллин шығармаларын басқа пәндермен (тарих, мәдениеттану) байланыстырған жағдайда, оқушылардың білімін тереңдетуге болады.
5. **Критикалық сұрақтар:** Оқушыларға шығармалардағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен шешімдерін талқылап, моральдық-этикалық тұрғыдан бағалауды сұрау.

С. Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – бұл тек әдеби білімді дамыту ғана емес, сонымен

қатар оқушылардың өмірлік дағдыларын жетілдіруге де бағытталған. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты талдау, шешім қабылдау қабілеттерін дамыту – заманауи білім беру жүйесінің маңызды міндеті.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу сауаттылығы мен функционалдық сауаттылықты дамыту ерекше маңызды болып отыр. Оқушылардың қазақ тіліндегі білім деңгейін арттыру, өз ойларын дұрыс жеткізе білу қабілетін қалыптастыру - заман талабы. Біздің мақсатымыз - оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру арқылы олардың күнделікті өмірде, қоғамда, кәсіби салада тиімді шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту.

Оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы - оқушының мәтінді түсіну, талдау және ақпаратты қолдану қабілеті. Қазақ тілі сабағында оқу сауаттылығын дамыту үшін:

1. **Ақпаратты қабылдау:** Оқушылар оқу сауаттылығын дамыта отырып, түрлі ақпаратты тез және тиімді қабылдай алады.
2. **Логикалық ойлау:** Мәтінмен жұмыс жасау, сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті артады.
3. **Тілдік дағдылар:** Оқу сауаттылығы тілдік құрылымдарды, грамматиканы меңгеріп және сөздік қорды кеңейтуге көмектеседі.
4. **Мәтінмен жұмыс:** Әртүрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс істеу, мәтіннің мазмұнын, құрылымын талдау.
5. **Сұрақ қою:** Оқушыларға мәтінге қатысты дұрыс сұрақтар қояды үйрену, олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
6. **Рефлексия:** Оқушылардан оқылған мәтін бойынша пікірлерін, ойларын сұрау.

Оқу сауаттылығы

1. Мәтіндердің әртүрлілігі

PISA: кең ауқымды мәтіндерді пайдаланады: көркем әдебиет, ғылыми-көпшілік, журналистика, нұсқаулықтар, веб-беттер, форумдар және т.б.

2. Ақпаратпен жұмыс

PISA: Әртүрлі көздерден, соның ішінде үздіксіз емес мәтіндерден (сызбалар, кестелер) ақпаратты іздеу, таңдау, түсіндіру және бағалау дағдыларын талап етеді.

3. Сыни тұрғыдан ойлау

PISA: ақпараттың сенімділігін талдау, біржақтылықты анықтау және әртүрлі көзқарастарды салыстыру қабілетін бағалайды.

4. Практикалық қолдану

PISA: Тапсырмалар мәтіннен ақпаратты қолдану қажет нақты өмірлік жағдайларға қатысты.

5. Түсіндіру және рефлексия

PISA: Мәтінді терең түсіндіруді, оның мазмұны мен формасына ой жүгіртуді және жеке тәжірибемен байланыстыруды талап етеді.

6. Көп мәтіндер

PISA: Көбінесе көптеген мәтіндермен жұмыс істеуді, әртүрлі көздерден алынған ақпаратты салыстыруды және синтездеуді қажет ететін тапсырмаларды қамтиды.

7. Цифрлық сауаттылық

PISA: сандық мәтіндерді оқу, веб-беттерді шарлау, онлайн дереккөздерді бағалау бойынша тапсырмаларды қамтиды.



Оқушыларға ұсынылатын функционалды сауаттылық тапсырмалары: 1-деңгей. Суретпен жұмыс. Тірек сөздерді пайдаланып, кестені ойлана отырып толтырып, әсемдеп жеткізеді. Оқушылар жазған жауаптарын сағат тілімен оқиды, өздерінде болмаса толтырып жазып алады. *Ангрейд-45 технологиясының See-think-wonder (көру-ойлау-таңдау)*

Не көріп тұрсыз?	Бұл туралы не ойлайсыз?	Бұл сурет не туралы ой салды?
Тау, су, ағаштар, аспан	Таулы аймақ, қатар-қатар тізілген ағаштар бой көтерді, мөлдір ашық аспан,	Неліктен адамдар таудың басына шығып арман-тілек тілейді? (креатив, мәселе тудыратын сұрақтар)



2-деңгей: Жағдаяттық тапсырма.

Осы ойды қалай аяқтар едіңіз? Автордың айтпақ ойы не болды?

Креативті жазу, сыну ойлау

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында.
Әрқайсы алтын кесе аясында,
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі—
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті аппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі
Балқытып мыс қылады иіс майы.

3-деңгей: Кубизм әдісі арқылы «Көкшетау» және «Батыр Баян» шығармаларын салыстыру.

1. Табиғат және орта

«Көкшетау»: Шығармада табиғаттың сұлулығы, Көкшетаудың көркем ландшафттары терең суреттеледі. Табиғат — кейіпкердің рухани әлемімен тығыз байланысты.

«Батыр Баян»: Табиғат фон ретінде пайдаланылады, бірақ оның маңызы батыстың ерлік дәстүрімен тығыз байланысты. Баянның шайқастары мен ерліктері көбіне табиғат аясында өтеді.

2. Қаһарман мен тұлға

«Көкшетау»: Автор халықтың рухын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін көрсетеді, кейіпкер — туған жеріне, халқына қызмет етуші.

«Батыр Баян»: Баян — нағыз батыр, оның қаһармандығы, күресі және жаулармен шайқасы — ұлттық рухтың символы.

3. Ұлттық құндылықтар

«Көкшетау»: Шығармада ұлттық мәдениет, дәстүрлер, халықтың тұрмысы дәріптеледі. Туған жерге деген махаббат басты тақырып.

«Батыр Баян»: Ұлттық бірлік, ерлік, адалдық — шығарманың негізі. Батырдың жауға қарсы күресі — халықтың күштілігі мен бірлігінің символы.

4. Тіл және стиль

«Көкшетау»: Сейфуллиннің тілі поэтикалық, табиғаттың сұлулығын баяндайды, сезімге толы.

«Батыр Баян»: Мұхтар Әуезовтің тілі көркем, баяндау мен диалогтар арқылы қаһарманның ерлігін көрсетеді.

5. Тематика

«Көкшетау»: Табиғат пен адам, туған жер мен мәдениет — басты тематика.

«Батыр Баян»: Ерлік, күрес, патриотизм — негізгі тақырыптар.

Қорытынды: Кубизм әдісі арқылы «Көкшетау» мен «Батыр Баян» шығармаларын салыстыра отырып, олардың арасындағы үндестіктер мен айырмашылықтарды көруге болады. Екі шығарма да қазақ халқының мәдениеті мен рухын көрсетеді, бірақ әр түрлі аспектіде — біреуі табиғаттың сұлулығын, ал екіншісі батырлық пен күресті суреттейді.

4-деңгей:Зерттеу

Көкшетау туралы жырлаған ақын жазушылар, әсемдігін қыл-

қаламмен жеткізген суретшілер, түрлі зерттеулер жүргізген ғалымдар, тарихшылар, археологтер, әнге қосып шырқаған әншілер барын анықта.

Көкшетау — қазақ халқының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алатын аймақ. Оны суреттеген, зерттеген және әндерімен атап өткен көптеген ақын, жазушы, суретші, ғалым, тарихшы, археолог және әншілер бар.

Ақындар мен жазушылар

Сәкен Сейфуллин — «Көкшетау» атты поэмасында туған жерінің сұлулығын және ұлттық мәдениетін суреттейді.

Мұқағали Мақатаев — Көкшетау табиғатын, оның сұлулығын, туған жерге деген махаббатты жырлаған.

Ілияс Жансүгіров — Көкшетау табиғатын және оның адамдарға әсерін суреттеген шығармалары бар.

Суретшілер

Шоқан Уәлиханов — Көкшетау жерінің табиғаты мен мәдениетін бейнелеген жұмыстарымен танымал.

Әбілхан Қастеев — Қазақстанның табиғатын, соның ішінде Көкшетауды, өз суреттерінде бейнелеген.

Ғалымдар мен тарихшылар

Мұрат Салықов — Көкшетау тарихын, археологиясын зерттеген ғалым.

Смағұл Садвақасов — Көкшетау аймағының тарихын зерттеген тарихшы.

Археологтер

Мәдениеттанушы археологтар — Көкшетау жерінде жүргізілген археологиялық қазбалар, ежелгі мәдениеттер мен ескерткіштер туралы зерттеулер жүргізген.

Әншілер

Нұрғиса Тілендиев — Көкшетау туралы әндер мен күй шығарған.

Роза Рымбаева — Көкшетау табиғатын сипаттайтын әндерді орындаған.

Қорытынды: Көкшетау табиғаты, мәдениеті мен тарихы көптеген өнер иелері мен ғалымдарды шабыттандырды. Олар өз шығармаларында, зерттеулерінде осы аймақтың ерекше сұлулығын және ұлттық құндылықтарын дәріштеген.

5-интерпретация. Табиғаттың сұлулығы мен адам өмірімен байланысы.

Табиғат – адамзаттың анасы» – Бұл тіркес табиғаттың адамның өміріндегі рөлін, оның беретін байлығын білдіреді.

1. «Табиғатпен бірге өмір сүру – бақыт» – Табиғатпен гармониялық қарым-қатынас адамның көңіл-күйін жақсартады.

2. «Судың да сұрауы бар» – Табиғат ресурстарын дұрыс пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді.

3. «Көктем келгенде, табиғаттың сұлулығы ашылады» – Табиғаттың маусымдық өзгерістері адамның сезімдеріне әсер етеді.

4. «Ағаш отырғыз – ұрпаққа өнеге» – Табиғатқа қамқорлық көрсету келешек ұрпақ үшін маңызды.

5. «Табиғат – адамға тыныштық береді» – Табиғаттың сұлулығы мен тыныштығы адамның жан-дүниесін сергітеді.

6. «Көз – табиғаттың айнасы» – Адамның табиғатпен байланысы оның ішкі әлемін ашады.

7. «Табиғаттың сұлулығы – өмірдің мәні» – Табиғатқа admiration арқылы адам өмірдің терең мағынасына жетеді.

8. «Бір тал кессең, он тал ек» деген мақал табиғатқа қамқорлық пен оны қорғаудың маңыздылығын білдіреді.

9. «Жер аяғы кеңіді» деген тіркес қазақ мәдениетінде кеңістіктің, мүмкіндіктердің, немесе жаңа мүмкіндіктердің пайда болғанын білдіреді.

Бұл нақыл сөздер мен мақалдар табиғаттың адам өміріндегі маңызды рөлін, оның сұлулығы мен әсерін айқын көрсетеді.

6-деңгей. Жоба, жарнама, жол картасы.

Көкшетау әлемдік деңгейдегі туристік нысанға айналдыру не үшін не істеуге болады?

Оқу сауаттылығын дамыту - білім беру жүйесінің негізі. Олар оқушылардың жеке, әлеуметтік және кәсіби өмірінде маңызды рөл атқарады, сондықтан мұғалімдер бұл дағдыларды қалыптастыруда ерекше көңіл бөлуі керек.

Ұсыныстар:

1. Оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған жаңа әдістемелерді енгізу.
2. Оқушыларды қызықтыратын, танымдық материалдарды пайдалану.
3. Оқушыларды топтық жұмыстарға жиі қатыстыру арқылы олардың коммуникациялық дағдыларын дамыту.

Осы ұсыныстарды ескере отырып, қазақ тілі сабағында оқу және функционалдық сауаттылықты тиімді дамытуға болады.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
Ақжан әл-Машани атындағы
№92 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Кадирбаева Маржан Ануарбековна**

Сәкен Сейфуллин ең алдымен өзінің өмір сүрген дәуірін жырлаған, оны қастерлеудің өр де қиын жолдарын таба білген жаңашыл ұлы ақын. Ол

өзінің өлең-жырларында, шығармаларында, іс-әрекетінде осы арманын айтып, жазып отырды. Оның жалғыз ғана арманы – қорлық көрген қазақтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп, бостандық, кеңдік, байтаққа жету еді.

Сәкеннің өзімен теңдес, қатарлас, қанаттас болған қоғам, мемлекет қайраткерлерінен өзгешелігі – ұлы ақындығында. Ал ақындықтың ең мәнді сыры – жаңашылдығында.

Жаңашылдықтың ең негізгі арнасы өзі өмір сүрген заманның образын жасауында. Қай ақын-жазушы болса да замана бейнесін жасауға талаптанады, бірақ ондай бақыт ілуде біреудің ғана мандайына жазылады.

Бүгінде Сәкен Сейфуллин шығармалары мектеп бағдарламасында көптеп кездеседі. Ақын шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін, функционалды сауаттылығын және олардың жан-жақты даму дағдыларын арттыруға болады.

Функционалды сауатты адам – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Бүгінгі мақсат - әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыда Сейфуллиннің «Туған жерім – өз елім» өлеңінде:

Қайғы ойлаттың естен кетпей туған жер,
Қаны қашты, әм сарғайды етпен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншектей қайғы шер.

Өткелдерге ауыл қонған мезгілдер,
Бәйшешектер құлпырынған мезгілдер.
Майысып бір көк талдардың басында,
Құстар сайрап, көңіл бұрған мезгілдер.

Осы өлеңді оқыту арқылы оқушыларға «Өлеңнен алған әсерім» кестесін толтыртуға болады:

Не ұқтым?	Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

Оқушылар өлеңді оқып қана қоймай, не сезінгенін, қандай ой келгенін жазып, еркін бөлісе алады. Туған жердің қандай қымбат екенін өлең арқылы сезініп, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктері арта түседі.

Сондай-ақ «Көкшетау қасиеттері» өлеңінде:

Көз салсаң, Көкшетаудың қай жағына,
Айнала құлашын кең жаймағына –
Қара орман, су мен өзен, айдын көлдер,

Сан өлке кіреді оның аймағына.

Сылдырлап жасыл өзен аққан көлбеп,
Күміс су, маржан құмды шалқар көл көп.
Өзенге күркіреп кеп өзен құйып,
Шымырлап, көк үйірім кеткен сел боп.

Ақынның өлеңін оқытып, *«Көкшетау – екінші Швейцария»* - дейміз, *сіздің пікіріңіз қалай?*

	
КЕЛІСЕМІН	КЕЛІСПЕЙМІН
Себебі	Өйткені

Міне, осы секілді тапсырмалар беру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын артырып қана қоймай, олардың өзіндік даму дағдыларын жете зерттей түсеміз.

Өзімнің 2-3 жылдан бері жинақтап жүрген *«Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған мәтіндермен жұмыс»* атты авторлық жұмысымда осы тәрізді тапсырмалар қамтылған.

Сонымен қатар Сәкен Сейфуллиннің *«Көкшетау»* поэмасын тыңдатып, мынадай тапсырмалар беруге болады.

Тыңдалым 

Көкшетаудың сұлулығын бейнелейтін сөздерді жазыңыз.

Кербез сұлу

.....
.....
.....
.....

Яғни оқушының танымдық қабілеті дамуы үшін сан түрлі тапсырмалар беріп, дамуына ықпал жасаймыз.

«Көкшетау» поэмасын қорытындылай келе, мынадай тапсырма беріледі:

Өзіңіз туып-өскен өлкедегі көрікті жерлер мен орындар туралы сипаттап айтыңыз.

Балалар өздерінің туып-өскен өлкенің көрікті жерлерін сипаттау арқылы туған жердің табиғатын, қадір-қасиетін сезіне түседі. Болашақта елдің, халықтың қамын ойлайтын, туған жердің туын көтеретін нағыз

азаматтар мен азаматшалар болып қалыптасады деп ойлаймын.

Сәкен Сейфуллиннің «Жеткіншегім, тартынба!» өлеңінде:

Жас пен қанға боялған
Қиырсыз алыс артың бар,
Оны саған баяндар
Шежіре-тарих қартың бар.
Надандық меңіреу тұманның
Аулы қалды артыңда.
Ентелей бас ілгері,
Жеткіншегім, тартынба!

Бұл өлеңде ақынның қаншама қиын-қыстау заманды басынан кешірген қазақ халқының тағдыры сипаттала келе, жас жеткіншектерге жарқын болашақ келді, енді ілгері бас, тартынба деп рухтандыра түседі. Осы тұста «Бабаларға мың алғыс» тақырыбында хат жазады.

Қорытындылай келе айтпағым: Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетін жаңа түр, тың мазмұнмен байытқан, қоғамдық ой мен әдеби-мәдени тарихымызда ерекше орын алатын күрескер тұлға.

*Атыңнан айналайын қайран Сәкен,
Ұмытпан демім барда тұлғаңды әсем.
Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,
«Тар жолда тайғақ кешіп болдың көсем», -*
деп Сәбит Мұқанов айтып өткендей, ақынның абыройын ел алдында асқақтата беру - біздің басты парызымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сәкен Сейфуллин. Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. Тар жол, тайғақ кешу. 1927. Роман-эссе.- 456 – б.
2. Сәкен Сейфуллин. Көп томдық шығармалар жинағы.- Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. Өлеңдер. – 392-б.
3. Сәкен Сейфуллин.- Астана: «Фолиант» баспасы, 2009. – 384-б.
4. Сейфуллин С. Ақкудың айрылуы: Өлеңдер мен поэма, әңгімелер мен повесть. - Алматы: «Атамұра» баспасы, 2003. – 224-б.
5. Сейфуллин С. Домбыра: Өлеңдер мен дастандар.-Алматы: «Қазақпарат», 2005.- 127-б.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

**Астана қаласы
№ 60 мектеп – лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Қазбекова Гүльжан Жаксылыковна**

Еліміздің өсіп-өркендеуіне ықпал етуші факторлардың бірі мектепте оқушыларымызды біліммен сусындандыру барысында жалаң білім беріп қана қоймай, сабақта алған білімдерін өмірдің түрлі жағдайларында

пайдалана алуды үйретуіміз керек. Сондықтан да функционалды сауатты жан- жақты жеке тұлғаны қалыптастыру өзімнің әр сабағымда жүзеге асырылуы тиісті міндеттердің бірі деп есептеймін.

Ал функционалды сауатты тұлға дегеніміз не?

Функционалды сауатты тұлға – дүниені бағдарлайтын, қоғамдық құндылықтарға, үміттерге, мүдделерге сай әрекет ететін тұлға. Бүгінгі таңда білім беру барысында қоғамдық құндылықтарға сай жеке тұлғаны қалыптастыру, осындай тұлғаны тәрбиелеу - жүзеге асырылуы керек міндеттеріміздің бірі.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын, әдеби мол мұрасын жаңғырту, насихаттау, талантты, шығармашыл оқушыларды анықтау және де әріптестеріммен тәжірибе алмасу мақсатында "Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру" тақырыбын таңдадым.

Сәкен Сейфуллиннің "Кім басшы аға халыққа" өлеңінің әрбір жолы оқушының танымдық қабілетін дамытуға, функционалды сауатты тұлға қалыптастыруға негіз бола алатын шығармаларының бірі.

Кім басшы аға халыққа

Халық ағасы жұрт қорғайтын панадай,
Адасқанды жөнге салар данадай. Қара
халық жөн білмейтін, адасқан,
Соңынан еріп қалқақтаған баладай.
Біздерде аз халыққа аға болған ер —
Шын көңілімен өз жұртының қамын
жер,

От басында ынтымақсыз өздері, Солар
аға, солар басшы дегендер. Бірікпесе
басшылардың сөздері, Бірін бірі
кекетсе олар өздері, Қыңыр-қисық
қазақ халқын түзеуге Кәне олардың
құрған өйтіп тездері?! Олар өйтсе, кім
басшы-аға халыққа? Қисайғанды кім
салады қалыпқа? Басшысы жоқ
адасқан қара халықты Кім бастайды
қараңғыдан жарыққа?

«Аға» дейміз бізді жөнге бастаса,
«Кір қатарға, ілгері адым бас» десе,
Өздерінің ынтымағы бірігіп, Алты
бақан кер тартысты тастаса. Кейінгіге
жақсы өнеге көрсетіп, Надандықты
табанымен таптаса, Шыбын жанын
халқы үшін пида қып, Ата күші, ана
сүтін ақтаса. Сонда сіздер басшы
бізге, ағалар, Жоғарыдан жанашыр
жоқ көз салар.

Қызметі деп басшылардың халыққа,
Кейінгі жас аға асын бағалар,-

Мәтіннен **автордың айтар негізгі ойын табу қажет**. Бір қарағанға мәтіннің идеясы мен негізгі ой бір дүние іспеттес, бірақ тереңінен талдасақ, идея өз алдына үлкен ой болса, яғни автордың осы мәтін арқылы ең басты нені айтатыны нақтыланса, ал негізгі ойды жеткізуге айтылған сөйлем автор идеясын шегелеп ашып береді (Ойларын ашық мысалмен толықтырады).

*Кейінгіге жақсы өнеге көрсетіп,
Надандықты табанымен таптаса,
Шыбын жанын халқы үшін пида қып,
Ата күші, ана сүтін ақтаса,-*

- Одан кейінгі мәтінмен жұмыс барысындағы әрекет, негізгі ойға негізделген **детальді ақпаратты табу**. Ақпарат екі түрге бөлінеді. Детальді ақпарат. Қосымша ақпарат. Мәтіннің негізгі ойын табу үшін бізге детальді ақпаратты табу өте маңызды.

*Біздерде аз халыққа аға болған ер -
Шын көңілімен өз жұртының қамын жер,-*
деген жолдар арқылы ойларын ашық мысалмен толықтырады.

- Одан кейінгі әрекет **автордың көзқарасын** тауып алу қажет.
*Олар өйтсе, кім басшы-аға халыққа?
Қисайғанды кім салады қалыпқа?
Басшысы жоқ адасқан қара халықты
Кім бастайды қараңғыдан жарыққа? -*
деген жолдар арқылы басшы билігіміз әділетті қызмет жасамаса, елдің жағдайы қалайынша түзелмек, «қалайынша келешегімізді жаңғырта аламыз» деген жолдарда автор өзінің өзіндік көзқарасын беріп отыр (Ойларын ашық мысалмен толықтырады).

- Мәтіндегі **қосымша ақпараттың** барлығы да идеяны , ойды , детальді ақпаратты, автордың көзқарасын анықтап, нақтылап алу үшін қолданылатын маңызды нақты фактілер болып табылады.

*Сонда сіздер басшы бізге, ағалар,
Жоғарыдан жанашыр жоқ көз салар.
Қызметі деп басшылардың халыққа,
Кейінгі жас аға асын бағалар.т.б*

Кез келген салада функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы мәтінмен жұмыстан бастау алады.

Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолында сабақта қолданылатын әдіс – тәсілдерімнің бірін түсіндіріп өтейін.



Мысалы, «Банкомат» әдіс-тәсілі. Яғни оқушылар мәтін мазмұны туралы ақпараттанғаннан соң карточкаға жазылған тапсырмаларды орындайды. Ол үшін алдымен алдында тұрған банкоматқа барады. Карточканы салады,яғни тапсырма алады.

Мысалы:

- Сәкен Сейфуллин кім?
- Мәтіннің идеясы өлеңнің қай жолдарында берілген?
- Автордың айтқысы келген негізгі ойын өлең жолдарынан тауып оқып бер т.б

Осылайша «Банкомат» әдісін пайдаланып, деңгейлік сұрақтар дайындауға болады. 1000 тг - оңай сұрақ, 2000 тг- орташа сұрақ, 5000 тг - күрделі сұрақ.

Қорытынды:

Біріншіден: Сәкен Сейфуллиннің өлеңін оқу арқылы функционалды сауатты тұлға қалыптасты.

Екіншіден: Міне, осылайша сабақта қолданылған «Банкомат» әдісі арқылы сабақта отырған әр оқушы кез келген уақытта банкоматпен жұмыс істеу жолын біледі, мектепте алған білімін өмірде пайдаланады, яғни сауатты тұлға қалыптасады.

Үшіншіден: Әр адам өзінің ойын айтар алдында да:

- Айтар ойының идеясын;
- Идеяны жеткізетін ойын;
- Детальді ақпаратты;
- Өзіндік көзқарасын - осының барлығын жүйелі жеткізу үшін

қосымша ақпаратты қолданады.

Әрдайым қоршаған ортаға ойы түсінікті болу үшін сауаттылықтың маңызы өте зор. Ойлауы, оқуы, айтар тұжырымы нақты функционалды сауатты тұлға кез келген ортада бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://bilim-all.kz/>
2. [ranslated.turbopages.org/proxy_u/ru-kk.ru.bfcfd065-670e7570-6bf8b893-74722d776562/https/infourok.ru/sushnostnye-harakteristiki-ponyatiya-funkcionalno-gramotnaya-lichnost-6429136.htm](https://translated.turbopages.org/proxy_u/ru-kk.ru.bfcfd065-670e7570-6bf8b893-74722d776562/https/infourok.ru/sushnostnye-harakteristiki-ponyatiya-funkcionalno-gramotnaya-lichnost-6429136.htm)



**БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА
С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН
АРТТЫРУ**

Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
биология пәні мұғалімі
Куанышбаева Салима Батырбаевна

Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқушылардың өз білімін өмірде қолдана білу, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту – негізгі мақсаттардың қатарында. Биология пәнінде бұл міндетті орындау үшін, қазақ әдебиеті шығармаларын, соның ішінде Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын пайдалану ерекше рөл атқаруы мүмкін. Сейфуллиннің әдеби мұрасы оқушылардың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастырумен қатар, олардың биологиялық білімдерін байытады.

Функционалдық сауаттылықты арттырудағы әдебиеттің рөлі. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану. Биология пәнін оқу мен оқытуда PISA үлгісіндегі биологиялық тапсырма: С.Сейфуллиннің “Жемістер” шығармасына шолу жасау, тапсырмаларды құрастыру және оларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда шығарма арқылы оқушының ой-өрісін дамыту және пәнге қызығушылығын арттырудың маңызы өте зор.

«Жемістер» хикаяты – [1935 жылы](#) жазылып он бес жыл мерзімді оқиғаны қамтыған [Сәкен Сейфуллин](#) туындысы.

[Ақмоланың](#) оңтүстік жағындағы [Нұра өзенінің](#) бойындағы [Аққулы көлін](#) мекендеген, Танбай бай аулындағы [1919 жылғы](#) іс-әрекеттерді суреттеуден басталатын шығармада есте қаларлық суреттері мен картиналары болған. Әсіресе азамат соғысы тұсындағы қазақ ауылдарының мойындарына түскен ауыртпалықтарды жазушы реалистікпен бейнелеген. Шығармада ақтардың бейбіт жатқан, етек-жеңін жинай алмай, өзіне-өзі қарауға шамасы келмей отырған панасыз кедейлерге, кемпір-шалға, қыз-келіншекке көрсеткен зорлықтарын шеберлікпен көрсете білген. Осы «Жемістер» повестінің бір шағын үзіндісін ала отырып, оқушыларға мәтін тапсырма ретінде ой тастап олардың функционалды сауаттылығын арттыру.

Мәтіннен үзінді:

Сәкен Сейфуллиннің “Жемістер” шығармасынан алынған үзіндіде жемістердің піскен кезіндегі әсемдігі, дәмділігі сипатталады. Автор түрлі жемістердің адамға пайдалы екенін, олардың табиғаттағы алуан түрлілігі мен маңызын айқын көрсетеді.

Тапсырма 1. Жемістердің экологиялық рөлі.

Жемістер өсімдіктердің көбеюіндегі маңызды бөлік болып табылады. Олар тұқымдарды таратуға көмектеседі. Келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

- a) Жемістердің негізгі экологиялық рөлін атаңыз.
- b) Жемістер қалайша өсімдіктің көбеюіне ықпал етеді?

Жауап үлгісі:

- a) Жемістер тұқымдарды қорғап, таралуына көмектеседі.
- b) Жемістерді жануарлар жейді, содан кейін тұқымдар басқа аймақтарға таралады.

PISA форматына сәйкес биологиялық тапсырма: С.Сейфуллиннің “Ақсақ киік” шығармасы.

Мәтіннен үзінді:

Сәкен Сейфуллиннің “Ақсақ киік” поэмасында дала жануары киіктің тағдыры, адам әрекетінің қоршаған ортаға әсері және киік популяциясының азаюы мәселелері суреттеледі.

Тапсырма 2. Киіктің тіршілік ету ортасы

Киік далалы аймақтарда тіршілік етеді. Бұл экожүйе климаттық жағдайларына байланысты қиындықтарға толы.

Сұрақ: Киіктер шөлейтті және далалы аймақтарда қалай тіршілік ете алады? Осы жануарлардың қоршаған ортаға бейімделуіне байланысты қандай физиологиялық ерекшеліктері бар?

Жауап нұсқалары:

- a) Киіктер суды аз пайдаланып, ұзақ қашықтыққа миграция жасайды.
- b) Киіктер баяу қозғалысына абиотикалық және биотикалық факторлардың әсері.

Функционалдың сауаттылыққа байланысты биологиялық тапсырма: Сәкен Сейфуллиннің “Көкшетау” шығармасы.

Мәтіннен үзінді: Сәкен Сейфуллиннің “Көкшетау” поэмасында табиғаттың әсем көріністері, өсімдіктер мен жануарлар әлемі суреттеледі. Көкшетау аймағының бай табиғаты, оның ерекше ландшафты және экожүйесі шығарманың негізгі тақырыбы болып табылады.

Тапсырма 1. Өсімдіктердің экожүйедегі рөлі.

Поэмада таулар мен ормандардың сұлулығы суреттеледі. Өсімдіктер экожүйеде маңызды рөл атқарады, себебі олар фотосинтез арқылы энергия өндіреді.

Сұрақ: Өсімдіктердің экожүйедегі негізгі рөлін түсіндіріңіз. Фотосинтез процесінің экожүйеге тигізетін қандай әсері бар?

Жауап нұсқалары:

- a) Өсімдіктер фотосинтез арқылы оттегін бөліп, атмосферадағы көмірқышқыл газын азайтады.
- b) Өсімдіктер тек азық көзі ретінде қызмет етеді, экожүйеде басқа рөлі жоқ.
- c) Өсімдіктер күн сәулесін сіңіріп, топырақтың ылғалдылығын төмендетеді.
- d) Өсімдіктер жануарлардың тіршілігіне әсер етпейді.

Тапсырма 2. Биогеоценоздағы теңгерім.

Поэмада табиғаттың тепе-теңдігі мен экологиялық сұлулығы көрініс

табады. Биогеоценозда өсімдіктер, жануарлар және микроағзалар бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Сұрақ: Биогеоценоздағы өсімдіктер мен жануарлардың арасындағы байланыс қандай? Өсімдіктер мен жануарлардың арасындағы теңгерім бұзылса, экожүйеге қандай әсер етеді?

Жауап нұсқалары:

- a) Өсімдіктер саны азайса, жануарлар азықсыз қалады, бұл олардың популяциясының азаюына әкеледі.
- b) Жануарлар саны көбейсе, өсімдіктердің өсімі артады.
- c) Өсімдіктер саны азайса, экожүйеге ешқандай әсері болмайды.
- d) Жануарлар мен өсімдіктер бір-бірімен байланыссыз тіршілік етеді.

Тапсырма 3. Табиғи ландшафттың өзгеруі.

“Көкшетау” шығармасында таулар мен ормандар суреттеледі. Табиғи ландшафттың өзгеруі жануарлар мен өсімдіктерге үлкен әсер етеді.

Сұрақ:

Табиғи ландшафттың өзгеруі, мысалы, ормандардың кесілуі немесе таулардың бұзылуы, экожүйеге қандай әсер етеді? Осы өзгерістердің жануарлар мен өсімдіктерге тигізетін салдарын түсіндіріңіз.

Жауап нұсқалары:

- a) Ландшафт өзгерісі өсімдіктер мен жануарлардың мекендеу ортасын бұзып, олардың популяциясын азайтады.
- b) Табиғи ландшафт өзгерістері тек өсімдіктерге әсер етеді, жануарларға еш әсері жоқ.
- c) Ландшафттың өзгеруі экожүйеге оң әсерін тигізіп, биогеоценозды нығайтады.
- d) Ландшафт өзгерістері жануарлардың санын көбейтеді.

Тапсырма 4. Климаттың экожүйеге әсері

Көкшетау аймағының табиғаты әртүрлі климаттық жағдайларға байланысты қалыптасқан. Климаттық өзгерістер өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне әсер етеді.

Сұрақ:

Климаттың өзгеруі. Көкшетау аймағындағы өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қалай әсер етуі мүмкін? Климаттың өзгеруі экожүйедегі тепе-теңдікті бұзуы мүмкін бе?

Жауап нұсқалары:

- a) Климаттың өзгеруі өсімдіктер мен жануарлардың көбеюіне кері әсер етеді, олар тіршілік ету ортасынан айырылып, популяциясы азаяды.
- b) Климаттың өзгеруі тек жануарларға әсер етеді, өсімдіктерге еш әсер етпейді.
- c) Климаттық өзгерістер экожүйеге әсер етпейді, барлық организмдер бұрынғыдай тіршілік етеді.
- d) Климаттың өзгеруі өсімдіктердің өсуін жақсартады, жануарларға әсері болмайды.

Бұл тапсырмалар оқушылардың экологиялық білімін, функционалдық сауаттылығын және биологиялық ұғымдарды өмірлік жағдайларда қолдану

қабілеттерін тексереді.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. «Жемістер» С.Сейфуллин эл.нұсқа Кітап.kz 2024
2. «Ақсақ киік» С.Сейфуллин эл.нұсқа Кітап.kz 2024
3. «Көкшетау» С.Сейфуллин эл.нұсқа Кітап.kz 2024
4. «Биология» 7 –сынып. Соловьева Б.Ибраимова, Алматы «Атамұра» баспасы, 2018. ж. 286- бет
5. «Жаратылыстану» 6- сынып. Әбдіманапов Б.Ш. Әбілғазиев А.У Алматы «Атамұра» баспасы, 2018 ж.

**С.СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

**Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
С.Сейфуллин атындағы ЖББМ
кітапханашысы
Малгерьянова Құндыз Құдайбергеновна**

Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – қазақ әдебиетіндегі маңызды тақырыптардың бірі. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – оқушының алған білімін өмірде қолдана білуі, түрлі жағдаяттарда ақпаратты түсіну, талдау және шешім қабылдау қабілеттері. Сейфуллин шығармалары осы дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мысалы, оның «Тар жол, тайғақ кешу» сияқты күрделі тарихи және философиялық шығармалары арқылы оқушылар тек әдебиет қана емес, қоғам, тарих, адамгершілік мәселелерін түсінуге мүмкіндік алады [2]. Бұл оқушылардың мәтіндерді сыни тұрғыда талдауға, идеялар мен құндылықтарды салыстыруға және қорытынды жасауға көмектеседі.

Сейфуллиннің поэзиясы да эмоционалды және әлеуметтік тақырыптарды қозғап, оқушылардың сезімдері мен ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылар өлеңдерді оқып, олардың мазмұнын өмірлік тәжірибемен байланыстыра отырып, қоршаған ортаны, қоғамды, өзіндік көзқарастарын қалыптастырады [1].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған әдістер:

1. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: Сейфуллин шығармалары бойынша талдау жұмыстарын ұйымдастырып, оқушыларға мәтіннің мағынасы мен астарын ашуға көмектесу. Мысалы, оқушыларға «Кейіпкердің әрекеттері мен шешімдерін қалай бағалайсың?» деген сұрақтар қою.

2. Шығармашылық тапсырмалар: Оқушыларға Сейфуллин шығармалары негізінде шығармашылық тапсырмалар беру. Мысалы, «Өмірлік мәселелерді

шешу үшін кейіпкерлер қандай стратегияларды қолданар еді?» деген бағытта эссе жазу.

3. Тарихи контексті талқылау: С.Сейфуллин шығармалары тарихи кезеңдермен тығыз байланысты болғандықтан, оқушыларға сол уақыттағы әлеуметтік және саяси жағдайларды талқылауға мүмкіндік беру. Бұл олардың тарихи сауаттылығын арттырады.

4. Практикалық тапсырмалар: Мәтіндерді қазіргі заманмен байланыстыру. Мысалы, Сейфуллин шығармаларындағы әлеуметтік әділеттілік пен қазіргі қоғамдағы сол тақырыпты салыстыру арқылы оқушылар өздерінің көзқарастарын қалыптастыра алады.

Осы тәсілдер арқылы Сейфуллиннің бай шығармашылық мұрасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жан-жақты дамытуға үлес қосады.

Сәкен Сейфуллиннің қазақ ұрпақтарының білімді болуына қосқан үлесі өте зор. Ол Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ халқының сауатсыздығын жою және жаңа білім беру жүйесін құруға белсенді араласқан.

Сәкен Сейфуллиннің білім беру саласына қосқан негізгі үлестері:

1. Ағартушылық қызметі: Сейфуллин қазақ халқының білім алуына көп көңіл бөлген. Ол ұлттық мектептердің құрылуын қолдады және қазақ балаларын оқытуға жағдай жасауға тырысты. Өз шығармаларында да білім мен ғылымның маңыздылығын дәріптеген.

2. Оқу бағдарламалары мен оқулықтар құрастыруы: Сәкен Сейфуллин қазақ тілінде оқу құралдары мен оқулықтар жазуға атсалысты. Ол жаңа білім беру жүйесінің негіздерін қалыптастыруға үлес қосқан жазушылардың бірі болды. Оның жазған еңбектері мен шығармалары жастардың ой-өрісін кеңейтіп, оларға білімге деген құштарлықты оятты.

3. Ұлттық рухани жаңғыруға үлесі: Сейфуллин қазақ мәдениеті мен тілін дәріптей отырып, жастардың ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды заманауи біліммен ұштастыруына ықпал етті. Оның шығармалары арқылы қазақ жастары тек қана білім алып қана қоймай, сонымен бірге ұлттық сана-сезімді тәрбиеледі.

4. Мемлекеттік және қоғамдық қызметі: Ол Қазақстанның алғашқы мемлекет қайраткерлерінің бірі ретінде білім беру саласындағы реформаларды жүзеге асыруға ықпал етті. Сейфуллин қазақ зиялыларының қатарында болып, халық ағарту ісін дамытуға бағытталған саясатты қолдаған.

Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметі қазақ жастарын білімге баулуда және ұлттық құндылықтарды сақтап қалуда ерекше маңызға ие болды. Оның идеялары мен еңбектері қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесіне де әсерін тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Асау түлпар» (өлеңдер жинағы), 1988 ж. Алматы, «Жазушы» баспасы.
2. «Тар жол, тайғақ кешу» 2013 ж. Алматы, «Жазушы» баспасы.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – БІРТУАР ДАРЫННЫҢ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ

Шымкент қаласы

М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын

№8 мамандандырылған гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Медетова Алия Оспановна

С. Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жаңашыл ақын. Қазақ әдебиетіне бұрын болмаған образдар мен теңеулер, сөз оралымдарын әкелген шығармашылығымен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салған ұлы тұлға болды. Өкіметтің мақтаушы ұраншысына айналмай, қоғамдық өмірдің көлеңке жақтарын да күйзеле суреттеді. «Ауыл байғұс, мінеки», «Келіншек ойы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық» т.б. тамаша жырлары мен «Аққудың айырылуы» атты көркем поэмасы – сол кезеңнің шынайы көркем туындылары. Сәкеннің балаларға арналған өз кезіндегі өлеңдері баланың көз алдына болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмір сәулесін елестетті. «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап» осы тұрғыда жазылған. Алға қойған ізгі мақсаттар мен арманға жетуді көздеу керектігін жас жеткіншектердің есіне салып отырды. Жас ұрпаққа өнер-білімнің пайдалы жақтарын айтты. Аталған өлеңдері «болашақ тұтқасы – жас ұрпақ» деген ойды білдірді. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының қай-қайсысы да жеткіншектерге түсінікті, жасөспірім қауымға өмір шындығын танытады, оларға өмір сабағын, тіршілік тәлімін дарытады, оларды көркем сөз сұлулығымен сусындатады. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. С. Сейфуллиннің өлеңдері жөргектегі балаға жылы сөздің мейлінше қажет екендігін құптайды, балаларға арналған халық өлеңіндегі ойды дәлелдей түседі. Төңкеріс кезіндегі және кеңес өкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары балалар тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Өлеңде Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілікті үйретеді.

С. Сейфуллиннің шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні зор. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. Қазақ әдебиетінің алуан жанрында қалтықсыз қызмет еткен С. Сейфуллин жас буынның қадірлі аға ұстазына айналды. Ұлтымыздың өшпес алауы, сөнбес шырағындай болған Сәкен Сәдуақасұлы Сейфуллиннің ғұмырнамалық дастаны – тарихтың таңбалы тастарында күмбірлеп тұрары сөзсіз. Біздің жас ұрпақ әдебиетімізді, мәдениетімізді қазақ әдебиетінен ұлы тұлғалардың шығармаларын оқи отырып, ондағы кейіпкерлердің өмірінен тәлім-тәрбие,

ұстамдылық, төзімділік, Отанға деген сүйіспеншілік пен ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіре отырып, жарқын болашаққа ұмтылады.

Сәкен Сейфуллиннің қаламынан шыққан «Маузер» (1929), «Бандыны куған Хамит» (1922), «Бұлшық ет» (1923), «Балалар (1925), «Келіншектің бесік жыры» (1926), «Ананын хаты» (1925), «Анаға жауап» (1926) сынды туындылар балалардың сүйіп окитын шығармаларына айналды. Сәкеннің бұл шығармалары қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қайта бүгінгі жастарға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда Сәкеннің шығармаларын оқытуды қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда таптырмас дүние болып табылады. Сәкен озық ойлы адам ретінде заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосты десек қателеспейміз. Ол өз шығармаларында балаларды өнер-білімге шақырып қана қоймай, сондай-ақ еңбек етуге де үндейді. Сәкен «Бұлшық ет» деген өлеңінде еңбек еткен адамның еңбегінің табысын сүйсіне жырлайды. Соны жас өспірімдерге үлгі етіп ұсынады.

Боянған түрлі шырайлы

Сұлу емес сырлы бет.

Ширатылған түйіндей,

Шын сұлу күшті бұлшық ет.

Балғын білек балтыр да.

Ширатылған түйіндей.

Бұлтылдаса бұлшық ет,

Кім турады сүйсітібей.

Көк темір құрыш болатпен,

Асусыз асқар тау кешкен. ...

(С. Сейфуллин. Өлеңдері мен поэмалары, 1957 жыл 126-бет).

Ол қайда жүрсе де, біздің елде еңбек еткен адам сыйлы да болды, құрметке де бөленді. Отанын да, халқын да сүйсіндіріп, әрқашан даңққа бөлеп отырғанын жасөспірімдерге үлгі-өнеге етіп көрсетті. XX ғасырдың 20-шы жылдары еңбекке қатысты қалыптасқан жаңа көзқарас қазіргі таңда жастардың тек бір бағытпен шектелмей, жан-жақты болуына бағыт-бағдар берді. Сәкен «Қалаушылар жыры» деген өлеңінде: Қолда калақ шот аяқ, Сұрғылт балшық үстіміз Жігерлі сұр қалаушы — Жігерлі сұр түстіміз — деп жырлаған өлең жолдарында жасөспірімдердің еңбекпен айналысуы, сондай-ақ олардың әр түрлі ауыл шаруашылық жұмыстарына тікелей араласып кетуі балалардың ой-өрісін кеңейтеді деп түйіндеді. Оларды тентек мінезділіктен арылтып, саналы да тәртіпті адам болуға икемдейді. Сонымен қатар оларға іс жүзінде жаңа әрі сапалы дағдылар туғызады. Мұнымен бірге еңбек балаларды әр нәрсені білуге талаптандырып, қазіргі материалдық дүние жөнінде шынайы ұғым берді, сондықтан Сәкен еңбек еткен азаматтардың құлшына кіріскен ерлік істеріне сүйсініп, балалар мен жасөспірімдердің рухын көтеретіндей дәрежеде суреттеді:

Шаттық, қызық еңбекте, іс істейміз сүйсіне.

Темір қалақ үн қосар, күшті колдың биіне.

Көкке өрлетіп калаумен, Қышыл қышты тізілту.

Қызыл күннің астына, Орпатамыз қызыл ту...

(Сәкен Сейфуллиннің өлеңдері мен поэмалары, 1957 ж. 309-бет).

Бұл өлеңде балаларды еңбекке тәрбиелеу, соған баулумен қатар, жаңа заманның озаттарын, ондағы жас өрендерді мадақтап, олардың еңбегін, Отанға берілгендік ынтасын жыр еткен. Барлық игі жұмыстар солардың жарқын болашағы үшін істеліп жатқандықтан, бұған жастардың өздері де белсене ат салысуы керектігі айтылған. Балаларды білім алу мен еңбек тәрбиесіне баулудағы, жаңа дағдыларды меңгерудегі, бойындағы функционалдық сауаттылықты арттырудағы Сәкеннің шығармаларының күшті де әсерлі болатыны осынысында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» №368 (25765) 07 ҚАРАША 2009 ЖЫЛ
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 7- том.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ж.
4. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы «Білік» баспа үйі, Алматы, 1999 ж.

С. СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Астана қаласы

№ 14 мектеп-гимназиясының

тарих пәні мұғалімі

Нұрқасымова Фарида Қажымұханқызы

Еліміздің орта білім саласына енгізіліп жатқан жаңа реформа білімнің берілу сауаттылығы ғана емес, мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі бәсекелестікте алатын орнына да қатысты. Бүгінгі білім саласындағы талап әлемдік озық үлгідегі білім беретін елдермен тәжірибе алмаса отырып оқыту. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, халықаралық стандарт деңгейінде сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы. Негізгісі оқушыларды мектеп бітіргеннен кейін өмірге бейім етіп, алған білімін өмірде кез келген жағдайда, қажетті жерде оңтайлы қолдана алатын тұлға ретінде оқыту болып отыр. Кеңінен алғанда, білім берудің көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналууда. Мақсаты: Тарих және қоғамтану сабақтарында оқушыларының функционалдық

сауаттылықтарын қалыптастыру тетіктерін зерделеу арқылы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдаланып, сапалы білім беру, өмірге бейім тұлға қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлауды дамытуды тарих пәнін оқытуда қолдану және ол арқылы оқушы білімін тереңдетіп, оқушының сабақты шығармашылық ізденіспен меңгеруіне септігін тигізетіндігін дәлелдеу.

Міндеттері:

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру үшін қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгеру, игеру;
- Оқушылардың өз бетінше ізденудің тиімді жолдарын анықтау.

Зерттеудің тәжірибедегі маңыздылығы: Жұмыста ұсынылған амал-тәсілдерді орта және жоғарғы сыныптарда тарихи салаларын меңгертуде қолдануға болады. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, жаңа тақырыпты тез меңгеруге мүмкіндік береді.

Сәкен Сейфуллин - қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құраушы, ақын және жазушы, қоғам, мемлекет қайраткері Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушысы. Алғашқылардың бірі болып Қазақ (қырғыз) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы (1920–1925 ж.ж.) қызметін атқарды.

Оқу- білім қазығы,

Адамның азығы.

Оқу - өмірдің сәні,

Тіршіліктің шамы.

С. Сейфуллин - еңбектері арқылы оқушыларда функционалдық сауаттылықты арттыруда біз Сәкеннің «Тіршілік» газетіне атқарған еңбектерін тоқталдық. Жалпы сол тарихи уақыт кезеңінде «Тіршілік» газеті қоғамдық санаға ықпал етіп, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыра білді.

С. Сейфуллин «Тіршілікті» сол кездегі қазақ халқының саяси бостандығын, ұлт мүддесін көздеген үнпарағына айналдырды. Сондай-ақ «Елден хабар», «Жастар тіршілігі», «Оқшау сөз», «Әйел теңдігі», «Мұсылман өмірінен», «Оқу ағарту майданында» секілді материалдар топтамасы тұрақты беріліп отырған.

Сәкен және «Қазақ» атауының қайтарылуы.

ҚАКСР Халкомкеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекшіл қазақ» (қазіргі «Egemen Qazaqstan») газетінде арнайы мақала жариялап, араға екі жылдан сәл астам уақыт салып, яғни 1925 жылғы 19 сәуірде Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезінде қазақ атауын қайтару туралы шешім қабылданған еді. Шешім бекітілу үшін Бүкілресейлік ОАК-тың қарауына ұсынылып, аталған Орталық атқару комитеті бұл шешімді 1925 жылғы 15 маусымда ресми түрде мақұлдаған декрет қабылдаған соң заңды күшіне еніп, қазақ халқы өзінің тарихи атауын қалпына келтірген еді.

Сейфуллинді Мәскеуге асқан адалдық танытты және патриоттық сезімі

болмады деп кінәлауға негіз жоқ. Ол 1923 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы лауазымында қазақтарға қатысты «қырғыз» және «қырғыз-қайсақ» этнонимін қолдануды біржола тоқтату туралы мәселе көтерді. «Әрбір қазақ азаматы өзін «қырғыз» деп атауды тоқтату керек, басқа халықтардың құлақтарына үйреншікті болуы үшін «қазақ, қазақ» деп жиі айту керек. Қазақстанның Орталық Үкіметі «қырғыз» сөзін қолдануды тоқтатуға және «қазақ» сөзін халық атына қолдану туралы Жарлық шығаруға тиіс», деді қайраткер. Айта кету керек, билік оның ұсынысын ескеріп, 1924 жылдан бастап ресми кеңестік құжаттамада қазақтарды «қырғыз», ал қырғыздарды «қара қырғыз» деп атауды тоқтатты.

1916 жылы Сәкен сырттай мүлікті заңдастыру комиссиясының Ақмола уезі бойынша 12 елді мекенде жұмыс істейді. Сол кезде 1916ж ол қазақ халқының А Иманов бастаған көтеріліске арналған дастан «Толқулар» өлеңін жазды.

1917 жылы сәуір айында, С.Сейфуллин «Жас қазақ» саяси және әлеуметтік-мәдени қоғамын құрады. Сәкен 1917 жылы қарашада «Кел, жігіттер» өлеңін жазып, Қазан революциясын зор қуанышпен қарсы алды. Осы жылдың 27 желтоқсанында Ақмола Совдепінің президиум мүшелігіне сайланды. 1918 жылы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолына» атты пьесасының премьерасын көрсетті. 1918 жылы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола Совпедшілері тұтқындалды. Атаманның «азап вагонында» 47 күн ажалмен арпалысқан Сәкен 1919 жылы 3 сәуірде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты. Татарка - Славгород – Павлодар- Баянауыл- Сарыадыр арқылы еліне жетті. Осы жылдың желтоқсанында Әулиеата қаласына (қазіргі Жамбыл) келді. 1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, Атқару комитеті председателінің орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болды. 1920 жылы 4 қазанда Қазақтың Советтік Автономиялық Республикасын жариялаған Советтердің I Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болып сайланды. Жер – су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті. Қарашада Москвада болып, Советтердің 8-съезіне қатысты, В.И.Лениннің ГОЭЛРО жоспары туралы жасаған баяндамасын тыңдады. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Халық Ағарту Комиссарының орынбасары болды.

1917 жылы шілдеде Сәкен «Тіршілік» газетін шығаруға қатысады. Газет маған зор сенім білдіріп, басқартты. Сол арқылы мен «Тіршілік» газетінің 4-бетінен енші алып, өз алдымызға жеке «Тіршілік» атты бетін ұйымдастырдым. Кейін «Тіршілік» газетінің 7-8 санын шығардық. Жастар бетін шығарушылар губерниялық жастар ұйымының тапсыруымен ауылдарды аралап газетке материал жинап, қаржы мәселесін ұйымдастырды». С. Сейфуллин «Тіршілік» газеті қолжазбасынан үзінді.

Қазақ АКСР Халкомкеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин 1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекшіл қазақ» (қазіргі «Egemen Qazaqstan») газетінде арнайы мақала жариялап, араға екі жылдан сәл астам уақыт салып, яғни 1925 жылғы 19

сәуірде Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезінде қазақ атауын қайтару туралы шешім қабылданған еді. Шешім бекітілу үшін Бүкілресейлік ОАК-тың қарауына ұсынылып, аталған Орталық атқару комитеті бұл шешімді 1925 жылғы 15 маусымда ресми түрде мақұлдаған декрет қабылдаған соң заңды күшіне еніп, қазақ халқы өзінің тарихи атауын қалпына келтірген еді.

Ел егемендігі үшін күрескен алаштың ардақтысы- Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына зер салсақ, оның сан қилы, қатпарлы тағдырына куә боламыз. Әрине, тұтас ұлттың тағдыры сын сағатта тұрған кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысу, жүректің батылдығын қажет етсе керек. Қай қырынан алып қарасақ та, алпауыт империяның ықпалы болмауы мүмкін емес еді. Жалпы сол кезеңде өмір сүрген қайраткер тұлғалардың атына сөз айтпас бұрын, әбден таразылап алған жөн сияқты. Себебі бұл - өте нәзік дүние. Елге ықпалды тұлғалардың саяси тұрғыдан да ауызына сөз салып, «айтпағанын айтты, істемегенін істеді» дегізген сәттер де болғанына күмәнім жоқ.

Соңғы жылдары тарихшылар түрлі конференциялар өткізіп, Бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде түрлі мақалалар басылып, С. Сейфуллин мен М. Жұмабаев атылмаған, олар Сібірде айдауда болған, оларды көрген адамдар бар деген тұжырымдама айтылып жүрді. Біраз кісілер қайраткер ақындарымыздың жатқан жерлерін анықтаймыз деп, Магаданға экспедицияға да барып қайтты. Үкіметтің алдына арыстарымыздың сүйектерін тауып, елге әкеліп жерлеу керек деген мәселе қойды. Бірақ нақты деректер болмаған соң, бұл ұсыныстар аяқсыз қалды. Енді осының ақ-қарасын анықтап, ақиқатын Рақышев дәлелдеп отыр. Режиссердің айтуынша, бүгінгідей бейбіт күнді аңсап, арманда кеткен, өз өмірінен ұлтының мүддесін жоғары қойған, аяулы ақынымыздың атылғаны туралы құжаттың табылуының маңыздылығы зор. Өйткені, ақынның қайтыс болған күні белгісіз болғандықтан, оған сол күні Құран бағышталмай, еске алынбай, тағзым етілмей келді. Енді бәрі анықталды. Сәкенді 1938 жылы 25 ақпанда атқан. Сол күні 39 адам атылған. Олардың қатарында Т. Жүргенов, Ұ. Құлымбетовтер де болған. Рақышевтің айтуынша, С. Сейфуллиннің атылғаны туралы актінің табылуына ақынның ұрпақтарының көмегі болған.

1937-1938 жылдарда қара дауылдай соғып тұрған сталиндік репрессия қазақ халқының ең білімді, ең саналы зиялыларын баудай түсірді: дәл осы кезде де өз басына қауіп төніп тұрғанына қарамастан, азаматтық келбетін жоғалтпай, адал бағытынан таймағандардың бірі – Сәкен. Орынсыз айып тағылып, өлім жазасына кесіліп, жалған жаланың құрбаны болып кете барды.

Бойына бар өнерді тоғыстырған Сәкеннің өмірі бүгінге үлгі, оның сұлу болмысындай асқақ та нәзік жырлары ұрпақтан ұрпаққа аманат болып қала бермек.

САКЕННІҢ СҰЛУ ДА СЫРҒА ТОЛЫ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ

Қосшы қаласы
ІТ мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Сүлейменова Алтынай Умиртаевна

Білім беру саласындағы өзгерістер, жаңалықтар оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, сындарлы оқыту бүгінгі күннің басты мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен Сейфуллин мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал шығармашылық мұрасын оқыту іс-тәжірибемен ұстаздар арасында бөлісу, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту - бәріміздің ортақ іс, қасиетті борышымыз.

Қазақ халқының сыршыл ақыны Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Көкшетау» поэмасы. Ұзақ жылдар бойы құмартып, қызыға жырлаған тақырыбы: туған жерге деген сүйіспеншілік, ғажайып табиғат суреттері, қайталанбас сұлу көрініс, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, оны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мінез-құлқына байланысты жырлаған.

Өз іс-тәжірибемдегі Сәкен мұраларын оқыту мәселесіне тоқталайын.

Әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем шығарманы оқу мен талдау жұмыстарына үйрету - әдебиет пәнінің ең басты қызметі әрі мақсаты. Оқушы ынтасы мен қызығушылығын арттырудың тиімді жолы - үнемі оқушы пікірін тыңдау, жүйелі тапсырмалар беру. Мұнда оқушы оқиды, ізденеді, жазады, талдайды, салыстырады, өз ойын-пікірін айтады.

«Көкшетау» поэмасын оқытуда берілген тапсырмаларға тоқталып өтейін:

- «Көкшетау» поэмасындағы тау атауларының аңыздармен сабақтастығын анықтайды;

- ақын өлеңдеріндегі табиғатты суреттеулерін талдайды, саралайды;

- табиғатты аялауға ұмтылады, табиғаттың көркем бейнелерін көре білуге үйренеді;

- автордың ойын анықтау мақсатында оқушыларға түрлі ізденіс жұмыстарын жасайды;

- оқушылар Сәкен шығармаларын оқып, зерттей келе, табиғат құбылыс адам тіршілігіне көп әсер ететіндігіне көздерін жеткізеді.

«Көкшетау» поэмасын оқып, талдап, игерту мақсатында оқушыларды топтарға бөле отырып, топтық ізденіс жұмыстары берілді. Поэма бөлімдерін бірнеше аялдамаларға бөліп, поэма желісімен табиғат аясына саяхатқа шығады. Алдын ала «Көкшетау» поэмасын оқып, бөлімдер бойынша қысқа, тұжырымды аннотация жазып келу тапсырмасы беріледі. Көкше баурайының суреттерін көрсету арқылы «Көкшетау» поэмасындағы Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас, Көкше бейнелерін суреттейтін жерлерді мәнерлеп оқу үстінде суреттерін көрсетіп, түсінік берудің тиімділігі сол: бұл тәсіл әрі балалардың сезіміне әсер

етеді, әрі білімін, дүниетанымын кеңейтеді, әрі туған елі, оның сұлу табиғатына деген махаббатына, сезіміне әсер етеді. Бұл кіріспе жұмыс өлеңді талдап болғаннан кейін де іздендіру бағытындағы салыстыру жұмыстарын жүргізуде нәтижелі болып келеді.

«Көкшетау» поэмасының сюжеті, композициясы, поэтикалық компоненттеріне талдау тапсырмаларын орындайды.

1. «Сырға толы ғажайып өлке» аялдамасы бойынша «Көкшетау» поэмасындағы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің керемет сұлу суреттері өрнегі бойынша тапсырмалар беріліп, талдау жұмыстарын жасады. Сәкеннің керемет сөздің сұлу өрнектерімен танысады. Көкшетаудың сұлу бейнесі, мөлдіреген күміс көлі, бұлттармен астасқан сұлу, көк мұнар жүзі, ақ жауыны, жұпар ауасы, қалың қарағай ақ қайыңдары, кербез ару бейнесі, ақынның шеберлігі оқушылар қаламынан тыс қалмады, өзіндік ойларын ортаға салып, «автор орындығында» өз пікірлерін бөлісіп отырды.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер Көкшетау образын ашуға, күшейте түсуге жәрдем беретін «Оқжетпес», «Жұмбақтас», «Жеке батыр» оқиғалары бойынша топқа бөліп, топтық ізденіс тапсырмалары беріліп, жан - жақты талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыршыл ақын табиғатты онда мекендеген адамның көңіл-күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттеген Көкше аңыздары, Жеке батыр, Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас туралы аңыз әңгімелері бойынша өзіндік ізденіс жұмыстары беріліп, оқушылар ерекше бір құлшыныс, шабытпен жұмыс жасады. Аңыз әңгіменің қызықты оқиғалары тарихтың сырлы қойнауына жетелегендей әсерлі болды.

2. «Қойнауы аңызға көмкерілген сұлу Көкше» аялдамасында Сәкен Сейфулиннің «Көкшетау» поэмасындағы, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы, Қ.Аманжолов «Көкшесіндегі» Көкшетау көріністерін салыстырады.

Мақсаты: Ақындардың бай тілін, суреткерлігін, халық тілінің негізінде поэтикалық тіл жасау шеберлігін талдау; Көкше көріністерін суреттеуде қай ақын оқушы талғамына жақын,соны анықтау. Көкше көріністері бейнеленген суреттер арқылы өздеріне шығарма, суреттеме жаздырту.

Суреттер арқылы: «Қай ақын Көкшені шебер суреттеген?» деген сұрақтар айналасында пікірталас ұйымдастыру.

Пікірталас «Үш пікір» әдісі арқылы жүргізілді. Әр оқушының 3 пікір айтуына мүмкіндігі бар. Ол үшін қолдарына 3 таяқша (шпажка, т.б. майда заттар) беріледі. Пікірлерін айтқан сайын қолдарындағы заттарын ортадағы коробкаға тастап отырады. Бұл әдіс сыныптағы оқушылардың бәрі тең дәрежеде пікір білдіруге мүмкіндік жасайды.

Оқушылар поэманың шығармалық сюжетін, адамдардың арасындағы қарым – қатынасты анықтайды. Оқиғалармен танысып, іс - әрекеттер арқылы кейіпкерлерге мінездеме береді. «Поэмадағы оқиғалар, сюжеті, кейіпкерлер іс-әрекеті» кестесі бойынша талдайды.

3.«Жеке батыр» аңыз әңгімесімен танысу, оқушыларды қызықты табиғат

қойнауына жетелегендей. Жеке батыр тауы, болат дулығасы мен сауытын шешпей мәңгі ұйқыға кеткен сақалды батыр бейнесі, елі мен жері үшін күресуі, еркін жүріп, бақ пен байлық іздеуі – оқушылардың қызығушылығын арттырып, бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, саралайды.

Сәкеннің негізгі ойы — Көкшенің көркем табиғатын жырлау болғандығын аңыз әңгіме арқылы Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырғанын анықтайды. Ақынның тауға, шынға, көлге берген портрет, мінездемелерін талдайды. Осы негізде табиғаттың әсем көріністерін бейнелеп, сөзбен сомдайды. «Галлерейға саяхат» жасалды.

4. «Арқада жер жетпейді Бурабайға» аялдамасында Көкшетау қыратындағы тұйық көл Бурабайға саяхат жасайды. «Оқжетпес», «Жұмбақтас» аңыздары — Сәкен поэмасының негізгі тараулары. Оқушылар сол дәуірдің шындығын, ондағы таптық қарым - қатынастарды, ұнамды - ұнамсыз адамдар образдарын да осы тарауларда танысады. Ұнамды, ұнамсыз образдарына талдау жасайды.

5. «Оқжетпес» аялдамасы. Оқжетпес жайлы бірнеше аңыз әңгімелер жинақтайды. «Болжам жасау» арқылы өз нұсқаларын жазады.

6. «Жұмбақтас» аялдамасы. Көгілдір шығанақ суында орналасқан керемет тас арал Жұмбақтасқа, Абылай хан заманына сапар шегеді. Ақынның поэмада рең, ажар әсемдігін танытатын сөздерінің қолданысын талдай отырып, «Еш адам оны барып қия алмаған» таудың тік екенін, оған көтерілу мүмкін еместігін әсерлі бейнелеуін таниды. «Көркемдегіш құрал. Автор не үшін қолданды?» кестесін толтырады.

Сәкеннің поэма - дастандары қазақ поэзиясына қосқан үлкен еңбегі еді. Сол туындылардың қадір - қасиеті уақыт озған сайын құрметтеле береді, жаңа ұрпақпен табыса береді. Қазақ әдебиетінде ақындығымен жарқырай көрінген азаматтық тұлғасы, тарихтағы орны бөлек.

Осы баяндамамды сабақтан алған әсері жайлы жазған оқушының «Кері байланыс» ой түйінімен аяқтасам: 1- оқушы: «Мен «Көкшетау» поэмасын оқи отырып, адам мен табиғаттың үлкен байланысын сездім. Еліміздің өткен тарихы туған елдің әр тасына жазылғандай. Бұл- нағыз табиғат лирикасы. Ол көз қуантар табиғат келбетін оқушыға сөз қасиетімен танытады, сүйсіндіреді. Ақынның шеберлігі- «Көкшетау» деп пейзаждық галерея жасап қойған секілді» - десе, 2-оқушы: «Сабақ барысында табиғат аясына саяхат жасай отырып, әр аялдамадан алған әсерімізбен табиғатқа құшағына еніп, сонау тарих қойнауында қалып қойған таза ауасымен тыныстап, сырласып, мұндасқандай болдым. Бүгінгі күнгі табиғат көріністеріне қарап отырып, көңілімде кірбің, жүзімде мұң ұялағандай...

Керемет шабытпен табиғат сұлулығын жырлаған Сәкен ақын алдында, табиғат алдындағы азаматтық борышым оянғандай сезімде болдым. Қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі - экологиялық жағдайға деген өзіндік перзенттік борышымды есіме салғандай болды. Өз үлесімді қосуға ұмтыламын деген ойдамын», - деп түйіндеген екен.

Сәкеннің табиғат туралы жырларының қазіргі кезеңде өзектілігі сонда табиғатты сақтай, қорғай отырып, экологиялық мәселелерді шешуге болатындығын әрбір адам ескерсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Библиографиялық тізім:

1. Б. Наурызбаев, Дәуір суреткері, Алматы
2. Қазақ әдебиеті, оқулық 11-сынып
3. Қазақ әдебиеті энциклопедия «Білік» баспа үйі, Алматы, 1999 ж.

СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДӘРІПТЕУ

**Астана қаласы
Т.Айбергенов атындағы
№16 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Буркутбаева Кенжегуль Ермековна**

Сәкен Сейфуллин — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, ағартушы. Оның шығармалары қазақ халқының рухани, мәдени және тарихи құндылықтарын терең ашады. Сейфуллиннің әдеби мұрасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға үлкен мүмкіндіктер береді, өйткені оның шығармалары тілді, тарихи-мәдени контекстті түсінуді талап етеді және ойлау қабілетін қалыптастырады.

Кіріспе

Функционалдық сауаттылық — заманауи білім берудің маңызды аспектісі. Функционалдық сауаттылық білім алушылардың оқу үдерісінде алған дағдыларын өмірде қолдана білуін, ақпаратты тиімді түсініп, пайдалана білуін, сондай-ақ проблемаларды шешуді қамтиды. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын зерделеу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесі қарастырылады.

1. Функционалдық сауаттылықтың маңызы және оның қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі.

Бұл бөлімде біз функционалдық жарамдылық ұғымына анықтама береміз және оның қазіргі білім беру жүйесінде қаншалықты маңызды екенін талдаймыз. Оқушыларға теориялық білім алып қана қоймай, ақпаратты түсіну, логикалық ойлау және талдау дағдыларын дамыта отырып, оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беріледі.

2. С. Сейфуллин шығармаларының тәрбиелік және танымдық маңызы.

Сәкен Сейфуллин — қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті тұлға. Оның шығармалары оқушыларды отансүйгіштікке, еңбекқорлыққа,

адалдыққа, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді. Бұл бөлімде Сейфуллиннің прозалық және поэтикалық шығармаларының, сондай-ақ тарихи және әлеуметтік тақырыптардың тәрбиелік мәні қарастырылады.

3. С. Сейфуллин шығармаларының көмегімен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары

Сейфуллин шығармаларының бай тілі мен тарихи-мәдени контекст — оқушылардың мағынаны түсіну және ойлау қабілетін дамытудың тамаша құралы. Бұл бөлімде Сейфуллиннің шығармаларын оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту және шешім қабылдау үшін қалай тиімді пайдалануға болатындығы сипатталған.

Тәжірибелік әдістер:

Мәтінді талдау және түсіну дағдыларын дамыту. Сейфуллиннің түрлі-түсті тақырыптары мен тапсырмаларының көмегімен оқушылар мәтіннің мазмұнымен, оқиғалардың себептері мен салдарымен танысады.

Шығармашылық тапсырмалар. Оқушыларды шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында шығарма тақырыбына эссе жазуға шақыру.

Интерактивті тапсырмалар. Сейфуллиннің шығармалары бойынша рөлдік ойындар өткізу, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру бойынша қатысушылардың шешімдерін талқылау.

* Мәтінді талдау: Сейфуллин шығармаларын талдау оқушыларға мәтіннің негізгі идеясы мен идеясын түсінуге көмектеседі.

* Рөлдік ойындар: шығармалардың мазмұнына сәйкес келетін рөлдік ойындарды өткізу арқылы оқушылар кейіпкерлердің сезімдері мен әрекеттерін жақсы түсіне алады.

* Тарихи контекстпен жұмыс: оқушыларға иллюстрацияларда бейнеленген тарихи кезеңді талдауға тапсырма беру олардың тарихи білімін кеңейтеді және мәтінді тереңірек түсінуге көмектеседі.

4. Сабақта инновациялық әдістерді қолдану

Сейфуллиннің шығармаларын зерттеуде мультимедиялық құралдарды, оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлауын дамытуға арналған интерактивті тапсырмаларды қолдану. Мысалы, көрнекі құралдарды, сыныптағы топтық жұмыстарды және басқа әдістерді қолдану арқылы оқушылардың назарын шығармалардағы негізгі оқиғаларға аударуға болады.

С. Сейфуллин шығармаларының көмегімен функционалдық жарамдылықты арттыру жолдары

1. Сөйлеуді дамыту: С.Сейфуллиннің өлеңдері мен прозалық шығармалары бай лексикамен ерекшеленеді. Осы мәтіндермен жұмыс жасай отырып, студенттер сөйлеуді жетілдіре алады, күрделі сөйлеу құрылымдарын түсінеді және өз ойларын дұрыс жеткізуді үйренеді.

2. Жаңа оқығандарыңыз туралы ойланыңыз: оқушыларға С.Сейфуллин шығармаларындағы кейіпкерлердің оқиғалары мен әрекеттері туралы сұрақтар қою арқылы сіз олардың жаңа оқығандары туралы ойлау қабілетін дамыта аласыз. Атап айтқанда, Сейфуллин поэзиясындағы халықтың әлеуметтік әділеттілігі мен қайғылы жағдайына байланысты мәселелерді талқылау

олардың әлемге деген көзқарасын кеңейтеді.

3. Тарихи сана: Сейфуллиннің шығармалары оқушыларға әдеби-эстетикалық білім беріп қана қоймай, олардың тарихи санасын қалыптастырады. Шығармаларда сипатталған тарихи оқиғалар мен дәуірлерді талдай отырып, оқушылар қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек түсінеді.

4. Тұлғааралық дағдыларды дамыту

Қорытынды: С.Сейфуллин шығармаларының көмегімен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру — бұл оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, оқу үдерісінде әлеуметтік және мәдени құндылықтарды тереңірек түсінуге ықпал ететін тиімді әдіс. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Тіл үйренуден бастап тарихи сананы қалыптастыруға дейінгі көптеген маңызды аспектілерді қамтитын бұл шығармалар мектеп бағдарламасында қолдануға өте қолайлы. Оқушылар әдебиет пен тарихпен танысып қана қоймай, ақпаратты талдау және оны өз өмірлерінде қолдану дағдыларын дамытады.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Астана қаласы
М.Әуезов атындағы
№ 86 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кудайбергенова Айгул Халкеновна

*Оның шынышылдығы – қызып, жанып отыратын,
бұл білініп тұратын, барынша шын сезім, шын
жүрек шынышылдығы емес, ылдиы бар, өрі бар –
өмір жолы, ыстық қанды нағыз ақын жолы.*

Мұхтар Әуезов

Аннотация

Сәкен – қазақтың біртуар тұлғаларының бірі. Ол халқын сүйді, халқы үшін үлкен еңбек етті. Сәкен ең тартымды коммунистік партияның саяси тұғырнамасын ұлт игілігіне пайдалануға тырысты. Алайда Ресейдегі дүрбелеңдер мен идеологиялық өзгерістерге қарамастан, империялық озбырлық өзгеріссіз қалып, Сәкеннің, Сәкен сияқты жүз мыңдаған боздақтардың, тіпті мүлде басқа жолды таңдаған патриоттардың өмірі қиялға, трагедияға айналды. Сондықтан, тарихи тұлғалардың тағдыры таңдаған жолына емес, халқына қаншалықты қызмет еткеніне, қаншалықты лайықты мұра қалдырғанына қарай бағалануы керек. Бұл тарихи әділеттіліктің де, ғылыми-әдістемелік объективті принциптердің де қисыны. Осы тұрғыдан келгенде, Сәкен – мәңгі өмір сүретін, халықтың мәңгілік

құрметіне лайық бірегей тұлға.

XX ғасырда қазақтың ұлттық әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан жаңашыл ақын, қаламгердің бірі - Сәкен Сейфуллин. Оның поэзиясы Абай мен С. Торайғыров шығармашылығының заңды жалғасы болғанымен, идеялық-шығармашылық ерекшелігімен ерекшеленеді. Сәкен шығармаларының идеялық концепциясы жаңа дәуірдің, кеңестік дәуірдің өзекті мәселелерімен тығыз астасып жатыр. Бұл социалистік реализм әдебиетінің негізі, басты бағыты, ерекше артықшылығы. Қазақ даласында осы әдебиеттің туын алғаш көтерген Сәкен шығармалары бүгінгі жаңа өмірдің жалынды хабаршысы болған мәңгілік тарихи құбылыс. Сондықтан ол өзінің қоғамдық қызметімен де, шығармашылық еңбегімен де Қазақстандағы социалистік құрылыс ісіне беріліп, оны батыл жырлаушы болып, сөйтіп кеңестік әдебиеттің негізін саушы ретінде тарихқа кірді.

Сәкен лирикасы тақырыптық және жанрлық сипаты жағынан әр алуан. Ол туған өлкенің бай табиғатын, жастық-махаббат сезімдерін, көңіл күй әсерлерін бейнелейтін көптеген сыршыл өлеңдер қалдырды. Солардың бәрінде ақын адамның ішкі сезім байлығын терең ашуға, сол негізде жаңа қоғамдық қарым – қатынастардың қалыптасауын көрсетуге ұмытылады.

1914 жылы «Өткен күндер» атты жыр жинағымен поэзия саласындағы алғашқы қадамын бастаған Сәкен Қазан төңкерісінің аласапыран күндерінде жаңа идеялық негізде форма мен мазмұнның ажырамас бірлігін сақтай білді. «Асау тұлпар», «Экспресс» жинақтарында «Кел, жігіттер», «Жас қазақ марсельзалары», «Жұмыскерлерге», «Жолдастар» және т.б саяси лирикаларын біріктіріп, әйгілі «Советстан» поэмасымен жаңашылдықты ашты. Қазақ совет әдебиетіндегі идеялық шығармашылықтың қалыптасуының жарқын белгілерінің бірі – «Көкшетау» поэмасы. Бұл өлең Сәкеннің әдебиетке қосқан зор үлесін арттыра түсті. 30-шы жылдардағы қазақ поэзиясының зор табысы – жаңа заманды бейнелейтін «Альбатрос» және «Социалистік» поэмалары, ақынның «Қызыл ат» поэмасы. азамат күрделі әлеуметтік мәселелерді қорықпай жырлап, сол кезеңдегі қайшылықтарды батыл айтып берді.

Сәкен шығармашылығы туралы айтқанда, оның заманауи бейнесі ретінде жалпы ұлт-азаттық ұлттық құндылықтар жасауға ерекше мән беріледі. Бұл ұлы бейненің алғашқы үлгілері Сәкеннің 1917 жылғы өлеңдерінен басталды. Қазан төңкерісін зор қуанышпен қарсы алған ақын: «Кел жігіттер, болыңдар ер, жүйткіт, орғыт тұлпар» деп жырлайды, бұл шығармасында тынымсыз тұлпардың жанды бейнесін жаңа дәуір деп есептейді. Себебі «Советстан» поэмасының тарауларының тақырыптары «Отарбада», «Біздің тұрмыс – Отарбада», «Советстан – Отарба», «Экспресс» деп аталып, жаңаша ізденіс бар. Образ, жаңа мазмұнға сай жаңа поэтикалық формалар мен үлгілер Сәкеннің «Көкшетау» поэмасы халық өмірін терең философиялық толғаумен, бүгінгі ұрпақтың осындай құдіретті Отаны бар ұлы мұраттарының жарқын бейнесімен тамаша жеткізеді. Оның кеңестік дәуірмен үндескен тамаша поэзиясы – қазақ совет әдебиетінің үлкен жетістігі.

Жалпы, Сәкеннің шығармаларының құндылығы жөнінде сөз еткенде, ең

алдымен көз алдымызға оның “Көкшетау” поэмасы түсері анық. Сәкен «Көкшетау» поэмасында сонау бір дәуір шындығын жаңғыртып, патриархалдық-феодалдық қоғамның таптық қайшылықтарын ашып, хан Абылайдың көршілес халықтардың бейбіт ауылдарына жасаған жыртқыш жорықтарын айыптайды.

Халық ертеден-ақ өзінің арман-мұңының белгісі болған, ерлік салт пен дәстүрге бай, табиғи сыры мол әсем жерлерді жырға қосып мадақтаған.

«Көкшетау» поэмасы – бүкіл қазақ поэзиясындағы көркем шығармалардың бірі. Оның халық арасына кең тарауы шын мәніндегі халықтық туынды екенін танытады. Поэмада Көкшетаудың ғажайып табиғаты, таулары, көлдері мен ормандары шебер суреттелген. Бұл ретте ақын бір кездері хандардың ордасы, озбырлық пен озбырлықтың куәсі болған өлкенің социалистік жаңалығын шебер дәріптейді.

Ал “Аққудың айырылуы” шығармасының құндылығы жөнінде айтпай кетуге тіптен болмас. Сәкеннің «Аққудың айырылуы» поэмасының туған даласының сұлу табиғатын, шынайы махаббатын жырлауында ерекше мән бар. Ұлы гуманистік идеяны уағыздайтын «Аққудың айырылуы» романтикалық махаббат аңызы кез келген көркемдік талғамды шынайы қанағаттандыратындай етіп дүниеге келген. «Аққудың айырылуы» лирикалық поэма дейміз, өйткені онда тек бір сәт суреттеледі. Поэма оқиғасы көлдің жағасында өтеді. Көл табиғатына сүйсінген ақын ондағы жұбайы аққудың жарастықты махаббатын жырға қосады. Кенет осы екі аққудың бірін сұр мерген атып түссіреді. Екінші аққу жұбайының өлгенін көріп қиналып, мергеннің алдына келіп: «Мені де ат!» деп жалынады. Мерген ата алмайды. Жұбайсыз өмірді мағынасыз санаған аққу аспанға биіктеп ұшып шығып, содан құлап өледі. Поэма адал махаббатты, кіршіксіз сезімді, достықты қадірлеуге үндейді. Лирикалық поэманың көркемдік қуаты күшті, әсерлі болды.

Қорыта келе, Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы, ақын, қайсар күрескер, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына үңілгенде қазақ тарихындағы ұлы өзгерістердің сан қырын көреміз. Сәкеннің шығармалары арқылы ұлттық әдебиетте азаматтық сарын қалыптасты. Жан – жақты талант иесі Сәкен жас әдебиеттің барлық жанрында қызмет етіп, проза, поэзия, драматургия саласында елеулі шығармалар қалдырды. Ол әдебиеттің дәуір талабына үндес болуы үшін күресті. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметіне сеніп, оның жолын әділдік пен теңдіктің жолы деп санаған Сәкен басшылық тарапынан саяси бұрмалаушылықтарды көргенде байсалдылығын жоғалтпағанын тарих тағылымы көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметов Ш. Қазақ кеңесі балалар әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1985 ж.
2. Ахметов Ш. – А: 1992 ж.
3. Қабдолов З. Сөз өнері Алматы, 1982 ж.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы
К.Ақышев атындағы
№69 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Нурлан Айтолхын**

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қоғам қайраткері және жазушы. Ол XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға, оның рухани дамуына айтарлықтай үлес қосқан тұлға. Оның шығармалары тек ұлттық емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеп, оқырманды рухани байлыққа шақырады. Сейфуллиннің поэзиясы мен прозасы еркіндік, әділдік, патриотизм, ұлтжандылық секілді құндылықтарды жырлап, халықты ағартуға, мәдениетті көтеруге бағытталған. Бұл мақалада Сәкен Сейфуллин шығармаларының жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі рөлі мен маңыздылығы нақты мысалдармен талданады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында еркіндік пен теңдік идеялары ерекше орын алады. Оның поэзиясы мен прозасындағы кейіпкерлердің бостандығы мен әділдікке ұмтылуы, қоғамдағы теңдікке деген талаптары Сейфуллиннің негізгі тақырыбы болды. Мысалы, оның «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармасы қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресі, еркіндікке деген ұмтылысын бейнелейді. Бұл шығармада Сейфуллин қазақ халқының рухани және саяси тәуелсіздігі үшін күрескенін сипаттап, оқырманды азаттық пен әділдікке ұмтылуға шақырады [1].

Еркіндік пен теңдік – жалпыадамзаттық құндылықтар. Сейфуллин бұл идеяларды тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәселе ретінде көтереді. Ол барлық адамның тең құқылы болуын және олардың еркін өмір сүруін жақтайды. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер әділетсіздікке қарсы күресіп, еркін қоғам құру үшін күш салады.

Сейфуллин шығармаларында патриотизм үлкен маңызға ие. Ол қазақ халқының болашағы үшін күресіп, оның мәдениетін, тілін және дәстүрін сақтауға шақырған тұлға ретінде танымал. Оның «Көкшетау» атты поэмасы қазақ даласының табиғаты мен оның тарихи оқиғаларын жырлап, халықтың рухани бірлігін насихаттайды. Бұл поэмада Сәкен Сейфуллин қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтап, оның болашағы үшін күресу қажеттілігін көрсетеді [2].

Патриотизм – тек қазақ халқының ғана емес, барлық халықтардың маңызды құндылығы. Сейфуллиннің шығармаларында халыққа қызмет ету, оның мүддесін қорғау, ұлттық құндылықтарды сақтау идеялары басым. Бұл идеялар қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сейфуллиннің шығармалары адамгершілік пен әділдікке ерекше мән береді. Оның кейіпкерлері әділетсіздікке қарсы шығып, әділдік пен адалдықты қорғауға дайын. Мысалы, «Айша» поэмасында Сейфуллин әйел теңдігі мәселесін көтеріп, әділдікке деген ұмтылысты бейнелейді. Поэмада қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік жағдайы, олардың құқықтары туралы мәселе қозғалады. Сейфуллин әйелдерге әділдік, еркіндік және теңдік беру қажеттілігін жырлап, адамгершілік құндылықтарды насихаттайды [3]. Адамгершілік пен әділдік жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады. Сейфуллин шығармалары арқылы осы құндылықтарды дәріштеп, қоғамның моральдық дамуына ықпал етеді.

Сәкен Сейфуллин қазақ халқының мәдени мұрасын, әсіресе, тілін қорғауға ерекше назар аударған. Ол қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның сақталуы мен дамуы үшін күресті. Сейфуллиннің «Қазақ тілі» атты өлеңінде ол қазақ тілінің байлығын, оның поэтикалық мүмкіндіктерін жырлап, ана тілін құрметтеуге шақырады. Бұл өлеңде Сейфуллин қазақ тілін ана тіл ретінде ғана емес, ұлттық бірегейліктің маңызды элементі ретінде қарастырады [4]. Сейфуллин қазақ халқының әдеби мұрасын да сақтап, оны насихаттауды өз міндеті санаған. Оның шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосып, халықтың рухани байлығын байытты. Сейфуллиннің ұлттық әдебиетке деген ықыласы қазіргі қазақ әдебиетінде де маңызды орын алады.

Сәкен Сейфуллин шығармаларының тағы бір маңызды ерекшелігі – қазақ халқының тарихын бейнелеу. Оның «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасында қазақ халқының отаршылдыққа қарсы күресі, оның бостандығы үшін жүргізген тарихи оқиғалары суреттеледі. Бұл шығарма қазақ халқының өткенін ұмытпауға, оның батырлық тарихын еске салуға бағытталған [5].

Ұлттық тарихты дәріштеу арқылы Сейфуллин өз халқының рухани және тарихи мұрасын сақтап қалуға тырысты. Ол ұлттық тарихты білу, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу арқылы халықтың рухани және мәдени тұтастығын қамтамасыз етуге болатынын түсінген.

Сейфуллин шығармаларында қазақ халқының салт-дәстүрлері де кеңінен көрініс табады. Ол қазақтың ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін сақтаудың маңыздылығын атап өтеді. Мысалы, оның «Қызыл ат» шығармасында қазақ халқының тұрмыстық өмірі мен дәстүрлері бейнеленіп, ұлттық құндылықтарды сақтау қажеттілігі көрсетіледі. Бұл шығармада Сейфуллин қазақ халқының дәстүрлерін құрметтеуге және оларды болашақ ұрпаққа жеткізуге шақырады [6].

Салт-дәстүрлерді сақтау – бұл ұлттық бірегейлікті қорғаудың маңызды құралы. Сейфуллин бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, қазақ халқының мәдениетіне тән дәстүрлерді дәріштейді.

Сәкен Сейфуллин шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріштеуде ерекше маңызға ие. Оның шығармаларында еркіндік, теңдік, әділдік, патриотизм секілді жалпыадамзаттық құндылықтар жырланып, адамзаттың моральдық дамуына үлес қосу мақсаты қойылады. Сонымен қатар Сейфуллин ұлттық құндылықтарды, қазақ халқының мәдениеті

мен тілін, салт-дәстүрлерін сақтап, дамытуға зор үлес қосады. Оның шығармалары қазіргі заманда да өзектілігін жоғалтпай, оқырманды рухани және мәдени байытуға қызмет етуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейфуллин, С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Жазушы, 1989 ж.
2. Әбдірахманов, Т. Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы. //Қазақ әдебиеті, 2021 ж., №3, 45-47 бет.
3. Қожабеков, Е. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы әйел теңдігі.// Әдебиет және қоғам, 2020 ж., №5, 21-23 бет.
4. Сейфуллин С. Қазақ тілі. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2022 ж.
5. Қабышев, А. Сейфуллиннің тарихи еңбектері. //Тарих және уақыт, 2019, №4, 33-36 бет.
6. Жұмаділов Н. Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылықтар. //Қазақ мәдениеті, 2021 ж., №2, 56-59 бет.

**ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН
ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
С.Сейфуллин атындағы ЖББМ
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Шакенова Айжан Диханқызы**

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері, қазақ тілін, әдебиетін дамытуға елеулі үлес қосқан тұлға. Ол поэзия, проза, драматургия салаларында шығармалар жазып, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап, мәдени мұрасын жаңғыртқан. Сәкен шығармашылығының ерекшелігі – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бір арнада тоғыстыруы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл әрбір адамға ортақ, қоғамның рухани, мәдени, моральдық және этикалық негіздерін құрайтын маңызды қағидаттар мен нормалар. Олардың маңыздылығы бірнеше аспектілерде көрінеді:

1. Адамгершілік пен ізгілік негізі: Жалпыадамзаттық құндылықтар адамгершілік қағидаларына сүйенеді, яғни адамның адалдық, әділеттілік, мейірімділік сияқты қасиеттерді басшылыққа алуы. Бұл қасиеттер жеке тұлғалардың мінез-құлқын қалыптастырып, қоғамдағы қарым-қатынасты реттейді.

2. Қоғамды біріктіру: Әр түрлі мәдениеттер, ұлттар мен діндер арасындағы үйлесімділік пен түсіністік жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделеді. Олар адамдарды бір-бірін құрметтеуге, төзімді болуға және әртүрлілікке сыйластықпен қарауға шақырады.

3. Әлемдік тұрақтылық пен бейбітшілік: Жалпыадамзаттық құндылықтар бейбітшілікті, теңдікті және әділеттілікті қолдайды. Егер адамдар осы құндылықтарды ұстанса, әлемде соғыстардың, кикілжіндердің және агрессияның алдын алуға болады.

4. Жеке тұлғаның дамуы: Адамның жеке дамуы мен өзін-өзі жетілдіруі де осы құндылықтарға байланысты. Ішкі рухани байлық пен моральдық тұрақтылық адамның өмірін мәнді етеді.

5. Әлеуметтік және мәдени үйлесімділік: Жалпыадамзаттық құндылықтар қоғамдағы түрлі топтар арасындағы қарым-қатынасты жақсартыады. Бұл құндылықтар қоғамда мәдени, діни және ұлттық көптүрлілікті қабылдап, ынтымақтастық пен бірлікті нығайтады.

Осылайша, жалпыадамзаттық құндылықтар адамзаттың өркениетті дамуының негізін қалаушы маңызды принциптер болып табылады. Олар жеке адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Сәкеннің шығармалары адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейді. Оған мысал ретінде еркіндік, әділеттілік, бейбітшілік, теңдік секілді негізгі тақырыптарды айтуға болады. Мысалы, оның «Көкшетау» поэмасында табиғатқа деген махаббат, оның тазалығын сақтау мәселесі көтеріледі, бұл қазіргі экологиялық мәселелерге үндес. Бұл поэма тек табиғатты емес, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты терең философиялық тұрғыдан сипаттайды.

Сонымен қатар, Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты романы арқылы еркіндік пен әділеттілік ұғымдарын бейнелейді.[1] Ол бұл еңбегінде қазақ халқының ұлттық бостандығы жолындағы күресін сипаттай отырып, адамзатқа тән әділдікке деген ұмтылысты көрсетеді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Сәкеннің шығармаларында ұлттық рух, ұлттық сананы ояту мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрлері, тілі мен діні, мәдени мұралары туралы жазып, оны заманауи әлемге танытуға тырысты.

Сейфуллиннің поэзиясы мен прозасынан халықтың ұлттық болмысы, қазақтың дарқан мінезі, еркіндік сүйгіш рухы айқын байқалады. Оның «Советстан», «Жер қазғандар» атты өлеңдері халықтың еңбекқорлығын, рухани тазалығын суреттейді[2]. Қазақ қоғамының тарихи оқиғалары мен халықтың өмір салты шығармаларының өзегіне айналған. Бұл туындылар арқылы ол ұлттық құндылықтарды, тіл мен мәдениетті дәріптеуді көздеді.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұштастыру

Сәкен Сейфуллин шығармаларында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар бір-бірін толықтырып отырады. Оның ұлттық болмысқа негізделген шығармаларында бүкіл адамзатқа тән құндылықтар көрініс табады. Мысалы, еркіндік, әділдік, табиғатқа деген құрмет сияқты тақырыптар қазақ қоғамына тән болғанымен, оларды жалпы адамзаттық деңгейде қарастыруға болады. Ол ұлттық сананы сақтай отырып, әлемдік мәдениетке үлес қосты.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақтың ұлттық құндылықтарын

дәріптеп қана қоймай, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттауда маңызды рөл атқарды. Оның шығармашылығы тек қазақ халқының мәдени мұрасын сақтаумен шектелмей, оны әлемдік деңгейге шығаруға бағытталды. Бұл оның жазушылық, ақындық қызметінің мәңгілік мәнін айқындайды. Сәкен шығармалары қазіргі ұрпақ үшін де құндылығын жоғалтпаған рухани байлық болып қала береді.

Сейфуллиннің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыруы арқылы оның шығармалары уақыт талабы мен қазіргі заманның құндылықтарымен үндеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Тар жол, тайғақ кешу» 2013 ж., Алматы, «Жазушы» баспасы.
2. «Советстан» өлеңдер жинағы- 1957 ж., Алматы, «Жазушы» баспасы.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы әкімдігінің
«№ 14 мектеп-гимназия» ШЖК МКК
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Тақауиева Салтанат Рымбековна**

*«Әлімге жан екенсің қия алмайтын,
Әлеңнің құшағына сыя алмайтын.
«Қазақты көргің келсе, міне, осы деп»,
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын»
Сырбай Мәуленов*

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев кезекті өзінің сөзінде өскелең ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің құндылығына бірнеше рет баса назар аудара отырып, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «үйлесімді тұлға мен жауапты азаматты қалыптастырудың негіздері бала кезінен қаланатындығын» баса атап өткен болатын. Біздің жаңа буынды тәрбиелеуде білім алушыларымыздың жалпыадамзаттық құндылықтары мен эмоционалдық интеллектінің дамуына жағдай жасауымыз керек. Өскелең ұрпақ бойына рухани-адамгершілік, ұлттық, отбасылық, қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбие беру біздің басты миссиямыз деп санаймын.

Сәкен (Садуақас) Сейфуллин (1894–1938) 15 қазанда Жезқазған облысы, Ақадыр ауданы, Қарашілік қыстағында туған, көктеу, күзеу кезінде қазіргі Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданындағы, кезіндегі Бірлік, қазіргі Сәкен Сейфуллин атындағы елді мекендегі атақты Иманақ тауында өткен. Сөзге тиек ретінде айта кеосем, әйгілі «Тау ішінде» әні осы Иманақ тауының бөктерінде туындаған ән болатын.

Сәкеннің Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде, қалалық үш класты училищеде (оқығаны барша мәлім. Омбыда қазақ жастарының «Бірлік» қауымы басшыларының бірі болды. 1917 жылы Бұғылыда мектеп ашып, орыс тілінен сабақ берді. Кешікпей Ақмола қаласына ауысып, «Жас қазақ» ұйымын ашты, «Тіршілік» газетін шығарысты, 3 айлық педкурста оқытушы болды. 1918 жылғы сәуірде «Жас қазақ марсельезасын» жазып, 1 мамырда «Бақыт жолында» атты пьесасының премьерасын көрсетті.

1918 жылғы 4 маусымда ақтардың көтерілісі болып, Ақмола совдепшілері тұтқындалды. Атаманның «азап вагонында» 47 күн ажалмен арпалысып, 1919 жылғы 3 сәуірде Колчактың Омбыдағы түрмесінен қашып шықты. 1920 жылы 7 мамырда Ақмолаға қайтып оралып, атқару комитеті төрағасының орынбасары және әкімшілік бөлімінің меңгерушісі болады. 1920 жылғы 4 қазанда Қазақ Кеңес Автономиялық Республикасын жариялаған Кеңестердің 1-Құрылтай съезіне делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланды. Жер-су комиссиясының жұмысына және баспасөз ісіне басшылық етті. Публицистика саласына қалам тартып, біраз еңбектер атқарды. Қазақстан ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, бастыру ісімен шұғылданды. Қазақ фольклорының тарихына арналған «Қазақ әдебиеті» (1932) кітабын жазды. Қазақ әдебиетінің оқулықтарын жасауға қатысты. Басты шығармалары орыс тіліне аударылып, Кеңестер Одағы халықтарының бірқатар тілдерінде басылды.

Тұңғыш «Өткен күндер» өлеңдер жинағы Қазандағы «Матбұғат Кәрім-ия» баспасынан басылып шыққанда, Сәкен Сейфуллин жиырма жаста еді. Бұл тұста баспадан кітап болып шығып жатқан қазақ жазушыларының шығармалары некен-саяқ, ұлы ақын Абай туындыларының басылғанына небәрі бес-ақ жыл болған еді.

Ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасының бірі – «**Сыр сандық**» өлеңі болатын. Өлең құрылысы жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқас түріне жатады. 1926 жылы жазылған бұл өлеңді Сәкеннің өзі «Досқа жазылған хат» деп атағанымен, кейін келе халық арасында «Сыр сандық» деген атпен әйгілі болды. Өйткені осы өлеңдегі:

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара, жырласын! –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады. Сыр сандықтың басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Сәкен осы шығармасында дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балап атап өтеді.

Ақын белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовқа арнаған «Мұң» деген өлеңінде:

Ешкім жоқ, шер тарқатып көңіл ашар,
Жүректің күйіп-жанған дертін басар.
Мұнымды жұртқа айтпаған саған шақтым,
Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар,-
дегеніндей, ақын адал достықты үнемі жоғары бағалап, ерекше қадірлей білген. Ақын көңіл күйі «от», «дария» деген метафоралар арқылы ашылған. «Өнердің ең алды – сөз өнері. Сәкен – достық атты қасиетті ұғамның, адал махаббаттың жашысы бола білді, әрі соны өз шығармаларында арқау етті, ұрпаққа жеткізе білді.

Сәкен Сейфуллин Түркістан қазақтың рухани ордасы екенін біліп, соның дамуына да көп ақша бөлген. Одан кейін барлық мұрағатты сақтау мен архив қызметкерлерінің жалақысын көтеру туралы бұйрық шығарып, қазақтың тарихын сақтап қалуда белсенділік танытқанын да ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Сәкен халықтың тағдыры үшін уайымдады. Сейфуллин ұсталардың, қолөнершілердің, шахтерлердің тұрмыс-тіршілігін зерттеген, және де осы зерттеулер оның көзқарасы мен қызметіне әсер еткенін мойындады. Сәкен өлеңдерінің алғашқы жинағы 1914 жылы жарық көрді. Ол "Өткен күндер" деп аталды. Мұнда кедейлер мен қазақ халқының ауыр тағдыры сипаттай келе, еңбек адамдарының еңбегін құрметтеуге үйретті. Сәкен Сейфуллиннің жазушы ретінде кейбір шығармалары мен жинақтары ерекше танымалдыққа ие болды. Шығармалары халық тағдыры туралы болған Сәкен Сейфуллин әділдік үшін күресші ретінде танылды. Бүгінгі күні ақынның үздік кітаптары тізіміне төмендегідей шығармалар мен өлеңдер кіреді: «Тар жол, тайғақ кешу» Тірі және қызықты көркем шығарма жазушының өмірінен алынған тарихқа негізделген. Шығарма беттерінде еркіндік пен әділдік үшін халықтың күресі сипатталған. «Айша» жинағына Сәкен Сейфуллиннің бес туындысы кіреді. Кейіпкер Айша әділдік үшін күресуге дайын күшті және ерікті әйел ретінде сипатталған.

«Қызыл ат» поэмасы өте танымал болды, өйткені мұнда қазақ ауылында болған трагедия мен өзге де процестер сипатталған. Жазушы аштық пен ұжымдастыру кезінде билікті бұрмалап, асыра сілтеушілікті сынайды. «Білімсіз», «Сүйіктіме», «Жазғы түнде» Бұл лирикалық өлеңдер Сейфуллин табиғатының романтикалығы мен құмарлығын ашады. Сүйіктісін ол асыл тастармен салыстырады, ұялмай, ақ мойын мен мүсінді сипаттайды. Мұнда әйел мен табиғатқа деген махаббат сипатталған. Бұл жазушының ең жарқын туындыларының бірі.

Өмірбаяны тағдырына түскен ауыр сынақтармен таңқалдыратын Сәкен Сейфуллин өз халқына адал болды. Оның трагедиясы - ол шын жүректен социализм мен бостандыққа сенген. Нәтижесінде ол қолдаған большевистік билік Сәкеннің өзін жойды. 1938 жылы С. Сейфуллин "халық жауы" деп айыпталып, ату жазасына кесілді. Бірақ оның шығармашылығы, Түркістанды рухани орталық деп танып, Ақмоланы түбінде Астана қыламын асқақ арманының орындалғаны, «қазақ тілі – кеңсе тілі» болады деген үмітінің барша түркі елінің жадында мәңгі қалатынына сенімдімін.

Сөзімді қорытындылай келе, биылғы жылы туған жері Қарашіліктегі

ескерткішіне реставрация жасалып жатқанын айтқым келеді. Жаңаарқа, Шет аудандарында қазақтың біртуар ұлы, Алаш азаматы, қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан Сәкен Сейфуллиннің 130-жылдық мерейтойына түрлі іс-шаралар өткізіліп жатқанына да куәміз. Жақында ғана Сәкен Сейфуллиннің туған інісі Мәжит Сейфуллиннің қызы – София Мәжитқызы Сейфуллина мен ақын Сағынғали Сейітовтың қызы – Дидар Сағынғалиқызы Сейітова ат басын туған жерге бұрып, әруақтарға құран бағыштап, Жаңаарқа жерінде болып, мұражайға барып біраз естеліктермен бөліскені аян. Осындай іс-шаралар легі 10 қазанда Сәкеннің тікелей ұрпақтарының қатысуымен Астана қаласында жалғасын таппақ.

ҰЛТЫНЫҢ КЕМЕҢГЕР СЫРШЫЛЫ

**Астана қаласы
Ғ. Қайырбеков атындағы
№2 мектеп- гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кониспаева Нургуль Корганбаевна**

Қазақ халқының тарихында ойып орын алатын, ел есінде мәңгі сақталып қалған мұралар жадымызда мәңгі өшпес орын алып, олар ел есінде тайға таңба басқандай жазылып қалды. Сол заманның төрткүл дүниені дүрсілкіндірген оқиға кең байтақ түбі шексіз ұлы қазақ даласында ащы қасірет жылы болып қала берді. Кеңес дәуірінде орын алған қазақ жерінің шындықты айту жолына шектеу қойылған заман ағымымен күрескен Алаш тұлғалары мәңгі есімізде сақталады. Елінің қамын ойлап, жүрегін оққа қиған қазақ ойшылдары сол заманның ақиқатына айналған тұлға болып жарқын жұлдызымызға айналды. Олардың салып кеткен жолдары, айтылған әр сөздері қазақ елінің ұраны болып қала бермек.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларынан тәрбиелік тұстары оқушының ойлау қабілетіне әсер етпей қоймайды. Тамаша оймен ұштастырған туған жерге деген сүйіспеншілігі, ұлтын, тілін құрметтеуі, табиғат көріністері, құбылыстары, сағыныш ой толғанысы, ана-бала сүйіспеншілігі, аң-құсты аялау, баптау көріністерін анық көруге болады. Сол заманында сауатсыздықты жою жолында тынбай еңбек жасап, қазіргі күннің жарқын болашағына жол ашқан зиялы тұлғаның шығармалары қазіргі заман талабымен салыстырғанда оқушыларды тәрбиелікке баулып, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрінісін табатын, оқушыны ойландырмай қоймайтын қажетті дүние. Ақынның шығармалары мектепте, қоғамдық ортада өзін ұстау және басқаларды құрметтеу, адалдық, жауапкершілікке бағытталғанын қазіргі заман талабына сай, өмір ағымына қажетті баға жетпес құндылықтарымыздың біріне айналып отыр.

Ақын өзінің шығармасында туған даласының табиғатын ерекше

махаббатпен, сүйіспеншілікпен, аяушылықпен күй шертеді. Керемет әсер беретін, көңілге бір де мұң, бір де қуаныш сермейтін әсердің жүрекке тимеуі мүмкін емес. Жазған әр жолдарында үлкен мағына, терең ой жатқан тамыры терең, өзегі ешқашан жазылмайтын кездердің де мұңын шертеді. Ақынның сарқылмас ойы, халқына деген жанашырлығы, оның сезімталдығын бірден аңғармау мүмкін емес. Өшпес махаббатты, өтпес оттың шырмауына іліккен әр кезең оның алдынан бейне бір елес болып өтіп жатқандай күй шертеді.

Түбі шексіз кең даланың сұлу табиғатын және шынайы адал махаббатты біріктіре алып жырлауда Сәкеннің **«Аққудың айрылуы»** поэмасының маңызы ерекше көзге түседі. Бұл шығармадан оқушыны бір жағынан табиғаттың көркемділігіне ақынның әдемі теңеулерімен ұштастырған терең ойлы мағыналы сөздерімен сүйсіндірсе, екінші жағынан табиғатты аяулауға, құрметтеуге, сүюге баулып романтикалық бағытта көрініс табады.

Сондай-ақ Сәкеннің **«Ақсақ киік»** атты балладасының да оқушыға тәрбиелік құндылығы мол, үлкен қазынаның біріне айналып отыр. Өзінде бала киікке үлкен сезімталдықпен, сүйіспеншілікпен қарап отырған ақынның нәзік жаны бар. Ақынның сезімталдығының шынайы әрі табиғатқа деген махаббатын көруге болады. Осындай тамаша аңға оқ ату- сұлулыққа оқ атумен бірдей. Жас балаша жаутандаған көзі мөлдіреген бала киіктің аянышты мұны әрбір сезімтал адамның нәзік жүрегін қозғамай қалмайды.

Сұлулықты бағалауға, оны көздің қарашығындай сақтауға, ардақтауға бағыттайтын, адамды гуманистік идеяға баулитын бұл екі шығарма Сәкеннің нәзік жанды сезімтал, өмірге шексіз құштарлығы, мейірбандығын, даралығы арқылы тәрбие береді.

Сөйтіп Сәкен лирик ақын есебінде ізгі адамгершілік мінездерді, айнымас достықты, анаға деген қасиетті сезімдерді, махаббаттың сұлулығын қастерлеуші бағытқа бағыттайды.

Көкше көрінісінің сұлу суреттерін **«Көкшетау»** поэмасында үлкен шынайы бейне тауып, шығарманың сюжетіне ене беріледі. Оқушы поэманы оқыған кезде әрбір оқиға тұсында Көкшетаудың көркем сұлу мүсінді жерлерін, мөлдір айнадай көлдері мен сәнді әсем тауын аралап келгендей күй кешетін ерекше сезімде болады. Оқиға мен пейзаж бірін-бірі толықтырып, шынайы ортаға бағыттайтын тұстары өз сырына бір керемет сезімге бөленіп әр түрлі құбылыста, өзгерісте бейнеленеді. Жұмбақ тас суреті, Бурабай көлінің желді күнгі айбынды кейпі мен тымық кештегі айнадай жалтыраған мөлдір сипаты да жарқын бояуларға сіңе отырып шебер өрнектеледі.

Ақын, қоғам қайраткері, қазақ ұлтының ұлы тұлғасы Сәкен Сейфуллиннің есімі еліміздің бүгінгі күнгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа өнеге, осындай бейбітшілік күнде өмір сүріп жатқан бейбіт өміріміздің жемісі болмақ. Бабалар салған сара жол, ұлылар жазған дара жол келе жатқан ұрпаққа өнеге болып рухани құндылығымыз болып мәңгі тарихта қала бермек.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жумаханова Марал Арипхановна**

Қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин қиындыққа толы өмірінде артына өшпес мұра қалдырып кетті. Осынау тау тұлғалы ақынның 130 жылдығын тойлағалы отырмыз. Сейфуллиннің шығармаларындағы тәрбиелік мән – біртұтас, өйткені ол ұлттық құндылықтар арқылы жалпыадамзаттық идеалдарды көрсетуге ұмтылды. Оның шығармалары жастарды патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелеуде ерекше орын алады. Ол өз туындыларында тек қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың маңызды құндылықтарын насихаттады. Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлесімді түрде дәріптеп, біртұтас тәрбие құралы ретінде үлкен маңызға ие болды. Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, әрі ұлттық құндылықтарды дәріптеген тұлға. Оның шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды ұштастыра отырып, тәрбие берудің маңызды құралы ретінде қарастырылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл адамгершілік, әділеттілік, махаббат, теңдік, бейбітшілік сынды қасиеттерді қамтиды. Сейфуллиннің туындыларында бұл құндылықтар терең насихатталады. Мысалы, оның поэзиясында туған жерге деген махаббат, халықтың еркіндігі мен теңдігі үшін күрес басты тақырыптардың бірі болды. Бұл оның адамзаттың ортақ құндылықтарына деген құрметін көрсетеді.

Ұлттық құндылықтар – бұл халықтың дәстүрлері, мәдениеті, тарихы мен тілі. Сәкен Сейфуллин өзінің шығармаларында қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін және тарихын дәріптеді. Ол қазақтың ұлттық бірегейлігін сақтап, ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосты. Мысалы, оның "Тар жол, тайғақ кешу" романы қазақ халқының ауыр кезеңдерін шынайы суреттеп, ұлттың рухын көтеруге бағытталған.

Шығармаларында лириканың өзіндік сыр- сипаты алуан түрлі. Туған жерге деген сүйіспеншілік табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері аң-құсты аялау, ана бала сүйіспеншілігі -ақын лирикасының басты тақырыптары. Әрине, мұның бәрі болашақ үшін өте үлкен маңызды тәрбие беретін жалпы адамзаттық құндылықтар жинақталған шығармалар деуге болады. Сонымен қоса шығармалары болашақ ұрпаққа тәрбие бере тұра дәріптеп қана қоймай, өзінің өмір сүрген жылдарындағы қазақ халқы үшін орасан зор әсерін қалдырған, жастарды патриотизмге, елін қорғауға жерін сақтап қалуға шақырады. Әсіресе,

табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп сүйсіне жырлаған. Ақынның жан дүниесі сұлулық пен әсемдікке тұратынын көруге болады. Соның бірі «Ақсақ киік» өлеңі. «Ақсақ киік»- ертеден келе жатқан жаралы киіктің аянышты жолмен қаза болғаны жайындағы аңыз. Шығармада ерекше талғаммен дәл көзден киік атқан мергенге деген ренішін өлең арқылы жеткізе білген. Сонымен қоса Қазақ- кеңес әдебиеті тарихында "Тар жол тайғақ кешу" романының орны ерекше. Бұл тарихи - мемуарлық шығармада әлеуметтік құбылыстың қазақ жеріндегі, халқының ұлттық-саяси бостандыққа ұмтылған алмағайып тағдырын елестететін бақытты өмірге жету үшін қандай қиын өткелдерден өткені барынша нақты және тартымды баяндалған шығармада адамзаттық құндылықтардың айқын көрініс тапқан. Сәкен өз шығармалары арқылы өскелең ұрпаққа да келешек ұрпаққа да үлгі бола білді. Жуас та сенгіш халқының жанашыры болған ол басқалардың халқын басынып отырғанына қол қусырып қарап отыра алмады. Сол себепті өз шығармалары арқылы халықтың санасын оятып, жасөспірімдердің келешекке деген сенімдерін арттырды.

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, драматург әрі қоғам қайраткері. Оның шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу тұрғысынан өте маңызды. Сейфуллин шығармашылығы қазақ халқының рухани байлығы мен дәстүрін сақтап қана қоймай, оны заманауи талаптармен үйлестіре отырып, жаңа деңгейге көтерді.

Жалпыадамзаттық құндылықтар:

Сейфуллиннің шығармалары арқылы адамзаттың ортақ құндылықтарын насихаттау маңызды орын алады. Атап айтқанда:

- **Адалдық пен әділдік:** Ақынның өлеңдері мен прозалық шығармалары адамгершілік, адалдық, әділеттілік сынды құндылықтарды жоғары қояды. Мысалы, «Көкшетау» поэмасында табиғат пен адамның үйлесімділігі бейнеленіп, әділ қоғамның негізі осы құндылықтар арқылы қалыптасатынын аңғартады.

- **Бостандық пен теңдік:** Сейфуллин шығармалары бостандықты, адам құқықтарын қорғауды насихаттайды. Ол кеңестік кезеңде қазақ халқының азаттыққа деген ұмтылысын бейнелеп, халықтың теңдігін басты орынға қояды.

- **Білім мен ғылымды құрметтеу:** Сейфуллиннің көптеген туындыларында білім мен ғылымның маңыздылығы көрсетіледі. Ол халықтың сауатын ашу, оқуға, білімге ұмтылуға үндеген.

Ұлттық құндылықтар:

Сейфуллин шығармашылығы арқылы қазақтың ұлттық құндылықтары ерекше дәріптелді:

- **Тіл мен мәдениет:** Қазақ тілін дамыту, әдебиетті байыту, ұлттық мәдениетті сақтау және нығайту – Сейфуллиннің басты мұраттарының бірі болды. Оның поэзиясы мен прозасында қазақ халқының әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері ерекше орын алады.

• **Отансүйгіштік:** Сейфуллин шығармаларында елге деген сүйіспеншілік, Отанды қорғау идеялары маңызды рөл атқарады. Оның патриоттық өлеңдері мен прозалары халықтың рухын көтеріп, ұлттық сананы нығайтты.

• **Еңбек пен ерлік:** Оның туындыларында қазақ халқының еңбексүйгіштігі, тарихи батырлары мен ержүрек тұлғалары дәріптеледі. Еңбек ету мен елге қызмет ету – ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде көрсетіледі.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ халқының ұлттық санасы мен рухани құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, оларды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастырып, ұлттық бірегейлікті сақтауға зор үлес қосты.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ерекше орын алады. Оның шығармашылығы халықтың рухани және мәдени байлығын бейнелеп, ұлттың санасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Сейфуллин - тек әдебиетке ғана үлес қосып қойған жоқ, сонымен қатар қазақ қоғамының дамуында да маңызды рөл атқарған тұлға.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу:

1. **Адамгершілік:** Сейфуллин шығармаларының басты ерекшеліктерінің бірі – адамгершілік құндылықтарды жоғары қоюы. Ол әділеттілік, адалдық, шыншылдық сияқты адам бойындағы қасиеттерді дәріптеп, қоғамдағы адамгершіліктің маңыздылығын көрсетеді.

2. **Еркіндік пен теңдік:** Сейфуллин қоғамдағы әділетсіздікке қарсы шығып, теңдікті, еркіндікті насихаттады. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер өз құқықтарын қорғап, азаттыққа ұмтылған еркін рухты адамдар бейнесінде көрінеді. Бұл жалпыадамзаттық еркіндік құндылығын бейнелейді.

3. **Білімнің маңыздылығы:** Сейфуллин шығармаларында халықтың білім алуы, сауат ашуы басты орынға қойылады. Ол тек қазақ халқы үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін білімнің маңызды екенін түсініп, оны өз шығармаларында жиі көтерген.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу:

1. **Тіл мен мәдениет:** Сейфуллин қазақ тілін, мәдениетін және дәстүрін сақтауды, дамыту мен нығайтуды өз шығармашылығының өзегі еткен. Ол қазақ тілінің байлығын, поэтикалық қуатын, ұлттық ерекшеліктерін шеберлікпен суреттейді.

2. **Отансүйгіштік:** Сейфуллин шығармаларында патриоттық сезім ерекше орын алады. Ол өз еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті ояту арқылы халықтың ұлттық рухын көтеріп, ел бірлігін дәріптейді. Оның өлеңдері мен поэмалары қазақ халқының батырлық дәстүрлерін, Отанға деген адалдықты, елге қызмет етуді дәріптейді.

3. **Еңбек пен адалдық:** Сейфуллин еңбекқорлықты, адал еңбекті қоғамның дамуындағы маңызды фактор ретінде көрсетеді. Оның шығармаларында еңбексүйгіштік ұлттық құндылық ретінде көрініс табады.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып, қазақ халқының рухани байлығын, мәдениеті мен дәстүрін сақтауға және дамытуға үлкен үлес қосты. Оның шығармашылығы халықты ұлтжандылыққа, бірлікке, адамгершілікке және білімге шақырып, ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ «АҚСАҚ КИІК» ӨЛЕҢІНІҢ СИМВОЛИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Қарағанды облысы Білім басқармасы
Балқаш қаласы білім бөлімі
С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Батталова Алия Омиржановна**

Сәкен Сейфуллин шығармашылығы - әдебиетіміздің өскелең бір саласы. Оның өзіндік өсу, өркендеу жолдары бар. Қазақ әдебиетінде тәлім-тәрбие, білім беретін өмір оқулығына айналды.

Қазақтың біртуары – Сәкен Сейфуллин тірісінде-ақ халық арасында «Сәкен сері» атанды. Оған дәлел Сырбай ақынның мына бір өлеңі:

«Өлімге жан екенсің қия алмайтын,

Өлеңнің құшағына сыя алмайтын.

Қазақты көргің келсе, міне, осы деп

Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын».

Алла бойына сезім мен сұлулықты қосып берген ақын шығармашылығы да, тұнып тұрған махаббат пен көркемдік. Ақынның сұлу жанынан өріліп ғажайып туындылар өмірге келді. Азаматтық соғыстың да ащы дәмін татып, бала оқытуды да меңгерген ірі ұстаз, өмірінің соңғы кезіне дейін құдіретті ақындық өнердің жүректе жатқан шырағын сөндірген жоқ.

Сәкен лирикасы тақырыптық және жанрлық сыр-сипаты жағынан әр алуан. Ол туған даланың табиғатын, өлмес махаббатты, көңіл-күй әсерлерін жырлады. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі – ақын лирикасының басты тақырыптары. Соның бәрінде ақын адамның сезім күйін қоғамдық өмірмен тығыз байланыста көрсетті. Бұған дәлел -оның төңкерістен бұрын жазған өлеңдері. Жаңа дәуірдің лирик ақыны ретінде Сәкен өз шығармашылығында осы халықтық гуманизм мен демократизмді дамытушы болды. Сәкеннің табиғат туралы өлеңдері қазақ кеңес әдебиетінде табиғатты жырлаудың жаңа ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті. Ол табиғаттың әсем жыршысы атанды. Талантты ақынның жан дүниесі сұлулық пен әсемдікке ұмтылып тұратынын көруге болады. Оның дәлелі «Ақсақ киік» өлеңі десек те болады.

«Ақсақ киік» ертеден ауыздан ауызға таралып келе жатқан байғыр киіктің аянышты жолмен қаза болғаны жайындағы аңыз. Сәкеннің ерекше талғаммен көрнекті, көркем бейнелеген өлеңі. Сонда бұл өлеңі бойынша ақынның сұлулыққа деген көзқарасы қандай? Оны қалай аңғара аламыз?

Ақынның әсем жеткізе білген өлең жолдары осы шумақтан басталады:

Бөкеннен сұлу анды мен көрмедім

Өзге аңға жандарды тең көрмедім.

Көздері мөлдіреген ақ бөкенді

Адамның баласынан кем көрмедім, -

деп ақын бөкенді әлемдегі теңдессіз аса сұлу сөздермен суреттейді. Ақын киіктің сұлулығын өзге жануарлардан артық санайтынын байқаймыз. Киіктің мөлдір көздерін адам баласының көздеріне теңеу арқылы оның теңдессіз сұлу екеніне көзімізді жеткізгендей.

Менің ойымша, ақын осындай бейнелеу арқылы киіктің әдемілігі мен көркемдігін арқау етіп, өзінің де көзқарасын білдіріп кеткен. Негізінен Сәкен сұлулыққа тамсанғанын жасырмай, киіктің мөлдір көзін «ботакөз» деп атайды. «Ақбөкен сахараның ботагөзі» деп теңеп, оның қылықтарын адам баласына теңейді. Осыдан барып Сәкендей ақынның сырын түсінуге болатындай. Себебі жануар мен адамның сұлулығын теңеп, барлық жан дүниесімен оған қарсы емес екендігін дәлелдей түскендей.

«Ақсақ киік» өлеңі – қазақ әдебиетінде ерекше орын алатын, терең философиялық мәні бар туынды. Ақсақ киік – табиғаттың бөлшегі, бірақ оның жарақаттанғандығы өлім мен өмірдің шекарасын бейнелейді. Киік бір жағынан еркіндік пен сұлулықтың символы болса, екінші жағынан оның ақсағы табиғаттағы ащы шындықты, өлімнің болашағын білдіреді. Киіктің қашып жүріп жаралануы адамдардың табиғатқа әсерін және аңшылық тақырыбын қозғайды. С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі символикалық тұрғыдан қазақ халқының тағдыры мен табиғатпен байланысын терең бейнелейді. Ақсақ киік образында халықтың қасіреті, жоғалтуы және тағдырын іздеу символы ретінде қарастырылады. Киік, әсіресе, табиғаттың нәзік тепе-теңдігін білдіреді. Оның ақсақ болуы – қазақ халқының тарихи қиындықтарын, зобаландарын, естелік пен жоғалту сезімін білдіреді. Өлеңдегі киік бейнесі қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрінде маңызды орын алған жануарлар образына негізделген және халықтың тарихи жарақаттарын, яғни шетелдік басқыншылық, табиғи апаттар мен мәдени құндылықтардың жоғалуы сияқты мәселелерді қозғайды. Өлеңде табиғат пен адам арасындағы байланыс, халықтың рухы мен мәдени мұрасы көрініс табады. Символика арқылы Сейфуллин халықтың өз жерінде, мәдениетінде, тарихында ізденуін, бостандығын, табиғатпен үндестігінің маңыздылығын меңзеп, қазақ халқының бірегейлігін, жаратылысын сақтау қажеттілігін көрсететін қуатты символға айналды. Ұлттық рухты, табиғаттың сұлулығын және адам тағдырын символикалық түрде көрсетеді.

Бұл өлеңде ақын табиғаттың көркемдігін, адамның оған қатынасын және өлім мен өмірдің үздіксіз байланысын бейнелейді. Төменде өлеңнің құрылымы, мазмұны, көркемдік құралдары мен символикасына талдау жасайық.

1. Символизм.

Киік – ұлттық символ. Ол еркін дала мен табиғи сұлулықтың көрінісі. Ақсақ киік арқылы адам мен табиғат арасындағы теңсіздік пен өзара тәуелділік көрініс табады. Киіктің жарақаттануы өлімнің жақындығын, сонымен қатар табиғаттың күшін көрсетеді.

- Киік бейнесі: Дала символы ретінде киік, еркіндік пен тазалықтың белгісі, өлеңде ерекше орын алады. Киік образында халықтың мейірімділігі, табандылығы мен күрескерлігі символданады.
- Ақсақтық: Ақсақ киік өмірдің қиындығын, табиғаттың қатыгездігін көрсетеді. Бұл адам мен табиғат арасындағы қайшылықты да бейнелейді.

2. Өлеңдегі көркемдік құралдар.

Сейфуллин “Ақсақ киік” өлеңінде бірнеше көркемдік құралдарды шебер қолданған. Өлеңнің бейнелілігі мен сезімталдығы көркем құралдардың тереңдігі арқылы ашылады.

- Метафоралар: Киіктің ақсақ болуы – бұл тек физикалық жарақат емес, сонымен бірге өмірдің өткінші екенін білдіретін метафора. Адамның табиғатқа әсері де осы киіктің жағдайы арқылы көрсетіледі.
- Эпитеттер: Өлеңде қолданылған эпитеттер киіктің нәзіктігі мен қорғансыздығын аша түседі, мысалы, “ақ қанаттай”, “қошқар мүйіз”.
- Аллитерация және ассонанс: Сейфуллин сөздің дыбыстық үндестігін шебер қолданып, өлеңнің әуезділігін арттырады. Бұл құралдар өлеңдегі эмоцияларды күшейтіп, киіктің қайғысы мен драмасын жеткізеді.

3. Өмір мен өлім тақырыбы.

Өлеңде өмір мен өлімнің циклі ерекше назарда болады. Ақын киіктің қашып жүрген сәтін суреттей отырып, табиғаттың қатал заңдарын және өлімнің бәрімізге ортақ екенін жеткізеді. Бұл философиялық идея қазақ әдебиетіндегі мәңгілік тақырыптардың бірі – адамның табиғатқа қатынасы мен оның орны туралы ой тудырады.

4. Табиғат пен адам.

Табиғаттың бейнеленуі: Өлеңдегі табиғат көріністері, оның адамның ішкі әлеміне әсері. Табиғаттың қуаты мен сұлулығы адамның сезімдерін оятады.

Адам мен табиғаттың байланысы: Адамның табиғатқа деген қарым-қатынасы, экологиялық мәселелер. Киіктің күйі — табиғаттың жағдайы мен адамның жауапкершілігін көрсетеді.

С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңінің тәрбиелік мәнін тағы да төмендегі аспектілермен толықтырып, тәрбиелік мәнін одан әрі кеңейтуге болады:

1. Табиғи тепе-теңдік: Өлең адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігін көрсетеді. Жастарды экологиялық баланс туралы ойлануға шақырады.

2. Жалғыздық және қоғам: Киіктің жалғыздығы арқылы қоғамда адамдардың арасындағы байланыс пен қолдау жүйесінің маңыздылығын жеткізеді. Адамдардың бірігуі, бір-біріне көмек көрсету қажеттігін насихаттайды.

3. Кешегі мен бүгінгі арасындағы байланыс: Тарих пен қазіргі заман

арасындағы сабақтастықты, ата-бабалардан қалған құндылықтарды жастарға түсіндіреді.

4. Эмоционалдық интеллект: Киіктің сезімдері мен күйзелісі арқылы жастардың эмоциялық әлемін түсініп, оларды да өз сезімдерін білдіруге ынталандырады.

5. Өмірдің сабақтары: Өлеңдегі оқиғалар мен киіктің тағдыры өмірдің қиындықтарымен күресу, табандылық танытуға сабақ береді.

6. Табиғаттың даналығы: Табиғаттың өз заңдары мен ақыл-ойының бар екенін, адамзаттың оларды түсініп, бағалай білуі керектігін меңзейді.

7. Салт-дәстүрлер: Киіктің символикасы арқылы қазақ халқының мәдениетін, дәстүрлерін таныстырып, жастарды өз тамырларын білуге, ұлттық құндылықтарды сақтауға ынталандырады.

8. Табиғи байлықтарды қорғау: Табиғи байлықтардың, соның ішінде жабайы жануарлардың өмір сүру құқығын қорғау қажеттілігіне назар аударады. Бұл экологиялық сана мен жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

9. Достық пен бірлік: Киіктің қиындыққа тап болуы арқылы достық пен бірліктің маңыздылығын көрсетеді. Адамдардың бір-біріне қолдау көрсетуі қажеттілігін насихаттайды.

10. Ұлттық құндылықтар: Өлең ұлттық мәдениетті, ата-баба дәстүрлерін насихаттап, жастарға өз болашағы мен ұлттық идентификациясын ұмытпау керектігін үйретеді.

Сайып келгенде, «Ақсақ киік» өлеңі жастарды тәрбиелеу мен қалыптастыруда көп қырлы, терең әрі мәнді идеялар ұсынады. Жастарды тәрбиелеуде жан-жақты, терең ойлар мен сезімдерді ұсынады, оларды ұлттық, экологиялық, адамгершілік құндылықтармен сусындатады.

Өлеңнің терең символизмі, поэтикалық құралдары және табиғатқа деген махаббаты Сәкен Сейфуллин шығармашылығын қазақ әдебиетінің биік деңгейіне шығарады. Бұл өлең қазақ оқырмандарын табиғаттың сұлулығы мен құндылығын түсінуге және оны қорғауға шақырады.

Осылайша, "Ақсақ киік" өлеңі тек бір ғана жануардың тағдыры емес, бүкіл халықтың тағдыры мен мәдениетін білдіретін терең символға айналды.

КӨҢІЛГЕ ҚУАТ, ЖҮРЕККЕ ШУАҚ...

(С.Сейфуллин шығармалары қақында)

Астана қаласы

С. Сәдуақасұлы атындағы

№78 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Тастанова Динара Ахметалиевна

Жалпыадамзаттық құндылық - уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен шектелмейтін, адамдардың бірлігі үшін маңызы зор – ақиқат, дұрыс әрекет, сүйіспеншілік, ішкі жан тыныштығы, қиянат жасамау құндылығы. Сондай-ақ,

әр ұлттың ана тілі, діні, тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, мәдени мұрасы - ұлттық құндылығы. Бүгінгі қазақ қоғамына құндылық ұғымын дәріптеуде Сәкен шығармалары өте маңызды.

Шындығына көз жүгіртсек, қазіргі жаһандану заманында, ақпараттық технология мен техника қарыштап дамыған сайын күнделікті өмірден адамдардың бойынан рухани-адамгершілік қасиеттерінің төмендеп бара жатқанын көзімізбен көріп отырмыз. Айтудың өзі ауыр, жүрекке салмақ. Қатыгездік, алаяқтық, жемқорлық, кісі өлтіру, өз-өзіне қол жұмсау, зорлау, қысым көрсету сияқты жат наным қазақтың туада бітті болмысында жоқ дүние еді, алайда бүгін бар, бұл ненің зардабы, өте салмақты...

Бауыржан Момышұлының «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр...Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Түкке мән бермейтін ата-ана мен балалардан қорқам. Қолдарына кітап алмайды. » деген сөздерінің түп-төркініне терең үңілер болсақ, адамдарының бір-бірінен алшақтап бара жатқанының куәсі боламыз. Неге? Себебі адамдар бір-бірін түсінуден, бір-бірімен тілдесуден, бір -бірімен жақын сырласудан қалды. Қазақта «көзге көз түссе, мейірімі оянады»- деген мақал текке айтылмаған. Қазір қолдан кітап емес, телефон түспейтін жағдайдамыз. Жастарымыздың ой өрісі мен сана сезімінің уланып жатқаны жаныңа батып, жігерінді жасытары анық. Заман өзгерді ме, адам өзгерді ме? Бірақ заманды өзгертетін адамның өзі емес пе?!

Осы тұста қазақтың рухы биік жалынды жазушысы Сәкен шығармалары адамға рухани күш беріп, көңілге қуат сыйлары анық. Сәкен – қазақ тарихындағы қайталанбас ірі тұлға. Оның отты шығармаларының қазақ әдебиетіндегі алар орны да ерекше. Ол өз шығармаларында қазақ халқының ұлттық мүддесін көздейтін мәселелерді үнемі бірінші орынға қойып отырған.

Сәкен шығармаларынан туған жерге, анаға, досқа, табиғатқа деген сүйіспеншілік, махаббат, сағыныш сезімдерін анық байқаймыз. Мұның барлығы өзі өмір сүрген кезеңнің бір көрінісін көрсету ғана емес, жас ұрпаққа адам бойындағы құндылықтарды насихаттау. Сәкен жастардың осындай ақылға, тәжірибеге толы шығармаларды оқи отырып, жандары өзгеріске ұшырайтыны анық деп сенім артты. Себебі Сәкен Сейфуллин ес білгеннен өмірінің соңына дейін көптеген қиыншылықтарды, заманның қаталдығы мен қатыгездігін басынан өткізіп, артында өшпестей мол мұра қалдырды.

Ғабиден Мұстафин: «Сырты өте сұлу, кербез, тәкаппар, іші де өте қарапайым, кішіпейіл еді...» - деген. Ақынның жан дүниесі қандай болса, қаламынан тамған шығармаларын да жан-жүрегімен, нәзік сезіммен, сүйсіне жырлаған. Сондай шығармаларының бірі қазақ халқы өзіне жақын тұтып, киелі санайтын түз тағысы - киікке арналған «Ақсақ киік» өлеңі. Қазақ халқы киікті өзіне жақын тұтатын себебі киік жетімін жатқа қалдырмай, өз бауырына басып, емізіп жүре беретін өте мейірімді жануар. Ақын өлеңде киіктің жараланғандағы күйіне аяушылық сезімі мен киікті көздеп атқан мергенде деген ренішін көркем жеткізе білген. Ақын:

Жапанда еш сая жоқ шыбын жанға,
Моншақтап жерге тамған қызыл қанға.
Жапанда басын сүйер тірі жан жоқ,
Өл кетіп сорлы киік жығылғанда!..
Бота көз сахарада қына терген,
Кім екен жапан түзде сені көрген?
Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,
Дәл көздеп жүрегіңе атқан мерген!.. -

деп, бейкүнә киіктің ауыр халін суреттеумен қатар, табиғатты жырға қосып, жан дүниесінің тазалығы мен сезімталдығын таныта отырып, табиғатты қорғауға, жан-жануарларды аялауға, қамқор болуға шақырады.

Ақынның тағы бір адамға ерекше рухани ләззат бағыштайтын шоқтығы биік шығармасының бірі - «Аққудың айырылуы» поэмасы. Поэма мәңгілік махаббатты жырлайтын туындының бірі. Сәкен өз шығармасында табиғат сұлулығын, табиғаттың перзенті болған аққуларды қорғау, адалдықты жырлау, зұлымдық пен қатыгездікке қарсы тұруды ту еткен. Қазақ «аққуды атпа, киесі атады»-деп, аққуды киелі құс санап мылтық кеземеген. Аққу – сұлулықтың және тазалық пен адал махаббатың символы. Аққудың қасиеттілігі – махаббатқа адалдығы. Ақын поэмада адал махаббат пен пәк сезімді жырлайды. Поэма сұлулықты бағалай білуге, адамгершілік қасиетті әрқашан жоғары ұстауға, табиғатты, қоршаған ортаны қорғай білуге, қатыгездікке бой алдырмауға тәрбиелейді.

Өзбек ұлы ақыны Ғафур Ғұлам: «Сәкен Сейфуллин шығармалары өзінің идеялық-көркемдік құнын еш уақытта жоғалтпақ емес. Одан дүйім оқушы рухани азық алады, қаламгерлер не туралы, қалай жазу керек екендігін үйренеді. Міне, Сәкен Сейфуллин шығармашылығы сол үшін де баршамызға қымбат», - деген.

Сәкеннің өз оқырманына азық боларлық келесі туындысы - «Сыр сандық» өлеңі. Өлеңде ақын адал достықты өте жоғары бағалап, адалдық пен арамдықтың, іштарлықтың, нағыз шынайы достық пен қастықтың ара жігін ашып, адам үшін құнды байлық –достықты жыр етеді. Автор шығармада амал достықты:

Шырқ айналар шіркін тауық,
Жемің болса қолыңда
Қайдағысы сені тауып,
Топырлайды жолыңда.
Досыңмын деп ат береді,
Жем іздеген жаныма.
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос, санама, -

деп уақытша достарды пайдасы үшін немесе қолыңда дәулетің болса ғана маңайыңнан табылатынын, басыңды бұлт шалса, іздеп таптырмайтын достарды дос санама деп, ал адал досты:

Әр адамның ішкі сыры,

Берік қойма сақталаған.

Сол қойманың бір түкпірін,

Достың досы-ақ ақтарған, -

деп, нағыз адал досты берік қоймаға теңеген. Ақынның бұлай деуінің себебі: құпиянды іште сақтай білетін, басыңа іс түссе, иық тірер сүйеніш бола алатын нағыз досың болса, кез келген шынды бағындыраарың сөзсіз.

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара жырласын! –

деп, бар сырынды ақтарыла бөлісетін, дос қадірін түсінетін, жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ, адал достықты жырына арқау етіп, адалдыққа шақырады.

Білімді барынша меңгеріп, адалдық пен надандықты, қайырымдылық пен зұлымдық, сүйіспеншілік пен мейірімділік жайлы ойланбаған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Сәкен шығармалары жастарды рухани-адамгершілікке, шыншылдыққа, сүйіспеншілікке, қиянат жасамауға, тілін, дінін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, мәдени мұраларын қастерлей білуге тәрбиелейді.

Ұлттық құндылығымызды жасанды жағымсыз көріністермен алмастырып алмау үшін Сәкен шығармаларын оқытудың мәні зор. Сәкен шығармаларының тілі жастарға түсінікті, жасөспірім қауымға өмір шындығын танытып, оларға өмір сабағын, тіршілік тәлімін дарытып, көркем сөз сұлулығымен сусындатады. Бүгінде ұлтымыздың өшпес алауы, сөнбес шырағындай болған Сәкен шығармалары жас ұрпақтың бойына ұстамдылық, төзімділік, отанға деген сүйіспеншілік пен ұлттық құндылықтарды сіңіретін сөзсіз. Сұлулықтың символына айналған Сәкеннің адами болмысы мен кісілік келбеті «кемелденемін» деген кісінің «темірқазығы» болуы тиіс. Оның шығармаларында сондай күш, алапат толқын, жан тебіrentетін мөлдір сезім жатыр.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Астана қаласы
Ы. Алтынсарин атындағы
№83 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Мусина Гулшат Сармырзақызы**

XX ғасырда қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени және әдеби өміріне белсене араласып, өнімді еңбек еткен, артына құнды мұра қалдырған, қазақ халқы үшін аянбай күрескен, елдің санасын оятып, азаттыққа үндеген

қайраткеріміз - С. Сейфуллин. Ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметімен елдің көркеюіне, өркениетті елдердің қатарына қосуға күш-жігерін жұмсады. Қазақ ұлтын жоғары, биікке көтеруге үлес жаңашыл жалынды ақын қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі ғана емес, сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткері. Сәкен Сейфуллин қоғамдық қызметтермен бірге шығармашылық жұмыстарға белсене араласты. Әдеби қырынан қарастыратын болсақ, С. Сейфуллиннің поэзиясы – Абай мен С. Торайғыров шығармашылығының жалғасы әрі идеялық-шығармашылық жағынан ерекше. Ол шығармаларында жаңа дәуірдің, кеңестік заманның өзекті мәселелерін көтерді. Сәкен бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнады. Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде орны бөлек. Шығармаларының ішінде «Тар жол, тайғақ кешу» мен «Жер қазғандар» сияқты туындылары - өзіне тән көркемдік ерекшеліктерімен ғана емес, қазақ әдебиетінің өмірімен байланыста, шындықтың ұрпақ үшін мәнді екендігін дәлелдеген шығармалар.

«Тар жол, тайғақ кешу» рөлі тарихи – мемуарлық шығармасында қазақ халқының 1917 жылғы ақпан, қазан революцияларына қатысып, белсенділік көрсеткені, жақсы қоғам орнатудың соқпақтарын нақты, әрі тартымды баяндаған. Бұл роман -халықтық шығарма, екінші жағынан, саяси сауат ашу құралы ретінде шыққан.

С. Сейфуллин 1925-1928 жылдары Қазақ халық ағарту институтының директор қызметін атқарды. Жалпыға бірдей міндетті оқуды іс жүзіне асыру, мектептердегі жұмыстың сапасын көтеру шараларымен қатар ересектер арасындағы сауатсыздықты жою жөнінде Қызылорда облысында да қыруар жұмыстар атқарылды [2. 86,87 б]. Сәкен Сейфуллин «Әр қазақтың жадында оқу болсын!» деп қазақ жастарына үндеу тастап, азаттық жолындағы басты қару – оқу мен білімді әрқашан бірінші орынға қойды.

Қазақ әдебиетіне бұрын болмаған образдар мен теңеулер, сөз оралымдарын әкелген шығармашылығымен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салушы болды. Өкіметтің мақтаушы ұраншысына айналмай, қоғамдық өмірдің көлеңке жақтарын да күйзеле суреттеді. «Ауыл байғұс, мінеки», «Келіншек ойы», «Ақсақ киік», «Сыр сандық» т.б. тамаша жырлары мен «Аққудың айырылуы» атты символикалық көркем поэмасы – сол кезеңнің шынайы көркем туындылары. Сәкеннің балаларға арналған өз кезіндегі өлеңдері баланың көз алдына болашақтың жарқын бейнесін, еркін өмір сәулесін елестетті. «Балалар», «Келіншектің бесік жыры», «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Пионерлер», «Біз комсомол», «Совпарттағы қарындасыма» өлеңдері осы тұрғыда жазылған. Алға қойған ізгі мақсаттар мен арманға жетуді көздеу керектігін жас жеткіншектердің есіне салып отырды. Жас ұрпаққа өнер-білімнің пайдалы жақтарын айтты. Аталған өлеңдері «болашақ тұтқасы – жас ұрпақ» деген ойды білдірді. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының қай-қайсысы да жеткіншектерге түсінікті, жасөспірім қауымға өмір шындығын танытады, оларға өмір сабағын, тіршілік тәлімін дарытады, оларды көркем сөз сұлулығымен сусындатады. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын

кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. С. Сейфуллиннің өлеңдері жөргектегі балаға жылы сөздің мейлінше қажет екендігін құптайды, балаларға арналған халық өлеңіндегі ойды дәлелдей түседі. Төңкеріс кезіндегі және Кеңес өкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары балалар тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Өлең де Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілікті үйретеді. С. Сейфуллиннің шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні зор. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. Қазақ әдебиетінің алуан жанрында қалтықсыз қызмет еткен С. Сейфулин жас буынның қадірлі аға-ұстазына айналды. Ұлтымыздың өшпес алауы, сөнбес шырағындай болған Сәкен Сәдуақасұлы Сейфуллиннің ғұмырнамалық дастаны – тарихтың таңбалы тастарында күмбірлеп тұрары сөзсіз. Алаш арысы, репрессия құрбаны сырлы сөздің иесі Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мол. Оның сырға толы ғажайып лирикасы адамды өзіне еріксіз баулайды. Сондай өлеңдерінің бірі – «Сыр сандық» өлеңі.

Өлең астарлы жұмбақ мағынада жазылған. Түсінбеген оқушы өлеңді тауық туралы деп қалуы мүмкін. Өлеңнің прологі жеті жолдан тұрады. «Мұнда жем іздеген жанама тауықтың» әрекеті жөнінде айтылады. Негізгі ой, негізгі түйін – адал достық жайында. Өз өмірінің қиын кезеңінде жанынан табылмаған айнымалы, айналғыш, уәдеде тұрмайтын, сырға саяз, сертке тұрақсыз адамдар жайында айтылған. Автор ол жайында ашып айтып жатпайды, жем бар кезде жолында топырлайтын тауық туралы айтып келеді де, «шындап берік сүйіскен» нағыз достар жайына тоқталады. Қаламгердің «Тар жол тайғақ кешу» мемуарлық романы арқылы біз ақынның өмір жолына қанықпыз, жан түршігерлік атаман Анненковтың азап вагоны, Дүйсенбі деген жалған атпен еліне жаяу оралуы, сталиндік репрессия зобалаңы – оның өмірінің ең азапты тұсы болғанын және сол Голощекин геноциді құрбаны болғанын білеміз.

Күй шертуге анда – санда

Сырласарлық жан керек, –

деген ақын өзіне шын дос, шынайы жанашыр іздеді. Өлеңді өрлей берсек, одан әрі ақын Сарыарқа тауының сымбаты мен қалың зергер құзды шаттарын жырлайды. Үңіле қарасақ, «қалың нудағы тіп-тік, сұңғақ сыр жиып тұрған шың суреті» ақынның өз бейнесі ме дейсің?! Ал «шыңның нақ басындағы алтын жазулы қақпа тасы, текшелеген сымнан жасалған сандық» оның қойнауындағы тұңғыық сыр – ақынның жан дүниесі. Сандық іші толған қойма асыл сымдар пернесін тек сыршыл, жібек талдап түйін түйген түршіл адамдар ғана таба алады, – дейді сыр сандық иесі. «Сыр сандық» өлеңіндегі сөз етілген адамға ең қажетті қасиеттерді санамаалап былай көрсетуге болады. Олар: адалдық, досқа беріктік, сабырлылық (толирантность), сұлулықты сезіну, шынайылық,

түсіністік, айналаға байыппен қарау, тереңге үңілу, асығыс шешім қабылдамау, жеңілтектік, жалт бергіш – жағымпаздықтан аулақ болу.

Сексен бес тармақтан тұратын осы бір шағын көлемді дастан оқыған адам жанын ерекше баурайды, «тап-таза жұмыр келіп» құйылып тұрған өлең жолдары ерекше тартымды, басынан аяғына дейін оқығанда дем алмай, ендікпей құзар шың басына шыққандай боласың. Өлең құрылымы да ерекше. Қазақ әдебиетінде жиі кездесе бермейтін соны стильмен жазылған. Өлең астарлы ой арқылы тұнып тұрған тәрбиеге толы. Адамдары ұсақталып бара жатқан қазіргі заманның гөй-гөйі іспетті. Қазіргі жаһандану заманында бізге осындай досқа беріктік керек-ақ. Сонда ғана ұлт тағдыры баянды болмақ. «Сыр сандық» өлеңі ой мен сезім терең қабысқан, өмір, достық, адам тағдыры туралы үлкен толғаныстан туған шығарма. Ақын тек өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр.

Кімге обалым, айтыңдаршы

Қаным қайда төгілген?

Ат деген кім? Атқан қайсың?

Қабірім қайда төгілген...

Бұл- Сәкен ағаның даусы. Өкінішке орай, бұл сұраққа алдыңғы толқын аға ұрпақ та, кейінгі толқын біз де жауап бере алмаймыз!... Бірақ бір нәрсе анық. Нақақтан күйіп кеткен Сәкендей асыл ағаларымыздың обалы – опасыз суайттарда, екі жүзді көлгірлерде, «басыңа бұлт төнсе» іздеп таба алмайтын «көлеңке- доссымақтарда»... Олардың бойында оянбай қалған адамдық қасиеттеріне тамызық болып ояту – біздің адамзат алдындағы борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаштың Ақмешіті-Алматы:«Арна-В», 2009 ж.172-бет.
2. К.Ахмет «Сәкен және «Еңбекші қазақ»
3. Қасымов С.С. Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1894-1938 ж.ж.), Қарағанды, 2010 ж. 30-бет.
4. Т.Кәкішев Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Мектеп, 1989 ж. 88-бет.

МӘДЕНИ АЛМАСУ МЕН ДОСТЫҚ: СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН МҰРАСЫ

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Кожекенова Лаура Галиевна**

Қазақстанның білім беру саласы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білім туралы Занда білім алушылардың жан-жақты дамуы мен олардың ұлттық құндылықтармен қатар халықаралық

мәдениетке құрмет көрсетуін қамтамасыз ету міндеттелген. Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі заманның талаптарына сай өзгерістер енгізіп, жаңартылған оқу бағдарламаларын енгізуде. Бұл бағдарламалар жас ұрпақтың мәдениетаралық коммуникациясын дамытуға және халықаралық достықты нығайтуға бағытталған.

Ағылшын тілі пәні – осындай мәдени байланыстарды нығайтудың тиімді құралдарының бірі. Ағылшын тілін оқыту арқылы оқушылар әлем халықтарының мәдениетімен танысып, өзара түсіністік пен құрметке баулу мүмкіндігіне ие болады. Осы тұрғыда қазақ халқының ұлттық құндылықтарын да әлемдік деңгейде таныстыру маңызды. Бұл мақсатта Сәкен Сейфуллин сынды тарихи тұлғалардың шығармашылығын пайдалану тиімді әдіс болып табылады. Сәкен Сейфуллин – Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Оның шығармалары қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының маңызды бөлігі болып табылады. 7-сынып оқушыларына ағылшын тілі сабағында Сейфуллиннің туындыларын қолдану мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті дамытуда ерекше рөл атқарады.

Ағылшын тілін оқыту барысында оқушылар Сейфуллиннің шығармаларындағы халықтың дәстүрі, тұрмысы, қазақ мәдениетінің ерекшеліктерімен таныса отырып, басқа халықтардың мәдениетін де салыстыруды үйренеді. Бұл әдіс оқушылардың мәдениетаралық құзыреттіліктерін арттырып, халықаралық достық пен өзара түсіністікке тәрбиелеуге ықпал етеді. Мысалы, С. Сейфуллиннің «Туған жер», «Жолдастар» шығармалары ұлттық сана мен патриотизмді насихаттап қана қоймай, қазақ халқының басқа халықтармен мәдени байланыс орнату әлеуетін көрсетеді. Бұл шығармалар оқушыларға мәдениеттің маңызын түсінуге және өзге елдер мен халықтарға деген құрметін дамытуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі сабағында С. Сейфуллиннің шығармаларын оқу арқылы оқушылар тек тілді үйреніп қана қоймай, мәдени құндылықтарды да меңгереді. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық мұраны бағалауға және халықаралық достықты нығайтуға үйретеді. Сәкен шығармаларының мазмұны жастарды әртүрлі мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды түсінуге баулып, мәдени алмасу үрдісін жеңілдетеді. Сейфуллин мұрасы арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, Қазақстан мен әлем елдері арасындағы достықты нығайтуға мүмкіндік бар.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын ағылшын тілі пәнінде қолдану оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, өз ойын еркін жеткізуге үйретуде тиімді әдіс болып табылады. Шығармалардың қызықты сюжеттері оқушыларды шығармашылық тұрғыдан талқылауға итермелеп, өз көзқарастарын ашық айтып, дискуссияға түсуге мүмкіндік береді. Мысалы, "Көкшетау" поэмасын талдай отырып, оқушылар табиғат сұлулығын, патриотизм мен туған жерге деген сүйіспеншілікті талқылай алады. Бұл оларға тек әдеби тілді үйреніп қана қоймай, өз ойларын ағылшын тілінде еркін жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Сәкен Сейфуллиннің өлеңдеріндегі поэтикалық тілдің тереңдігін талдау оқушылардың сөздік қорын байытып, тілдік дағдыларын

нығайтады. Мұндай шығармаларды ағылшын тілінде оқыту арқылы оқушылардың тілді меңгеруі арта түседі, олар өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізуге бейімделеді. Мәселен, шығарманың бір бөлігін ағылшын тіліне аудару арқылы оқушылар аударма дағдыларын дамытады, әрбір сөйлемнің, сөздің мәнін түсінуге тырысады. Бұл тіл үйрену үшін аса тиімді болып табылады.

Сәкен шығармаларын сыныпта талқылау барысында оқушылар қызу пікірталасқа түсіп, өз ойларын ашық айтуға дағдыланады. Дискуссия кезінде олар тек шығарманың негізгі мазмұнын ғана емес, кейіпкерлердің әрекеттері мен іс-қимылдарын сараптайды. Мұндай талқылаулар оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытып, олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін арттырады. Мысалы, "Асау тұлпар" өлеңін талқылау барысында оқушылар еркіндік, әділдік және қайсарлық сияқты тақырыптарды қозғайды. Бұл тақырыптар оқушыларды қызықтырып, пікірталасқа белсене араласуға итермелейді. Осындай әдіс арқылы оқушылар тілдік кедергілерді жеңіп, ағылшын тілінде өз ойын еркін жеткізе алады.

Оқушыларға Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын оқыту тек тілді меңгеруді ғана емес, сонымен қатар олардың мәдени көзқарасын кеңейтуге, басқа халықтардың дәстүрлері мен құндылықтарына деген құрметін қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы, №319, 27 шілде 2007жыл // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Махаева, А. (2024 ж.). Алаш зиялыларының ұлттық- қоғамдық ұйым қазақ комитеттерін құрудағы қызметі тарихынан . *Вестник КазНПУ имени Абая, серия , «Исторические и социально – политические науки»*, 1(80).
3. Намазова, М. Т. Қ., & Байкабилов, У. А. (2022). Дарынды драматург Сәкен Сейфуллин . *Central Asian Academic Journal of Scientific Research*, 2(1), 144-148-бет
4. Сейфуллин С. (2013)7 Аққудың айрылуы. Алматы: Атамұра. – 224-бет

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Уткелбаева Гулмира Калжатаевна**

Мақсаты: Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды анықтау: Сейфуллиннің әдеби туындыларындағы қазақ халқының ұлттық дәстүрлері, тарихы, мәдениеті және ұлттық сана-сезімі қандай сипаттарға ие екенін анықтау.

Тақырыптың өзектілігі: Сәкеннің шығармаларындағы ұлттық құндылықтардың қазіргі әдебиетке және қоғамға әсерін зерттеу. Оның шығармалары халықтың ұлттық ерекшеліктерін, тарихын, мәдениетін және азаттыққа деген ұмтылысын сипаттайды. Бұл тақырып қазіргі күнде де өзекті, себебі ұлттық құндылықтарды дәріптеп, халықтың рухани байлығын сақтау және дамыту кез келген қоғам үшін маңызды міндет болып табылады.

2. Негізгі бөлім:

2.1. Ұлттық құндылықтар Сейфуллин шығармаларында:

Салт-дәстүрлерді сипаттау:

Сейфуллин шығармаларында қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен көрініс тапқан. Мысалы, «**Туған жер**» өлеңінде туған жердің табиғаты, ауыл өмірі және халқымыздың тұрмыстық ерекшеліктері сипатталады. Бұл өлеңде ұлттық нақыштар мен қазақ халқының табиғатпен үйлесімді өмір сүруі шебер суреттелген. Оның шығармаларына халықтың тұрмыс-тіршілігін, атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрлерін сипаттау тән.

Ұлттық тіл және мәдениет:

Сейфуллиннің шығармалары қазақ тілі мен мәдениетін дәріптейді. Ол ұлттық тілді сақтап қалуға және оның болашақ ұрпаққа жеткізілуіне үлкен мән берген. Оның өлеңдерінде қазақтың бай ауыз әдебиеті, халық әндері мен батырлар жырының элементтері көрініс табады. Сейфуллин қазақ тілі мен мәдениетін қазақ халқының рухани жаңғыруының негізі деп қарастырды.

2.1. Сейфуллин шығармаларындағы патриоттық идеялар:

Сейфуллиннің патриоттық тақырыптағы шығармалары мен өлеңдері:

Сәкен Сейфуллин патриоттық рухта жазылған көптеген шығармалары арқылы қазақ халқының ұлттық сезімін оятты. Оның «**Көкшетау**», «**Аққудың айырылуы**», «**Тар жол, тайғақ кешу**» атты туындыларында туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, қазақ халқының азаттық жолындағы күресі жырланған. Бұл шығармалар қазақ қоғамындағы патриоттық сананы нығайтуға, ұлттық рухты оятуға бағытталды.

Тәжірибе бөлімі:

3.1 Сейфуллин шығармаларын талдау:

Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды талдау: Мысалы, «**Туған жер**» өлеңі арқылы қазақтың туған жерге, табиғатқа, халықтың рухани құндылықтарына деген ерекше махаббаты бейнеленген. Өлеңде автордың ұлттық сана-сезімі, туған жердің қасиеті мен құндылығына деген сезімі терең суреттеледі. Бұл өлең қазақ халқының табиғатпен және туған өлкемен тығыз байланысын көрсетеді.

«**Тар жол, тайғақ кешу**» романы – Сейфуллиннің басты прозалық шығармаларының бірі, онда ол өзінің өмір жолы мен қазақ халқының революциялық кезеңдегі қиындықтарын бейнелейді. Роман тарихи шындыққа негізделіп жазылған, сондықтан оны тарихи деректермен салыстыра отырып, оның шынайылығын көрсету маңызды. Шығармада қазақ халқының бостандығы, азаттық үшін күресі және сол кезеңдегі саяси- әлеуметтік

жағдайлар суреттелген.

2. Сейфуллин шығармаларының ұлттық құндылықтарға әсері:

Сейфуллин шығармаларын оқыту арқылы ұлттық құндылықтарды талқылау: Сейфуллиннің шығармаларын оқыту жастардың ұлттық сана- сезімін оятуға үлкен ықпал етеді. Оның туындыларының басты мақсаты – жастарды туған жерге, халқына деген махаббат пен құрметке тәрбиелеу. Оқушыларға оның шығармаларында көрініс тапқан қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, тілі, мәдениеті және тарихи оқиғалар туралы талдау жасатса, олар ұлттық құндылықтарды бағалап, өз тамырын, мәдениетін таниды. Мысалы, «**Көкшетау**» және «**Аққудың айырылуы**» поэмаларында табиғаттың сұлулығы мен қазақ халқының ежелгі тұрмыстық ерекшеліктері жырланған. Бұл шығармалар оқушыларға қазақтың мәдениетін терең түсінуге және ұлттық мұраларды құрметтеуге ықпал етеді.

Қорытынды: Сейфуллин шығармаларының болашаққа деген үлесі:

Сәкен Сейфуллиннің ұлттық құндылықтарды дәріптеген шығармалары қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қала береді. Оның туындылары болашақ ұрпақтар үшін ұлттық мұра ретінде бағаланып, қазақ халқының рухани дамуына, оның ұлттық болмысы мен мәдениетіне үлкен үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмаділова З. Сәкен Сейфуллин: Ұлттық сана және азаттық идеялары. Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасы, 2010 ж.
2. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин және қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1991 ж.
3. Молдабекова Р. Қазақ әдебиетіндегі Сейфуллин шығармашылығының орны. Алматы: Мектеп, 2015 ж.
4. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Жазушы, 1988 ж.
5. Тұрсынбекова Ш. Сәкен Сейфуллиннің ұлттық құндылықтары. Алматы: Рухани Жаңғыру орталығы, 2019 ж.
6. Ысқақұлы Д. Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы. Астана: Фолиант, 2007 ж.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «КӨКШЕТАУ» ӘНІ АРҚЫЛЫ СЕЗІМДЕРДІ СЕЗІНУДІ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУДІ ҮЙРЕНУДЕН ТҮЙГЕН ОЙЛАРЫМ

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
информатика пәні мұғалімі
Қабулқайт Ғибадатқан**

«Әннің де естісі бар, есері бар,» –деп Абай атамыз айтқандай, халқымыздың інжу-маржанына айналған Сәкеннің «Көкшетау» әнінің туғызған сезім иірімдерімен ой толғаныстарына тоқталсам.

Жаздың мамыражай таңы, отбасымызбен Бурабай демалыс аймағына жол алдық. Алдымызда Сарыарқаның белбеуіндей болып теп-тегіс тас жол созылып жатыр. Жолдасым кеше компьютерден жүктеп алған флешкартаны тауып плейрге қоса қойды. Жолдың екі жағында қаз-қатар қарағай самырсындар, жасыл желек жамылған дала еріксіз өзіне тартады. Манадан бері Ақан Серінің “Балқадиша” әнін тыңдап келе жатқан біз енді Рамазан Стамғазиевтің орындауындағы әнге құлақ түрдік.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын...

Қоңырлата домбырамен шырқалған әуен. Білмеймін, дәл осы әнді Көкшетаудың сұлу табиғатын тамашалап отырып естігеннен кейін болар. құлағымыздан кіріп, тұла бойымды шымырлатып жатқандай әсерде болдым. Бұл Сәкен Сейфуллиннің 1928 жылы жазған «Көкшетау» поэмасынан үзінді етіп алған ән еді. «Көкшетау» әні – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қайталанбас туындыларының бірі. Бұл ән қазақ даласының сұлулығын, табиғаттың мейірімін, әрі туған жерге деген сүйіспеншілікті бейнелейді. Әннің әрбір сөзі, нотасы, ритмі мен мәнері терең сезімдер мен ойларды оятады: туған жерге деген махаббат.

Қазір біз цифрланған әлемде күнделікті көзіміз қаншама ақпаратты көретіндіктен, қарапайым сезімдерді сезінуді білмей жатамыз. Ол тамсану, қуану, мұңаю, сағыныш, жақсы көру, құштарлану сияқты сан алуан эмоциялар болуы мүмкін. Бұл бір бейне салған суреттің бояуы сияқты жарқын түстердің жиынтығы деуге болады. Сәкен «Көкшетау» әні арқылы туған жердің сұлулығын, оның табиғи көріністерін терең сезіндіреді. Әннің мәтіні мен музыкасы адамның жүрегінде туған жерге деген құрметті, сүйіспеншілікті

оятады. Көкшетаудың көгілдір көлдері, жасыл далалары, таулары – бәрі де адамның сезімдерін тербеп, естеліктерін жаңғыртады.

Дәуір қайшылығы.

Ақындықты талант деп бағалаймыз. Бірақ менің ойымда неге қазір дәл осындай шығармалар жазылмайды деген ой келді. Иә, бар, бірақ біздің сөз алысымызда, сезімдерді бейнелеуімізде өзгерген. Біздегі танымал әндер бірнеше жыл өткен соң құндылығын жоғалтады. Ал бұл әндер - мәңгілік.

Жылдар өткен сайын бағасын арттыратын гауһар тасқа ұқсайды. Жазылғанына 98 жыл өтсе де, менің құлағымнан кіріп, бойымды алып барады. «Көкшетау» әні арқылы табиғаттың құдіретін сезіну мен бейнелеудің маңызы зор. С. Сейфуллин табиғатты тек сыртқы әлем ретінде емес, ішкі әлеміміздің бір бөлшегі ретінде көрсетеді. Әннің нәзік әуені мен терең мәтіні тыңдаушыны тыныштыққа, бейбітшілікке шақырады. Табиғаттың дыбыстары, желдің соғысы, судың сылдыры – бәрі де адамның жан-дүниесіне әсер етіп, оны терең ойларға жетелейді.

Эмоциялар мен сезімдер.

Жаңа буынның мұғалімі болғаннан соң жастардың жан-дүниесіне үңілгін келеді. Әр дәуірдің өз ерекшелігі бар деп қарастырсақ та, Сәкен Сейфуллиннің бұл шығармасы менің дәуірімнің туындысы емес. Менің құрдастарым бұл өлеңді күнде тыңдап жүрмесе де, естіген сәтте елең етпей қалмайтыны сөзсіз. Ал менің дәуірімнен қазіргі менің оқушыларым тыңдайтындай шығарма қалды ма? Бар ма деп сұрасаңыз, ойланып қалар едім. Ондай әуен, ондай шығарма сирек деуге болады. Сәкеннің шығармасында эмоциялар мен сезімдер ерекше орын алады.

«Көкшетау» әні адамның ішкі әлемін, оның қайғы-қасіретін, қуанышын, арман- мақсатын бейнелейді. Әнді тыңдай отырып, әр адам өз сезімдерін, күйзелістерін, бақытты сәттерін еске алады. Бұл әннің адамды ойландыратын, сезіндіретін қасиеті – оның тереңдігі мен мәңгілігінде. Сейфуллиннің өнері арқылы біз өзімізді, жанымызды тануға мүмкіндік аламыз.

Өткен ғасыр технологияға, дәл қазіргідей дүниелік байлыққа жұтаң болғанымен, әдемі сезімдерді сезінуге, табиғаттың, Алланың берген нығыметіне деген шүкірлікке толы болғандай ой қалдырады. Ал қазір біз сезімдерімізді жеткізуге сараңбыз. Бәрі де осылай болуы керек сияқты ойлаймыз. Санамыз сұлулықтан да, сұмдықтан да селт етпейді. Сезімдерді сезінуіміз - ол адамзаттың жан- жануарлардан ерекшелетін қасиеті ғой. Неге біз шын шаттанып күлуден, табиғаттың сұлулығына тамсанудан, басқаның қайғысына ортақтасып егілуден, қысқасы, Құдай берген сезімдерді шын сезінуден алыстап барамыз. Әлде біздің миымыздағы “Ойжұмбақ” мультфильміндегі қызыл жасыл кейіпкерлеріміздің бәрін көгілдір экран жаулап алды ма? «Көкшетау» сияқты әндер неге қазір жазылмайды?

Қорытынды:

Сәкен Сейфуллиннің "Көкшетау" әні – туған жерге, табиғатқа, мәдениетке деген терең сезімдерді оятатын ерекше шығармашылық. Ән тыңдаушыға тек сұлулықты, қуаныш пен бақытты сезіндірумен ғана шектелмей, сонымен бірге терең ойларға, сезімдерге жетелейді. Ақынның өнері – адамның жан дүниесіне, табиғатқа және өз халқына деген сүйіспеншіліктің мәңгілік белгісі. Мен осы шығарманың эстетикасы Сәкеннің сері, бекзат болмысының көрінісі, жан дүниесінің айнасы іспеттес. Біздің жүрегімізге нұр құятын, көңілімізді ғажап бір әсерге толтыратын, өмірімізді мазмұнға толтыратын осындай шығармалардың бағасын білейік.

Әдебиеттер тізімі:

«Аққудың айрылуы» Сәкен Сейфулин. «Атамұра» 2003 ж.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ «АҚҚУДЫҢ АЙРЫЛУЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Конысбаева Улдар Жантасовна**

Мақсаты: Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды талдау арқылы қазіргі қоғам үшін маңызды рухани-адамгершілік мәселелерін айқындау.

Міндеттері:

1. Махаббат, адалдық, еркіндік және табиғатты қорғау секілді құндылықтардың поэмадағы көріністерін сипаттау.
2. Поэмадағы жалпыадамзаттық құндылықтардың әмбебап мәнін ашып, олардың қазіргі қоғам үшін маңыздылығын түсіндіру.
3. Сәкен Сейфуллин шығармашылығының рухани-адамгершілік тәрбиедегі рөлін анықтау.

Бұл баяндамада Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды талдауға тоқталамын. Поэмада махаббат, адалдық, еркіндік, табиғатты қорғау және сүйіспеншілік сияқты құндылықтар көрініс табады. Поэма арқылы автор адамның ішкі сезімдерін, табиғатпен үйлесімдегі өмірдің маңыздылығын терең көрсетеді. Осы баяндамада аталған құндылықтар талданып, олардың әмбебап мәні мен бүгінгі күндегі маңызы ашылады.

Махаббат пен адалдық құндылықтары. Сәкен Сейфуллин- қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, жазушы және қоғам қайраткері. Ол ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетінің жаңа бағытқа бет бұруына үлкен үлес қосып, қазақтың ұлттық мәдениеті мен руханиятын жаңғыртқан тұлға. Сейфуллиннің шығармалары патриоттық рухты, адамгершілік құндылықтарды, еркіндік пен әділеттілікке ұмтылысты дәріптейді. Оның поэзиясы мен прозасында қазақ халқының рухани байлығы мен тағдыры, ұлттық мәдениетке деген құрмет терең бейнеленген.

Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасы — ақынның табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасқа, махаббат пен адалдыққа, еркіндік пен сүйіспеншілікке арналған туындыларының бірі. Поэма аққу құстарының символдық бейнесі арқылы шынайы махаббаттың, адалдықтың және табиғатқа деген нәзік қарым-қатынастың көрінісін береді.

Поэманың сюжеті бойынша ерлі-зайыпты аққулардың біреуі жараланып, екіншісі одан айырылып қалады. Бұл оқиға табиғат пен адамның ажырамас байланысын бейнелейді және махаббаттың мәңгілік құндылық екенін айқын көрсетеді. Аққу бейнесі арқылы поэмада таза махаббат пен адалдықтың символы сомдалады, ал олардың айырылысуы қайғы мен мұңның әмбебаптығын ашады.

«Аққудың айырылуы» поэмасы — жалпыадамзаттық құндылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін көркем туынды. Поэмадағы басты құндылықтар — махаббат, адалдық, еркіндік, табиғатқа құрмет және сүйіспеншілік. Ақын осы құндылықтарды аққу бейнесі арқылы жеткізіп, адамзаттың ортақ рухани байлығы ретінде көрсетеді.

- Махаббат пен адалдық: Аққулардың арасындағы байланыс шынайы махаббат пен адалдықты көрсетеді. Аққудың айырылуы арқылы ақын шынайы махаббаттың жоғалуының қайғысын бейнелейді, бұл әмбебап адамзаттық сезім.

- Табиғат пен еркіндік: Аққу- табиғаттың символы, еркіндік пен тазалықтың бейнесі. Табиғатты қорғау және оған құрмет көрсету — адамзаттың маңызды міндеттерінің бірі. Поэмада адам мен табиғат арасындағы байланысты сақтау қажеттігіне назар аударылады. Аққу жұбының бірінің қайғысы бүкіл адамзаттың өмірдегі жоғалтулар мен қайғылармен күресуінің символы ретінде көрсетілген. Бұл поэмадағы терең эмоционалдық деңгей арқылы адамдардың ішкі рухани байлығын ұғынуға мүмкіндік береді.

Сәкен Сейфуллиннің бұл шығармасы адамзатқа тән сезімдерді табиғатпен тығыз байланыстыра отырып, әлемдік әдебиетте жиі көтерілетін тақырыптар — махаббат, адалдық, еркіндік, және жоғалтуды жан-жақты бейнелейді.

Еркіндік пен табиғатты қорғау құндылығы: Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасында аққу бейнесі шынайы махаббаттың символы ретінде ерекше мәнге ие. Қазақ халқының дәстүрінде аққулар адалдық пен махаббаттың, тазалық пен мәңгілік берілгендіктің бейнесі ретінде танымал. Аққу құсы жұп құрған соң өмір бойы серігіне адал болады. Егер аққулардың бірі қайтыс болса, екіншісі оған адал болып, өз серігінен айырылғаннан кейін өмірден үмітін үзеді. Бұл табиғаттағы ақиқат адамдар арасындағы шынайы махаббаттың мәңгілік белгісін көрсетеді.

Поэмадағы аққулар арасындағы байланыс тек махаббат емес, сонымен қатар адалдық пен сенімнің белгісі ретінде де бейнеленеді. Аққулардың жұптасқаннан кейін бір-біріне өмір бойы адал болуы — сенім мен берілгендіктің символы. Бұл жағдай адамдар арасындағы қарым-қатынастардың негізін құрайтын маңызды құндылықтарды көрсетеді. Адалдық пен сенім адамдардың бір-біріне құрметпен қарап, ұзақ уақыт бойы қарым-қатынастарын сақтауына негіз болады.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастарда да адалдық пен сенім аса маңызды рөл атқарады. Поэмада көрсетілгендей, сенім жоғалған кезде, немесе біреуіне зиян келген жағдайда, екінші тараптың да өмір сүруінің мағынасы өзгереді. Аққудың айырылуы арқылы адалдықтың өмірдегі маңыздылығы және адамның адал сезімдеріне деген құрметі бейнеленген.

Сәкен Сейфуллин махаббат пен адалдықты негізгі құндылықтар ретінде сипаттай отырып, олардың адам өміріндегі рөлін айқын көрсетеді. Ақынның айтуынша, адамдар арасындағы адалдық пен сенім — махаббаттың мәңгілік болуына ықпал ететін басты шарттар. Аққу бейнесі арқылы поэмада шынайы махаббаттың нәзіктігі мен адалдығының символикалық мәні көрініс табады.

Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасы арқылы қайғы мен

жоғалту тақырыбы терең философиялық және эмоционалды түрде ашылады. Аққу жұбының бірінің жараланып, екіншісінің серігінен айырылуы қайғының әмбебап сипатын көрсетеді. Аққу бейнесі арқылы ақын адам өміріндегі сүйікті жаннан айырылу секілді ауыр сезімдерді суреттейді, бұл жоғалту кезіндегі терең қайғы мен мұңның эмоционалды әсерін терең жеткізеді.

Жоғалту сезімі – адамзатқа тән ең терең эмоционалды құбылыстардың бірі. Ақын поэмада осы қайғының ерекше ауырлығын көрсетіп, оны адам өміріндегі барлық басқа сезімдермен салыстырғанда әлдеқайда тереңірек ашады, табиғаттағы жарасымды гармонияны бұзудың орны толмас трагедияға алып келетінін көрсетеді. Поэмада сұр мергеннің қатігездігі жауыздықтың символы ретінде суреттелсе, сол жауыздыққа шендестіріле аққудың махаббатқа адалдығы, тазалығы суреттеледі. Аққу құсының серігінен айырылуы өмірдің ең үлкен қайғысы ретінде сипатталып, осы сезім арқылы адамдардың өз өміріндегі мұңды сәттерін түсінуге мүмкіндік береді.

Өмірдегі қиыншылықтар мен қайғыға төзімділік адамның рухани байлығын көрсетеді. Поэмада аққудың серігіне деген адалдығы мен сүйіспеншілігі оның рухани тазалығын білдіреді. Осы қайғылы сәттерде де, адам өзінің рухани құндылықтарын сақтап, өмірдегі сынақтарға төтеп беруі керек деген ой түйіледі. Бұл әмбебап тақырыптар арқылы ақын өмірдің өткінші, ал махаббат пен адалдықтың мәңгілік екенін көрсетеді. Жоғалту мен қайғы әрбір адамның өмірінде кездесетін оқиғалар, алайда олар арқылы адам өзінің ішкі рухани күшін танып, өмірлік құндылықтарды тереңірек түсінеді. «Аққудың айрылуы» поэмасы осы құндылықтарды терең жеткізіп, адамзатты қиындықтарға төтеп беруге және өмірдің мәнін түсінуге шақырады.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» поэмасы жалпыадамзаттық құндылықтарды терең әрі символикалық тұрғыдан жеткізеді. Аққу бейнесі арқылы поэмада шынайы махаббаттың мәңгілігі, адалдық пен сенімнің маңыздылығы, сонымен қатар қайғы мен жоғалту сияқты әмбебап құбылыстар терең суреттеледі. Махаббат, адалдық, еркіндік және табиғатқа құрмет сияқты құндылықтар арқылы автор адамзаттың ортақ рухани-адамгершілік байлығын көрсетеді. Поэмадағы оқиғалар адамдардың жеке сезімдеріне, адамзаттың өмірлік тәжірибесіне, өмірдегі қиындықтарға төзімділікке қатысты ойларға негізделген. Ақын адамның өміріндегі ең маңызды құндылықтарды бейнелей отырып, әрбір оқырманның рухани әлеміне терең әсер етеді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы қазіргі қоғам үшін де зор маңызға ие. Оның поэмалары мен өлеңдеріндегі терең философиялық ойлар мен рухани құндылықтар қазіргі замандағы әлеуметтік, адамгершілік мәселелерді түсінуге көмектеседі. Бүгінгі таңда адамдар арасындағы қарым-қатынастардың нәзіктігі, табиғатты қорғау және рухани байлықтарға құрмет көрсету мәселелері ерекше өзектілікке ие. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазіргі заманда да құндылығын жоғалтпай, адамзаттың рухани тәрбиесіне қызмет етуде. Оның поэмалары өмірдегі мәнді түсінуге, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың тереңдігін ұғынуға және табиғатты қорғауға шақырады.

С. Сейфуллин шығармашылығының құндылығы оның қоғамның әртүрлі

кезеңдеріндегі өзектілігімен және мәңгілік мәселелерді қозғауымен ерекшеленеді. Ақынның мұрасы рухани құндылықтарды сақтап, оларды келер ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосады. «Аққудың айырылуы» поэмасы арқылы автордың жалпыадамзаттық құндылықтарды терең жеткізе білуі қазіргі қоғам үшін де үлкен маңызға ие болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов, М. «Қазақ әдебиеті тарихы». Алматы: Ғылым баспасы, 1967.
2. Базарбаев, М. «Қазақ поэзиясының ерекшеліктері және Сейфуллин шығармашылығы». Алматы: Өнер, 1983.
3. Қирабаев, С. «Сәкен Сейфуллин: Өмірі мен шығармашылығы». Алматы: Ана тілі, 1997.
4. Сейфуллин, С. «Аққудың айырылуы» поэмасы. Алматы: Қазақ әдебиеті баспасы, 1937.
5. Сүлейменов, Ә. «Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы». Астана: Фолиант, 2004.
6. Тұрсынбек, К. «Сәкен Сейфуллин және әдебиеттегі рухани құндылықтар». Алматы: Мектеп, 1987.
7. Шәріп, Ғ. «Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық рух және адамгершілік» Астана: Рухани жаңғыру баспасы, 2019.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – АДАМЗАТТЫҚ, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАЙ МҰРА

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Баяхметова Шынар Оразрахметовна**

«Естелік тірі болса, ақын да тірі»
Мен Сәкенмін! Сейфулланың баласы,
Жазылмаған жүрегімнің жарасы.

Мен құдайдың ажалынан өлгем жоқ,
Мені өлтірген адамдардың аласы.
Он жетіде ту ұстадым қолыма,
Мақтанышпен мадақтадым оны да!
Қыран едім, қанатыммен соғылып,
Өзім түстім қастандықтың торына.
Көжегіне ұқсамадым қоянның,
Қатарымнан тым ертерек ояндым.
Қызыл туды жырлап едім армансыз,
Ақырында қызыл қанға боялдым.

Бостандықтың күте – күте әр таңын,
Енді соның шын азабын тартамын!
Мені атқан адамдардан қорықпаймын,
Елін сатқан адамдардан қорқамын! –
деп жырлаған ақын өмірі мен шығармашылығы құндылыққа толы. Осы
шумақтардың өзінен ақынның патриоттық рухқа толы тұлғасы көрініс береді,
яғни **Тәуелсіздік және Отаншылдық құндылығы.**

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы.

Асуы жоқ асулардан асайық,
Ашылмаған тас қақпаны ашайық.
Болмағанды болдырайық дүниеге,
Жаңа тұрмыс жаңа жерге жасайық,-
деп Сәкен ақынның ойы мен сезімі астасқан өлең жолдарынан қазақ жастарын
елі мен жерінің дамуына еңбек етуге үндегені анық байқалады. Өлең жолдары
оқырманына шексіз шабыт сыйлайды. Қазақ халқының тәуелсіз ел болуын,
сауатты,білім-ғылым жолына ұмтылған, кәсіби білікті маман болуын, атамекен
болашағының нұрлы, жарқын болуын тіледі. Барлық саналы ғұмырын, күш-
жігерін осы ізгілікті іске арнады. Сәкен шығармаларын оқып отырып, бүгінгі
таңдағы қоғамның зәру боп отырған құндылықтарының қайсысын болсын табу
оп-оңай. Мысалы, **отаншылдық құндылығы**

...Сағынып Нұра, мен келдім,

Бұрынғы иең-байғұсың.

Айырылған сенен көп елдің

Жатырсың көрмей қайғысын, -

деген өлең жолдары атамекенге деген риясыз махаббатын, халқының туған
жерінен еріксіз айырылғандағы туралы қайғысын аңғартады.

Бірлік және ынтымақ құндылығы.

Ақынның ертерек жазған «Айт» деген өлеңінде қазақтың ұлттық мейрамы
туралы дәріптелсе, сол кездегі жүйе ақын сезімін діншілдік деп айыптады емес
пе?!

...Жігіттер қатар түзеп, сәндік құрып,

Айттайтын күн жиналып бірге жүріп.

Аралап әр ауылдан көкпар алып,

Аттары екіленіп аласұрып.

Аттарын секеңдетіп кейбір жастар,

Жұлынып кейбір аттар алып қашар.

Елеңдеп кейбір аттар сау аяндап,

Кей аттар алды-артынан ақсап басар.

Болған соң айт асымен аузын ашып,

Жиылып қыз-келіншек хабарласып,

Олар да айттайтын күн әр ауылды

Тізіліп, қайтқан қаздай дуылдасып...

Бүгінгі гаджеттерге телмірген оқырманға бұл шумақ бір уақыт бірге жүріп,
араласып, сөйлесіп, ұлттық мерекені тойлауға шақырып тұрғандай. Қазақтың
береке мен бірлігі жарасқан әдемімерекесін бүгінгі және кейінгі ұрпақ осылай

тойлау керектігін әдемі жазып қалдырған.

Сәкен революцияға алданған, аз күннің өзінде опық жеген халықтың жан сырын «Аш қазақ» өлеңінде:

...Жомарт едің, мейірімді едің,
Бауырларым, бабам, қазақ қайдасың?
Бар еді ғой сансыз малың,
Ол мал қайда?..

Кім көрді оның пайдасын,-

деп ата-бабамыздың қолы ашық, кеңпейілді мейірімді екенін айтқан жолдардан бүгінгі таңдағы жастар бойындағы эгоизм сияқты қасиеттердің ата-бабадан берілмегенін аңғартады.

Сәкен Сейфуллин - адамның күйініш-сүйініштерін, әртүрлі сипаттағы сезім күйлерін, ынтық, құштар жүректіңнәзік сыр, ыстық толқындарын шебер де әсерлі суреттеген лирикалардың авторы. Ақын лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Басты тақырыптары: туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі. Осы тақырыптардың бүгінгі оқырманның ойына, ішкі санасына, жанына шексіз құндылық нәрін себері анық. Жастарды патриотизмге, елін қорғауға, жерін сақтап қалуға шақырады. Сондай шығармалардың бірі - «Тар жол, тайғақ кешу». Сәкен ағамыз ұрпаққа үлкен сенім мен үміт артқан. Сол заманның қиын сәттерінде ұлт үшін қызмет көрсетудіңүздік үлгісін көрсете білді. Көшбасшылықтың идеалын жасады. Сәкен оқырмандары ақылға, тәжірибеге, сабаққа толы ақын мұрасын оқып, жандары бір өзгеріске ұшырайтыны анық. Ақынның өмірінің соңына дейінгі өткен қиындықтары сол заманның қаталдығы менқатігездігін көрсетеді. Ақынды «өзі жақтаған ұйымынан өзі зардап шекті» дейді. Бірақ тарихтың бұлай өзгертетінін кім білген? Ақын қайғылы заманның жаман көріністерімен қоса жақсы көріністерін де айта білген.

Жиырмасыншы жылдары Сәкен- Қазақстанда Голощекин жүргізген саясатқа ашық қарсылық көрсеткен адамның бірі. Голощекин дайындаған «партиялық тазалау» құжаттарында «Сейфуллинщина» деп аталған жікшілдік топтың басында болды, солшылдық өміріндеоңшылдық қате көп жіберді, саяси өмірден ауытқып, пессимистік өлеңдер жазды» деп айыптаған. Голощекин басшылығының қазақ елін қандай күйге жеткізгенін Сәкен «Қызыл ат» поэмасы мен аяқталмай қалған «Біздің тұрмыс» романында сынай суреттегені көпке белгілі. Нағыз демократшыл, қара қылды қақ жарған шыншылдық, **әділдік сияқты құндылықтардың** тұнып тұрған көзі.

Сәкеннің кейбір шығармаларындағы тарихи көзқарасы, жеке адамдарға берген бағасы, адамзаттық құндылықтары бүгінгі ұғым-түсінігімізбен әдемі қабысады. Кезінде заманталабынан туған ақын басына жала болып жабылса, бүгінде тәрбие жолындағы шамшырақ іспеттес.

Сәкеннің ешбір үкіметке қолшоқпар болмай, болашақтан күткен арманын, оған сенімін таза сақтағандығын көрсетеді. Ол еңбекші халық мүддесін бәрінен де жоғары қойып, қоғамдағы өзгерістерді соның тілек-талабымен салыстыра қарады. Осы жолда табандылық танытты. Ойын, сезімін жасыра алмай күйзелді,

күйзелісін қаламына төкті. Алайда ақын сенген идея, ол жасаған жаңа әдебиет бірте-бірте ұлттық, адамзаттық құндылыққа толы мұраға айналды. Сәкеннің ата жұртын, қазақ халқын дәулеті шалқып, рухани дүниесі көркейіп гүлденген бай-қуатты елдер қатарына қосылсын деп жанталасқан бұл әрекет-қимылын большевиктер ұлтшылдық деп таныды. Сол үшін биік лауазымды қызметінен шеттетілді. Кейін жазықсыз атылып кетуіне негіз болған бірден-бір себептің өзі де осы еді. Сәкен мұрасы - бүгінгі ұрпақты саналы етіп тәрбиелейтін құрал. Сәкенді терең тануға аса мән бергеніміз жөн. Озық ойлы ұлт, Адал азамат, Әділетті Қазақстан жасауға Сәкен мұрасының түсінген адам үшін берері мол.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2004.- 392- б.
2. Кәкішұлы Т., Ахмет Садыққызы К. Тар жол, тайғақ кешудің тағдыры.

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ
ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ
РУХАНИ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ НЕГІЗДЕР**

**Астана қаласы
Ә. Бөкейхан атындағы
№76 мектеп-лицейінің
математика пәні мұғалімі
Әділбек Дарина Ерікқызы**

Сәкен Сейфуллин - қазақ әдебиетінде өзіндік ойып алар орны бар қайраткер әрі жазушы. Жазушының шығармалары арқылы қазақ халқының мәдениетімен қоса рухани құндылықтар терең бейнеленіп, жалпыадамзаттық мәселелерге де назар аударылған. Сәкен атамыздың шығармаларындағы негізгі ерекшелік – ұлттық болмысты жоғалтпай, адамзаттың ұлттық құндылықтарын насихаттауында. Қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын терең түсініп, өз шығармаларында кеңінен шебер бейнелеген. Оның прозалары мен өлеңдерінде халықтың ұлттық рухы, салт-дәстүрлері, ерлікке толы тарихы және ұлтқа деген махаббаты айқын көрініс тапқан. Өлеңдерін оқи отырып, ұлттың тәуелсіздігін сақтау жолындағы күресін байқауға болады. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы еркіндік, теңдік, әділеттілікке деген ұмтылысты көреміз. Қазақ халқының мәселелерімен шектелмей, барша адамзаттың ортақ мұраттары мен құндылықтарына мән бергенін көреміз. Бұл бағытта Сәкен атамыз еркіндік, әділдік, адамгершілік, махаббат және достық сияқты мәңгілік құндылықтарды дәріптейді. Қазіргі өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа Сәкен атамыздың шығармаларындағы құндылықтарды дәріптеу біздің азаматтық парызымыз деп білемін. Мысалы, Сәкен атамыздың «Азаматтар» өлеңінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен батырларды, елдің еркіндігі мен болашағы үшін жанын қиған, өмірін арнаған азаматтарды сипаттайды, мақтайды. Ол ұлттың азаттық жолындағы күресіне деген терең құрмет пен

елжандылықты жырлайды. Сонымен қатар оның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы шыққан көптеген өлеңдері мен мақалалары адамның құқығы мен бостандығын қорғау қажеттілігін алға тартады.

Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасы қазақ халқының рухани және ұлттық санасын жаңғыртуға үлкен үлес қосып қана қоймай, сонымен бірге жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау арқылы әлем мәдениетіне де ықпал еткен. Сәкен атамyzдың шығармалары ұлттық шеңберден шығып, адамзаттың рухани мұрасына айналды. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады. Оның еңбектерінде патриотизм, адамгершілік, еңбекқорлық, білімге деген құштарлық сияқты қасиеттерді дәріптеу арқылы жастарды тәрбиелеудің, өзімізді тәрбиелеудің нақты үлгілері ұсынылады. Сейфуллин шығармаларындағы жас ұрпақты тәрбиелеу туралы нақты мысалдар:

1. «Тар жол, тайғақ кешу» романындағы үлгіге тоқталайық:

Бұл роман Сейфуллиннің өз өміріндегі оқиғаларға негізделген тарихи шығарма болып табылады. Онда қазақ халқының күрескерлік рухы, ерік-жігері мен азаттыққа деген ұмтылысы көрініс табады. Жас ұрпақ үшін бұл шығарма елдің тарихын білуге және құрметтеуге үйретеді. Қиындықтарды жеңуге, табандылыққа және батылдыққа шақырады. Азаттық жолында күрескен батырлардың ерліктері арқылы жастарды патриотизм мен жауапкершілікке баулиды.

2. «Ананың хаты» өлеңі.

Бұл өлеңде ана мен баланың арасындағы байланыс, ананың баласына деген жүрекжарды тілегі мен өмірлік өсиеті баяндалады. Ана баласына адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды үйретеді. Бұл өлең арқылы жас ұрпаққа ата-ананы құрметтеу, үлкендердің өсиеттерін тыңдау, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру маңызды екенін түсіндіреді. Еңбекқорлық пен адалдықтың өмірдегі басты құндылықтар екені айтылады.

3. «Көкшетау» поэмасы.

Бұл поэмада қазақ халқының ұлттық рухы мен мәдениеті кеңінен жырланған. Сейфуллин қазақ жерінің табиғатын сипаттай отырып, ұлттық мұра мен дәстүрлердің маңыздылығын көрсетеді. Жас ұрпаққа арналған тәрбиелік үлгілер туған жерді, табиғатты сүйуге және қорғауға үйретеді. Ұлттық дәстүрлерді сақтауға және дамытуға бағыттайды. Қазақтың бай мәдени мұрасы мен ел тарихына деген құрмет сезімін оятады.

4. «Жас қазақ марсельезасы» өлеңі.

Бұл өлеңде ақын жастарды ерлікке, батылдыққа, елін қорғауға шақырады. Ол өз халқын сүйетін және оның болашағы үшін жауапкершілікті мойнына алатын жаңа буынды тәрбиелеуге ұмтылады. Өлеңнің тәрбиелік мәні: Елін сүйетін, патриоттық сезімі жоғары азаматтарды тәрбиелеуге ықпал етеді. Қоғамдық жауапкершілікке, азаматтық міндеттерді атқаруға және ұлт болашағы үшін күресуге үндейді.

5. «Қызыл ат» поэмасы.

Бұл шығармада қазақ халқының ауыр тұрмысы мен әлеуметтік мәселелері көркем бейнеленген. Автор халықтың құқықтары мен теңдігін қорғауды,

әділетті қоғам құруды ұрпақ санасына сіңіруді көздейді. Тәрбиелік үлгісі әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу, теңдікті қорғау идеялары арқылы жас ұрпаққа қоғамдағы әділетсіздікпен күресуді үйретеді. Қарапайым еңбек адамының құқығын қорғау және қоғамда белсенді болуға баулиды.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында жас ұрпақты тәрбиелеу идеялары қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен тығыз байланысты. Оның шығармалары жас буынға патриотизм, адамгершілік, әділдік, еңбекқорлық, білімге құштарлық сынды қасиеттерді сіңіруде маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. **Сейфуллин, С.** (2015). Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Мектеп баспасы.
2. **Ахметов, Қ.** (1993). Сәкен Сейфуллин: өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Ғылым. Сейфуллиннің шығармашылық мұрасы мен оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесі туралы маңызды зерттеу еңбегі.
3. **Жұмалиев, Қ.** (1967). Сәкен Сейфуллин: Өмірі мен әдеби қызметі. Алматы: Қазақстан баспасы. Сейфуллиннің өмірі, оның жастарға әсері мен ұлттық мәдениеттегі рөліне арналған зерттеу.
4. **Әлмашұлы, А.** (2014). Сәкен Сейфуллин – қазақ руханиятының жаршысы. Алматы: Білім. Сейфуллиннің қазақ руханиятына қосқан үлесі мен оның шығармаларындағы жас ұрпаққа арналған рухани тәрбие туралы зерттеу.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

**Ақмола облысы Білім басқармасы
Сандықтау ауданы білім бөлімі
Балкашин ауылы
№ 1 жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
филология ғылымының магистрі
Шарипова Гульмира Аширбековна**

Өзіндік ерекшелігі. Сәкен Сейфуллин өлеңдеріндегі негізгі ой, автор ойы сараланып, түйіні шығарылды және ақынның отаншылдық пен қоғам кейпі туралы жазған өлеңдері талданған.

Жаңашылдық: Сәкен Сейфуллин өлеңдеріндегі ұлттық мүдде құндылықтарын анықтай отырып, қазақ халқының ұлттық жаңғыруы жолындағы рөліне зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі қазақ әдебиетінің негізін құраушы, ақын, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин өлеңдерінде ұлттық мүдде құндылықтары айқын көрініс тапқан. Ақын өмір жолында туған елі алдындағы зор міндетті абыроймен атқара білген тұлға. Мемлекеттік қызметімен қоса, әдебиетті қатар алып, адамзатты қоғам игілігіне қызмет етуге, ұлттық мәдениетті дәріптеуге, ұлттық мұраны сақтауға, еліміздің егеменді ел болып қалыптасуында өзіндік үлес қосу туралы ой салған.

Сәкен Сейфуллин – Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің даму тарихында шығармашылығы ерекше орын алатын көрнекті ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Оның отаншылдық, туған жерге деген сүйіспеншілік рухымен сусындаған өлеңдері қазақ халқының ұлттық жаңғыруы мен санасын оятудың өзіндік символына айналды.

Сейфуллин поэзиясының негізгі тақырыптарының бірі – ұлт азаттығы мен тәуелсіздік. Ол өз өлеңдерінде халқын өз құқықтары мен бостандықтары үшін күресуге шақырды, патша үкіметінің отарлық езгісіне, әділетсіздігіне қарсы шығуға үндеді. Дәл осы өлеңдер қазақтың ұлттық болмысының қалыптасуына, олардың еркін, тәуелсіз өмірге ұмтылуына негіз болды. Сонымен қатар Сейфуллин шығармашылығы қазақ әдебиетінің дамуында, оны жаңа идеялармен, образдармен байытуда маңызды рөл атқарды. Олар кейінгі ұрпақтардың әдеби тілі мен шығармашылығының дамуының негізін қалап, ұлттық күрес пен жаңғырудың символына айналды. Сәкен өлеңдері қазақстандықтардың ұлттық болмысының құрамдас бөлігі болып табылады және жаңа ұрпақ үшін шабыт көзі болып табылады деп ойлаймын.

Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы ұлтына деген шексіз сүйіспеншілік тек сөзден ғана емес, іс-әрекеттен де көрінеді. Ол барша қазақстандықтарды ұлттық болмысын сақтауға және дамытуға шақыра отырып, өз Отанын, өз халқын және мәдениетін дәріптей білді.


Сейфуллин шығармашылығындағы отаншылдық тақырыбындағы өлеңдерінің бірі – «Кел, жігіттер» өлеңі. Өлеңнің авторлық идеясы - жастарды өз елін отарлық езгіден азат ету жолындағы күреске шақыру. Шығарманың



негізгі идеясы – бірлік пен ортақ мүдде, батырлық пен батылдық көрсету арқылы өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігіне қол жеткізе алатындығын жеткізу. Өлеңге тереңірек талдау жасап көрелік. Ер жігіт қандай болу керек?

Өлеңде автор, жастық шақта ер болып, тұлпарды орғытып, сұңқарды өрлетіп, домбырада ән салып, әділдікті айтып, ұран салып, ту көтеріп, қанат сермеп елінің ұлттық болмысын сақтай отырып, егемендік жолында аянбауға шақырады.

Асқақ рухты ақынның келесі шоқтығы биік бір өлеңі – «Біз» өлеңі. Бұл өлеңде автор туған елінің мүддесін қорғау үшін жан пиде екенін жеткізеді. Демек, өмірдің қаталдығы мен әділетсіздігіне қарамастан, соққы мен қорлыққа шыдай біліп, жүрегіндегі еліне деген сүйіспеншіліктің зор екендігін жеткізеді.



Бұл кестеде өзінің бостандықта, еркіндікте, кеңдікте ер жеткенін баяндай келе, зұлымдардың арам іс-әрекеттеріне, қорлығы мен зорлығына шыдап келе жатқандығы туралы айтады. Ал мұның барлығы не үшін? Әрине, Отан үшін. Отанының болашағы мен тәуелсіздігі, азаттығы үшін. Енді автордың ойын талдап көрелік: Отаншыл азамат қандай болу керек?



«Қазақ даласында» өлеңі қазақ қоғамының әлемін, оның қайталанбас ерекшеліктері мен құндылықтарын ашады деп ойлаймын. Бұл шығарма қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының көрінісі ғана емес, оның мәдени мұрасына деген құрмет пен мақтаныштың көрінісі.



Талдаудан шығатын қорытынды, өлеңдегі ең маңызды мәселе – ынтымақ орнаған қоғам.

Сәкен Сейфуллин шығармашылығында ұлттық мүдде құндылықтары жан-жақты қарастырылған. Ақын нағыз отаншыл азамат ретінде өмірінің соңына дейін социализм идеясына адал болып, жаңа қоғамның қалыптасуына қалтықсыз сенді. «Қазақ даласы» өлеңіндегі қоғам желісі уақыт өткен сайын салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап, соған сай өмір сүріп келе жатқан қазақ халқының өмір жолын көрсетеді. Өлеңді бірнеше рет әр сөзіне мән бере отырып оқитын болсақ, онда қазақ халқының мінезі мен мәдениетін қалыптастырған қоғам кейпі суреттелгенін аңғаруға болады. Өлеңде тарихы мен дәстүрін ғасырлар бойына алып келе жатқан еңбекқор, намысшыл халықтың бейнесін бейнелейді. Өлеңдегі қоғам бейнесіне толығырақ талдау жасап көрелік:

Ең бірінші көзге түсетіні – туған жердің, қазақтар тұрып жатқан, еңбек ететін жердің символы іспеттес дала бейнесі. Дала ән мен күй естілген, өзен ағып, мал жайылған кең де көркем жер ретінде бейнеленген. Көкшетау дегеннің

өзінде көз алдымызға сол жердің сұлу табиғаты мен саф ауасы көз алдымызға келеді емес пе? Бұл дала бейнесінде автор халықтың жалпы жағдайын, тұрмыс-тіршілігін жеткізе білді деп санаймын. Одан әрі поэмадағы қоғам бейнесін дәстүрлі қазақ мәдениетінде қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен құндылықтар мысалдары арқылы қарастыруға болады. Өлеңдерде көшпенділердің өмірі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діні суреттеледі. Сондай-ақ автор достыққа, қонақжайлылыққа, өз ұлтына деген мақтанышқа ерекше мән береді. Демек, Сәкен Сейфуллиннің «Қазақ даласы» өлеңіндегі қоғам бейнесі терең отаншылдық, өз жеріне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікпен сусындаған.

Сонымен, Сәкен Сейфуллин өлеңдерінде қандай ұлттық мүдде құндылықтары көрініс тапты деген сауалға жауап беру үшін кестеге назар аударайық:



Қорытындылай келе, қазақ халқының ұлттық жаңғыру жолындағы рөлін зерделеу, сондай-ақ Сәкен Сейфуллин өлеңдеріндегі ұлттық мүдде құндылықтарын айқындау қазақ халқының тарихы мен рухани мұратын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекмағамбетова А, Сәкеннің сырлы кітаптары : Астана қаласындағы С.Сейфуллин музейіне 25 жыл / А. Бекмағамбетова//Мәдени мұра. - Алматы, 2013. - №3 (мамыр-маусым). 92-95 б.
2. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Мектеп, 1989. – 88-бет.
3. Кәкен А, Қазақтың ұлттық мүдесін ойлағаны үшін қуғындалды: ақын-жазушы Сәкен Сейфуллин /А. Кәкен// Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. - Алматы, 2015. - №10.-4-51-б.
4. Қасымова С.С. Сәкен Сейфуллиннің қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1894-1938 ж.ж.). Тарих ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Қарағанды, 2010. – 30- бет.
5. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. /Өлеңдер мен дастандар/.Сейфуллин. -Алматы: Жазушы, 2002. – 192-б.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Астана қаласы
№79 мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Игильманова Шынар Рамазановна

Ел егемендігі үшін күрескен алаштың ардақтысы – Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығына зер салсақ, оның сан қилы, қатпарлы тағдырына куә боламыз. Әрине, тұтас ұлттың тағдыры сын сағатта тұрған кезеңде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысу, жүректің батылдығын қажет етсе керек. Қай қырынан алып қарасақ та, алпауыт империяның ықпалы болмауы мүмкін емес еді. Ол заңдылық...

Қазақтың біртуары – Сәкен Сейфуллин тірісінде-ақ халық арасында «Сәкен сері» атанды. Оған дәлел - Сырбай ақынның мына бір өлеңі:

*Өлімге жан екенсің қия алмайтын,
Өлеңнің құшағына сыя алмайтын.
Қазақты көргің келсе, міне, осы деп
Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын...*

Бойына сезім мен сұлулықты қосып берген ақын шығармашылығы да, тұнып тұрған махаббат пен көркемдік. Ақынның сұлу жанынан өріліп ғажайып туындылар өмірге келді. Азаматтық соғыстың да ащы дәмін татып, бала оқытуды да меңгерген ірі ұстаз, өмірінің соңғы кезіне дейін құдіретті ақындық өнердің жүректе жатқан шырағын сөндірген жоқ.

Сәкен – қазақ әдебиетінің қарыштап дамуында үлкен рөл атқарған жаңашыл ақын. Өзінің бар өнерін халық мақсатына, туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпазы болып, теңдікті аңсады. Бай мен кедей арасындағы тартысты, әділетсіздікті жырлады.

Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі – ақын лирикасының басты тақырыптары. Ол, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйсіне жырлады.

Сейфуллин шығармаларының негізінде еркіндік, әділеттілік, гуманизм, білім, мәдениет сияқты құндылықтар жатыр. Оның поэзиясы мен прозасы арқылы адам мен қоғамның өзара байланысы, адамгершілік, ұлт мүддесі, азаматтық парыз туралы терең ойлар жеткізілді. Сәкен лирикасының өзіндік сыр-сипаты алуан түрлі. Туған жерге сүйіспеншілік, табиғат көріністері мен құбылыстары, махаббат сырлары, сағыныш сазы, мезгіл суреттері, аң-құсты аялау, ана-бала сүйіспеншілігі – ақын лирикасының басты тақырыптары. Ол, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, сүйсіне жырлады.

Оқушыларға Сәкен шығармаларының мазмұнын ашып, поэзиясына терең бойлата білу - біздің міндетіміз деп білемін. Бірақ осы тұста Сәкен

шығармаларын мектеп бағдарламасында оқытуда «әттеген-ай» дейтін тұстары да кездесіп қалып жатыр. Сәкен шығармалары тек 11-сыныпта ғана оқытылады да, 5 - 9 - сынып аралығындағы оқу бағдарламасында Сәкен шығармалары мүлдем қамтылмаған. Мұның өзі ақын мұрасына жасалған қиянат деп түсінемін. Алдағы уақытта оқу бағдарламасы қайта қарастырылатын болса, осы жағдайды ескерсе деп ойлаймын.

Өз тәжірибемде оқушыларға былтырғы оқу жылында ақын мерейтойына орай 8-9- сынып оқушыларымен «Сәкен – жырдың сарқылмас дариясы» атты әдеби кеш өткіздім. Оқушылар Сәкеннің өмір жолы мен қайраткерлік тұлғасы туралы құнды мәліметтер айтып, өлеңдерін мәнерлеп оқыды, әндерін орындады, Ә.Әбішевтің «Сәкеннің аманаты» пьесасынан үзінді қойылым қойды. Мұндай айтулы шарадан оқушылардың Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы мен шығармашылығы туралы мол мәлімет алып, ақынның өр тұлғасынан үлгі-өнеге алары сөзсіз.

1. Азаттық пен әділеттік.

Сәкен Сейфуллин – еркіндік пен әділеттікті ту етіп көтерген ақындардың бірі. Мысалы, «**Көкшетау**» поэмасында қазақ халқының табиғатымен, тарихымен байланысты күрделі тағдырын сипаттай отырып, еркіндікке ұмтылыс пен әділеттілікке деген арманды көрсетеді. Ол табиғатты ел өмірімен, олардың тіршілігімен, халыққа азаттық тілеген өзінің арман – қиялымен байланыстыра суреттейді. «Көкшетау» поэмасында ақын Сарыарқаның ең бір сұлу жері – Көкшетауды шебер де көркем бейнелейді. **Ақын поэмада сұлу табиғатты ғана жырлап қоймайды, поэмадағы оқиғаға арқау болған тұтқын қалмақ қызына қазақтың жылы жүректі батыр жігіті Адақтың азаттық беріп, еліне қайтаруы арқылы зор гуманистік ой айтады, махаббат күші әділетсіздікті, қатігездікті жеңеді деген идея салтанат құрады.**

«**Тар жол, тайғақ кешу**» атты шығармасында күрес жолындағы қиындықтар мен әділетсіздіктерді суреттей отырып, Сәкен адам өмірінің құндылығын, оның күреске деген жігерін, әділдікке деген ұмтылысын көрсетеді. Романда халықтың бақытты келешегі үшін күрескен ерлердің аққан тері мен төгілген қаны текке кетпейтініне, мұның өзі бүкіл адамзаттың жарқын болашағымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

2. Адамгершілік пен гуманизм идеясы.

Адамдардың бір-біріне деген сыйластығы, мейірімділігі мен сүйіспеншілігі оның көптеген өлеңдерінде көрініс табады. Туған даланың сұлу табиғаты мен адал махаббатты бірлікте алып жырлауда Сәкеннің «Аққудың айрылуы» поэмасының ерекше маңызы бар.

Көлдің басы ертелі- кеш

Мың құбылған ән еді.

Екі ғашық ертегідей,

Көлдің көркі - сәні еді.

Поэма адал махаббатты мадақтайды, өмірдің мәні мен сәні шынайы сүйіспеншілікте екеніне нандырады. Сонымен қатар ақын өмірдегі де,

табиғаттағы да ұлы жарасымды, гармонияны бұзудың орны толмас трагедияға апарып соғатынын көрсетеді, адамдарды абай болуға үндейді.

3. Білім мен мәдениетке ұмтылыс.

Сейфуллин шығармашылығында білімнің маңыздылығы ерекше орын алады. Ол халықтың болашағы білімде, ғылымда деп сенді. Надандық шырмауындағы қазақты білімге үндеу халық мұраттары тұрғысынан оларға жауап іздеу ақынның азаматтық ой-өрісін танытады. Бұл идеялар **«Мұра», «Түс», «Кім басшы аға халыққа», «Надан бай», «Жетімге», «Інішегіме»** өлеңдерінің бәріне тән. Сәкен өлеңдері идеялық тұрғыдан алғанда ағартушылық, демократтық бағытта, сыншыл реализм әдісінің арнасында жазылғандығын көреміз. Сәкен оқу-білімнің қажеттілігін тек өлеңдері арқылы ғана насихаттап қана қоймай, **«Зор міндет»** деген мақаласында оқу-ағарту ісінің қаншалықты мәнді екенін былай түсіндіреді. **«Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек, оқу керек! Оқыса көзі, көкірегіңнің көзі ашылады... Оқымаған адам, оқымаған халық –надан, қараңғы, соқыр. Оқусыз – қазақтың болашақтағы күні қараң... енді жиырма жылдың ішінде қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіруі керек! қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек,»-** деп ел-жұртты оқу-білімге үндейді, жұмылдырады. Бар бірліктің өзегі оқуда деп білді. Міне, сондай ұлы мақсат ұстанған Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы болып тұрған кезде 1923 жылы Орал қаласына келеді. Бұл өңірде қазақша білім беретін бірде-бір мектептің жоқтығы ел болашағын ойлаған абзал азаматқа үлкен ой салған болу керек. Сол келген сапарында Сәкен Сейфуллин қазақ мектебін ашу туралы ұсыныс енгізеді. Көп кешікпей С.Сейфуллиннің ұсынысымен 1924 жылы 7 жылдық мектеп ашылады. Содан бері 1 ғасыр уақыт өтті, Сәкен ашқан мектептен қаншама мыңдаған қаракөз қазақтың балалары білім алып, түлеп ұшуда. Сол түлектердің бірі ретінде Сәкен мектебінде білім алғанымды мақтаныш тұтамын. Бүгінгі таңда Сәкен есімін иеленген мектебіме 100 жыл толғалы тұр, сондықтан да бұл айтулы шарада сөз саптауым - мектебіме, белгілі қоғам қайраткері, халық жанашыры С.Сейфуллиннің мерейтойына деген құрметімнің белгісі.

Сәкен Сейфуллиннің өмір жолы, шығармашылығы біз үшін аса құнды.

Біз қаладық қиындықпен,

Кең сарайға іргені.

Біздің тілек сол сарайға,

Кейінгілер кіргені,-

деп жырлап өткен Сәкен тілегі бүгінде орындалды. Кейінгі ұрпағының көзі ашық, білімді, жан-жақты болуын, елінің дамыған өркениетті ел болуын армандаған еді... Сол жолға бар саналы ғұмырын арнады. Бойына бар өнерді тоғыстырған Сәкеннің өмірі - бүгінге үлгі, оның сұлу болмысындай асқақ та, нәзік жырлары ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Сейфуллин «Көкшетау» өлеңдер жинағы Алматы, 1994 ж.
2. С. Сейфуллин Көп томдық шығармалар жинағы 1-т. Алматы, Жазушы-2002
3. С. Сейфуллин «Тау ішінде» Алматы. 2012 ж.

4. Тұрсынбек Кәкішев «Өнегелі өмір» Алматы, 1976 ж.
5. Т.Кәкішев «Ескірмейтін естелік» Жазушы, 1994 ж.
6. М.Қаратаев.Т.Нұртазин «Қазақ совет әдебиеті» Алматы, 1971 ж.
7. «Сәкен мектебі» Орал, 2007 ж.
8. <https://zhezbibliotekakz.wixsite.com/seifullin>
9. <https://martebe.kz/s-ken-sejfulinni-miri-men-e-bek-zholy/>
10. <http://nbllib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ/Ұлы%20тұлғалар.%20PDF-формат.2-версия/Saken%20S.pdf>

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ, ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ДАМУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**

**Астана қаласы
С. Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
физика пәні мұғалімі
Баекина Дария Ботиевна**

Әр адам ана әлдіі үнінен бастап ұлттық тәрбие тәлімдерін алады. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуден, жақсы мен жаманды айыра білуден, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен деген ұстанымдардан, сұлулыққа тамсану және т.б. қағидаттарды орындау арқылы жүзеге асады. Баланың отбасынан алған рухани байлық сабақтары білім негіздерін оқып үйрену барысында және тәрбиелік іс- шараларда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңдіру арқылы жалғасын табады. Үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда мәдени мұра құндылықтарының алатын орны ерекше маңызды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес жаңартылған Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұнында, білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту үшін білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылуы көзделген.

Сәкен Сейфуллиннің көркем шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға толы. Оқушы оқырмандар бойында аталған құндылықтардың даруының бір жолы - Сәкеннің мол мәдени мұрасымен танысу, оны оқып үйрену, зерделеу.

«Қазақ әдебиетінің ақсұңқары» атанған ақын Сәкен Сейфуллиннің атақты «Көкшетау» поэмасы 1929 жылы басылып шыққан. Сәкеннің «Көкшетау» поэмасы мәдени мұрамыздың қатарына енген шоқтығы биік шығарма. Композициясы күрделі, бірнеше сюжетті желіден тұратын, көркем бейнелі туынды. Поэманың беташарында ақын:

Ойым мен жүрегімнің күй мен жыры

Ұлдары еңбекші тап -бәріңе ортақ!..-

деп жалындаған жүрегі мен ұшқыр ойынан шыққан туындыларын халыққа шашу етіп, поэма арқылы оқырманға ой салады, өмірлік құндылықтар мен ұстанымдарды ұсынады.

«Көкшетау» поэмасы – қазақ поэзиясының шыңында желбіреген көк жалау.

«Көкшетау» поэмасы -құндылықтар қазынасы. Сәкен поэмада еркіндік пен бостандық бақытын биікке көтереді. Әділдік пен қайырымдылық, абырой мен жомарттылық, ғасырлар көшінен түспейтін аңыздар мен тарихи шындық өзара қиылысып, шынайы байланысқан.Туған жер- сүйіспеншілік пен махаббатың құтты мекені ретінде суреттеледі.Табиғаттың тамаша көрінісі мен ауасы-жан мен тәннің дауасы, көңілдің шаттығы, ән мен жырдың сазды әуені.

Поэма желісі отаншылдық және патриотизм құндылығынан, ақынның туған елі мен жерін, табиғатын сүйіп жырлаудан басталады. С. Сейфулиннің «Көкшетау» поэмасының әр шумағы рухани байлық - құндылықтарға толы болуымен де маңызды.

Тіл құндылығы.

«Көкшетау» поэмасында ақын Сәкен қазақ тілінің бай қорын сыр сандықтан шыққан шашудай шашып, оқыған жанды сан алуан теңеулермен тамсандырады, таңқалдырады. Туған жер мен оның сұлу табиғатын шебер теңеулермен сипаттайды.

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында.
Әрқайсы алтын кесе аясында,
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі—
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?
Ырғалған көкке бойлап қарағайы,
Қасында көк желекті аппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі
Балқытып мас қылады иіс майы...-

деген өлең жолдарын оқыған оқырман табиғат тұнығын көркем бейнетаспада көріп отырғандай әсер алады.

Поэма желісіндегі қыз жұмбағы — халықтың ауыз әдебиетінде көп ұшырасатын үлгі жұмбақ. Тұтқынға түскен қалмақ қызы өз басынан кешкен жайларды жұмбақтайды. Өзі және әңгімеге қатысы бар адамдар онда әртүрлі құстар түрінде бейнеленеді. Қыз өзін момын, ешкімге зияны жоқ кептер етіп көрсетсе, қиянатшыл адамдарды қарақұс, жапалақ күйінде, лашын— елдің қамқор адамдары, сұңқар — өзінің сүйген жары, жыртқыш бүркіт — хан бейнесінде суреттеледі. Ақын осындай салыстырмалы көркем образдарды тірілтіп, жұмбақты жандандырады, тілдің тазалығын, тереңдігін көрсетеді.

Сұлулық пен қайырымдылық құндылығы.

Сәкен Көкше тауын аса бір шеберлікпен таныстырып, туған елдің сұлу

табиғаты - шабыттың қайнар көзі екендігін поэмадағы әсем шумақтар иірімі арқылы дәлелдеп тұр.

Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай қайыңы мен қалың жыныс.

Көкшетау көлінің күміс суы, мөлдірлігі мен таза пәктігі сұлулықтың символы ретінде көрсетіліп, осы сұлулықты құрылған шымылдықтай, қаумалай өскен сан алуан ағаш қорған қалқан боп сақтап тұрғанын түйсікпен сезінесің.

Сәкен көгілдір таудың биік құзы мен асқақ қияларының, айдын көлі мен жартас тасының «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» деп аталу себебі мен тарихына тамсантады.

Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрі елдің атаы;
Бурабай атаныпты содан бері
Ақ бура мекен қылған көлдің аты,-

дей отырып, сұлулықты сүйетін ақын, оқушысына бабадан балаға жеткен аңыздардағы бейнелер арқылы сенімді сюжетпен сипаттап, таныстырады.

Сәкен поэмада қыздың сұлулығы мен ақылының жарасамдылығын, көркем жігіттің күші мен қуаттылығының сенімділігін мадақтайды, сүйсінеді. Адақ батырдың парасаттылығы, қайырымдылығы, ар-намысының жоғары болуы нақты іс-әрекеттері арқылы көрсетілген. Батырдың ізгілігі - оны басқа батырлардан ерекшелігі.

Ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халықтың мүддесі мен мұқтажын жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды,»- деген.

Адақ - бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген осындай азамат. «Бүлінген елден бүлдіргі алма» деген өз елінің салтын есте берік ұстаған Адақ әуелден қызды олжа етпек болғандардың ешқайсысына да араласпайды. Ол Оқжетпес басындағы орамалды атып түсіруден бой тартады. Тек қыз жұмбағы арқылы оның мұңын түсініп, қыз бойынан басына азаттық алып беру ниетімен ғана оның шарттарын орындайды. Адақ батырдың қыз жұмбағының шешімін тауып қана қоймай, басқалардың іс-әрекеттеріне талдау жасағанын да, өзінің де жомарт, басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын екенін көреміз.

Бостандық және еркіндік құндылығы.

Тұтқынға түскен қыздың тұлғалық қасиеттері, өзін өзі бағалауы, ақылдылығы, оған талас кезінде туындаған мүмкіндікті пайдаланып, орындалуы қиын шарт қоюы аңсаған бас бостандығына қол жеткізеді. Ақын қалмақ қызының тағдыры арқылы еркін өмірдің құндылығын ерекше сездіреді. Өмір мен өлім айқасында тұтқын қыздың биік шың басында тұрып, жеңілген бойда қалған өмірін сүйкімсіз біреумен өткізуден бас тартуы, еркін өмірді, бостандық бақытын ештеме алмастыра алмауын терең түсінетіндігін көрсетеді. Жауына арын таптатпау үшін іштей, қайтып келмейтін жолды таңдаған тұтқын қалмақ қызын, оған дәмелілерден қазақтың Адақ батыры

қыздың тапсырмасын мүлтіксіз орындап, жұмбағын шешіп, қызға азаттық береді.

Әділдік және жауапкершілік құндылығы.

Бұл сұлу бәйгеме енді маған тиді,
Тақсыр хан, билігіңе басымды идім,
Ұрықсат бердім қызға, елін тапсын,
Олжаны ұры қиған мен де қидым, -

деген өлең жолдарынан жомарттықты жақтаған азаматтың, өзінің үлесіне тиген қызға рұқсат беріп, еліне қайтаруы арқылы автор зорлық пен қара күшті жеңген әділдікті, ақылдылықты паш етеді.

Абылайға ерген халық өкілі Адақ поэмада кең пейілді, адал, ержүрек, қайырымы мол адам болып суреттеледі. Ақын Адақ батырдың рухани жан байлығын көрсетіп, батырлығына қоса ақындығын үлгі етеді. Қыз елінде әділ, жомарт сарбаздардың бар екендігімен қоса, жол тосып ұрлық қылғандардың жомарттығына да тәнті болған Адақ батыр біздің елден де әділдік пен жомарттықтың жоғалмауын қалайды.

Бәрінің жомарттығы сүйсінерлік ,

Әр елге осындай -ақ тисін ерлік .

Жомарттық мұндай бізден табылмаса,

Мақтанған құр өтірік күйсін өрлік! -

деп жырлаған Сәкен батырдың қара күш иесі ғана емес, болашақ ұрпақтың намысын ойлайтындығын көрсетеді. Қазақ халқының басқа ел- жұрт алдында абыройлы болуын ойлап, қам жасау керектігін күйініп айтады.

Өлтірер деген еді ерді намыс,

Қоянды өлтіреді деген қамыс,

Қызды енді олжаласақ елімізді

Не демек естісе егер, жат ер- қалыс,-

деген өлең шумақтарында халық мақалын қолдана отырып, дәл осы сәтте үлкен жауапкершілік тұрғанын мойындатады.

Ханы да, қарасы да арсыз деген,

Келмесін ел бетіне шіркеу- шілтең,-

деген Адақ батыр сөздері арқылы ақын Сәкен алдағы тарихты тура болжап, алдын алу әрекетіне шақырады. Батыр бүкіл қазақ халқының ар-ұятын, намысын сақтап қалуды, талап етеді.

Шындық құндылығы.

Сәкен поэмасындағы жалпыадамзаттық шындық құндылығына қазақтардың қалмақтармен соғысы тарихи айғақ ретінде дәлелді мысал болады. Сол соғыстарда тұтқынға алу, оның ішінде әйелдерді де олжалау әдеттегі әрекеттің бірі болған. Жасырған жұмбағында қыз тек өзін ғана емес, момын кептерге,жыртқыштардан көп зәбір шегетін, бүкіл әйел қауымын балап, сол замандағы әйел теңсіздігінің ащы шындығын көрсетеді.

Абылай хан - тарихи тұлға, қазақ- қалмақ соғысы - тарихи айғақ.

Ертегі толып жатыр өткен-кеткен;

Өтірік-шынды әңгіме бізге жеткен.

Әйтеуір расы сол: Көкшетауды,

Ел шапқыш хан Абылай мекен еткен.

Поэма оқиғасы ертегі, жатталған шежіре, аңыз әңгіме негізінде шынайы берілген.

Махаббат құндылығы.

Тұтқын қыздың сүйген жарымен өзара сүйіспеншілігі мен сенімдері таң қалдырады. Сүйген жарының махаббаты қызға сенім артуынан, уәдесін орындауға мүмкіндік беруінен көрінеді.

Сұлуға берген екен күйеуі ерік,

Жомарттық ерлігіне болып серік.

Сертіңді бар орында» депті жары

Адамдық - қылған сертке болмақ берік.

Жас ұрпаққа өсиет- махаббат пен сенім бірге болсын, «шыншылдық- адамшылық қасиетің, жалғаншы атанба, сертіңді өте».

«Көкшетау» поэмасы ғасыр өтсе де, өзінің өзектілігін, өміршеңдігін жоғалтпады, ақын шығармасының өзіндік құндылығы да осында.

Поэма Президент тапсырмасы мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының шамды мұнарасы секілді.

Қорыта айтқанда, Сәкен Сейфуллиннің көркем туындыларындағы ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған ұлттық құндылықтары мен жалпыадамзаттық құндылықтар- жас ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Retrieved from <http://surl.li/tkqgn>
2. «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»ҚР Оқу-ағарту министрлігі, 2024
3. Сырсандық. Үш бәйтерек С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б. Майлиннің таңдамалы шығармалары. Бесінші кітап:- «Сарыарқа» баспасы, 2019
4. Қаленова Г. С. Жалпыадамзаттық құндылықтар- рухани дамудың қайнар көзі. Мақала, Білім айнасы газеті 2017-09-21
5. <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/dasturli-din/ulttyq-qundylyqtar-ultty-qurmetteuden-bastalady-664/>
6. <https://kitaphana.kz/refkaz/231-kazak-adebieti/2536-kokshetay-poemasi.html>

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОРТА БУЫН БАҒДАРЛАМАСЫМЕН САБАҚТАСТЫРА ОҚЫТУ

**Астана қаласы
№101 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Батыргалиева Гулшарбат Халелқызы**

«Дала дауылпазы» атанған қазақтың ұлы ақыны, қоғам және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің қазақ әдебиетіндегі әлемі ерекше. Қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушы жалынды ақын, айбынды күрескер, қоғам қайраткері, аса дарынды ақын Сәкен Сейфуллин даралығымен көрінеді. Поэзия, проза, драма салаларындағы шоқтығы биік шығармаларынан тарихи тақырыпқа дейін сабақтаса өрілген қазақ тарихының ұлы өзгерістерінің көп қырларын аңғарамыз.

«Сәкен өзінен бұрынғы әдебиеттің үлгілі дәстүрлерінің бірде-бірін жоққа шығарған жоқ, тек қана оны жаңа жағдайда тың үлгілерімен байытты. Ақын шығармаларындағы өз елін сүю, жерін сүю, оны қорғау идеясына ұштасты» [4,124 б].

Рухани құндылықтарымызды дәріптеу мәселелерінің ішінде қазақ әдебиетіне де жаңаша бетбұрыс жасайтын кез келді. Қазіргі мектеп бағдарламасында Сәкен Сейфуллин шығармасы 11-сыныпта ғана берілген. Ақын шығармалары балаларымыздың ой-өрісін, тіл көркемдігін, сыни ойлауын дамытатын рухани қазына деп есептеймін. Сондықтан мектеп бағдарламасына орта буыннан бастап енгізілгені дұрыс деп ойлаймын.

Мұхтар Әуезов: «Сәкен еңбегіне сыншы да, тарихшы да емес, жай қатардағы оқушы есебінде көз жіберсек, өзгеде жоқ екі түрлі қасиеті басымдап айқындала шығады. Мұның біріншісі – жалтағы жоқ шыншылдығы, екіншісі – ақындық тәкаппарлығы»- деп Сәкеннің әдебиетте алатын орнын айқындап көрсетті.

Сәкен шығармаларын жаңаша оқыту барысында балаларға 5-6-сыныптарда «Ананың хаты», «Анаға жауап» тақырыптарында «Автор ізімен» әдісі арқылы ата-анаға хат жаздырып, шығармашылық жұмысты жандандыруға болады. Қ.Мырзалиевтің 11-сыныпта өтетін «Қызыл кітап» шығармасын өткенде, ақынның «Ақсақ киік» шығармасымен салыстыру, адамзат пен табиғаттың біртұтастығын көрсетуге бейімдері анық. Мысалы, екі поэманың үзінділерін жазып, оқушының сыни ойлау түсінігін білуге болады. Орта буындағы Алаш ардақтыларының шығармаларын өткенде, ақынның «Тар жол, тайғақ кешу» романымен салыстыра оқыту арқылы тарихпен байланыстыра аламыз. 7-сынып оқулығындағы М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын өткенде Сәкеннің «Көкшетау» поэмасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын талдатуға байланысты туған өлкеге саяхат жасауға тапсырмалар беруге болады. Осы тақырыптарды талдату барысында «Төрт жолды жазба», «Екі жақты күнделік» әдістерін қолданып, ойтолғау жаздыру тиімді әдістер болар еді.

Өз іс-тәжірибемде қазақ әдебиеті пәнінде қолданылатын педагогикалық әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, сабақта ауқымды контекст бойынша топтық зерттеу жұмысын жүргізіп, белгілі бір мәселе бойынша автор көзқарасын талдауға кубтың алты қыры бойынша тапсырмалар беріп отырамын.

1. Суретте. Қалмақ қызы қандай қыз?

2. Салыстыр. «Батыр Баян» поэмасындағы Абылай мен «Көкшетау» поэмасындағы Абылайды салыстыру.

3. Байланыстыру. Бүгінгі күннің Адағы кімдер?

4. Қолдану. Ақын шығармасы арқылы өзімізге не тәрбие аламыз?

5. Саралау. Жырдағы ақын көтерген мәселелер.

6. Дәлелдеу. Қалмақ қызының іс-әрекеті дұрыс па? Оқушылардың сөйлеу және сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған пікірталас, ми шабуылы, дебат, т.б. стратегияларын қолдану да оқушы жұмысын жандандыра түсетіні анық. Мысалы, оқушы екі шығарманы оқи отырып, төмендегідей қорытынды жасайды:

Мағжан	Үндестігі	Сәкен
Батыр Баян - батыр, ел қорғаны. Қалмақ қызы –кекшіл, айлакер,оның іс-әрекеті трагедиямен аяқталады Абылай – елін, жерін жаудан қорғаған ақылды қолбасшы, ел басқарған хан.	Екі поэма да Көкшетау туралы Екі поэма да Көкшенің сұлу табиғатын суреттеуден басталады. Абылай хан кезіндегі қалмақ пен қазақ жаугершілік оқиғасы суреттеледі. Екі поэманың да басты кейіпкері қалмақ қызы. Екеуінде де сұлу, ақылды, қайратты. Екеуінде де тұтқын.	Адақ батыр,мейірімді Қалмақ қызы – адал, таза, ол ашық күреске шығып жеңіп шығады Абылай – қантөккіш, даңққұмар, қатыгез хан.

Сәкен Сейфуллин поэтикасында рәміз дәрежесіне көтерілген бірнеше тұрақты образ бар: *асау тұлпар, қызыл сұңқар, аққу, домбыра, экспресс, альбатрос, сырсандық, толқын*. Осылардың ішінде сұлулық, тазалық идеалы ретінде алынатын бейне – **аққу**.

«**Аққудың айырылуы**» поэмасында ақын аллегориялық тәсілмен көркем ой айта білген, мәңгілік махаббатты жырлаған. 8-сыныпта Мұқағали шығармасын Сәкен поэмасымен сабақтастыра оқыту арқылы табиғат пен адам арасындағы біртұтастықты дәріптейміз. Осы орайда оқу мақсатына сай эпикалық шығармалардағы автор бейнесін анықтау бойынша тапсырмалар беріп, екі шығарманы салыстыруға болады.

Тапсырма

Автор	Автор бейнесіне тән қасиеттер	Шығармадан үзінді

Өлеңнен авторға тән қасиеттерді анықтаңыз. Автор бейнесін анықтауда ойыңызды мысалдармен дәлелдеңіз. 8-сыныптың әдебиет пәнінде М.

Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын өткен кезде 1 сағатын туған өлке ақындарының шығармаларымен байланыстыра өткізуге әбден болады. Мысалы, 8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау мақсаты бойынша тапсырма: Жұбыңызбен ақылдаса отырып, аңыз мазмұнымен екі ақынның өлеңін салыстыра оқып, суреттеулерге 3 дәлел табыңыз.

Дескриптор:

- шығармадан салыстыра суреттеулерге қатысты 3 дәлелді анықтайды;
- шығармадан қарама-қарсы суреттеулерге байланысты 3 дәлелді анықтайды;

Салыстырасуреттеу	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел
С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы			
М.Мақатаев «Батыр Баян» поэмасы			
Қарама-қарсы суреттеу	1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел
С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы			
М.Мақатаев «Батыр Баян» поэмасы			

Қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын жаңаша оқыту – әдебиет сабағындағы оң өзгерістердің бірі. «Сыр сандық» өлеңі арқылы досымен сырласуға, нағыз достың бағасын білу мақсатында түрлі жағдаяттық сұрақтар, «Ішке, сыртқа», «РАФТ», «Иә, Жоқ» әдістерін қолдануға болады

Осы тұрғыда «Сыр сандық» өлеңіндегі нағыз досқа тән қасиеттер» атты тақырыпты талдап қарасақ. Сабақтың оқу мақсаты - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету. Бұл сабақты сайыс түрінде өткізіп, тапсырмаларды үш сандықтың - «Ақ сандық», «Көк сандық», «Алтын сандық» астына жасырып, сабақ мақсатына жетуге болады. «Сандықтарды ашып, ішіндегі тапсырмаларды орындасандар, «Сыр сандық» та ашылады» деп оқушыларға тапсырма беріледі.

«Ақ сандықта» «Өлеңді тыңдағанда көз алдарыңа қандай адамның бейнесі елестейді? Оның портреті, сыртқы түрі қандай? Енді ішкі жан дүниесіне үңілсек... Сөйлеп тұрған кім? Өлеңнің лирикалық кейіпкері Сәкен ақынның өзі болуы мүмкін бе?» сынды сауалдарды берсек, «Көк сандықта» бағалау критерийі бойынша өлеңнен лирикалық кейіпкер бейнесін ашатын жолдарды тауып, даралап, жан - жақты зерттейміз: кейіпкердің мінезін ашуда қолданған сөздер мен суреттеулер; кейіпкерге беретін баға; өлеңдегі нағыз досқа тән қасиеттер т.б. «Алтын сандықта» «Неліктен?» деп басталатын сұрақтарға жауап бере отырып, ақынның үзіндідегі кейіпкердің көркем бейнесін жинақтау мен даралаудағы шеберлігін талдап көреді: «Неліктен ақын адамның ішкі сырын

«қоймаға» теңеген? Неліктен ақын қойманың түкпірін достың досы ғана ақтара алады дейді? Неліктен ақын сырдың кілтін сырсандықта сақтаған?» Осылайша «Сыр сандық» өлеңін талдап, сабақ мақсатына жетуге болады.

Шығармаларға жан-жақты талдау жасау талап етіледі. Сабақтан тыс «Сыр сандық» өлеңін дарынды балалармен «ТВ шоу» әдісі арқылы «Сырсандық» бағдарламасына оқушылар ақын, жүргізуші, психолог және лирикалық кейіпкер ретінде қонаққа шақыруға болады. Күні бұрын ізденуге уақыт берілсе де, оқушылардың өз рөлдерін орындауынан балалар бойынан нағыз сыни ойлай білу қабілеттерін көрінісін көре аламыз. «Достықты бұзатын не нәрсе?», «Сыр сақтау маңызды ма?» деген сауалдарға білім алушы тарапынан шынайы ойларын білген дұрыс.

С.Сейфуллин мұрасы қанша жыл өтсе де, баяғысындай тың. Ақын шығармалары қазақ әдебиеті төрінен орын алады. Ал оны сабақта жаңаша тәсілдермен оқыту – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бектұров Ж. Менің Сәкенім. // Ана тілі, 1994. – 20 қазан. 2 -б.
2. Қожахметов Б. С.Сейфуллин шығармаларындағы дәстүрлік пен жаңашылдық. // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. – №7.
3. Кәкішев Т. Сәкен жайындағы соңғы деректер. // Қазақ әдебиеті, 1991.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013.

СӘКЕННІҢ СҰЛУ ДА СЫРЛЫ ӘДЕБИ ӘЛЕМІ

**Қосшы қаласы
ІТ мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Сулейменова Алтынай Умиртаевна**

Білім беру саласындағы өзгерістер, жаңалықтар оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, сындарлы оқыту бүгінгі күннің басты мәселесіне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Сәкен Сейфуллин мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, өнегесін үлгі етіп, үйрете беру ұстаздар еңбегінің бір қыры болуға тиіс. Ал шығармашылық мұрасын оқыту іс-тәжірибемен ұстаздар арасында бөлісу, бүгінгі күн талабына сай оқу мен тәрбиенің бірлігін сақтай отырып, саралай білу, ілгері дамыту - бәріміздің ортақ іс, қасиетті борышымыз.

Қазақ халқының сыршыл ақыны Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының ішіндегі шоқтығы биік шығармаларының бірі - «Көкшетау» поэмасы. Ұзақ жылдар бойы құмартып, қызыға жырлаған тақырыбы: туған жерге деген сүйіспеншілік, ғажайып табиғат суреттері, қайталанбас сұлу көрініс, әсіресе, табиғатты жан-жүрегімен нәзік сезініп, оны қазақ халқының тұрмыс - тіршілігіне, мінез-құлқына байланысты жырлаған.

Өз іс- тәжірибедегі Сәкен мұраларын оқыту мәселесіне тоқталайын. Әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем шығарманы оқу мен талдау

жұмыстарына үйрету- әдебиет пәнінің ең басты қызметі, әрі мақсаты. Оқушы ынтасы мен қызығушылығын арттырудың тиімді жолы - үнемі оқушы пікірін тыңдау, жүйелі тапсырмалар беру. Мұнда оқушы оқиды, ізденеді, жазады, талдайды, салыстырады, өз ой-пікірін айтады.

«Көкшетау» поэмасын оқытуда берілген тапсырмаларға тоқталып өтейін:

-«Көкшетау» поэмасындағы тау атауларының аңыздармен сабақтастығын анықтайды;

-ақын өлеңдеріндегі табиғатты суреттеулерін талдайды, саралайды;

-табиғатты аялауға ұмтылады, табиғаттың көркем бейнелерін көре білуге үйренеді;

-автордың ойын анықтау мақсатында оқушыларға түрлі ізденіс жұмыстарын жасайды.

- оқушылар Сәкен шығармаларын оқып, зерттей келе, табиғат құбылыс адам тіршілігіне көп әсер ететіндігіне көздерін жеткізеді.

«Көкшетау» поэмасын оқып, талдап, игерту мақсатында оқушыларды топтарға бөле отырып, топтық ізденіс жұмыстары берілді. Поэма бөлімдерін бірнеше аялдамаларға бөліп, поэма желісімен табиғат аясына саяхатқа шығады. Алдын ала «Көкшетау» поэмасын оқып, бөлімдер бойынша қысқа, тұжырымды аннотация жазып келу тапсырмасы беріледі. Көкше баурайының суреттерін көрсету арқылы «Көкшетау» поэмасындағы Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас, Көкше бейнелерін суреттейтін жерлерді мәнерлеп оқу үстінде суреттерін көрсетіп, түсінік берудің тиімділігі сол: бұл тәсіл әрі балалардың сезіміне әсер етеді, әрі білімін, дүниетанымын кеңейтеді, әрі туған елі оның сұлу табиғатына деген махаббатына, сезіміне әсер етеді. Бұл кіріспе жұмыс өлеңді талдап болғаннан кейін де іздендіру бағытындағы салыстыру жұмыстарын жүргізуде нәтижелі болып келеді.

«Көкшетау» поэмасының сюжеті, композициясы, поэтикалық компоненттеріне талдау тапсырмаларын орындайды.

1. «Сырға толы ғажайып өлке» аялдамасы бойынша "Көкшетау" поэмасындағы қазақ жерінің ең бір көркем, сәулетті өңірінің керемет сұлу суреттері өрнегі бойынша тапсырмалар беріліп, талдау жұмыстарын жасады. Сәкеннің керемет сөздің сұлу өрнектерімен танысады. Көкшетаудың сұлу бейнесі, мөлдіреген күміс көлі, бұлттармен астасқан сұлу, көк мұнар жүзі, ақ жауыны, жұпар ауасы, қалың қарағай ақ қайыңдары, кербез ару бейнесі, ақынның шеберлігі оқушылар қаламынан тыс қалмады, өзіндік ойларын ортаға салып, «автор орындығында» өз пікірлерін бөлісіп отырды.

Поэмадағы лирикалық кейіпкер Көкшетау образын ашуға, күшейте түсуге жәрдем беретін «Оқжетпес», «Жұмбақтас», «Жеке батыр» оқиғалары бойынша топқа бөліп, топтық ізденіс тапсырмалары беріліп, жан - жақты талдау жұмыстары жүргізілді.

Сыршыл ақын табиғатты онда мекендеген адамның көңіл-күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттеген Көкше аңыздары, Жеке батыр, Бурабай, Оқжетпес, Жұмбақтас туралы аңыз әңгімелері бойынша өзіндік ізденіс жұмыстары беріліп, оқушылар ерекше бір құлшыныс, шабытпен жұмыс жасады. Аңыз әңгіменің қызықты оқиғалары тарихтың сырлы

қойнауына жетелегендей әсерлі болды.

2. «Қойнауы аңызға көмкерілген сұлу Көкше» аялдамасында Сәкен Сейфулиннің «Көкшетау» поэмасындағы, Ілияс Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасындағы, Қ.Аманжолов «Көкшесіндегі» Көкшетау көріністерін салыстырады.

Мақсаты: Ақындардың бай тілін, суреткерлігін, халық тілінің негізінде поэтикалық тіл жасау шеберлігін талдау; Көкше көріністерін суреттеуде қай ақын оқушы талғамына жақын, соны анықтау. Көкше көріністері бейнеленген суреттер арқылы өздеріне шығарма, суреттеме жаздырту.

Суреттер арқылы: «Қай ақын Көкшені шебер суреттеген?» деген сұрақтар айналасында пікірталас ұйымдастыру. Пікірталас «Үш пікір» әдісі арқылы жүргізілді. Әр оқушының 3 пікір айтуына мүмкіндігі бар. Ол үшін қолдарына 3 таяқша (шпакка, т.б. майда заттар) беріледі. Пікірлерін айтқан сайын қолдарындағы заттарын ортадағы коробқа тастап отырады. Бұл әдіс сыныптағы оқушылардың бәрі тең дәрежеде пікір білдіруге мүмкіндік жасайды.

Оқушылар поэманың шығармалық сюжетін, адамдардың арасындағы қарым – қатынасты анықтайды. Оқиғалармен танысып, іс - әрекеттер арқылы кейіпкерлерге мінездеме береді. «Поэмадағы оқиғалар, сюжеті, кейіпкерлер іс-әрекеті» кестесі бойынша талдайды.

3. «Жеке батыр» аңыз әңгімесімен танысу, оқушыларды қызықты табиғат қойнауына жетелегендей. Жеке батыр тауы, болат дулығасы мен сауытын шешпей мәңгі ұйқыға кеткен сақалды батыр бейнесі, елі мен жері үшін күресуі, еркін жүріп, бақ пен байлық іздеуі – оқушылардың қызығушылығын арттырып, бүгінгі күнмен байланыстыра отырып саралайды.

Сәкеннің негізгі ойы- Көкшенің көркем табиғатын жырлау болғандығын аңыз әңгіме арқылы Көкшетаудың табиғат байлығымен, көлінің, тауының әсем көріністерімен байланыстырғанын анықтайды. Ақынның тауға, шыңға, көлге берген портрет, мінездемелерін талдайды. Осы негізде табиғаттың әсем көріністерін бейнелеп, сөзбен сомдайды. «Галлереяға саяхат» жасалды.

4. «Арқада жер жетпейді Бурабайға» аялдамасында Көкшетау қыратындағы тұйық көл Бурабайға саяхат жасайды. «Оқжетпес», «Жұмбақтас» аңыздары- Сәкен поэмасының негізгі тараулары. Оқушылар сол дәуірдің шындығын, ондағы таптық қарым - қатынастарды, ұнамды - ұнамсыз адамдар образдарын да осы тарауларда танысады. Ұнамды, ұнамсыз образдарына талдау жасайды.

5. «Оқжетпес» аялдамасы. Оқжетпес жайлы бірнеше аңыз әңгімелер жинақтайды. «Болжам жасау» арқылы өз нұсқаларын жазады.

6. «Жұмбақтас» аялдамасы. Көгілдір шығанақ суында орналасқан керемет тас арал Жұмбақтасқа, Абылай хан заманына сапар шегеді. Ақынның поэмада рең, ажар әсемдігін танытатын сөздерінің қолданысын талдай отырып, «Еш адам оны барып қия алмаған» таудың тік екенін, оған көтерілу мүмкін еместігін әсерлі бейнелеуін таниды. «Көркемдегіш құрал. Автор не үшін қолданды?» кестесін толтырады.

Сәкеннің поэма - дастандары қазақ поэзиясына қосқан үлкен еңбегі еді. Сол туындылардың қадір - қасиеті уақыт озған сайын құрметтеле береді, жаңа

ұрпақпен табыса береді. Қазақ әдебиетінде ақындығымен жарқырай көрінген азаматтық тұлғасы, тарихтағы орны бөлек.

Осы баяндамамды сабақтан алған әсері жайлы жазған оқушының «Кері байланыс» ой- түйінімен аяқтасам: 1- оқушы: «Мен «Көкшетау» поэмасын оқи отырып, адам мен табиғаттың үлкен байланысын сездім. Еліміздің өткен тарихы туған елдің әр тасына жазылғандай. Бұл- нағыз табиғат лирикасы. Ол көз қуантар табиғат келбетін оқушыға сөз қасиетімен танытады, сүйсіндіреді. Ақынның шеберлігі- «Көкшетау» деп пейзаждық галерея жасап қойған секілді» -десе, 2-оқушы: «Сабақ барысында табиғат аясына саяхат жасай отырып, әр аялдамадан алған әсерімізбен табиғатқа құшағына еніп, сонау тарих қойнауында қалып қойған таза ауасымен тыныстап, сырласып, мұңдасқандай болдым. Бүгінгі күнгі табиғат көріністеріне қарап отырып, көңілімде кірбің, жүзімде мұң ұялағандай...

Керемет шабытпен табиғат сұлулығын жырлаған Сәкен ақын алдында табиғат алдындағы азаматтық борышым оянғандай сезімде болдым. Қазіргі күннің өзекті мәселелерінің бірі - экологиялық жағдайға деген өзіндік перзенттік борышымды есіме салғандай болды. Өз үлесімді қосуға ұмтыламын деген ойдамын,- деп түйіндеген екен.

Сәкеннің табиғат туралы жырларының қазіргі кезеңде өзектілігі сонда - табиғатты сақтай, қорғай отырып, экологиялық мәселелерді шешуге болатындығын әрбір адам ескерсе, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Библиографиялық тізім:

1. Б.Наурызбаев, Дәуір суреткері, Алматы
2. Қазақ әдебиеті, оқулық 11- сынып
3. Қазақ әдебиеті энциклопедия «Білік» баспа үйі, Алматы, 1999 ж.

СӘКЕН ӨРГЕН ӨРНЕКТЕР

Астана қаласы

С. Сейфуллин атындағы

№80 мектеп-гимназиясының

бастауыш сынып мұғалімі

Ибраева Айнур Спандияровна

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Оның шығармаларында халықтың мәдениеті мен дәстүрлерін бейнелейтін ерекше өрнектер, суреттер мен символдар кеңінен кездеседі. Өрнек ұғымы қазақ халқының байырғы мәдениеті мен руханиятында маңызды рөл атқарады. Бұл баяндамада Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы өрнектердің құндылықтарын қарастырып, олардың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін түсіндіремін. Қазақтың ұлттық өрнектері әрдайым халықтың өмір сүру салты мен дүниетанымының көрінісі болған. Сәкен Сейфуллин шығармаларында өрнек метафоралық мағынада қолданылады, яғни өмірдің, табиғаттың, халықтың болмысының көркемдік бейнелері ретінде беріледі. Әдебиеттегі өрнектер – халықтың рухани

байлығын көрсететін бейнелер. Сейфуллин өз шығармаларында ұлттық өрнектерді халықтың еркіндігі, бірлігі, рухани жаңғыруы, табиғат сұлулығы секілді ұғымдармен байланыстырады.

Сәкеннің шығармаларындағы өрнектердің түрлері.

Әлеуметтік өрнектер. Сәкен шығармалары халықтың өмірі мен тұрмысын сипаттап қана қоймай, сол дәуірдің әлеуметтік мәселелерін де өрнектеп көрсетеді. Оның поэзиясы мен прозасы халықтың ауыр тұрмысын, теңсіздікті және әділетсіздікті сынға алады.

Мәдени өрнектер. Сәкен ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениетті дәріптейді. Ол шығармаларында ұлттық киімдердің, ән-күйдің, қолөнердің, тіпті тағамның да көркемдік элементтерін өрнектеп, халықтың мәдени мұраларын ұлықтайды.

Табиғат өрнектері. Сәкен Сейфуллин шығармаларында табиғатқа ерекше орын берілген. Оның поэзиясы мен прозасында даланың, өзеннің, таудың, құстың бейнелері жиі кездеседі. Бұл табиғат көріністері қазақтың көшпенді өмір салтымен тікелей байланысты.

Өрнектердің құндылықтары

Тарихи құндылықтар. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы өрнектер қазақ халқының бай тарихын бейнелейді. Олар арқылы өткен замандардағы халықтың салт-дәстүрлері, дүниетанымы мен құндылықтары сақталған. Бұл өрнектердің көмегімен қазақтың ұлттық болмысы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыр.

Рухани құндылықтар. Өрнектер арқылы қазақ халқының рухани әлемі, оның ішкі сезімдері мен ойлары терең суреттеледі. Сәкен Сейфуллин ұлттық өрнектер арқылы рухани құндылықтарды дәріштеп, халқына рухани күш береді.

Әлеуметтік құндылықтар. Сәкеннің шығармаларындағы өрнектер әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті насихаттайды. Ол қоғамның кемшіліктерін суреттеп қана қоймай, оларды шешудің жолдарын да ұсынады.

Жаңа дәуірдің лирик ақыны ретінде Сәкен өз шығармашылығында осы халықтық гуманизм мен демократизмді дамытушы болды. Сәкеннің табиғат туралы өлеңдері қазақ кеңес әдебиетінде табиғатты жырлаудың жаңа ұстанымын қалыптастыруға ықпал етті. Ол табиғаттың әсем жыршысы атанды. Сыр мен сымбаттың елі, сұлулық атты қымбаттың елі – Көкшетау жері. Көкшетау десе көкірекке шүпілдеп толатын, көңілді ғажап сезімге бөлейтін көрікті күйлер де, маржанға толы жырларымыз да көп. Көкше жері, орман-тауы, өзен-көлі, табиғаттың сұлулығынан сыр шертеді. Көкшенің сұлу суреті осы күнге дейін оқырман ұғымында Сәкен есімімен сақталып келеді. Бұл тақырыпқа ақын көптеген өлеңдер жазды. Соның бірі - Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы-дертке дауа, жұпар исі,
Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

Біз бұл өлең шумақтарынан онда суреттелген мөлдіреген күміс айнадай сексен көлдің аясында, көк мұнарға оранып, көшкен бұлттармен есен-амандық сұрасып, сұлу жүзін әлсін-әлсін ақ жауынмен жуып, нұр жайнаған кербез ару Көкшетау табиғатының көріністерін өз көзімізбен көріп, жұпар ауасымен рахаттана тыныстап, көк қаршығасының шаңқылы мен қалың қарағай, көк желекті ақ қайыңдарының сыбдырын өз құлағымызбен естіп тұрғандай әсер аламыз. Осы бір сұлулыққа куә болу үшін оқушыларымызбен Көкше жеріне шығармашылық саяхат жасап қайттық. Саяхат барысында оқушыларымыз Сәкен жырларына арқау болған Оқжетпес тауы, Жұмбақтас шоқысы, Абылайхан алаңы сонымен бірге Бурабай көлдерін көзбен көріп, сүйсініп, табиғат аясында ақынның «Көкшетау» поэмасын, «Оқжетпес. Бурабай. Жұмбақтас», «Көкшетау қасиеттері», «Міне, көл», «Туған жер», «Май айында» т.б. шығармаларын жатқа оқып ерекше бір әсермен оралдық. Ақын шығармаларын жатқа оқыған оқушылар алған әсерлерін қағаз бетіне түсіріп табиғат көріністерін бейнеледі.

Сыршыл да ойшыл ақын, сұлулық жыршысы табиғат өрнектерін онда мекендеген адамның көңіл күйімен, жасампаз еңбегімен байланыстыра жан бітіре суреттейді.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің шығармаларындағы өрнектер ұлттық мәдениеттің, тарихтың және руханияттың айқын бейнесі болып табылады. Оның шығармалары арқылы қазақ халқының құндылықтары мен дүниетанымы сақталып, жас ұрпаққа беріліп келеді. Өрнектердің маңыздылығы тек эстетикалық қана емес, рухани және әлеуметтік мәнге де ие, сондықтан оларды зерттеу әрі түсіну бүгінгі ұрпақ үшін аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М. (1959). Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы: ҚазССР ҒА баспасы.
2. Жұбанов, Қ. 1993 жарық көрген Сәкен Сейфуллин: *Өмірі мен шығармашылығы*.
- Қирабаев, С. (2007). Сәкен Сейфуллин және қазақ әдебиеті. Алматы: Ана тілі баспасы..
3. Мұқанов, С. 1965 жарық көрген Сәкен Сейфуллин.
4. Сыздықова Р. (2000). Қазақ сөз өнерінің тарихы. Алматы: Өнер баспасы.
5. Тұрсынов Е. (1981). Сәкен және қазақ халқының рухани мәдениеті. Алматы: Білім баспасы.

**ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ
СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Астана қаласы
А.Құрманов атындағы
№17 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бекбосынова Гүлжан Нұрмолдақызы**

Халқымыздың азаттығы мен бостандығы үшін азапты күндерді басынан өткізген, кең құлашты, эпикалық әрі нәзік те сұлу лирикалық жырлардың ақыны, төңкерістен кейінгі қазақ әдебиетінің көшбасшысы, жаңашыл, азатшыл, романтик ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткері, педагог, әдебиет тарихын зерттеуші, ғалым-публицист Сәкен Сейфуллин – қазақ халқының тарихындағы өшпес із қалдырған бірегей тұлға. Бүгінгі таңда ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жетіп, егемен ел атанған уақытта болашақ жас ұрпақ бойына отансүйгіштік, елжандылық, ерлік, азаматтық қасиеттерді ұялату үшін С.Сейфуллин шығармаларының маңызы зор. Сәкен шығармалары арқылы біз өткенге үңіліп, рухани құндылығымызды бағалай аламыз. Оның еңбектерінің негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттап, келер ұрпаққа жеткізу.

Жалпыадамзаттық құндылықтар – адамзат баласының мәдени мұрасына рухани және моральдық негіздеріне сүйенетін құндылықтар жиынтығы. Бұл құндылықтар әрбір халықтың мәдениеті мен дәстүрін, өмір сүру салтын және тарихи санасын сақтауға ықпал етеді. Сәкен шығармалары осы құндылықтарды қазақ халқының болмысына сіңіріп, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің негізгі құралына айналды. Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде Сәкен шығармаларының маңызы мен өзектілігі де осында болса керек. Оны бірнеше аргументтермен дәлелдеуге болады:

I аргумент. Білім мен ғылымға ұмтылу идеясы Сәкен шығармаларында маңызды орынға ие. Оның «Інішегіме», «Оқымаған қазақ», «Қазақ сабағы», «Совпарттағы қарындасыма» өлеңдерінде жас ұрпақты білімге, жаңашылдыққа шақырады. «Інішегіме» өлеңінде:

Ойынды қой, оқы, інішегім, алға бас!

Жарқыратып ақ нұрменен көңілді аш.

Балалыққа жас миыңды алдатпа,

Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас, –

деп жырлай отырып, Абай өлеңдерінің идеясын насихаттайды. Бұл заманда ғылым білу – өнер алды екендігін алға тарта отырып, кейінгі жеткіншектерді алға жетелейтіні анық.

II аргумент. Ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларындағы әділдік пен еркіндік идеялары.

Сәкеннің саяси-мемуарлық шығармасы «Тар жол, тайғақ кешу» романында қазақ халқының азаттық жолындағы күресі мен әлеуметтік

теңсіздікке қарсы қозғалыс ақынның өзі жүріп өткен тар жол, тайғақ кешуге толы өмір жолы арқылы бейнеленген. «Қамаудан», «Тұлпарым», «Шаһит болған достарыма», «Жас қазақ», «Қашқынның ауылы», «Кел, жігіттер» т.б. өлеңдері – Сәкеннің бостандық үшін күрескерлік бейнесін танытады.

III аргумент. Сәкен шығармалары – елжандылық пен патриотизмге, сұлулық пен махаббатқа, нәзік сезім мен сенімге толы жырлар. «Біздің жақта», «Тау ішінде», «Нұра», «Туған ел», «Ақсақ киік» өлеңдері, «Аққудың айырылуы» поэмасы, «Сыр сандық», «Көкшетау» поэмасы осыған дәлел бола алады. Сазгер ақынның сырлы әндерін меңгерту де – ұстаз міндеті. Сәкен өлеңдері – жалын атқан ұлттық рухтың айнасы. Жастарға моральдық және эстетикалық тәрбие беруде Сәкеннің табиғат лирикаларының маңызы өте ерекше. Патриот ақынның Отанға деген, туған жер табиғатына деген оттан ыстық, теңізден терең махаббаты көрінетін жырларын оқыта отырып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, табиғатты аялауға деген сезімін оята аламыз. Бұл да бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазіргі кезде оқушылардың, әсіресе, әдебиет пәнінде көлемді, ұзақ әңгімелерді не үзінділерді бәрі бірдей оқымайтыны жасырын емес. Білім алушыны әдебиет әлеміне баулып, жалпыадамзаттық құндылықтарды оның бойына дарыту мақсатында тәрбие сағаттар, сыныптан тыс әдеби іс-шаралар өткізуге көңіл бөлемін. Сәкен шығармаларының тәрбиелік мәнін аша отырып, білім алушыларды отансүйгіштікке, патриоттық және азаматтық асыл қасиеттерге баулу мақсатында «Ардақтай өтем атыңды», «Ақын – Сәкен, сұлу – Сәкен, сыр – Сәкен» тақырыбындағы іс-шаралар өткізілді. Сәкен шығармаларына қызығушылығын оятып, насихаттауда «Оқуға құштар мектеп» республикалық жобасы аясында «Оқуға құштар сынып», «Оқуға құштар оқушы» сайыстарын өткізуді осы оқу жылында жоспарлап отырмын. Қазақтың ақсұңқар ақыны Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы жыл соңына дейін жалғасын табуы тиіс екені белгілі.

Сонымен, жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуде Сәкен шығармаларының маңызы неден көрінеді?

- 1) Оқушылар бойында жалпыадамзаттық ұлттық құндылықтар туралы дүниетанымы кеңейеді;
- 2) Ұлттық құндылыққа деген сезімі тереңдеп, елжанды ұрпақ қалыптасады;
- 3) Оқушы бойында ұлттық мақтаныш оянады;
- 4) Пәнге деген қызығушылығы артады;
- 5) Шығармашылық қабілеті шыңдалады;
- 6) Білім қоры артады.

Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов Сәкен шығармаларының қазақ халқының рухани болмысын жеткізудегі маңыздылығын былай атап өткен: «Сәкен – ұлттық рухтың айнасы, оның поэзиясы – ұлттық үні мен жүрек соғысы». Атақты Сәкентанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішев: «Сәкеннің еңбектері – ұлттық мұра мен рухани жаңғырудың алтын көпірі», – деп жоғары баға берген.

Қорыта келгенде, Сәкен поэзиясы – қазақтың жүрегінің үні, ұлттық

рухтың дауысы. Ақын шығармаларының маңызы уақыт өткен сайын артып, санасында мәңгілікке орын алады. Сәкен туындыларын қазақ рухының биік шыңы дей отырып, осы рухта жас ұрпаққа, өсіп келе жатқан жеткіншектер арасында дәріптей берейік, құрметті әріптестер!

Библиографиялық тізім:

1. А. Әбдуалиев Н. Әділдікті жырлаған// Арқа ажары. – 2024. – 22 мамыр.
2. Ә. Сейфуллин С. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1988.
3. Б. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994.

**СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ «БІЗДІҢ ТҰРМЫС» ПОВЕСІНІҢ
ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ**

Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
тарих пәні мұғалімі
Әжібек Жанар Сағынбекқызы

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, халықтың өмірін, арман-мақсаттарын шынайы суреттеп, олардың күресін әдебиет арқылы бейнелеген жазушы. Оның шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу арқылы кең таралған. Әсіресе, оның «Біздің тұрмыс» повесі қазақ қоғамының сол кезеңдегі шынайы бейнесін суреттеп, адамдардың өмір сүру деңгейін, тұрмыс-тіршілігін жан-жақты талдай отырып, әділеттілік, теңдік және ұлттық мәдениетті насихаттауға негізделген.

Повестің мазмұны мен тақырыбы.

«Біздің тұрмыс» повесі қазақ даласындағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер кезеңін суреттейді. Повестің негізгі тақырыбы – қарапайым халықтың өмірі, олардың күнделікті тұрмысы мен жаңа заман талаптарына бейімделу жолындағы күресі. Автор кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарындағы ауыл өмірін шынайы бейнелейді, қоғамның жаңа бағыттағы даму үрдістерін суреттейді.

Жазушының повесінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік таптар арасындағы қарым-қатынастар, олардың жаңа билікпен қарым-қатынасы және өзгерістерге бейімделуі көрініс табады. Сейфуллин қазақ халқының жаңа заманға бейімделіп, өз мәдениетін сақтап қалуға деген талпынысын көрсетеді.

Жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісі

«Біздің тұрмыс» повесінде жалпыадамзаттық құндылықтар айқын көрінеді. Олар келесі аспектілер арқылы айшықталған:

Әділеттілік пен теңдік: Повесте суреттелген оқиғалар мен кейіпкерлердің күресі әділеттілікке негізделген. Сейфуллин әділетсіздікке қарсы күрескен қарапайым еңбек адамдарының бейнесін жасап, олардың

әлеуметтік теңдікке қол жеткізу үшін жұмсаған күш-жігерін көрсетеді. Жазушы жаңа қоғамда әділеттілікті орнату үшін күресудің маңыздылығын баса айтады.

Еңбек: Еңбек – «Біздің тұрмыс» повесінде маңызды орын алатын құндылықтардың бірі. Ауыл адамдарының күнделікті тұрмысы еңбекке негізделген, ал олардың негізгі мақсаты – қоғамның дамуына өз үлестерін қосу. Сейфуллин еңбек адамдарының рөлін ерекше атап өтеді, олардың еңбегінің қоғамдағы маңызын көрсетеді.

Бостандық: Повестегі кейіпкерлер еркіндікке, теңдікке ұмтылады. Бұл жалпыадамзаттық құндылық сол кездегі қазақ қоғамының басты мәселелерінің бірі болып табылады. Жазушы еркіндікке қол жеткізу үшін күрескен кейіпкерлердің бейнесі арқылы бостандықтың құндылығын дәріптейді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары ұлттық болмысты, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін дәріптеу арқылы құнды. «Біздің тұрмыс» повесінде ұлттық құндылықтар ерекше көрініс тапқан:

Қазақ халқының тұрмыс-салты: Повесте қазақ халқының дәстүрлі өмір салты, тұрмыстық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері шынайы бейнеленген. Сейфуллин қазақ халқының табиғи өмірі мен мәдениетін терең түсініп, оны жаңа заман талаптарына сәйкес бейімдей отырып сипаттайды. Бұл ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды насихаттаудың маңызды құралы ретінде көрсетіледі.

Ұлттық сана: Повесте ұлттық сана сезімі, қазақ халқының отарлық езгіден арылуға ұмтылысы айқын бейнеленеді. Халықтың өз ұлттық болмысын сақтауға, мәдениетін қорғауға және жаңа биліктің талаптарына сәйкес өмір сүруге тырысуы ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған негізгі желі болып табылады.

Ұлттық тіл мен мәдениет: Сейфуллин шығармасында қазақ тілі, халықтың ауыз әдебиеті мен ұлттық дәстүрлері үлкен рөл атқарады. Ол қазақ тілін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің, ұлттық мәдениетті сақтап қалудың маңыздылығын ерекше атап көрсетеді.

Шығарманың тәрбиелік мәні.

«Біздің тұрмыс» повесінің тәрбиелік мәні де ерекше. Сейфуллин шығармалары арқылы ұлттық мәдениетті насихаттап қана қоймай, адамгершілікке, әділеттілікке және еңбекқорлыққа шақырады. Шығармада көрсетілген кейіпкерлердің өмірлік тәжірибесі арқылы оқырманға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ұғындырады.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің «Біздің тұрмыс» повесі қазақ әдебиетінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызды туынды ретінде танылады. Повесте еңбек адамдарының бейнесі, әділеттілік пен теңдікке ұмтылыс, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық болмысын сақтауға деген талпынысы терең бейнеленген. Шығарма бүгінгі күннің де көкейтесті мәселелерімен үндесіп, ұлттық сананы тәрбиелеуде

өзектілігін жоғалтпайды. Сейфуллиннің бұл шығармасы арқылы ұрпақтарға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтеудің маңыздылығын ұғындыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин С. (2015). Тар жол, тайғақ кешу. Алматы: Мектеп баспасы.
2. Ахметов Қ. (1993). Сәкен Сейфуллин: өмірі мен шығармашылығы. Алматы: Ғылым.
3. Жұмалиев Қ. (1967). Сәкен Сейфуллин: Өмірі мен әдеби қызметі. Алматы: Қазақстан баспасы.
4. Әлмашұлы А. (2014). Сәкен Сейфуллин – қазақ руханиятының жаршысы. Алматы: Білім.

**THE IMPORTANCE OF SAKEN'S WORKS IN THE
POPULARIZATION OF UNIVERSAL AND NATIONAL VALUES**

**Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Ержанова Айгуль Кужековна**

Introduction

The relevance of the topic

I. Why it is important to study the work of Saken Seifullin today. Studying the work of Saken Seifullin is important today for several reasons:

1. Cultural heritage: Saken Seifullin is one of the key figures of Kazakh literature, and his works reflect the unique cultural and historical aspects of Kazakhstan.
2. Social topics: His work touches on topical issues such as national identity, cultural change and social justice, which makes his work relevant in a modern context.
3. Literary influence: Saken Seifullin had a significant influence on the development of Kazakh literature and poetry, and his style and ideas continue to inspire modern authors.
4. Historical perspective: Understanding his work helps to better understand the historical processes and transformations that took place in Kazakhstan at the beginning of the 20th century.
5. Language enrichment: Its literary language and the use of folklore traditions can serve as a valuable resource for the study and development of the Kazakh language. The study of Seifullin contributes to a deeper understanding of both the literary process and the cultural identity of the people

II. Universal values in his work □

Family and love Reflection of family values, support and care for loved ones. Saken Seifullin is one of the outstanding Kazakh writers whose works deeply reflect family values, support and care for loved ones, the importance of education and

culture, enlightenment, and the development of the potential of the Kazakh language. During his studies, Saken got acquainted with Russian literature, met with famous akyns Gaziz and Iman-Zhusup in Akmolinsk, reads a lot, learns Abai's poems by heart. An inquisitive young man dreams of dedicating himself to the enlightenment of his people and decides to become a teacher. In 1913, S. Seifullin, after graduating from the Akmola College, entered the Omsk Teachers' Seminary. His first poetic experiments date back to this time. Within the walls of the seminary, Saken established himself as a poet and as an active participant in the youth organization "Birlik" ("Unity"), which aimed to spread culture and knowledge among the Kazakh population. At the meetings of the literary circle, he performs his poems and songs, listens to the poems of M. Zhumabaev and H. Kemengerov. Saken Seifullin, who is still very young, shows a bright poetic talent, and his comrades in the organization help him publish his first collection of poems in Kazan, Otken Kunder ("Bygone Days"). The collection includes about twenty poems about love, homeland, and steppe nature. They express the dreams and aspirations of a gifted poet.

In his work, several key aspects related to these topics can be identified:

1. Patriotism and love for your people Saken Seifullin in his famous book, the historical and memoir novel "The Thorny Path", showed the struggle of the Kazakhs against tsarism. To a certain extent, this novel is both a history textbook and a work of fiction recreating the reality of the turbulent years in Kazakhstan. This is not a set of historical facts and information, but a complete work in which historical events are intertwined with the fate of an individual. Saken Seifullin has brought up a wealth of historical events in his book.
2. Family ties and traditions: Seifullin's works emphasize the importance of the family as the basis of human life. He often describes how family traditions and customs influence the formation of personality, maintaining a link between generations.
3. Caring for loved ones: The main characters of his works often demonstrate the care and support of their loved ones, especially in difficult times. This reflects the Kazakh culture, in which the help and support of relatives are an integral part of life.
4. Social and Cultural changes: Seifullin also explores how social and historical changes affect the family and its values. His works show how new living conditions sometimes threaten traditional family foundations, and the characters are looking for ways to preserve their identity.
5. Love and devotion: Love for family and devotion to family are central themes. Seifullin shows that even in conditions of severe trials, such as wars or social changes, the bond between family members remains strong.
6. Upbringing and education: The author focuses on the importance of upbringing and education for future generations. Taking care of children and their future, striving to impart the best qualities to them are important aspects reflecting family values. Saken Seifullin's works are vivid evidence of how family and close relationships can have a profound impact on the individual and society as a whole. His texts inspire reflections on the importance of caring and support in everyone's life. Justice and equality Criticism of social inequality, striving for social justice. Saken Seifullin, an outstanding Kazakh writer and poet, deeply explores the problems of social inequality and the pursuit of social justice in his works. His work reflects the realities of the life

of the Kazakh people in difficult historical times, and he often acts as a social critic, raising important issues related to human rights and freedoms. Topics of social inequality Saken Seifullin has always been closely connected with the people, expressing their thoughts and feelings. He responded vividly to all the most important problems of our time. Many of his poems are dedicated to the theme of labor, the image of the worker and the peasant: "Typesetter", "Printing house", "Sower", "At the weaving factory" and others. Striving for social justice Saken Seifullin not only criticizes the existing order, but also strives for social justice. His works call for equality, freedom and human rights. He emphasizes the importance of education and enlightenment as a means to improve the social situation of the people. In the poems and prose of the writer, one can see the image of a man dreaming of a just society, who believes in the possibility of change. The use of artistic means Seifullin masterfully uses literary techniques to convey his ideas. Images of nature and everyday life of the Kazakh people become the background for their reflections on justice. Symbolism and metaphors highlight the contradictions between wealth and poverty, and also point to the need for social change.

III. Conclusion

Saken Seifullin's works are not only artistic texts, but also powerful social manifestos. He calls for a conscious perception of social reality, advocates for the rights of the oppressed and strives to create a more just society. This topic remains relevant today, inspiring new generations of readers and authors.

Resources and literature

1. A list of used literature and sources for in-depth study.
2. Қазақский институт просвещения // Казахстан. Национальная энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. Т. III. ISBN 9965-9746-4-0. (CC BY-SA 3.0)
3. <http://e-history.kz/ru/publications/view/770>

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы
№ 103 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Ержанова Динара Мукажановна**

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, қазақ халқының рухани мұрасына үлкен үлес қосқан қаламгер, ақын және қоғам қайраткері. Оның шығармалары халықтың болмысын, ұлттық мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрлерін сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге зор ықпал етті. Сонымен қатар Сәкен шығармалары арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеу, қоғамдағы әділеттілік, бейбітшілік пен ынтымақтастық идеяларын насихаттау маңызды орын алды. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ

халқының ұлттық болмысы мен жалпыадамзаттық құндылықтарды қатар бейнелеп, оларды тығыз байланыстыра отырып, көркем әдебиет арқылы рухани мұраны сақтап қалды. **«Көкшетау»** поэмасында Сәкен табиғаттың әсемдігі мен адам баласының еркіндікке деген ұмтылысын қатар бейнелейді. Мысалы, поэмадағы басты кейіпкерлердің бірі — сұлу **Бурабай мен Ақбура** бейнесі, табиғат сұлулығымен байланыстырыла отырып, махаббат пен еркіндіктің символына айналады. Поэмадағы махаббат сезімі тек жеке адамның жеке эмоциясы емес, бүкіл қазақ халқының табиғатпен үндестігін көрсетеді. Сонымен қатар, еркіндікке ұмтылу арқылы адамдардың әділеттілікке деген аңсары да бейнеленеді. Сәкеннің шығармаларында әділеттілік, еркіндік, теңдік, махаббат және достық сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңаша бейнелеп, оларды қазақ ұлтының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыстырды. Мәселен, оның поэзиясындағы махаббат тақырыбы тек екі жастың арасындағы сезім ретінде емес, адамның өмірге, еркіндікке деген сүйіспеншілігін бейнелейді. Бұл құндылықтар кез келген дәуір мен ұлт үшін маңызды, әрі өзектілігін сақтайды. Сейфуллин шығармашылығында әлеуметтік теңдік пен әділеттілік мәселелері ерекше орын алады. Ол қазақ қоғамындағы кедейшілік, әділетсіздік, әлеуметтік теңсіздік секілді проблемаларды ашық суреттеп, соларға қарсы күресу идеясын көтерді. Бұл тақырыптар қазіргі заманғы қоғамда да өзекті болып қала беруде, сондықтан Сейфуллиннің шығармалары тек тарихи мұра ғана емес, қазіргі замандағы әлеуметтік мәселелерді шешудің үлгісі ретінде де маңызды. Сәкеннің шығармалары ұлттық құндылықтарды сақтап, дамытуға бағытталған. Оның шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-салты, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен көрініс табады. Мысалы, оның **«Көкшетау»** поэмасы арқылы қазақ халқының табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен оның әсемдігін дәріптеу айқын көрінеді. Сәкен Сейфуллин шығармаларында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, ұлттық болмысы өте терең әрі шынайы бейнеленген. Оның шығармалары арқылы біз қазақтың бай мәдениетін, рухани құндылықтарын, қазақи мінез-құлықтың ерекшеліктерін танимыз. Ол көтерген мәселелер қазіргі уақытта да маңызын жоймаған, өз шығармаларында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ұрпаққа жеткізуге үлкен көңіл бөлді.

Оның өлеңдері мен прозалық шығармаларында ұлттық болмысты сақтап қалу, тіл, мәдениет, салт-дәстүрлердің құндылығын дәріптеу айқын көрініс табады. Мысалы, **«Асау тұлпар»** атты өлеңдер жинағында қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздікке деген ұмтылысы мен рухани байлығы ерекше сипатталады. Бұл жинақта қазақтың батырлық рухы мен ұлттық ерекшеліктері, еркіндікке құштарлығы көркем тілмен суреттеледі. Осы шығармалар арқылы Сәкен Сейфуллин қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және ұлттық құндылықтарын тереңірек түсінуге жол ашып, олардың құндылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Сәкен шығармашылығында қазақ тілінің көркемдігі мен байлығы ерекше орын алады. Ол ұлттық әдеби тілдің дамуына зор ықпал етті, қазақ халқының рухани мұрасын сақтауға және дамытуға септігін тигізді. Оның өлеңдеріндегі ұлттық нақыштар, ән-күйлер мен эпикалық сарындар арқылы ұлттың рухын

көтеріп, оның құндылықтарын дәріптейді. Сәкен Сейфуллин тек қана ұлттық құндылықтарды емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтарды да жоғары бағалады. Сәкен шығармаларының ерекшелігі- бейбітшілік пен татулықты қолдауы. Мысалы, оның «Советстан» шығармасында жаңа замандағы әділетті қоғам құру идеясы бейнеленген. Ол өз шығармаларында халықтардың достығы мен ынтымақтастығын насихаттады. Мысалы, оның өлеңдерінде қазақ халқының басқа халықтармен тең қарым-қатынас жасау идеясы кеңінен айтылады. Бұл тұста ол ұлтшылдықты емес, интернационализмді, яғни барлық халықтардың теңдігі мен бірлігін қолдайтын көзқарастарды ұстанды. Сейфуллин шығармаларының өзектілігі, қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси мәселелерін нақты әрі терең ашып көрсетеді. Ол ауыл өмірінің қиындықтары, теңсіздік, кедейлердің тұрмысы және ел болашағы сияқты тақырыптарды көтере отырып, қоғамдағы әділетсіздікті, езгі мен қанауды сынға алады. Мұндай мәселелер қазіргі таңда да өзектілігін жойған жоқ, сондықтан оның шығармалары оқырманды ойландырады және қазіргі қоғамдағы мәселелерді шешуге бағыттайды. Бұл ұлттық болмысты терең түсінуге және қазіргі кезеңде ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға бағыттайды. Халықты жаңаруға, өзгерістерге, күреске шақырды. Бұл, әсіресе, оның поэзиясынан айқын көрініс тапты. Ол тек өз заманындағы өзгерістерді ғана суреттеп қоймай, қазіргі жастарға да жаңа мүмкіндіктерге ұмтылуды, әділетті қоғам құруды насихаттайды. Бұл идеялар қазіргі Қазақстан қоғамындағы демократиялық құндылықтарды дамыту үшін маңызды болып отыр. Сейфуллин қазақ тілінің байлығын, көркемдігін шығармаларында толық ашып көрсетті. Ол сөздік қорымызды байытуға, ұлттық әдеби тілді қалыптастыруға зор үлес қосты. Оның шығармалары қазақ тілінің қуатын, көркемдік мүмкіндіктерін паш ете отырып, жастарды ана тілін қадірлеуге, оны терең меңгеруге, ұлттық рухты сезінуге шақырады. Оның шығармалары күреске толы, батылдық пен қайсарлықты дәріптейді. Бұл өмірлік тәжірибе ретінде қазіргі жастарға қиындықтарға төтеп беруді, еркіндік пен әділеттілік жолындағы күресте беріспеуді үйретеді. Оның кейіпкерлері өмірдің түрлі қиындықтарына тап болып, оларға қарсы тұра білетін батыл жандар ретінде көрінеді. Бұл қазіргі заман оқырманына жігер беретін, күрескерлік рухты оятатын маңызды тәжірибелік элементтер.

С. Сейфуллиннің туындыларын оқу, талдау арқылы қазіргі ұрпақ ұлттық құндылықтарды түсініп, әлеуметтік мәселелерді шешуге деген батылдықты, шығармашылық еркіндікті игереді. Бұл оның шығармашылығының мәңгілік өзектілігін және әдебиеттегі ерекше орнын айқындайды. Оның шығармалары қазақ әдебиетіне тың серпіліс әкеліп, ұлттық сөз өнерінің жаңаруына жол ашты. Оның жаңашылдығы мен өзіндік ерекшелігі тек поэзия мен прозада ғана емес, жалпы әдебиеттегі бағыт-бағдардың өзгеруіне, жаңа шығармашылық көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Оның шығармалары қазақ халқының тарихын, мәдениетін, арман-мұратын бейнелей отырып, оқырманды ойлануға, тереңірек сезінуге және ұлттық рухты сақтауға шақырады.

Осылайша, С. Сейфуллин қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі ретінде мәңгілік мұра қалдырды. Сәкен Сейфуллиннің шығармалары

жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде жаңашылдықпен, өзіндік ерекшелігімен ерекшеленеді. Оның шығармашылығы бізге қазақ халқының тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және ұлттық құндылықтарын тереңірек түсінуге, оларды бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар С. Сейфуллин шығармалары тек ұлттық мұра ғана емес, жалпы адамзат үшін маңызды идеяларды ұсынатын құнды туындылар болып табылады. Бұл туындыларды оқу арқылы біз жалпыадамзаттық құндылықтарды өз өмірімізде қолдануға, ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге үйренеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов, М. (1959). *Қазақ әдебиеті тарихы*. Алматы: Қазақстан.
2. Жұмабаев, М. (1989). *Қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы*. Алматы: Арыс баспасы.
3. Қабдолов, З. (1999). *Сәкен Сейфуллин және қазақ әдебиеті*. Алматы: Ғылым.
4. Нұрпейісов, Ә. (2010). *Қазақ әдебиетінің классиктері*. Алматы: Өнер.
5. Сейфуллин, С. (1988). *Таңдамалы шығармалары*. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
6. Сейфуллин, С. (2004). *Шығармалар жинағы*. Алматы: Жазушы баспасы.

Сілтемелер:

1. Әдебиет порталы: <https://adebiportal.kz>
2. Қазақстан Жазушылар одағының ресми сайты: <https://writers.kz>
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы: https://kk.wikipedia.org/wiki/Сәкен_Сейфуллин
4. Ұлттық академиялық кітапхана: <https://nabrk.kz>

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы
С.Сейфуллин атындағы
№80 мектеп-гимназиясының
ағылшын тілі пәні мұғалімі
Хансейтова Гульнар Абаевна**

Жалпы адамзат баласына ортақ құндылықтар туралы ой-пікірлер әлемнің жаһандық даму деңгейіне түскен сәттен жаңа деңгейде көріне бастады. Қазақтың дара ақыны, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық мұрасы да сол жалпыадамзаттық құндылықтар шеңберіне кіреді.

Бүгінгі күні жалпы тәрбие мен оқытудағы адамдыққа бағытталған үлгілер құндылықтар деп қарастырылады. Қазір құндылық ретінде: шындық, қайырымдылық, еркіндік, махаббат, шығармашылық және т.б. жатады. Құндылықтар идеалдарды сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы беріліп, құрметтеу, қошаметтеу тәрізді ұмтылысты білдіреді. Бұл сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді.

Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді. Осы аталған құндылықтардың бастау көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра – халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.

Жалпы адамдық құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді.

Сәкен Сейфуллиннің 1917 жылы «Жұбату» атты тұңғыш әңгімесін жазғаны белгілі. Сол кезден бастап оның шығармашылық жолы басталды. 1922 жылы «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын», «Бақыт жолында», «Қызыл сұңқарлар» пьесаларын жазды. «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинақтарын, «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романын (1927), «Жер қазғандар» повесін (1927) жарыққа шығарды. 30-шы жылдары «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты поэмаларын, «Айша» (1930), «Жемістер» (1935) атты повестерін жариялады [1].

Сәкен Сейфуллиннің поэмалары мен өлеңдеріндегі жалпы адам баласына ортақ құндылықтар ретінде жалпы адамға деген махаббат, мейірім, туған жерге деген сүйіспеншілік, туған елдің болашағы үшін жасалған адал еңбек сияқты категориялар кіреді.

Қазақ халқы үшін туған жер тақырыбы ең өзекті тақырыптардың бірі, туған жері туралы қалам тартпаған қаламгер болмаған шығар. Туған жер, туған ел тақырыбында ақын қаламынан туындаған өлеңдерінің бірі «Туған жерім – өз елім» деп аталады. Бұл өлеңін Сәкен Сейфуллин шет жерде жүргенде жазған болатын. Өлеңде ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі тамаша бейнеленген.

Қайғы ойлаттың естен кетпей туған жер,
Қаны қашты, әм сарғайды ет пен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншектей қайғы шер.

Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,
Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен.
Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,
Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім, –
дейді.

Ақын «Нұра» өлеңі арқылы отарлау саясатымен өз туған жеріне бөгде, бөтен адамдардың келіп, билік етіп отырғаны тілге тиек етеді. Бұл жағдайдың ақынның жүрегіне салмақ түсіргенін байқаймыз.

Сағынып Нұра, мен келдім,
Бұрынғы иең – байғұсың
Айрылған сенен көп елдің
Жатырсың көріп қайғысын.
Бұрынғыдан қайғылы

Құстарың да сайрайды:
Қолдан келер еш не жоқ,
Жүрек от боп қайнайды.

Тіпті ақын туған жеріне кімнің келгенін ашық айтады және олардың ол елді өз еліндей иемденгеніне күйінеді, қынжылады. Оны біз «Туған жерім» өлеңі арқылы байқаймыз:

Өзен өрлеп, суға қармақ салғаным.
Құрбылармен таласып балық алғаным.
Сөйткен жерге хохол келіп орнады
Арманда боп, жылай-жылай қалғаным.

Ел аман, жұрт тынышта отырып, қазақтың елін, жерін басқаға билетіп қоюына ақын ызаланады, намыстанады, оны мазақ болу деп түсінеді.

Мекен болдың бір уақыт

Көшіп жүрген қазаққа.

Айрылып сенен бейбақыт

Сорлы қалды мазаққа, –

деп толғанады. Өлең туған жерге бағышталғандықтан, жер мұңы – халық мұңы, ел мұңы екенін түсінген ақын:

Айтпасаң да білем мен

Ішіндегі сырынды.

Қайғыдасың бүгін сен,

Айтпайсың бірақ шыныңды, –

деп халқымен бірге күйінетінін сездіреді. Орыстардың еліне келіп, туған жерінің сыйқы кеткенін, адамдары бұрынғыдай ойнап-күлмей, жадырамай, басқа күйге түскенін, аңғарған ақын, қазақтың осы халін «Түс» атты тұспал өлеңмен берсе, «Қазақ сабағы» өлеңінде орыстың жері мен қазақтың жерін салыстыра келе, өз елінің артықшылығын нақты мысалдармен айғақтайды.

С. Сейфуллин мектеп бағдарламасына енген «Сыр сандық» (Досқа жазған хаттан) деген өлеңінде адамдық жолынан ауытқыған жандардың әрекеттерін сынайды. Дос деп жүрген жанның қолында билік бар кезде ғана жаныңнан табылатыны, қиындық түскенде «дос» дегенің теріс айналғанын бейнелеп берген. Ақын «Сыр сандық» өлеңінде шынайы, адал достықты тілге тиек еткен. Адалдық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастықтың ара жігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Ақын тек қана өз жайын, өз басының мұңын, өзінің арманын ғана айтып отырған жоқ, жалпы адамзатты ғана толғандыратын, жалпы адам баласын ойландыратын құндылықтарды жырлап отыр. Сәкен достыққа қандай баға береді? Нағыз дос қандай болуы керек дейді? Достық – адамдардың бір-біріне адал, өмірге деген көзқарасы ортақ, дүниетанымы деңгейлес адамдар бір-бірімен дос бола алады. Өлеңді оқи отырып, автордың дос көңілін алтын сарайға бағалайтынын байқаймыз. Мысалы:

Досыңмын деп ат береді,

Жем іздеген жаныма.

Жем таусылса жалт береді,

Сенерлік дос, санама.

Немесе:
Шыққанбыз дос, шыңға талай,
Талай сырды ойланып,
Ақтарарлық алтын сарай
Алтын сарай қойманы.

«Сыр сандық» өлеңінде сөз етілген адамға ең қажетті қасиеттерді санамалап былай көрсетуге болады. Олар: адалдық, досқа беріктік, сабырлылық, сұлулықты сезіну, шынайылық, түсіністік, айналаға байыппен қарау, тереңге үңілу, асығыс шешім қабылдамау, жеңілтектік, жалт бергіш – жағымпаздықтан аулақ болу. Сексен бес тармақтан тұратын осы бір шағын көлемді өлең адам жанын ерекше баурайды, «тап-таза жұмыр келіп» құйылып тұрған өлең жолдары ерекше тартымды, басынан аяғына дейін оқығанда дем алмай, ендікпей құзар шың басына шыққандай боласың. Өлең құрылымы да ерекше. Қазақ әдебиетінде жиі кездесе бермейтін стильмен жазылған. Өлең астарлы ой арқылы тұнып тұрған тәрбиеге толы. Адамдары ұсақталып бара жатқан қазіргі заманның бейнесі іспетті.

Ерте кезде біреу Төле биден:

– Келер заман қалай болады? – деп сұраған екен.

Сонда Төле би: «Заман осындай кең, шуақ болады, бірақ адамдарының пейілі тар, уақ болады» – дейді.

Қазіргі жаһандану заманында бізге осындай досқа беріктік керек-ақ. Сонда ғана ұлт тағдыры баянды болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Сейфуллин «Сыр сандық» кітабы. – 2022 ж.
2. С. Сейфуллин «Туған жер» өлеңдер жинағы. – 2012 ж.
3. С. Сейфуллин Шығармаларының бес томдық жинағы. – А., 2004.– 453-б.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

**Астана қаласы
Ғ.Қайырбеков атындағы
№2 мектеп – гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кабидоллаева Нургуль Габитовна**

Болашақ ұрпақтың рухани бай, адамгершілікке толы болып өсуіне бағытталған маңызды бастама – Біртұтас тәрбие бастамасы болып келеді. Ол жас ұрпақтың қалыптасуына жаңа серпін береді және қазақстандық қоғамның болашағы үшін негіз болады.

Қазақ әдебиетінің алтын қорына енетін Сәкен Сейфуллиннің шығармалары – ұлттық рухты, мәдени құндылықтарды, тарихи сабақтастықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін баға жетпес мұралар. Сейфуллиннің туындылары өзінің мазмұны, көркемдік ерекшеліктері және терең философиялық ойларымен

ерекшеленіп, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда маңызды құрал болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын, ұлттық санасын қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатта қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын оқу- тәрбие процесіне енгізу ерекше мәнге ие. Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетінің классигі, оның шығармалары терең мазмұнымен және көркемдік ерекшеліктерімен танымал. Бұл мақалада Сәкен Сейфуллин шығармалары арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары қарастырылады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары қазақ әдебиетіне жаңа серпін беріп, қазақ тілінің байлығын, халықтың тарихи санасын ашып көрсетеді. Оның шығармаларын оқу барысында оқушылар тарихи оқиғалар мен әлеуметтік құбылыстарды терең түсінуге, өмірдің күрделі мәселелерін шешуге қажетті танымдық дағдыларды меңгереді. Мәселен, «Тар жол, тайғақ кешу» романында қазақ халқының басынан кешкен қиын-қыстау кезеңдері шынайы суреттелген. Осы романды оқу арқылы оқушылар қазақ халқының тарихы туралы туралы терең білім алады. Өз халқының тарихына деген мақтаныш сезім оянады. Яғни, тарихты талдау қабілеті қалыптасып, күрделі саяси оқиғаларды терең түсініп, себеп-салдарын талдай алуды меңгереді.

«Көкшетау» поэмасы да әдеби шығарма ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға да бағытталады. Бұл поэма арқылы оқушылар келесідей танымдық қабілеттерді қалыптастыра алады:

- * Талдау қабілеті: Поэмадағы суреттемелерді, образды салыстыруларды талдау арқылы оқушылар шығарманың терең мағынасын ашуға, автордың ойын түсінуге үйренеді.

- * Синтез жасау қабілеті: Әртүрлі детальдар мен образды біріктіріп, жалпы көріністі қалыптастыру арқылы оқушылардың синтез жасау қабілеті дамиды.

- * Ойлау қабілеті: Поэмадағы философиялық ойлар, табиғат пен адамның арасындағы қатынас туралы толғаныстар оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.

- * Шығармашылық қабілеті: Оқушылар өз ойларын, сезімдерін еркін жеткізуге, өз шығармашылығын дамытуға шабыт береді.

- * Эстетикалық талғам: Поэманың көркем тілі, образдылығы оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады.

- * Отаншылдық сезім: Поэмадағы табиғатты, елді мадақтау оқушыларға отаншылдық сезімді оятады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Мәселен, шығармаларды оқып, талдау барысында оқушылар көркем мәтіннің негізгі идеясын анықтап, өз пікірлерін білдіреді, сұрақтар қояды,

шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Бұл әдістер оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытып, олардың шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Сонымен қоса шығармашылық жұмыстар беру арқылы оқушылардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыруға болады:

* Эссе жазу: Оқушыларға шығарма туралы өз ойларын жазуға тапсырма беру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

* Сурет салу: Поэмадағы суреттемелер негізінде сурет салу арқылы оқушылардың көркемдік қабілеттерін дамытуға болады.

* Рөлдік ойындар: Шығармадағы кейіпкерлердің орнына өздерін қою арқылы оқушылар шығарманың мазмұнын жақсы түсінеді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары – ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, терең ойлауға, тарих пен әдебиеттің байланысын түсінуге, көркем сөздің құдіретін сезінуге баулиды және шығармаларындағы ұлттық пен адамгершілік құндылықтар оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне үлкен үлес қосады.

Осылайша, Сәкен Сейфуллиннің әдеби мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу оқушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық санасының қалыптасуына ықпал етеді және олардың өмірге деген көзқарастарын кеңейтеді. Оның шығармалары оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың интеллектуалды және рухани дамуына да жағдай жасайды. Сондықтан Сейфуллиннің туындылары бүгінгі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу». Алматы: Жазушы, 1988.
2. Сейфуллин С. «Көкшетау». Алматы: Мектеп, 1989.
3. Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Байтұрсынұлы А. «Әдебиет танытқыш». Алматы: Рауан, 1991.
5. Сейітқазы М. «Сәкен Сейфуллин – өмірі мен шығармашылығы». Алматы: Ғылым, 2004.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Астана қаласы
№3 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Сугралина Назгуль Айтпаевна**

Аңдатпа

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің белді де беделді өкілі- Сәкен Сейфуллин артына қыруар мол мұра қалдырды. Сәкен мұрасы жанрлық, тақырыптық жағынан көпқырлы, әрі сырлы. Сәкен атамyz ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесіне ерекше көңіл бөлген қаламгер. Оның бәрін бір еңбек көлемінде қамтып, жүйелі талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан да бұл зерттеу еңбегімде С.Сейфуллиннің ұлттық құндылықтар

туралы еңбектері арнайы сөз етіледі. Зерттеу еңбегінің негізгі нысаны- төл туындыларында қазақ арасында қайнап өскен халқының іс-әрекетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы білген ақынның ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі амалдар мен ілімдерін ғылыми тұрғыда қарастыру болып табылады. Жұмыс салыстырмалы-методологиялық, талдау, сараптау және тұжырымдама жасау әдістеріне сүйеніп жасалған.

Сәкен Сейфуллинді жаңа дәуірді ерекше жырлаған жанашыл ақын ретінде қабылдаймыз. Сонымен қатар Сәкен атамыз қазақ әдебиетіне ерекше сөз оралымдарын әкелген жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салушы болып табылады. Өкіметтің мақтаушы ұраншысына айналмай, қоғамдық өмірдің көлеңке жақтарын да күйзеле суреттеген ақындардың бірі. «Ақсақ киік», «Сыр сандық» т.б. тамаша жырлары сол кезеңнің шынайы көркем туындылары.

Көк торғын, Көкшетауды мұнар басқан.

Кербез тау көкке бойлап бұлттан асқан.

Оқжетпес» етегінде бейне найза

Адамзат жасағандай құйған тастан.

Ақын поэзиясында сөздер сөйлейді. Жарытылымына сай мінез танытады. Болмысына біткен бояуы, табиғатына тән үні де бар. Қас ақынның құдіреттілігі-сөздер сазынан симфония ойната алуында. Ұлы ақынның жасампаздығы-сөздер бояуынан тылсым картиналар тудыруға қабілеттілігінде. Ал сөздердің мінезін тани алу, түрлі мінездерді бір-бірімен үйлестіре білу, өлген сөзді тірілту шын шебердің ғана қолынан келеді.

Өз кезеңінің айнасы болған Сәкеннің отты шағармалары Қазан төңкерісі тұсындағы аумалы-төкпелі кезең шежіресі іспетті. Бітімге соқаас күрес ақынды тез ширатып, оның шығарма жазуға қолын да тигізбей, әлеумет қайраткері, саяси күрескер етіп шығарады. Қазақ халқы үшін алапат кезеңге айналған 1916 жыл оқиғалары, әсіресе әлемді дүр сілкіндірген 1917 жылдың кесірлі толқыны Сәкенге қатты әсер етеді. Халықтың азаттық жолындағы күресінің шытырман оқиғалары оны жаңа дәуірдің жалынды жыршысы етіп тәрбиелейді. Ол шығармаларына сол өзі қатысқан халықтық күрес пен ерлік жорықтың шындығын арқау етеді. Жаңа қоғамның өзгешеліктерін суреттеу, оны төңкерістен бұрынғы қазақ өмірінің мешеу көріністеріне қарсы қою – Сәкен поэзиясының ең бір өзекті тақырыбы болып саналады. Қоғамдық өмірдегі қарқынды өзгерістерді ақын нақты образдар арқылы бейнелеп, сол арқылы заманның өзіндік сипаттарын айқындап берді. 1922 жылы басылып шыққан өлеңдерінің жинағына Сәкен «Асау тұлпар» деген атты тегін таңдамаған. Жаңа леп әкелген дүниенің дүбірін ақын қазақ поэзиясының дәстүрлі тұлпары арқылы бейнелейді. Тұлпар үні ескі өмірдің тыныштығын бұзып, жаңа дәуірдің ұранын таратады. Тегеурінді талантты ақын қазақ өміріндегі, халық тұрмысындағы маңызды әлеуметтік тақырыптарды көтеріп, оған көркемдік, эстетикалық талдау жасайды. Сәкен прозасының шоқтығы – оның «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романы. Романында Сәкен Сейфуллин революция жылдары оқиғаларының қазақтың кең даласын бірте-бірте қамтып, күні өтіп тозған ескіліктің қирап, жаңаша дамуға жолдың еркін де кең ашыла бастағанын үлкен суреткерше қорытып айтып бере алды. Роман халықтың

бақытты келешегі үшін күрескен ерлердің аққан тері мен төгілген қаны текке кетпейтініне, мұның өзі бүкіл адамзаттың жарқын болашағымен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

«Ананың хаты», «Анаға жауап» сияқты өлеңдерінде ана мен бала арасындағы сағынышты сезімге жаңа заман қызметшісі- баланың салықалы ойын қосады. Ол сағынып, «елге қайт» деп үгіттеген анасына тоқтау айтады. С. Сейфуллин лирик-ақын есебінде ізгі адамгершілікті, айнымас достықты, анаға деген сезімдерді қастерлеуші болды.

С. Сейфуллин- ұлтымыздың ең ірі қайраткері және біздің заманымыздағы тәуелсіз Қазақстанның символы. Жас ұрпаққа өнер- білімнің, жалпы ұлттық тәрбиенің пайдалы жақтарын айтты. Ақынның өлеңдері «болашақ тұтқасы - жас ұрпақ» деген ойды білдірді. Сәкен Сейфуллиннің шығармаларының қай-қайсысын алсақ та өскелең ұрпаққа түсінікті, тілге жеңіл, жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. С. Сейфуллиннің өлеңдері жөргектегі балаға жылы сөздің мейлінше қажет екендігін құптайды, балаларға арналған халық өлеңіндегі ойды дәлелдей түседі. Төңкеріс кезіндегі және кеңес өкіметі енді орнаған тұстағы оқиғаларды «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармалары балалар тәрбиесіне оң әсерін тигізді. Өлең де Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланған азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, майдандас достарына арнайды. Оның Отанға деген сүйіспеншілігі, қайсарлығы, жауға қаталдығы суреттеледі. Жас ұрпақтың алдына үлкен мақсат қояды, оларға сенім мен жауапкершілікті үйретеді.

Сөз соңында айтарым: С. Сейфуллиннің шығармаларының балаларға берер тәрбиелік мәні зор. Балалардың тілін ұстартып, дүниетанымын кеңейтумен қатар оларды жалпы адамгершілік рухта тәрбиелеуде шығармаларының ерекше маңызы бар. Қазақ әдебиетінің алуан жанрында қалтықсыз қызмет еткен С. Сейфуллин жас буынның қадірлі аға ұстазына айналды. Ұлтымыздың өшпес алауы, сөнбес шырағындай болған С. Сейфуллиннің ғұмырнамалық дастаны- тарихтың таңбалы тастарында күмбірлеп тұрары сөзсіз. Біз болашақ ұрпақ әдебиетімізді, мәдениетімізді қазақ әдебиетінен Ұлы тұлғалардың шығармаларын оқи отырып, ондағы кейіпкерлердің өмірінен тәлім- тәрбие, ұстамдылық, төзімділік, өз еліне деген сүйіспеншілік пен ұлттық құндылықтарымызды бойымызға сіңіре отырып болашаққа ұмтыламыз. Егеменді Қазақ елінің әрбір отбасында қазақ тілін Сәкендей қолдайтын, қазақ ұлтын Сәкендей қорғайтын батыл, шыншыл, намысты ұрпақтың қатары көбейсін!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Астана. «Егемен Қазақстан» №368 (25765) 07 қараша, сенбі 2009 ж.
2. Амантай К. Қазақтың Сәкені. – Алматы: Рауан, 1995. – 111 б.
3. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. - Алматы, 1998. 3.Кәкішев Т. Сын сапары. -Алматы, 1971
4. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2013

СӘКЕН МҰРАСЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰЛДЫРАТПАУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

**Астана қаласы
Қ.Сәтбаев атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Бухарбаева Гулдана Жусипбековна**

Поэзия – дәуір өзгерген сайын дамып, жетіліп отыратын өміршең жанды құбылыс. Ол өзі өзгеріп қана қоймайды, ұлт ұрпағын тәрбиелеуде ерекше рөл атқарады. Сондай маңызды рөлде жүрген қазақ ақындарының ақсұңқары – Сәкен Сейфуллин. Ғафур Ғалам бір сөзінде: «Сәкен Сейфуллин шығармалары өзінің идеялық-көркемдік құнын еш уақытта жоғалтпақ емес. Одан дүйім оқушы рухани азық алады, қаламгерлер не туралы, қалай жазу керек екендігін үйренеді. Міне, Сәкен Сейфуллин шығармашылығы сол үшін де баршамызға қымбат», -деп өте жоғары баға берген. Расында, шығармалары - оқушы жүргенінен орын табатын қазына.

Қазақ тілі екінші тіл болып саналатын оқушыларға Сәкендей ақынның сыры терең жырларын оқыту - өте күрделі дүние. Ең алдымен, қазақ поэзиясына, қазақ прозасына деген қызығушылығын арттыру қажет. Осындай бастапқы кезеңнен өтіп алған соң, бағдарламада ұсынылған қазақ әдебиетінің асылдарын оқыта беруге болады. Тіл жанашыры, өз маманыныңызды сүйіп тұрсаңыз, оқу бағдарламасына сүйенбей-ақ, мектеп қабырғасында түрлі шараларды өткізуге болады. Біздің мектебімізде өзімнің жетекшілігіммен «Айқарагөз», «Q4 ORATOR» деген үйірмелерім бар. Сол жерде орыс сыныбының оқушыларымен де жұмыс жасаймыз. Балаларға қарапайым пластилиннен бір фигура жасап көрсетсеңіз немесе қағаздан оригами істеп ұсынсаңыз: «Вау», - деп таң қалады. Сөз өнерімен де дәл солай! Бір өлеңді немесе прозалық шығарманы рөлге бөліп, нақышына келтіріп, оқып, кейіпкер болып ойнап беріңізші, алдыңызда отырған бала дәл манағы пластилин мен оригамиді көргендей таң қалады. Мектеп бағдарламасында 11 сынып (Т2) оқушыларына Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы берілген. Мұны сабақтағы қырық бес минуттыңыз тапсырмаларды орындатуға, мәтінді оқуға т.б жоспар бойынша жұмыстарға кетеді. Оқу мақсатыңыз орындалды. Бірақ, оқушы сол сабақта өтілген «Көкшетау» поэмасының тілінің көркемдігін, ондағы әсемдікті, Сәкеннің нәзік иірімдерін, тап- таза көңілін көре алды ма? Поэманы түсініп, одан патриоттық сезімдері оянды ма? Міне, осы сұрақтарға көп мұғалім жауап беруге киналады. Мен осы сұраққа жауабымды театр үйірмем арқылы таптым. Үйірмелерде жұмыс жасап бастағалы сабаққа келгенде оқушылардың жанарынан от көрдім. Әдебиетке деген қызығушылығы арта түсті. Бірін-бірі сыйлау, бір-біріне құрмет көрсету сезімдері байқалды. Ел, жер, тіл туралы айтылғанда түсініктері өзгерді. Яғни, оқушыларға әдеби шығармаларды оқытуда, үйретуде нақтылық және жүйелілік керек. Жыл сайын мерейтойы тойланатын ақындарымыз бен жазушыларымыздың шығармаларын біз бағдарламаға кіріктіреміз. Осы

тұрғыда Сәкен Сейфуллиннің шығармалары театр бағдарламасына ағымдағы жылдан бастап енгізілді.

Сондай-ақ, оқушыларға қызықты болған өлеңнің бірі ақынның көңіл күй лирикасының ішінде шоқтығы биік шығармасы – «**Сыр сандық**» өлеңі. Өлең құрылысы жеті-сегіз буынды, шалыс ұйқас түріне жатады. 1926 жылы жазылған бұл өлеңді Сәкеннің өзі «Досқа жазылған хат» деп атағанымен, кейін келе халық арасында «Сыр сандық» деген атпен әйгілі болды. Өйткені осы өлеңдегі:

Сыр сандықты ашып қара,

Ашып қара, сырласым.

Сым пернені басып қара,

Басып қара, жырласын! –

деген өлең жолдары афоризмге айналып, халық арасына кең тарағандықтан, өлең «Сыр сандық» деген атпен ақын жинақтарына енгізіле бастады. «Сыр сандықтың» басты идеясы – дос қадірін білу, достыққа адалдық. Шынайы достық туралы терең толғанған ақынның жан дүниесі таза, ешкімге қиянаты жоқ. Адалдық пен арамдық, мансап пен ар-ұждан, достық пен қастықтың аражігін аша жазып, адам үшін құнды байлық – достықты жырлайды. Дос көңілін тау шыңындағы алтын сарайға, ондағы баға жетпес қоймаға балайды.

Ақын белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақовқа арнаған «Мұң» деген өлеңінде:

Ешкім жоқ, шер тарқатып көңіл ашар,

Жүректің күйіп-жанған дертін басар.

Мұңымды жұртқа айтпаған саған шақтым,

Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар,

– дегеніндей, ақын адал достықты үнемі жоғары бағалап, ерекше қадірлей білген. Ақын көңіл күйі «от», «дария» деген метафоралар арқылы ашылған. «Өнердің ең алды – сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (А.Байтұрсынұлы), «Көз жетпегенге ой жетеді, тіл жетпегенге үн жетеді» (Б.Момышұлы) дегендей, С.Сейфуллин достық деген қасиетті ұғымның, сұлу сезім, айнымас дос, адал махаббаттың жаршысы болды. Кейде оңынан, кейде солынан соққан замана желі біздің халықты тәуекелдің желқайығына қанша рет мінгізді екен. Сондай бір мың өліп, мың тірілген сын сағатта халқының сөз бастаған шешені, топ бастаған көсемі Сәкен еді.

Сәкеннің аты, әні, сәні ел аузында, қайраткерлігі халық жүрегінде. Тарихта, қазақ өмірінің жылнамасында мұндай өміршең тұлға санаулы-ақ қана. Ол артына, халқына асыл мұра қалдырып, кетті. «Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады. Күн жылытпас суық көңілді жылытады. Асылы, адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды. Сәкен мақсатына тулаған толқындармен алыса отырып жетті», - деп толғаныпты Сәкеннің тұстасы, аса ірі жазушы Ғабиден Мұстафин. Дәлелді де әдемі айтқан.

Қызыл желдей гулеткен,

Сөзді сенің қаламың.
Ұлы ұранға күй шерткен,
«Домбырасы» даланың.
... Жырламасқа теңіздей,
Қуаныштың шегі жоқ.
Ардақталған өзіңдей,
Қазақта ақын тегі жоқ, –

деп ағынан ақтарылады «Тұлпарға» деген өлеңінде қазақ жырының Құлагері Илияс Жансүгіров. Ағынды Ақсудай ағылып төгілген ақынның осы өлең жолдарынан-ақ Сәкеннің шын қадіріне жеткен жанның оған деген ыстық ықыласын аңғарасың.

Енді Бейімбет Майлиннің пікіріне ден қояйық: «...Көркем сөз шебері, сенің еңбегіңмен жақын танысқаным 17-жылдың басы еді. Әлі есімде, түнгі ауылдың тұншыққан сарынын суреттеген бір шығармаң сол жылы «Абай» журналының ең ақтық бетіне басылып еді. «Абай» журналының сол санында басқа қандай шығарманың басылғаны ешкімнің есінде жоқ шығар, бірақ сенікі ұмытылмастық. Сенің шығармаң миллиондаған қазақ еңбекшілеріне арналған еді, еңбекшілер жұртшылығы сен сияқты пролетариат жазушысын – өз жазушысын тани алды. Сенің шығармаң миллионның қазынасы болды. Саған еліктеп мыңдаған жастар шықты». «Сәкен ақындығының зор қасиеті – шыншылдығы» – дейді ұлы Мұхтар Әуезов. «Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас білімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Белгілі шығармаларынан өлеңін, әңгімесін, поэмасын алсақ – барлығында да сүюі мен ашуы, ырзалығы мен наразылығы, үміті мен күдігі әрқашан барынша шын сезімнің толқыны боп білінеді».

Сәкен Сейфуллин барлық жанрда қалам тербеді. Ол – қазақ әдебиетіндегі «Тар жол, тайғақ кешу» секілді дүбірге толы дүниенің дүрмекті оқиғаларынан құралған кең құлашты романның, «Көкшетау» секілді көркем де шоқтықты поэманың авторы болуының өзі Сәкен есімін ғасырлардан ғасырларға арқалап апарар еді. Сәкеннің шығармашылығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Ол қазақ әдебиетіндегі ұлттық сана-сезімді, еркіндікті, теңдікті дәріптеді. Оның шығармалары мектеп бағдарламасына енгізілген, ал әдебиетшілер мен зерттеушілер Сәкеннің мұрасын әлі де зерттеп, жаңа қырларын аша түсуде. Оның шығармалары қазақ халқының рухын көтеріп, ұлттық сана-сезімін дамытуға үлкен әсер етті. Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын зерттеу – қазіргі әдебиетімізді түсіну мен дамыту үшін маңызды. Оның мұрасы, сөзсіз, қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған баға жетпес қазына. Сәкеннің әдеби мұрасы бүгінгі буынға да өз мәнін жоғалтпайды, өйткені оның шығармаларында халқымыздың тарихы, мәдениеті және арман-мұраттары көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Кенжебаев. Алаш және Сәкен. – Алматы: Қазақ университеті, 2004 ж.
2. «Жұлдыз» журналы, Ғ.Жайлыбай «Сәкен аға» мақаласы

3. Р.Зайкенова, Р.Сакенова, Л.Н.Нұрланова, **Қазақ әдебиеті**. ЖББМ11-сыныбының қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. 2020 ж. 4. Сейфулин С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986 ж. 5. Т.Жұртбай. Сәкен Сейфуллин. – Алматы: Қазақ университеті, 1994 ж.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Астана қаласы
№32 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Жақсылық Қымбат Қалқаманқызы**

Сәкен Сейфуллин — қазақ әдебиетінің алтын қорына енген, ұлттық мәдениетіміздің дамуына үлкен үлес қосқан көрнекті тұлға. Оның шығармалары жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ерекше орын алады. Сәкеннің поэзиясы мен прозасы қазақ халқының рухани байлығын, тарихын және мәдениетін терең түсіну мен насихаттауға негізделген.

Сәкен Сейфуллиннің шығармаларында ұлттық сана мен патриотизм негізгі тақырыптардың бірі болып табылады. Оның поэзиясы қазақ халқының өткен тарихын, ұлттық дәстүрлерін, халықтың рухын көтеретін мазмұнға ие. Мысалы, «Тар жол, тайғақ кешу» шығармасында автор қазақ халқының ерлік жолын, ауыртпалықтарын, азаттық жолындағы күресін бейнелейді. Бұл шығармалар жастарға отаншылдық, ұлттық бірлік сезімін сіңіруге арналған.

Сәкеннің шығармаларында адамгершілік, әділеттілік, теңдік сынды жалпыадамзаттық құндылықтар терең қарастырылады. Оның кейіпкерлері жиі әлеуметтік әділетсіздікке қарсы шығып, қоғамдағы кемшіліктермен күреседі.

Сәкен Сейфуллин табиғаттың сұлулығын, қазақ жерінің ерекшеліктерін шығармаларында шеберлікпен бейнелейді. Табиғат — қазақ мәдениетінің негізгі бір бөлігі, ол адамның рухани әлемімен тығыз байланысты. Сәкеннің поэзиясында табиғатқа деген сүйіспеншілік, оған деген құрмет ерекше орын алады, бұл жастарға экологиялық тәрбиенің маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыда Сәкен Сейфуллиннің шығармаларын сабақта қолдану — оқушыларға әдебиет, мәдениет және ұлттық құндылықтарды терең түсінуге мүмкіндік береді. Сабақта Сәкен шығармаларын қолданудың бірнеше тиімді тәсілдеріне тоқтала кетсек:

1. Әдебиет сабағында:

- Өлеңдерін талдау: Сәкеннің «Ақсақ киік», «Сыр сандық», «Ауыл байғұс, мінеки» сияқты өлеңдерін оқушыларға оқытып, олардың мазмұнын талдау. Әдебиет сабағында бұл шығармаларды қарастыру арқылы оқушылар ұлттық құндылықтар, табиғаттың адам өміріндегі рөлі туралы пікірлерін

қалыптастырады.

- Тарихи контекстпен жұмыс: Оның шығармалары сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен әлеуметтік мәселелерге негізделген. Оқушыларға тарихи жағдайларды түсіндіріп, шығармаларын сол контексте талдау оқушылардың тарихи және әдеби білімдерін кеңейтеді.

- Поэтикалық тілмен жұмыс: Сәкеннің теңеу, метафора сияқты көркемдік құралдарын талдау арқылы оқушылардың әдеби тілге деген қызығушылығын арттыруға болады. Оның жаңашыл теңеулері мен образдарына назар аудару оқушылардың сөздік қорын байытады.

2. Тәрбие сағаттарында:

- Ұлттық құндылықтарды насихаттау: Сәкен шығармалары оқушыларға Отанға деген сүйіспеншілік, еркіндік пен бірлік, адалдық сияқты құндылықтарды ұғындыруға көмектеседі. «Келіншек ойы» немесе «Аққудың айырылуы» сияқты шығармалар арқылы өмірдің құндылықтары, табиғатқа деген сүйіспеншілік туралы әңгімелесуге болады.

- Адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу: Сәкеннің Отан қорғау, елге қызмет ету, еңбек ету туралы шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруге болады. Мысалы, «Маузер», «Бандыны қуған Хамит» шығармаларын оқу арқылы оқушылар елге қызмет ету мен жауапкершілік туралы түсініктерін кеңейтеді.

3. Экология сабағында:

- Табиғатты қорғау мәселелері: Сәкен Сейфуллиннің экологиялық тақырыпқа арналған шығармаларын экология сабағында пайдалану тиімді. Мысалы, «Ақсақ киік» өлеңін оқып, табиғат пен жануарларды қорғау туралы пікірталас өткізуге болады. Бұл оқушыларды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

- Ауылды және табиғатты қорғау: Оның «Ауыл байғұс, мінеки» өлеңі ауылдағы экологиялық мәселелер мен табиғаттың құлдырауын сипаттайды. Бұл өлең арқылы ауыл экологиясы, табиғатты қорғау туралы талқылау өткізуге болады.

4. Өнер сабағында:

- Шығармалардан сахналық көріністер қою: Сәкеннің поэмалары мен өлеңдері драмалық қойылымдарға арналған керемет материал. Оқушыларға шығармаларды оқып, кейіпкерлердің рөлдерін орындауды тапсыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады.

- Иллюстрациялар жасау: Сәкен шығармаларын оқып, оның мазмұнына сәйкес сурет салу немесе коллаж жасау оқушыларға шығарманы терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сәкен Сейфуллин қазақ тілінің байлығын дәріптей отырып, ұлттық әдебиеттің деңгейін көтеруге зор ықпал етті. Оның шығармалары қазақ тілінің көркемдігін, оның мүмкіндіктерін паш етеді. Сәкеннің тілі — поэтикалық, терең және эмоционалды, бұл оқырманға қазақ әдебиетінің сұлулығын сезінуге мүмкіндік береді.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығын бастауыш сынып оқушыларына түсінікті әрі қызықты етіп ұсыну үшін бірнеше тиімді әдіс-тәсілдер қолдануға

болады. Соның ішінде өзім қолданатын әдіс-тәсілдерді атап өтсем:

Сөздік жұмыс: Сейфуллин шығармаларындағы ұлттық құндылықтарды көрсететін сөздерді түсіндіру. Бұл арқылы оқушылар жаңа сөздерді үйренеді және шығарманың мағынасын жақсы түсінеді.

Өлең бойынша сурет салу: Өлеңдегі негізгі ойға сәйкес сурет салуды тапсыру.

Мысалы, табиғатқа арналған өлеңдер оқылып, балаларға сол тақырыпқа қатысты сурет салу тапсырмасын беру.

Сұрақтар қою: Өлеңді тыңдағаннан кейін, балаларға қарапайым сұрақтар қойып, өлеңнің негізгі ойын талқылау. Мысалы, «Өлеңдегі кейіпкер не сезінді?» немесе «Бұл өлеңнен сен не түсіндің?» деген сұрақтар қою.

Сәйкестендіру ойындары: Өлеңдегі сөздерді суреттермен сәйкестендіру ойыны. Бұл балаларға жаңа сөздерді есте сақтауға және өлеңді тереңірек түсінуге көмектеседі.

Сурет салу: Балаларға шығармадан алған әсерін бейнелеу үшін сурет салуды тапсыру. Мысалы, «Ақсақ киік» өлеңін оқып, киікті және оның қазақ даласындағы орнын суреттеуді сұрау.

Сәкен Сейфуллиннің өлеңдерін осындай әдістермен ұсыну арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды тереңірек түсіндіруге болады.

Сәкеннің шығармаларында революцияның әсері, әлеуметтік өзгерістер және жаңа қоғам құрудағы күресі де көрініс тапқан. Ол халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, әділеттілікке ұмтылған.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары — жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып, қазақ әдебиетінің дамуына, мәдениетінің өркендеуіне зор ықпал етті. Оның шығармалары тек әдебиет саласында ғана емес, жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, адамгершілік құндылықтарды дәріптеуде, жалпы қоғамның мәдени дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Сәкеннің шығармалары бүгінгі таңда да өзекті, себебі олар халықтың рухын көтеруге, ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейфуллин, С. Толық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1989.
2. Қирабаев, С. Сәкен Сейфуллин. Алматы: Қазақ университеті, 1990.
3. Сейфуллин, С. Поэзиясы мен прозасы. Алматы: Ғылым, 2000.
4. Молдағалиев, А. Қазақ әдебиеті және экология. Алматы: Санат, 2005.
5. Нұрпейіс, Ә. Сәкен Сейфуллин және қазақ әдебиеті. Алматы: Дәуір, 2012.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Атырау облысы Білім басқармасының
Индер ауданы білім бөлімінің
«Сәкен Сейфуллин» атындағы орта мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кульшарипова Шолпан Аманкельдиевна**

Жеке адамды нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие мен білім берудің маңызы зор. Құндылық – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұралар. Отаншылдық, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізгілік, мәдениеттілік, шығармашылдық сынды рухани құндылықтарды бойына сіңірген адам қазіргі таңда «табысты адамдар» қатарынан жылдам орын алатынына көзіміз жетеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар - адамгершілікті сақтау, табиғатты қорғау, білім мен ғылымға ұмтылу, денсаулықты күту және құрметтеу адами құндылықтарды бағалау болып саналатыны белгілі. Ал халқымыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын және шешендік өнерін, әдебиетін, ғибратты сөздерін сақтау мен құрметтеу ұлтымызды ұлықтау, дәріптеудің алдыңғы қатарлы жолдары болып есептеледі. Өміріміздің жалғасы болып табылатын жас ұрпақты жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, оқыту - бүгінгі күні өзекті мәселесі. Адами және ұлттық құндылықтарға негізделген адамгершілік тәрбиені, сананы қалыптастыру және дамыту мәдениет пен әдебиет, жалпы зияткерлік білім арқылы білім алушылардың бойына сіңірілетіні анық. Осы орайда, әлемдегі танымал ойшылдардың, ақын- жыраулардың даналық сөздері, тұжырымдары, өлең-жырлары, халықтың адамгершілік туралы толғамдары, этнопедагогикалық ойлары көмекке келетіні белгілі. Қазақ ақын-жазушылары арасында осындай тақырыпты көтерген, шығармалары арқылы әлемдік өзекті мәселелерге үн қосқан ақынның бірі де, бірегейі - Сәкен Сейфуллин.

Дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің шығармалары поэмалар мен өлеңдерден, қысқа әңгімелерден тұрады. Қазақтың әдебиет сүйер қауымына танымал «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» поэмалары, «Домбыра», «Ақсақ киік», «Біржан», «Ақан сері», «Міне, көл» өлеңдері - жалпыадамзаттық құндылықтарды және нағыз ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жастарға олардың ерекшелігі мен қасиетін насихаттайтын шығармалар. Поэмаларында көтерілген мәселелер адам баласы үшін маңызды, өзекті сұрақтарды көтереді. Жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттауда адамгершілік мәселесін бастап, отбасылық, ұлттық құндылықтармен аяқтайтын шығармалардың идеясы әрқашан да классикалық туындылар ретінде өзінің бағасын жоғалтпайды, ескірмейді.

Ақынның халыққа кеңінен танымал шығармасы «Ақсақ киік» өлеңіне тоқталайық. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа қамқорлық жасау - әлемдік

өзекті мәселелердің бірі. Ақын осы туындысында Мergenнің көзі қиып, табиғаттың сұлу жаратылысы киікті атқанын ерекше сезіммен жырлайды. Қазақ даласында мекен ететін киіктерді пайдасы үшін қырып-жойып жатқан адам баласының аяусыз қылықтарынан жиренуге шақырады. Білім алушыларға жас кезінен бастап экологиялық білім беруде сезімге әсер ететін осындай шығармаларды оқытудан ұтпасақ ұтылмайтынымыз белгілі. Осы айтқан пікірлерімізді дәлелдеу үшін поэмаларына «SWOT талдау» жасап көрейік. Сәкен Сейфуллиннің үздік шығармалары ішінде ерекше аталатын «Көкшетау» мен «Ақсақ киік» сынды туындыларына тоқсалсақ:

Күшті жақтары: * С.Сейфуллиннің шығармалары ұлттық мүддеге қызмет етеді; *Жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейді (махаббат, достық, еркіндік, табиғат сұлулығы, оқу-білім); *Ұлттық құндылықтарды насихаттайды, таратады (тіл мәселесі, жер мәселесі, батырлар, салт-дәстүрлер, бірлік); *Тарихи тұлғалардың көркем бейнесін жасайды; Символдық бейнелер, көркемдеуіш тәсілдер өте әсерлі қолданылады.	Әлсіз жақтары: Кеңес өкіметінің саясатын көбірек насихаттайды; Ұраншылдық жиі кездеседі.
Мүмкіндіктері: Жалпыадамзаттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіруді бағыттайды; *Ұлттық сананы жаңғыртуға жол ашады; *Халықтың бірлігін, ынтымағын сақтауға ықпал етеді; *Ұлттық бірегейлікті сақтап қалуға мүмкіндік тудырады; *Халықтың Тәуелсіздік жолындағы күресін жырлайды, түсіндіреді.	Қауіпті жақтары: Қауіпті жақтары жоқ деп есептеймін.

Сәкен Сейфуллин шығармаларында еліміздің шежіресі мен тарихына бойлай келе, шындық пен жалғанның аражігін ажыратуға көңіл бөледі. Кеңестік идеология әсерінен оң бағаланбай келген кейбір тарихи кезеңдерді, тарихи тұлғаларды шынайы бейнелеуге барынша күш салады.

«Көкшетау» поэмасы - қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалардың бірі. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы табиғат суреттерінің адам өмірімен байланыстылығы, бейнелі сөз сұлулығы шығарманың ерекше шабытпен жазылғандығынан хабар береді.

С.Сейфуллин лирикасындағы табиғат суреттерінің өміршеңдігі жоғары, өзінің оқырмандарының жан дүниесін рухани байытуға үлес қосатын туындының болашақ ұрпақтың поэзияға сүйіспеншілігін арттыруға қосар үлесі мол. Ақынның «Көкшетау» поэмасын 9-11 сыныптарда оқытудың маңызы зор. Қазақ даласындағы сұлу жер сексен көлдің аясындағы Көкшетау жайында көркем сөзбен жазылған мәліметтер алады. Оларда тарихи кезең туралы ақпараттар

легі жинақталып, белгілі батырлар, хандар жайында білім қоры қалыптасады.

Қорытындылай келгенде, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде Сәкен шығармаларының маңызы қандай деген сұраққа нақты жауап беріп көрейік:

Білім алушылар С. Сейфуллиннің поэмаларын, өлеңдерін оқу арқылы:

- тарихи жағдайлар туралы ақпарат алып, оның көркем суретін елестетеді;
- тарихи тұлғалардың көркем бейнесін таниды;
- тарихи шындық пен көркемдік шындықтың бірлігін түсінеді;
- ұлттық құндылықтарды бағалап, құрметтеп, сақтауға үйренеді;
- әдебиет әлемінің шынайы өмірмен байланысын түсінеді;
- талқылауға, талдауға, интерпретация жасауға машықтанады;
- сыни тұрғыдан ойлауға, бағалауға үйренеді.

Дауылпаз ақынның өлеңдерін оқытуда заманауи көзқараспен қарастырудың мәні тереңде деген ойдамын. Қаламгер Кеңес өкіметінің тұсында халқымыздың құндылықтары: даласы, домбырасы, батырлары, ақындары, сал-серілері туралы тамаша туындыларды дүниеге әкелді. Жыр сұңқарының кез келген туындысынан қазақ елінің бақытты болашағына қалтқысыз сенген күрескер-суреткердің туған жерге деген шексіз махаббаты, бір өкініш, бір үміт шарпыған замана туралы толғанысы аңғарылып жатады. Қазақтығымызды көркем түрде жеткізе білген ақынның таланты мен дарынына бас ие отырып, оны бағалап, өскелең ұрпаққа насихаттай білу - ұстаздар қауымының қасиетті парызы. Білім алушының құлағына бала кезден жақсы сөзді құйып, көркем ойларды сіңірсек, өршіл рухты, қайсарлық пен батырлықты, ұлтжандылықты, елжандылықты жүрегінің бір бұрышына ұялата алсақ, болашымызға алаңдамауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Сейфуллин Домбыра : Өлеңдер мен дастандар/С.Сейфуллин—Алматы 2005 ж.
2. С. Сейфуллин Көп томдық шығармалар жинағы.Т. : Өлеңдер мен дастандар/.Сейфуллин. –Алматы.
3. С. Сейфуллин шығармалары: ”Тар жол, тайғақ кешу”: роман. Астана: Фолиант, 2013 жыл
4. С. Қирабаев Сәкен Сейфуллин. Алматы – 1962 жыл

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Қарағанды қаласы
«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Намазбаева Жанар Жаксылыковна**

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде құндылыққа негізделген білім беру - маңызды мәселе. Ата-бабамыздан бері келе жатқан рухани құндылықтарды оқушы бойына сіңіре отырып, жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу және

рухани тұлға қалыптастыру мектеп қабырғасында қолға алынуда. Сондай-ақ, қазіргі ұстаздардың ескеруі тиіс мәселелердің бірі – ХХІ ғасыр ұрпағының есту, тыңдау, қабылдау және түсіну қабілеттерінің ерекшелігі. Оқушыларды тұлға ретінде құрметтеп, олардың көзқарастарына құлақ асып, ойларымен санасу – құндылыққа жатады. Педагог-жазушы Спандияр Көбеев: «Оқытушы әлеуметтік әділеттіліктің адамгершіліктің жаршысы болуға тиіс» - деп атап өткен. Осыған орай, әр ұстаздың ісі мен сөзі оқушыға айна тәріздес болуы керек. Мұғалім сабақ барысында оқушыға үлгі бола отырып, рухани құндылықтарды бойына сіңіріп, дұрыс бағыт-бағдар беруі қажет. Білім мен тәрбиені ұштастыру – оқушының көңіліне жол табудан басталады. Бала жүрегіне жол табылғанда, оның пәнге деген қызығушылығы артады.

«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиямызда» орта буын сыныптарында классик ақынның өмірбаяны мен шығармашылығын оқыту мен меңгерту мақсатында аптасына 1сағат «Жасанды интеллект сиқырымен Сәкен мұрасына саяхат» курсы жүргізілуде. Сәкен шығармаларын заманауи педагогикалық әдістермен талдап, 10-13 жастағы балаларға қызықты тапсырмалар әзірлеу арқылы ұлттық құндылықтарды меңгерту көзделуде.

Бұл курста жасанды интеллектті енгізу ұсынылады. Оқушылар АІ құралдарын қолданып, Сәкен Сейфуллин шығармаларын талдап, патриотизм, жауапкершілік, сүйіспеншілік және ұлттық құндылықтарды бойына дарыта отырып, кейіпкерлер мен оқиғаларды жаңаша сипаттайды. Бұл дәстүрлі оқыту әдістерінен өзгеше, себебі әдеби шығармаларды цифрлық технологиялармен талдау жаңа мүмкіндіктер ашады. Шығармашылық тапсырмаларды орындау және АІ арқылы жобалар құрастыру оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады.

Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу – маңызды міндеттердің бірі. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдеби шығармаларды оқыту оларды мәдениетке, тарихқа жақындастырып, ұлттық болмысты, адамгершілікті, батылдықты, елжандылық сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

Төменде көрсетілген негізгі құндылықтар әр сабақта кіріктіріліп, оқу мазмұнымен байланысса, тәрбиелік әлеуеті жоғары болады. Олар: отансүйгіштік – туған елге, жерге деген сүйіспеншілік; *адамгершілік пен әділдік* – шындыққа ұмтылу, басқалардың құқықтарын сыйлау; *еңбекқорлық* – еңбектің құндылығын түсініп, қайсарлықпен жұмыс істеу; *отбасы құндылықтары* – ата-анаға, жақындарға қамқорлық көрсету;– өзара түсіністік пен бейбіт өмір сүру.

Шығармаларды құндылықтар негізінде талдау жұмыстарының үлгілері:

Отансүйгіштік.

Өлең: "Көкшетау"

Тақырып: Туған жерге, елге деген сүйіспеншілік.

Талдау: Сәкен Сейфуллиннің "Көкшетау" поэмасы — отансүйгіштік сезімнің жарқын көрінісі. Поэмада автор туған жері Көкшетаудың сұлулығын, табиғатын, халқына деген сүйіспеншілігін, сондай-ақ туған жердің мәдениеті мен тарихын асқақтатады. Көкшетаудың табиғатының әсемдігі мен оның

рухани байлығы арқылы Отанға деген ыстық ықылас, мақтаныш сезімі айқын көрінеді. «Көкшетау» – бұл жерінің қасиетін, халықтың тұрмысын, тарихын баяндау арқылы жастардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға арналған туынды.

Адамгершілік пен әділдік.

Өлең: "Сыр сандық"

Талдау: өлеңде адамгершілік пен әділдік ұғымдарын тереңірек аша отырып, қоғамдағы шындыққа ұмтылу және басқалардың құқықтарын сыйлау қажеттілігін ұғындырады. Өлең арқылы автор оқырманды өз ішкі әлемін, құндылықтарын зерттеуге, адамның шындықты іздеуге шақырады. Бұл өлең бүгінгі қоғамда адамгершілік пен әділдіктің маңызын түсінуге, бағалауға көмектеседі, жастарды адал болуға, шыншылдыққа шақырады

Еңбекқорлық.

Өлең: «Адам», «Бұлшық ет»

Тақырып: Еңбектің құндылығын түсініп, қайсарлықпен жұмыс істеу. **Талдау:** өлеңде еңбекқорлықтың маңызы мен оның адам өміріндегі рөлі баяндалады. Автор еңбектің табысқа жеткізетінін және оған жету үшін күш-жігер мен табандылықтың қажеттілігін көрсетеді. "Еңбек етсең, ерінбей" деген нақыл арқылы еңбектің адамды биікке көтеретінін насихаттап, жастарға еңбекқорлықтың құндылығын үйретеді.

Отбасы құндылықтары

Өлең: «Ана»

Тақырып: Ата-анаға, жақындарға қамқорлық көрсету.

Талдау: өлеңде Сәкен Сейфуллин анасына деген терең құрметін білдіреді. Ол ананың отбасы алдындағы жауапкершілігі мен сүйіспеншілігін, күш-қуаты мен табандылығын атап өтеді. Шығармада отбасы құндылықтары мен ата-анаға деген махаббат насихатталады.

Білім мен мәдениетке ұмтылыс.

Өлең: «Інішегіме»

Тақырып: Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас. **Талдау:** өлеңде Сәкен Сейфуллин жастарды білімге, ғылымға ұмтылуға шақырады. Ақынның негізгі идеясы — білімнің адам өміріндегі маңызын көрсетеді және әрбір жасқа рухани толысуды насихаттайды.

Құндылыққа бағытталған білім беру үдерісінде сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тиімді:

1. *Тұлғалық бағытталған тәсіл:* Әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, құндылықтарын дамытуға мүмкіндік беру. Мысалы, эссе жазуда оқушы өз өмірлік құндылықтарын көрсете алады.

2. *Проблемалық оқыту:* Оқушыларды өмірлік мәселерді шешуге бағыттау. Мысалы, «Сыр сандық» өлеңін талдатып, қиындықтарда достықтың рөлі мен бір-біріне көмектесу мәселесін талқылау. Бұл тақырып олардың өмірлік мәселелерді шешу қабілетін дамытып, әділдік пен мейірімділіктің маңызын түсінуге көмектеседі.

3. *Интерактивті әдістер:* Сейфуллиннің шығармаларын топтық талқылау, рөлдік ойындар, пікірталастар арқылы оқушыларды белсенді қатыстыру.

Мысалы, «Туған жерге қызмет ету деген не?» тақырыбында пікірталас өткізу.

4. *Өзін-өзі дамытуға бағытталған жұмыстар*: Рефлексиялық күнделік жүргізу арқылы оқушыларға өз әрекеттерін бағалауға және өз құндылықтарын анықтауға көмектесу.

5. *Жобалық және зерттеу жұмыстары*: Ұжымдық жобалар арқылы ынтымақтастық пен өзара көмекті дамыту. Мысалы, туған жердің экологиялық мәселелері бойынша зерттеу жасап, шешу жолдарын ұсыну.

6. *Құндылыққа негізделген тапсырмалар*: а) Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін қазіргі заманмен салыстыру; б) «Сәкеннің көзқарасындағы ерлік пен бүгінгі ерліктің маңызы» тақырыбында топтық жобалар мен презентация жасау.

7. *Тәжірибелік бағыт*: Оқушыларды күнделікті өмірдегі жағдайларды талдап, шығармадан алынған құндылықтарды қолдануға үйрету. Мысалы, эссе, коллаж жасау немесе өз ойларын постерлерге түсіру.

Құндылыққа негізделген білім берудің нәтижелері: *жеке тұлғаның қалыптасуы* - оқушының өмірлік құндылықтары мен дүниетанымы айқындалады; *қоғамға жауапты азаматтарды тәрбиелеу* - туған еліне, жеріне жанашырлық танытатын тұлға қалыптасады; *әлеуметтік қарым-қатынастарды жақсарту* - оқушылар арасында бір-біріне құрметпен қарау мен ынтымақтастық нығаяды; *креативті сын ойлау мен шешім қабылдау дағдылары* – білім алушылар күрделі проблемаларды шешуде өмірлік ұстанымдарын қолданады; *білім мен тәрбие сабақтастығы* - теориялық білім тек ақпарат емес, өмірлік тәжірибемен байланыстырылады.

Қорытынды: Сәкен Сейфуллиннің шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Әрбір туындыда білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа, достыққа және отбасына деген құрмет айқын көрініс табады. 10-13 жас аралығындағы оқушыларға бұл шығармаларды заманауи және креативті әдістермен ұсыну олардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, құндылықтарды түсінуіне ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құндылыққа бағытталған білім беру тұжырымдамасы.
2. Құндылықтар мен тәрбиеге негізделген педагогика: әдістемелік нұсқаулар.
3. С.Сейфуллин шығармалар жинағы.
4. Өлеңдер мен дастандар. Алматы: Жазушы, 2003.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУДЕГІ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

**Орал қаласы
Дарынды балаларға арналған
С.Сейфуллин атындағы
№11 облыстық мамандырылған
мектеп-лицей интернатының
орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі
Курмашева Майра Зербиевна**

Құндылықтар – қоғамдық маңызды материалдық, әлеуметтік нысандар. Құндылықтар жалпыадамзаттық және ұлттық болып екіге бөлінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар- ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар. Дұрыс әрекет жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық.

Жалпыадамзаттық құндылықтар дегеніміз – ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау.«Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларының маңызы» туралы педагогикалық оқуға ақынның бір–екі өлеңін мысалға ала отыра, назарларыңызға «Інішегіме» деген өлеңін ұсынамын.

Ойынды қой, оқы, інішегім, алға бас!
Жарқыратып ақ нұрмененен көңілді аш.
Балалыққа жас миыңды алдатпа,
Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас.
Бұл заманда ғылым білу- өнер алды.
Аталарың оны білмей артта қалды.
Шырға қылып қызартқанға алданып,
Әр харамға ысырап қылып біткен малды.
Қамсыз жатып, артта қалып бұл күнде,
Я шырақсыз, я сәулесіз қараңғы үйде
Сырттан қарап жаны ашитын адам жоқ,
Ағаларың жатыр , қалқам, бұл күйде.
Біз қараңғы үйде отырмыз, қарағым!
Басқа жұрттар жап- жарық қып шырағын,
Солардай боп біз де жарық көрейік,
Сендер де көп шырақ жақшы, шырағым!
Брось игру, учись, мечтай, мой брат,
Веселись, в полет стремись, дерзай.
Думы детства попусту не трать.
Знаниями сердце наполняй.
Мы пока что в полутьме сидим.
А богатый ярко и в ночах.

К свету, люди! Свет необходим,
Зажигайте свет в своих сердцах.

"Інішегіме" өлеңінде ақын халықты өнер- білім үйренуге, мәдениетті болуға шақырады. Жас ұрпақтың өкілі- інішегіне, ауылдың надан байларына тікелей үн қатып, оқу, өнердің пайдасы туралы айтады.

Ойынды қой, оқы, інішегім, алға бас!

Жарқыратып ақ нұрмененен көңілді аш.

Балалыққа жас миыңды алдатпа,

Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас,-

дейді інішегіне. Ақын сол кездегі қазақ халқының хал-жағдайын қараңғы үйде отырған адамға теңейді. Оларды басқа ел секілді жарыққа шығып, қараңғы үйге шырақ жағуға үндейді.

Ақынның осы бір өлеңіндегі шумақтар дұрыс әрекет жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылықтардың қазіргі кезде оқу бағдарламаларында ақын- жазушылардың шығармаларын оқығанда басты назарда ұстануға ықпал жасауды міндеттейді. "Інішегіме" өлеңінде Сәкен Сейфуллин сол кездегі қоғамдағы ақиқатты суреттей отыра, қазақ балаларына дұрыс әрекет, яғни оқудың, білімнің қажеттілігін, сол қажеттілікті меңгеру үшін өзіне өзі қиянат жасамай, алға ұмтылуды мақсат қояды тапсырады. Қайраткердің осы өлеңінің басты мақсаты сан жылдар өткен соң, орындалуда. Міне, осы бір ғана шығарманы оқыта отыра, мұғалім қазіргі мектеп оқушыларына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бағыттарын белгілей келе, сабақ тақырыбын өмірбен байланыстыра алады.

Жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі Сәкен шығармаларының бірі "Інішегіме" өлеңін талдау кезінде "сәйкестендіру" кестесін толтыруға болады.

Тапсырма түрі : сәйкестендіру (жалпыадамзаттық құндылықтарды бейнелейтін өлең жолдарын сәйкестендіру)

Мақсаты: Ақын шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтай отыра, өлең мазмұнын терең түсіну.

ақиқат	Бұл заманда ғылым білу- өнер алды.
сүйіспеншілік	Ойынды қой, оқы, інішегім, алға бас!
дұрыс әрекет	Сендер де көп шырақ жақшы, шырағым!
ішкі тыныштық	Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас.
Қиянат жасамау	Балалыққа жас миыңды алдатпа,

Жиырманасыншы ғасырдағы қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салушылардың бірі Сәкен Сейфуллин аз ғана ғұмырында өлшенбейтін мол мәдени мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінің барлық жанрында тамаша туындылар берген жаңашыл жазушы қаламынан туған шығармалар көркем образдар арқылы терең идеялар айтып, эстетикалық игіліктер жасады. Соның ішінде әсем табиғатты жырына қосып, табиғат жаршысы атанды. Сұлу Сәкен, сырбаз Сәкен, сырлы Сәкен, сұңқар Сәкен атанған ақын - талантымен де табиғатымен де ешкімге ұқсамайтын дара тұлға. Ақынның табиғат лирикасына арнап жазған

өлеңдері көп, мен тоқтайтын "Көкшетау" өлеңімен қазақ мектептерінде орыс тілі және әдебиеті сабақтарында 9-сыныпта танысады. Міне, осы сабақта Сәкен шығармаларындағы жалпыадамзаттық құндылықтардың арасындағы уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтардың арасынан сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық бағыттарын айқындауға болатын оқу жаттығуларының бір мысалы ретінде оқушыларға өлеңнің негізгі идеясын анықтау бағытында (1 тапсырма, 71 бет) "Кластер" әдісін қолдана отыра, әр құндылық негізінде өз ойларын дәлелдеу үшін жеке немесе топпен жұмыс ұсынуға болады.

Сабақ тақырыбы: С.Сейфуллин «Көкшетау» өлеңі, 9 -сынып, орыс тілі және әдебиеті

Тапсырма түрі: «Кластер» әдісі

Сүйіспеншілік

дұрыс әрекет
ақиқат
(истина)

ішкі тыныштық

Жалпыадамзаттық құндылықтар / общечеловеческие


**Гора Кокшетау
стройна, как сосна
Дождями свой лик
умывает она.**

**Коль вы не
здоровы – езжайте
сюда,
Недуг исцеляет
наш воздух
степной.**

**Вдохнула б душа
чистый воздух
горы-
До гроба его бы
забыть не смогла.**

Екінші бір мысал ретінде №6 тапсырманы орындау барысында ұлттық құндылықтардың бірі- берілген шумақтың қазақ тіліндегі түпнұсқасы негізінде оқушылардың ана тіліне деген құрметтерін жоғарылату мақсатында образдар мен теңеулерді, бейнелі сөз маржандарын салыстыру арқылы дүниетанымдарын кеңейтеміз.

Сабақ тақырыбы: С. Сейфуллин "Кокшетау" өлеңі, орыс тілі және әдебиеті, 9- сынып.



Тапсырма түрі: "Венн" диаграмма әдісі, тапсырма №6,
Қорытынды бөлімі. **Бес құндылық**

(“Құстар қайтып барады” әнінің әуенімен)

Өмір- менің жарқылдайтын аспаным!

Өмір- менің таусылмайтын дастаным!

Адам болып келгеннен соң өмірге,

Өмір мәнін – ізгілік деп (2 рет) қоштадым.
Ақиқатты тану үшін ғаламда,
Сүйіспеншілік керек барша адамға!
Ой, сөз, ісің дұрыс болса әрдайым,
Қиянат та жасамайды (2 рет) әманда.
Жалпыға ортақ адамзаттық құндылық,
Жақсылыққа жетелері бір шындық.
Жүрегіміз нұрға толы жан болсақ,
Баршамызда болар ішкі (2 рет) тыныштық! (2 рет)

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Т. Какишев. Сәкен Сейфуллин., 1972 ж.
2. С. Сейфулли. Өлеңдер жинағы.
3. Русский язык и литература, 9 класс

СӘКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Астана қаласы
М. Мақатаев атындағы
№74 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
Кульбекова Айгуль Аблаевна**

Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы табиғат пен адам арасындағы жалпыадамзаттық құндылықтар оның өлеңдері мен прозалық шығармаларында, адамға деген табиғат пен адамның үйлесімділігі, сондай-ақ адалдық пен әділеттілік мәселелері үлкен философиялық тереңдікпен суреттеледі. Сәкен өзінің көптеген шығармаларында табиғат пен адамның арасындағы байланыс ерекше атап өтіледі. Табиғаттың сұлулығы, оны қорғау, туған жерге деген сүйіспеншілік Сәкеннің ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды көркем түрде жеткізе білген. «Жер жүрегі» өлеңдер циклында табиғат пен адамның тығыз байланысы, адамның табиғатқа деген махаббаты мен жауапкершілігі көрсетіледі.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге келгенде оның шығармаларының өзектілігі мен ерекшелінеді. Сәкеннің шығармашылығында қазақ тілінің байлығы мен ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік ерекше орын алады. Ол қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қоса отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртудың қажеттілігін үнемі айтып өтті. Сәкеннің "Асықпай келер кезім бар" өлеңінде ұлттық тіл мен мәдениет арқылы рухани байлық пен ұлттық тұтастықты қалыптастырудың маңызы зор екендігін айтылады.

Тіл мен әдебиеттің ұлттық мұра ретіндегі маңызы Сәкен Сейфуллин ұлттық тілдің, оның әдебиеттегі орнының маңыздылығын бүгінгі күнгі басты көтерген мәселерелдің бірі болып сабақтастығын жалғастыруда. Ол қазақ тілінің байлығын, оның көркемдік мүмкіндіктерін әдебиетте жарқырата көрсете білді. «Көкшетау» поэмасында Сәкен қазақ халқының рухани мұрасын, туған жерінің

табиғи сұлулығын, оның бай тарихын жырлайды. Бұл поэма арқылы ол ұлттық сана-сезімді оятуға шақырып, халықтың рухани бірлігін сақтаудың маңызын дәріптейді. Сәкеннің шығармашылығы ұлттық тілдің бірегейлігін сақтап, оны ұрпақтарға жеткізудің көркем үлгісі болып табылады. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру өшпес мұра қалдыра білді. Қазіргі уақытта да үлкен өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан Сәкен қазақ тілінің дамуына және оның әдебиеттегі рөлін арттыруға зор үлес қосты. Ол қазақ тілін көркем шығармада қолдану арқылы оның байлығын, тереңдігін, әсемдігін көрсетіп, ұлттық тілдің мәртебесін көтерді. Оның поэзиясы мен прозасы қазақ тілінің шұрайлығын, ұлттық болмыспен тығыз байланысын көрсетеді.

Сәкен қазақ тілі арқылы халықтың рухани құндылықтарын, оның мәдениетін, дүниетанымын жеткізіп, оны дәріптеу мен сақтаудың маңызды құралы ретінде қарастырды. Оның шығармалары қазақ тілінің әдебиеттегі, мәдениеттегі рөлін нығайтуға бағытталды. Осылайша, Сәкеннің тілдік жаңашылдығы ұлттық құндылықтарды сақтаудағы маңызды факторлардың бірі болды.

«Тар жол, тайғақ кешу» романы арқылы Сәкен Сейфуллин қазақ халқының тарихи жадысын сақтап, оны ұрпақтарға жеткізуге ұмтылды. Роман тек өткен оқиғаларды суреттеп қана қоймай, сол оқиғалардан қандай сабақ алу керектігін түсіндіреді. Автор қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси өзгерістерін көркем түрде көрсетіп, сол өзгерістердің халықтың дамуы мен болашағына қалай әсер еткенін түсіндіреді. Бұл шығарма қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртуға, өткеннің маңыздылығын түсінуге және болашаққа дұрыс бағдар жасауға шақыратын маңызды туынды болып табылады.

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімді дәріптелуімен бүгінгі заманның жаңашылдығы болып табылады. Оның әдеби мұрасы – қазақ халқының рухани байлығын тереңдетіп, заманауи құндылықтарды ұлттық ерекшеліктермен ұштастырып көрсетуге үлкен үлес қосқан қымбат қазына. Оның адамгершілікке, әділеттілікке, мәдениет пен тілге деген құрметі бүгінгі күні де өзекті болып, жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Библиографиялық тізім:

1. Әбілдин Ш. Біз Сәкен Сейфуллиннің сүйегін магаданнан қалай іздедік.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, [ISBN 5-7667-2949-9](#)
3. Бекімов Т. Сәкен елге келгенде [Мәтін]: Сәкен Сейфуллиннің туғанына 110 жыл// Азия Транзит.- 2004 ж.
4. Иван Николаевич М Алаштың сарбаз Сәкені:[Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл]
5. Саяси түсіндірме сөздік. Алматы, 2007.

